

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

ӘОЖ 334.012.42(055.2)+(574)

Қолжазба құқығында

МУСАБЕКОВА АЙНАШ ОРИКБАЕВНА

**Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігі: әдіснамалық негіздері,
даму үрдістері мен перспективалары**

8D04101 – Экономика

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
экономика ғылымдарының кандидаты,
профессор
Акыбаева Г.С.

Шетел ғылыми кеңесшілер
экономика ғылымдарының кандидаты,
доцент
Печковская В.В.

экономика ғылымдарының докторы,
профессор
Старикова Т.В.

Қазақстан Республикасы
Қарағанды, 2026

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	4
КІРІСПЕ	5
1 ӘЙЕЛДЕР КӘСІПКЕРЛІГІН ЗЕРТТЕУДІҢ ІЛІМДІК ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ	10
1.1 Әйелдер кәсіпкерлігінің даму тұстары: ілімдік конструкторлардың генезисі	10
1.2 Әлемдік тәжірибедегі әйелдер кәсіпкерлігінің эволюциясы мен модификациясы.....	24
1.3 Әйелдер кәсіпкерлігінің құбылысы: ерекшеліктері мен артықшылықтары.....	41
1.4 Әйелдер кәсіпкерлігінің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін библиометриялық талдау.....	54
1.5 Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігін институционалдық қамтамасыз ету.....	64
2 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЙЕЛ КӘСІПКЕРЛІГІНІҢ ДАМУЫН ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ	84
2.1 Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігінің даму үрдістерін талдау	84
2.2 Әйелдер кәсіпкерлігінің бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін әлеуметтік-экономикалық факторларды эконометрикалық талдау.....	99
2.3 Әйелдер кәсіпкерлігінің әлеуметтік-экономикалық портреті: макро және микро деңгейдегі ерекшеліктер.....	130
3 ҚАЗАҚСТАНДА ӘЙЕЛДЕР КӘСІПКЕРЛІГІН ОДАН ӘРІ ДАМУЫ ТЕТІКТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ	149
3.1 Әйелдер кәсіпкерлігінің институционалдық тетіктерін жетілдіру.....	149
3.2 Әйелдер кәсіпкерлігін қолдаудың қаржылық тетіктерінің тиімділігін арттыру.....	168
ҚОРЫТЫНДЫ	190
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	194
ҚОСЫМША А – Сертификат	205
ҚОСЫМША Ә – Фокус-топ нұсқаулығы	206
ҚОСЫМША Б – Фокус-топ – Әйелдер кәсіпкерлігіне арналған сауалнама.....	208

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер жасалды:

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын бекіту туралы 2005 жылғы 29 қарашадағы №1677 бекітілген.

Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылдың 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған.

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың 1994-1996 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы туралы: 1994 жылдың 10 маусымда, №1727 бекітілген (күшін жойған).

Қазақстан Республикасының Заңы. Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы: 1997 жылдың 19 маусымда, №131 қабылданған (күшін жойған).

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі: 2015 жылдың 29 қазанда, №375-V қабылданған.

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі. Қазақстан Республикасында әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі мемлекеттік саясаттың тұжырымдамасы туралы: 1997 жылдың 5 наурызда, №3395 бекітілген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасында Әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі ұлттық іс-қимылдар жоспары туралы: 1999 жылдың 19 шілдесі, №999 бекітілген (күшін жойған).

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын бекіту туралы: 2016 жылдың 6 желтоқсанда, №384 бекітілген.

Қазақстан Республикасының Заңы. Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы: 2009 жылдың 8 желтоқсанда, №223-IV қабылданған.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

AWE	– Әйелдер кәсіпкерлер академиясы
WEDCs	– Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталықтары
WoS	– Web of Science Core Collection
WiB	– Women in Business (Әйелдерге арналған бизнес бағдарламасы)
GEM	– Global environmental monitoring
IFC	– International Finance Corporation (Халықаралық қаржы корпорациясы)
АҚШ	– Америка Құрама Штаттары
АДБ	– Азия Даму Банкі
ӘК	– Әйелдер кәсіпкерлігі
ӘҚДО	– Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталықтары
БҰҰ	– Біріккен Ұлттар Ұйымы
БҰҰДБ	– Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасымен
ГТ	– Гендерлік теңдік
ДСҰ	– Дүниежүзілік сауда ұйымы
ДДҰ	– Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы
ДҚОҚ	– Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау
ЕО	– Еуропалық Одақ
ЕҚДБ	– Еуропалық Қайта Құру және даму банкі
ЕҚЫҰ	– Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйым
ЖІӨ	– Жалпы ішкі өнім
ЖӨӨ	– Жалпы өңірлік өнім
ҚР	– Қазақстан Республикасы
ҚЗЭ	– Қарапайым заттар экономикасы
МҚҰ	– Микроқаржы ұйымдары
ТДМ	– Тұрақты даму мақсаттары
ҮЕҰ	– Үкіметтік емес ұйым
ХӘБ	– Халықтың әйелдер бөлігі
ХВҚ	– Халықаралық валюта қоры
ХЕҰ	– Халықаралық еңбек ұйымы
ШОБ	– Шағын және орта кәсіпкерлік
ЭЫДҰ	– Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
She's Next	– Әйелдер кәсіпкерлігін қолдауға арналған Visa-ның жаһандық бастамасы

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясында гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және әйелдердің экономикалық белсенділігін арттыру маңызды басымдықтардың бірі ретінде айқындалуда. Бұл үрдіс жаһандық күн тәртібіндегі «Тұрақты даму мақсаттары» (ТДМ) құжаты мен де тығыз байланысты. Әйелдердің кәсіпкерлік қызметке белсенді қатысуы – экономиканың әртараптандырылуы, жұмыспен қамту деңгейінің артуы, кедейліктің төмендеуі және өңірлік теңгерімді дамуды қамтамасыз етудің маңызды тетігі болып табылады.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, әйелдердің кәсіпкерлік белсенділігі ұлттық экономиканың сапалы өсуіне оң әсер етіп қана қоймай, сонымен қатар қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылық пен инклюзивтілік деңгейін арттырады. Қазақстанда әйелдердің саны ерлерге қарағанда 51% артық, бұл еңбек ресурстарының әлеуетін барынша тиімді пайдалану үшін әйелдерді экономикалық процестерге, соның ішінде кәсіпкерлікке кеңінен тарту қажеттігін айғақтайды.

Елімізде соңғы жылдары ажырасу деңгейінің өсуі және жалғыз басты аналардың санының артуы әйелдердің қаржылық тәуелсіздікке ұмтылуын күшейтті. Бала күтімімен және отбасын қамтамасыз етумен қатар, көптеген әйелдер қосымша немесе негізгі табыс көзі ретінде кәсіпкерлікке бет бұруда. Бұл ретте кәсіпкерлік қызмет оларға икемді жұмыс кестесін, отбасылық міндеттермен тиімді үйлесімділікті және өзін-өзі кәсіби тұрғыда жүзеге асыру мүмкіндігін ұсынады.

Әйелдер басқаратын кәсіпорындар негізінен шағын және орта бизнес секторында шоғырланған. Мұндай бизнестің артықшылықтары – нарыққа бейімделудің жоғары қабілеті, отбасылық құрылыммен үйлесімділігі, сондай-ақ әлеуметтік жауапкершілікті басым қоюмен ерекшеленеді. Әйелдердің кәсіпкерлік белсенділігі, әсіресе білім беру, денсаулық сақтау, қызмет көрсету және қолөнер сияқты әлеуметтік маңызы бар салаларда айқын байқалады. Бұл олардың дәстүрлі әлеуметтік рөлімен сәйкес келіп, халықтың күнделікті қажеттіліктерін қанағаттандыруда маңызды орын алады.

Бүгінгі таңда цифрлық экономиканың дамуы әйелдер үшін жаңа мүмкіндіктер ашуда. Онлайн сауда, интернет-маркетинг, әлеуметтік желілер арқылы кәсіп жүргізу, электронды төлем жүйелерін қолдану сияқты заманауи құралдар әсіресе шалғайдағы ауыл әйелдері үшін бизнесті бастап, оны дамытуға жол ашты. Бұл үрдіс кәсіпкерлікке қатысу аясын кеңейтумен қатар, әйелдердің цифрлық сауаттылығын арттыру қажеттілігін де көрсетеді.

Сонымен қатар, мемлекет тарапынан да әйелдер кәсіпкерлігін қолдауға бағытталған нақты бағдарламалар жүзеге асырылуда. «Бизнестегі әйелдер» жобасы, «Даму» қорының қаржылық қолдау тетіктері, халықаралық ұйымдармен (БҰҰ Даму бағдарламасы, Еуропалық қайта құру және даму банкі және т.б.) бірлескен бастамалар кәсіпкер әйелдерге бизнесін ашуға, кеңейтуге, басқаруға мүмкіндік береді. Мұндай бағдарламалар шеңберінде әйелдерге

төмен пайызбен несие беру, қаржылық және құқықтық сауаттылықты арттыру, бизнес-жоспар құру мен нарықты талдау бойынша кеңестер ұсынылуда.

Алайда, барлық ілгерілеушілікке қарамастан, әйелдер кәсіпкерлігінің дамуын тежейтін бірқатар жүйелі кедергілер әлі де сақталып отыр. Олардың қатарында қаржы ресурстарына қолжетімділіктің шектеулілігі, кәсіпкерлік білім мен тәжірибенің жеткіліксіздігі, гендерлік стереотиптер, инфрақұрылым мен нарықтық ақпаратқа қолжетімділіктің төмендігі сияқты факторлар бар. Бұл кедергілер әсіресе ауылдық және шалғай өңірлерде айқын көрініс табады. Сондықтан мемлекет тарапынан жасалатын қолдау шаралары тек қаржылық ресурстармен шектелмей, білім беру, инфрақұрылымдық қолжетімділік пен ақпараттық қолдауды қамтитын жан-жақты тәсілді талап етеді.

Бұдан бөлек, Қазақстан БҰҰ аясындағы «Теңдік ұрпағы» бастамасына қосылып, гендерлік зорлық-зомбылықты жою, әйелдердің құқықтарын қорғау және олардың экономикалық мүмкіндіктерін кеңейту жөніндегі халықаралық міндеттемелерді қабылдаған. Бұл зерттеу бағытының тек ұлттық деңгейде ғана емес, сонымен қатар халықаралық деңгейде де өзектілігін дәлелдейді.

Осыған байланысты диссертациялық жұмыстың тақырыбы ғылыми әрі тәжірибелік тұрғыдан жоғары деңгейде өзекті саналады. Сондықтан, әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға бағытталған ұлттық жобаларды іске асыру қажеттілігі тұрғысынан, диссертациялық зерттеу тақырыбы өзекті және заман талабына сай болып табылады.

Мәселенің зерттелу және ғылыми даму дәрежесі. Жалпы, қажетті дағдылар мен икемдерді қалыптастыру мәселелері әртүрлі кезеңдерде зерттеліп, нарықтық экономика мен еңбек қатынастарының дамуына ықпал етті. Бұл тұрғыда шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері айтарлықтай пайдалы болды, олардың қатарына А. Смит, Ж. Бодо, Ж. С. Сэй, Й. Шумпетер, П. Друкер, Ф. Хайек, Р. Кантильон және басқалар жатады.

Әйелдердің жұмыспен қамтылуы және экономикадағы гендерлік мәселелер еңбек нарығы құрылымын талдау барысында шетелдік экономистер тарапынан кеңінен зерттелді. Бұл бағытта ерекше үлес қосқан ғалымдар қатарына Т.А. Корсун, В.І. Parker, А.М. Pines, М. Lerner, D. Schwartz, И.Г. Андреева, К.В. Павлов, М. Vaněk, М. Mikoláš, К. Žváková, E. Rosca, N. Agarwal, A. Brem, L. Sarfaraz, N. Faghieh, A.A. Majd, G.M. Cardella, B.R. Hernández-Sánchez, J.C. Sánchez-García, A. DeBruin, C.G. Brush, F. Welter, Q. Wang, N. Gupta, M. Setini, Moreira J.T.P., Drakh Z.A., E. Borisova, С.Ю. Барсукова, Бабаева Л.В, Чирикова А.Е., Заславская Т.И. және басқа да ғалымдар жатады. Олардың еңбектері ғылыми тұрғыдан құнды болып табылады.

Әсіресе, бұл мәселеге ғылыми тұрғыдан терең талдау жасап, үлкен үлес қосқан қазақстандық ғалымдарды ерекше атап өткен жөн. Олардың қатарына Н.У. Шеденова, Г.А. Низамова, Н.Т. Смагулова, С.М. Шакирова, Р. Сарсембаева, Ж.А. Нурбекова, М. Казбекова, З. Сатпаева, З. Джубалиева, С. Сеильбекова және басқа да зерттеушілер жатады. Бұл ғалымдардың еңбектері Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігі мәселесін ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерделеуге ықпал еткен маңызды зерттеулер болып табылады.

Әйелдер кәсіпкерлігінің әлеуметтік-экономикалық жағдайларын жақсарту маңызды міндет болып қала береді, өйткені бұл салада даму жаңа сын-қатерлер мен табысты шетелдік тәжірибелерді ескере отырып, үнемі жаңаруды талап етеді.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты.

Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігінің әдіснамалық негіздерін айқындап, оның даму үрдістері мен қазіргі жағдайын талдау арқылы әйелдер кәсіпкерлігін жетілдірудің болашақ перспективалары мен тиімді тетіктерін ғылыми тұрғыда негіздеу.

Диссертациялық зерттеу міндеттері:

1. Әйелдер кәсіпкерлігінің теориялық негіздерін жүйелеп, оның әлеуметтік-экономикалық мәнін ашу.
2. Әйелдер кәсіпкерлігінің әлеуметтік-экономикалық тетіктерінің шетелдік тәжірибесін зерттеу.
3. Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігінің даму бағыттарын талдау және оны айқындайтын негізгі институционалдық, өңірлік, әлеуметтік факторларды анықтау.
4. Эмпирикалық деректер мен сауалнама нәтижелері негізінде әйелдер кәсіпкерлігінің негізгі кедергілерін сипаттау.
5. Әйелдер кәсіпкерлігінің институционалдық тетіктерін жетілдіру жолдарын зерттеп, ұсыныстар әзірлеу.
6. Әйелдер кәсіпкерлігін қолдаудың қаржылық тетіктерінің тиімділігін арттыру бағыттарын анықтап, ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеудің объектісі: Қазақстандағы жүзеге асырылып жатқан әйелдер кәсіпкерлігі.

Зерттеудің пәні: Қазақстандағы әйел кәсіпкерлігінің теориялық, әдістемелік қағидаларын және практикалық тұстарының жиынтығы.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі жүйелік, құрылымдық-функционалдық талдау, экономикалық модельдеу және болжау, әлеуметтік сауалнамалар, анкеталық зерттеулер, мақсатты фокус-топтармен жүргізілген сұхбат әдістерін қамтиды. Әлеуметтік сауалнамалардың нәтижелері мен статистикалық деректер факторлық, кластерлік талдау және сараптамалық бағалау әдістері негізінде экономикалық-статистикалық әдістермен өңделді. Зерттеу аясында электронды ресурстар да пайдаланылды.

Диссертациялық зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңашылдығы:

1. Әйелдер кәсіпкерлігінің эволюциясын және оның ілімдік-әдіснамалық конструкторларын жүйелеу негізінде жаңа теориялық тәсіл ұсынылды.
2. Әйелдер кәсіпкерлігінің институционалдық модельдері мен әлемдік тәжірибесінің типологиясы жасалып, Қазақстан жағдайына бейімделу бағыттары айқындалды.
3. Әйелдер кәсіпкерлігінің әлеуметтік-экономикалық индикаторларын библиометриялық талдау негізінде бағалау әдіснамасы жетілдірілді.
4. Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігінің бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын әдіснамалық және институционалдық факторлар жүйеленді.

5. Әйелдер кәсіпкерлігін қолдаудың институционалдық және қаржылық тетіктерін жетілдірудің кешенді моделі әзірленді.

Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар:

1. Әйелдер кәсіпкерлігінің ілімдік-әдіснамалық негіздері мен эволюциялық даму кезеңдері жүйеленіп, гендерлік экономика мен инновациялық менеджменттің өзара байланысын айқындайтын жаңа теориялық-концептуалдық тәсіл ұсынылды.

2. Әлемдік тәжірибе негізінде әйелдер кәсіпкерлігінің институционалдық модельдерінің типологиясы жасалып, олардың Қазақстан жағдайында бейімделу және трансформациялану бағыттары ғылыми тұрғыда негізделді.

3. Әйелдер кәсіпкерлігінің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін библиометриялық талдау негізінде библиометриялық ғылыми картасы ұсынылды.

4. Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігінің бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын әдіснамалық және институционалдық факторлар жүйеленді, олардың өзара ықпалы эконометрикалық модельдеу арқылы дәлелденді.

5. Әйелдер кәсіпкерлігін қолдаудың институционалдық және қаржылық тетіктерін жетілдірудің кешенді моделі әзірленді, ол мемлекеттік саясат, қаржы институттары мен жеке сектор синергиясына негізделіп, әйелдер кәсіпкерлігінің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы әйелдер кәсіпкерлігін жақсартуға арналған келесі құралдарды әзірлеуді де қамтиды экономикалық-статистикалық талдау негізінде Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігінің ерекшеліктерін, соның ішінде өңірлік және салалық бөліністе анықтау, әртүрлі жаһандық индекстерді салыстыру негізінде Қазақстандағы әйелдердің бизнестегі экономикалық мүмкіндіктерін талдау.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы зерттеуде ұсынылған тәсілдер мен теориялық тұжырымдамалар әйелдер кәсіпкерлігінің дамуын бағалаудың ғылыми аппараты ретінде пайдаланылуы мүмкін. Сонымен қатар, жұмыс гендерлік экономика, кәсіпкерлік теориясы, еңбек нарығындағы құрылымдық өзгерістер және әлеуметтік инновациялар саласындағы ғылыми ізденістерге жаңа көзқарастар ұсынады. Әйелдер кәсіпкерлігінің әлеуметтік рөлі мен оның қоғамдағы орнына қатысты теориялық пайымдаулар гендерлік саясатты жетілдірудің негізі бола алады. Осыған орай, бұл зерттеу әлеуметтік ғылымдар жүйесінде гендерлік кәсіпкерлікті жеке зерттеу нысаны ретінде қарастырудың қажеттілігін дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелерін жариялау. Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері мен ұсыныстары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті гранттары бойынша орындалған қолданбалы ғылыми-зерттеу тақырыптарының құрамдас бөлігі болып табылады. «Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жүйесін жаңғырту контекстінде әйелдер кәсіпкерлігінің дамуын жандандыру және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру механизмдерін әзірлеу» ҚР БҒМ Ғылым комитетінің гранты, 2021-2024 жж. Тіркеу нөмірі: AP14871920.

Диссертация тақырыбы бойынша 12 (он екі) ғылыми еңбек, оның ішінде 4-і ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналда, 7-ы халықаралық конференция материалдарында, оның ішінде 4-і шетелдік конференция материалдарында және 1-і Scopus деректер базасына кіретін Халықаралық ғылыми басылымда жарияланды.

Зерттеудің негізгі нәтижелері «Цифрлық экономика: бизнестің жаңа архитектурасы және концепцияны трансформациялау» ғылыми-практикалық конференциясында ғылыми баяндама формасында (Қарағанды, 2021, 2022), «Universum: экономика және құқықтану: ғылыми журнал». (Мәскеу, 2023), «Цифрлық экономика: бизнестің жаңа архитектурасы және құзыреттіліктер трансформациясы» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында ғылыми баяндама түрінде (Қарағанды, 2024) ұсынылды. 2023 жылдың 6 қыркүйегінен 2026 жылдың 6 қыркүйегіне дейін ол «Бастау Бизнес» жобасы аясында кәсіпкерлік негіздері бойынша оқудан өтті (Қосымша А).

Диссертацияның құрылымы мен көлемі.

Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздер тізімінен және қосымшадан тұрады. Жұмыстың жалпы көлемі 204 бет, онда 68 кесте, 46 сурет, 3 қосымша, 192 атаудан тұратын пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 ӘЙЕЛДЕР КӘСІПКЕРЛІГІН ЗЕРТТЕУДІҢ ІЛІМДІК ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ

1.1 Әйелдер кәсіпкерлігінің даму тұстары: ілімдік конструкторлардың генезисі

Қазіргі уақытта Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігі мәселелеріне көбірек көңіл бөлінуде, бұл бірқатар себептерге байланысты, олардың негізгісі соңғы жылдары әйелдер кәсіпкерлігін зерделеу ғылыми қоғамдастық тарапынан көбірек назар аударып, ең алдымен әйелдердің кәсіпкерлік мансаптағы қиындықтарын түсіндіретін барлық факторларды түсінуге ықпал ететіндігі болып табылады. Қолда бар ғылыми әдебиеттерге жүргізілген мониторингке сәйкес, әйелдер кәсіпкерлігін зерттеу соңғы 30 жылда күрт өсті. Бұл сала әлі даму кезеңінде деп айтуға болады, және кәсіпкер әйелдер туралы ғылыми мақалалар мен әдебиеттерге шолулардың санының артуы жиі байқалады, бұл өз кезегінде осы тақырыптың өзектілігін көрсетеді [1].

Қазіргі әйелдер бизнеске белсенді түрде кіре бастады, бұл көптеген себептерге байланысты. Ғылыми еңбектерде әйелдер кәсіпкерлігіне қызығушылықтың артуына жоғары білімге қолжетімділіктің кеңеюі, отбасылық кәсіпорындардың мұрагерлік жүйесінде қыздардың үлесінің артуы, ірі қаржы саласындағы әйел көшбасшылардың көбеюі және жеке сектор ықпалының өсуі сияқты факторлар ықпал етеді деп көрсетіледі. "Тіл және гендер" еңбегінде лингвистикалық экспрессия құралдары мен әлеуметтік жыныс арасындағы байланыс ғылымның жеке саласы ретінде 1960-1970 жылдары ерекшеленгені баса айтылған. Кез-келген қоғам әйелдер мен ерлердің рөліне белгілі бір көзқарасты қалыптастырады, бұл нақты мінез-құлық үлгілері мен қалыптасқан қарым-қатынас әдістерінің пайда болуына әкеледі. Бұл заңдылықтар, сондай-ақ олардың орындалуына байланысты күтулер мәдени, экономикалық, әлеуметтік, діни және басқа факторларға байланысты. Жеке қоғамның дәстүрлері, құқықтық нормалары, стереотиптік тәрбиесі мен алалаушылықтары әйелдер мен ерлер өміріне тікелей әсер етеді және биологиялық жынысына байланысты ауызекі тілде көрсетілген мінез-құлықтың нақты түрлерін заңдастырады [2].

Әйелдердің кәсіпкерлік қызметке кіруі әйелдердің экономикалық тәуелсіздікке және жұмыс пен өмірдің толық тепе-теңдігіне белсенді ұмтылатын қоғамдағы кеңірек өзгерістерді білдіреді. Дәстүрлі түрде ерлер үстемдік ететін салаларға назар аудара отырып, әйел кәсіпкерлер салауатты бәсекелестікке ие болып, кәсіпкерлік ландшафттың әртараптандырылуы мен эволюциясына өз үлестерін қосуда. 1970 жылдардан бастап әйелдердің жұмыс күшіне ағымы трансформациялық әлеуметтік құбылысқа айналды [3].

Бұл күндері әйелдер ресми түрде ер адамдармен тең құқықтарға ие болды. Қоғам бұл теңдікті заң тұрғысынан үдемелі түрде ресімдейді және заңдастырады және осы салаға өзгерістер енгізуді жалғастыруда. Ерлер мен әйелдер арасындағы теңсіздікке әкелетін негізгі себеп-экономикалық тәуелділік бірте-бірте азаюда. Көбінесе қазіргі заманғы әйел ерлермен тең қарағанда көп немесе одан да көп ақша табады; күйеуі енді негізгі асыраушы емес, осыған байланысты ерлі-зайыптылардың да үлесі бірдей. Әлеуметтанулық зерттеулер

қызықты құбылысты көрсетеді: сауалнамаларға қатысушылардың көпшілігі өз отбасыларын көбінесе ер адамның билігінсіз отбасылар ретінде сипаттайды. Бұл жағдай демографтар арасында жаңа ұғымның пайда болуына себеп болды – «биархат». Матриархат (әйелдің үстемдігі) пен патриархаттан (ер адамның үстемдігі) ерекшелігі, қазіргі уақытта эгалитарлық (теңдік) отбасы кезеңі қалыптасып келеді, онда ерлі-зайыптылар – күйеу мен әйелі бірдей құқықтарға ие. Дегенмен, қазіргі қоғамның құрылымы әлі де өте патриархалды: жоғары ақы төленетін және беделді жұмыс пен әдетте, ер адамдар айналысады. XX ғасырдың басымен салыстырғанда әйелдер үшін өлшеусіз өскен кәсіби кәсіптер мен мансапқа қол жетімділік әлі де сандық өлшемге ие және көбінесе қажетті сапалық өзгерістерге әкелмейді. Бұл жердегі мәселе өндірісті басқарудың иерархиялық құрылымдарындағы мәртебелік позицияларды алу туралы емес, оның сипатының айтарлықтай өзгеруі туралы болып отыр. Сонымен қатар, үй шаруашылығымен әдетте әйел айналысады, бұл екі есе жүктемені білдіреді. Бұл жағдай әділетсіз болып көрінгенімен, көптеген адамдар оған үйреніп қалған және оны өзгерткісі келмейді [4].

Соңғы кездерге дейін әйелдердің кәсіпкерлік мансабы ойға да келмейтін еді. Әйелдер отбасында және өндірісте немесе кез-келген басқа жұмыста тәуелді жағдайда болды. Жұмыс қаншалықты өнімді және қарқынды болса да, әкесінен немесе күйеуінен экономикалық тәуелсіздікті қамтамасыз етпеді.

Кәсіпкерлік-адамзаттың экономикалық қызметі тарихындағы ең күрделі және көп қырлы әлеуметтік-мәдени құбылыстардың бірі. Бұл құбылыстың жан-жақтылығы оны зерттеудің әдіснамалық тәсілдерінің плюрализмімен анықталады. Қазіргі уақытта кәсіпкерлік адамның ерекше қызметі (тіпті өмірі) және белгілі бір әлеуметтік қауымдастық ретінде барлық дерлік әлеуметтік ғылымдар: тарих, әлеуметтану, экономикалық теория, мәдениеттану, құқықтану, психология, конфликтология және басқа ғылымдар немесе олардың жеке салалары үшін арнайы зерттеу нысаны ретінде қызығушылық тудырды. Осыған байланысты гуманитарлық ғылымдардың ешқайсысы зерттелетін құбылысты талдаудың күрделілігі мен толықтығын талап етуге құқылы емес. Нәтижесінде экономика шеңберінде кәсіпкерліктің біртұтас (немесе әр мектеп үшін біртұтас) теориясы ешқашан қалыптаспаған. Біздің ойымызша, бұл үшін 1-суретте құрылымдалған бірнеше себептер бар.



Сурет 1 – Аталған құбылысты қарастырудағы көзқарастардың эволюциясы әртүрлілік пен қайшылыққа толы

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [5]

"Кәсіпкерлік" анықтамасына теориялық шолу шеңберінде әртүрлі түсіндірулер байқалады, олар өз кезегінде экономикалық қатынастардың дамуын ескере отырып толықтырылды. 1-кестеде осы бағыттың дамуына үлес қосқан жетекші авторлардың негізгі анықтамалары мен түсіндірмелері келтірілген.

Кесте1 – Кәсіпкерліктің негізгі анықтамасы

Авторлар	Кәсіпкерлікті анықтау
Кантильон Р.	Тәуекел ету
Смит А.	Тәуекелге бару және пайда табу
Бодо Ж.	Жауапкершілік
Сэй Ж.С.	Өндіріс факторының комбинациясы
Шумпетер Й.	Өндіріс факторларының жаңа комбинацияларын жүзеге асыру
Друкер П.	Инновацияны қолдану
Хайек Ф.	Басқа субъектілердің ескертуі бойынша пайда табудың жаңа мүмкіндіктерін табуға деген ұмтылыс
Хизрич Р.	Барлық уақыты мен күш-жігерін осыған арнаған адам барлық қаржылық, психологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді өз жауапкершілігіне алады, ал нәтижесінде ақша табады және қол жеткізген жетістіктерімен қанағаттанған болады
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [6-8]	

Жоғарыдағы 1-кестеде көрсетілгендей, кәсіпкерлікті әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретінде жан-жақты зерттеу XVII ғасырдың бірінші жартысында басталды. "Кәсіпкерлік" және "кәсіпкер" терминдерін алғаш рет ғылыми айналымға ағылшын экономисі R. Cantillon (Ричард Кантильон) енгізді. Оның пікірінше, кәсіпкерлік субъектілердің тәуекелге байланысты сатып алу-сатуға қатынасы болды, өйткені сатып алу белгілі бағамен, ал сату белгісіз бағамен жүзеге асырылды [9]. Р. Кантильонның айтуынша, кәсіпкер міндетті түрде өндіріспен айналыспайды немесе кәсіпкерлік қызметке өз қаражатын салады. Р. Кантильонның пікірінше, кәсіпкерлік функция тек тәуекел ауыртпалығын көтерумен байланысты және капиталистік функциялардан ерекшеленеді.


А. Смит (1723-1790) кәсіпкерлік теориясының дамуына айтарлықтай үлес қосты. Кәсіпкер, Смиттің пікірінше, қандай да бір коммерциялық идеяны жүзеге асыру және пайда табу үшін экономикалық тәуекелге баратын капитал иесі. А. Смит жеке меншікті кәсіпкерліктің материалдық негізі деп санады. Дегенмен, ол жеке бастама мен пайдаға ұмтылу кәсіпкерлер арасында белгілі бір келісімге және монополиялық бағаны көтеру туралы әртүрлі келісімдерге әкелуі мүмкін екенін атап өтті [10].

Дж. Бодоның пікірінше (1797) кәсіпкер – бұл қабылданған іс үшін жауапты тұлға. Бұл кәсіпорынды жоспарлайтын, бақылайтын ұйымдастыратын және иеленетін адам. Капитал иесі мен оны басқарушының функцияларын біріктіретін адам деген заманауи ұғымдармен жұмыс жасау [11].

Кәсіпкерлік теориясының қалыптасуына қоғамның байлығының қайнар көзі болып табылатын өндірістің үш факторы (жер, еңбек, капитал) теориясын жасаған Жан Батист Сэй (1767-1832) үлес қосты. Сей тек саяси экономиканы

насихаттаушы ғана емес, ол бұл ғылымды білу тек мемлекеттік қызметкерлер шеңберімен шектелмей, жалпыға ортақ болуы керек деп санады. Құндылықтардың нақты мәнін және олардың қозғалысын түсіну, деп жазды экономист, қарапайым адамдарға әлеуетті акционерлер бола алатын кәсіпорын туралы дұрыс әсер қалыптастыруға көмектеседі. Бұл түсінік оларға осы кәсіпорындардың қажеттіліктері мен болашағын көруге, оларға инвестиция табуға, өз капиталын тиімді пайдалануға, сондай-ақ кәсіпорынның шығындары мен кірістері арасындағы қажетті тепе-теңдікті сақтауға көмектеседі [12].

Кәсіпкерліктің дамуы ұлттық байлық пен ұлттың әл-ауқатының өсуіне әкеледі (бірақ керісінше емес), бұл өз кезегінде келесі схемамен суреттелуі мүмкін (2-сурет).



Сурет – 2 Қоғамдық өзара байланыстар құрылымындағы кәсіпкерлік кезеңдері

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [13]

Кәсіпкерлердің әлеуметтік-кәсіби тобының сан қырлылығы олардың жеке психологиялық қасиеттеріне, айналысатын кәсіпкерлік бағытына және бизнестің даму дәрежесіне байланысты қалыптасады. Кәсіпкерлікті зерттеуде қоғамның қалыптасқан стереотиптерін көрсететін, әдетте ер адамдарға тән және типтік әйелдік мінез-құлықты қабылдаудағы "гендер" әлеуметтік-мәдени категориясы ерекше қызығушылық тудырады.

XIX ғасырда қоғам әйелдердің кәсіпкерлік жетістіктеріне онша мән бермеді және оларды ережелерден ерекшеліктерге жатқызды және әйелдер шеберханалары, қоғамдар, кассалар мен артельдер туралы бірнеше феминистік журналдар пайда болды. Әйелдер журналдарының арасында "Әйелдер газеті", "Әйелдер жұмысы", "Әйелдердің досы" сияқты басылымдар болды. Бұл жарқын тарихи мысалдар әйелдердің бизнесті сәтті жүргізе алатындығын

айқын көрсетеді. Басқарушылық иерархияның басында бола отырып, олар істі тиісті деңгейде қолдап қана қоймай, оны сәтті дамыта алады. Әйелдердің айқын қайырымдылық бағыты ұзақ мерзімді перспективаларға назар аудара отырып, өндірісті басқара алатындығын көрсетеді. Осы кезеңде қоғам мен оның көңіл-күйінің жалпы әсеріне ұшыраған әйелдердің аз ғана бөлігі өз ісінде жетістікке жеткенін айту ғана қалады [14].

Қазіргі күрделі жаһандық экономикада кәсіпкерлік тұрақты бәсекелестік артықшылықтарға қол жеткізудің маңызды құралы болып табылады. Ол өндірістің тұрақты өсуін қамтамасыз етіп, нарықтық тұрақсыздық пен экономикалық дағдарыстар кезінде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің тиімділігін арттырады. Кәсіпкерлердің үлесі жоғары болған экономикада халықтың өмір сүру деңгейі өседі, ал мемлекет кәсіпкерлікті экономикалық және заңнамалық тетіктер арқылы ынталандыруы қажет. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту әрбір адамға өз кәсіби таңдауын жасау мүмкіндігін береді.

Әйелдер кәсіпкерлігі тақырыбы алғаш рет 1976 жылы АҚШ-та көтерілді. 1978 жылы осы саладағы саясат туралы алғашқы есеп берілді [15]. 1981 жылы Хисрих пен О’Брайен [16] кәсіпкер әйелдерге арналған алғашқы ғылыми конференцияда сөз сөйледі. Кәсіпкер әйелдер туралы алғашқы оқу кітабы 1985 жылы жарық көрді [17].

Әйелдер кәсіпкерлігі шектеулі әлеуметтік рөлдерден бастап, әйелдердің барлық деңгейдегі бизнеске белсенді қатысуына дейінгі ұзақ және қиын даму жолынан өтті. Әйелдер кәсіпкерлігінің тарихы қоғамдық, экономикалық және мәдени жағдайлардағы бірқатар өзгерістермен байланысты (2-кесте).

Кесте 2 – Әйелдер кәсіпкерлігін дамытудың негізгі кезеңдеріне шолу

Сатылар	Кезеңдер	Сипаттамасы	Негізгі міндеттер	Мүмкін қиындықтар
1	2	3	4	5
1. Негіздерді қалыптастыру	1990 жылдар	Нарықтық реформалардың басталуы, әйелдердің жеке бизнестегі алғашқы қадамдары	Нарықтық экономиканы игеру бизнес-идеяларды іздеу бастапқы капиталды тарту	Білім мен тәжірибенің жетіспеушілігі-заңнамадағы күрделілік
2. Мүмкіндіктерді кеңейту	2000-2010 жылдар	ШОБ-ты қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары, кәсіпкерлік үшін жағдайларды жақсарту	Қолдау инфрақұрылымын дамыту-әйелдер бизнес қауымдастықтарын құру қаржыландыруға қол жеткізу	Инвестицияларға шектеулі қол жетімділік - гендерлік стереотиптер
3. Институционалдық қолдау	2010-2020 жылдар	Мемлекеттік және халықаралық қолдауды белсенді дамыту (гранттар, тренингтер, әйелдерге арналған кредиттер)	Субсидиялау бағдарламаларына қатысу - біліктілікті арттыру-бизнесті кеңейту	Басқару дағдыларының жетіспеушілігі-бәсекелестік
4. Бизнесті ірілендіру	2020 жылдар және одан кейінгі жылдар	Инновациялық және технологиялық жобалардың өсуі, әйелдердің халықаралық нарықтарға шығуы	Жаңа технологияларды интеграциялау-брендті нығайту-жаңа нарықтарға шығу	Инновацияларға жоғары шығындар – халықаралық тәуекелдерді басқару

2-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
5. Әлеуметтік кәсіпкерлік	Белсенді қалыптасу процесінде	Әлеуметтік мәселелерді шешуге және қоғамдастықтың өмірін жақсартуға бағытталған жобалар санын көбейту	Әйелдерге арналған бастамаларды іске қосу-ҮЕҰ-мен ынтымақтастық - тұрақты бизнес-модельдер құру	Пайда мен әлеуметтік миссия арасындағы теңгерім
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [18, 19]				

Әйелдер кәсіпкерлігінің дамуы 1860 жылдардағы реформалардан басталды. Революцияға дейін кәсіпкерлік көбіне ерлердің ісі болса, XIX ғасырдың соңында және XX ғасырдың басында әйелдер қоғамдық өмірде, әсіресе мәдени-ағарту мен саяси қозғалыстарда белсенділік көрсете бастады. Экономикалық және әлеуметтік өзгерістер әйелдердің өз бетінше табыс табуын маңызды етті, бұл өзара көмек артельдерінің қалыптасуына әкелді. Әйелдер кәсіпкерлігі бастапқыда әлеуметтік көмек пен жұмысқа қолдау көрсетуге бағытталған болды. Мысалы, «Өскелең ұрпаққа жақсы оқу» баспа кооперативі әйелдерге шығармашылық жұмыс ұсынды және моральдық қолдау көрсетті. Іскерлік қабілет, үнемшілдік және жауапкершілік қоғамдағы теріс көзқарасты өзгертіп, әйелдерге жаңа кәсіби мүмкіндіктер ашты. Дамушы елдерде кәсіпкерлік толығымен дерлік көлеңкелі экономика аясында дамығандықтан, негізінен ерлердің кәсіби болып қала берді. Осылайша, бейімделу процесінің негізі ретінде әлеуметтік гендерлік тәжірибені қарастыруға болады [20].

Бұдан шығатыны, XIX ғасырдың ортасында азаматтық заңдардың жиынтығын, сондай-ақ құқық жүйесінің пайда болу тарихын және заңдарды басқа еуропалық мемлекеттердің заңнамасымен салыстыруды егжей-тегжейлі талдайтын бірқатар теориялық жұмыстар пайда болды. Неке туралы заңдар кодексінің баптары мен әйелдердің отбасындағы құқықтары, сонымен қатар ескірген және қайшылықты ережелер, сондай-ақ экономикалық саладағы әйелдердің құқықтарын шектейтін мұрагерлік тәртібі сынға ұшырады. Әйелдердің саяси құқықтарының жоқтығы, білім алу және сол білімдерін кәсіби салада пайдалану мүмкіндіктерінің шектеулі екендігін атап өткен заңгерлер мен публицистер, отандық құқық жүйесінің шетелдік стандарттардан артта қалғанын және тиімді еместігін көрсетті [21].

Қазіргі уақытта ғылыми тұрғыдан алғанда "Әйелдер кәсіпкерлігі" термині көп мағыналы: бұл басқару әдісі, экономикалық ойлау мен мінез-құлық түрі, өмір салты, кәсіп, мәдениет құбылысы, әлеуметтік қайта құру құралы, адамгершілік-этникалық құндылықтар жүйесі. Алғаш рет "Әйелдер кәсіпкерлігі" ұғымын С.Ю. Барсукова әйелдер басқаратын бизнестің ерекшеліктерін зерттеуде қолданды, бірақ автор бұл тұжырымдаманы әйелдер бизнесінің жеке сипаттамаларымен шектеліп қана қоймайды [22]. А.Е. Чирикова әйелдер бизнесінің жұмыс істеу стратегиялары мен кемсітушілік мәселелерін қарастыра отырып, "Әйелдер кәсіпкерлігі" анықтамасын кеңінен қолданады, бірақ сонымен бірге бұл құбылысты анықтамайды [23]. Т.И. Заславскаяның жұмысы әйелдер кәсіпкерлігінің феноменіне арналған,

онда ол әйелдер бизнесінің ерекшеліктерін ғана емес (соның ішінде Еуропа мен әлемнің кейбір басқа елдерімен салыстырғанда) егжей-тегжейлі қарастырады, сонымен қатар бірнеше ауқымды және өкілді әлеуметтік зерттеулердің материалдарына сүйене отырып, әйел кәсіпкерлердің белгілі бір әлеуметтік сипаттамаларын сипаттайды, олардың ішінде әлеуметтік-демографиялық және білім беру ерекшеліктері, іскерлік және кәсіби мәртебесі, бизнестегі жұмыспен қамту және кәсіби басқару қасиеттері [24].

Осыған байланысты, соңғы бірнеше жылдағы әйелдер кәсіпкерлігін зерттеуді талдау кәсіпкерліктің негізгі мазмұнын анықтаудың бірқатар бейіндік тәсілдерін анықтады: құқықтық, экономикалық және әлеуметтанулық. Бұл әйел кәсіпкерлігінде кәсіпкердің жынысына қарамастан жалпы кәсіпкерлікке тән жалпы сипаттамалардың болуын болжайды [25].

Әйелдер кәсіпкерлігі мәселесінің теориялық дамуы Батыс әлеуметтанушылары "тыныш революцияның" екі кезеңі бар деп санайды – әйелдердің кәсіпкер ретінде бизнес саласына енуі. Біріншісі - 50-70 жылдар-жалдамалы еңбек саласына әйелдердің жаппай ағынымен ерекшеленді. 70-ші жылдардың ортасында екінші кезеңде әйелдер тәуелсіз кәсіпкерлікке бет бұра бастады. Бірінші кезеңді сипаттайтын негізгі факторлардың арасында азаматтық бостандықтар үшін күрес кезінде әйелдердің білім алуын дамыту маңызды орын алады. Екінші жағынан, индустриалды қоғамның әйелдер жұмыс күшіне деген қажеттілігі артты, ал еңбек нарығына әйелдер ағыны тұтынушылық қоғамның құндылықтарымен ынталанды. Адамға бағытталған өркениетінің қоғамдық дүниетанымға енуі және барлық адам ресурстарын тиімді пайдалану ұмтылысы байқалуда. Осыған орай, әйелдер қозғалысының тең мүмкіндіктер үшін күшеюі туралы айтуға болады, алайда әйелдер кәсіпкерлігінің дамуына ықпал ететін басты факторлар ретінде алғашқы екі элементті қарастыру қажет. Себебі көпшілігі үшін кәсіпкерлік мүмкіндіктері шағын бизнесті құрумен байланысты, ал ең қолжетімді салалар арасында қызмет көрсету саласы жетекші рөл атқарады. Ең алдымен, туғаннан бастап кәрілікке дейінгі адамның әртүрлі қажеттіліктеріне қызмет ету, әйелдер ежелден бері айналысқан [20, с. 101]. Әйелдер кәсіпорнының сәттілігінің маңызды шарты да, оның қызметінің нәтижесі де келесі белгілермен сипатталатын әлеуметтік желі болып табылады:

– кооперацияны қажет ететін күрделі мәселелерді шешуге күш салу құралы болып табылады. Мысалы, кәсіби мәселелерді шешу кезінде, қымбат жабдықты пайдалану кезінде, сирек кездесетін маманның қызметіне жүгіну кезінде;

– ақпарат алмасу арнасы болып табылады;

– бұл бедел қалыптасатын және сақталатын орта;

– жаңа идеялардың (пәндік және ұйымдастырушылық) туу ортасы болуы мүмкін;

– инновацияларды пайдалану үшін практикалық шешімдер жасауға, қабылдауға, табуға қабілетті;

– мансап, лауазымдық және кәсіби (мысалы, ерікті көмекшіден жоғары дәрежелі маманға дейін) қалыптасатын ортаға айналады;

– әлеуметтік (оның ішінде заңнамалық) өзгерістерге сұраныстарды тұжырымдайтын және насихаттайтын қуатты лоббистке айналады;

– әйелдер кәсіпкерлігінің жаңа құндылық парадигмасын (ынтымақтастық, жаңашылдық, қайырымдылық) және жалпы қоғамның негізгі тұжырымдамаларын (гуманизм, әлсіздердің құқықтары, озбырлықтан қорғау) қабылдауға және ілгерілетуге қабілетті ортаны қалыптастырады.

Әйелдер кәсіпкерлігі индустрияға дейінгі және индустриалды кезеңдерде шектеулі түрде дамыса, XX ғасырдың екінші жартысында кең таралған құбылысқа айналды. Посткеңестік елдерде 1990-жылдары экономикалық дағдарыс кезінде әйелдер бұрынғы жұмысынан айырылып, өз кәсібін бастады, көбінесе көше және базар саудасына бет бұрды. Жаһандану мен постиндустриалды қоғам кәсіпкерлікті күрделендірсе де, әйелдер белсенді рөл атқарды. Қазіргі кезде әйелдер кәсіпкерлігін әлеуметтік және теориялық тұрғыдан зерттеу, әдіснамасын нақтылау қажеттілігі туындап отыр. Ол соңғы онжылдықтарда қарқынды дамып келе жатқан экономикалық секторлардың бірі болып отыр.

Әр елдегі әйел кәсіпкерлер саны әртүрлі болса да, олардың бизнестегі үлесі ерлерге қарағанда айтарлықтай төмен екендігі кең танылған. Ерлер мен әйелдердің кәсіпкерлік ниеттегі айырмашылығы ғалымдар мен практиктер үшін маңызды тақырып болып отыр. Зерттеулер әйелдердің кәсіпкерлікке кіруіне кедергі келтіретін факторларды, соның ішінде нарыққа және қаржылық ресурстарға қол жеткізудегі қиындықтар, ұйымдық ресурстардың шектеулігі, өмір саласына байланысты шектеулер және кәсіпкерлік желілерден тыс қалу сияқты мәселелерді анықтады. Сонымен қатар, әйелдердің бизнесті бастау мотивтері де әртүрлі болып келеді [26].


Әйелдерді еркіндікке шығару қажеттілігімен байланысты, әлеуметтік және экономикалық салаларда бірқатар өзгерістер мен процестер орын алды. Жалпы алғанда, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы қоғамдық өмірдің түрлі салаларында маңызды өзгерістерді алып келді, бұл әйелдердің қоғамдағы орнына және оларға деген көзқарастың өзгеруіне әсер етті. Әйелдерге арналған білім беру жүйесінде жоғары курстарды енгізу және теңдікті қамтамасыз ету мақсатында реформалар жүзеге асырылды. Осы кезеңде, прогрессивті-либералды зиялы қауым өкілдері 1830-1840 жылдар аралығында әйелдерге деген көзқарасты өзгерту қажеттілігі туралы айтып, олардың құқықтары мен қоғамдық мәртебесіне ерекше назар аударды. Бұл ұстанымды баспасөз беттерінде қолдау үшін А.И. Герцен, Н.П. Огарев, Н.А. Добролюбов, М.Л. Михайлов, Д.И. Писарев, К.Д. Ушинский және басқалар жазды [27].

XX ғасырдың соңғы онжылдықтары жаһандық деңгейде маңызды өзгерістермен сипатталды. Соның ішінде ең мәндісі – әйелдердің еңбек нарығына кеңінен араласуы және тәуелсіз кәсіпкерлікке белсенді түрде көшуі, бұл әлеуметтік прогрестің айқын көрінісі болып табылады.

Көптеген әйелдер үшін алғаш рет жаңа мүмкіндіктер ашылып, «тегін» үй еңбегіне балама пайда болды, бұл ғасырлар бойы қалыптасқан өмірлік стереотипті өзгертуге мүмкіндік берді. Әйелдердің қазіргі заманғы

кәсіпорындардағы рөлінің өзгеруін талдаған америкалық зерттеуші Д. Несбит бұл құбылысты «жаңа мүмкіндіктер жарылысы» деп атаған [20, с. 101].

Әйелдер кәсіпкерлігі жалпы кәсіпкерлікке қарағанда анағұрлым айқын тарихи сипатқа ие. Постиндустриалды қоғамның бірқатар маңызды ерекшеліктері әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға қолайлы жағдай жасайды. Әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға арналған постиндустриалды қоғамның ерекшеліктері 3-суретте келтірілген.



Сурет 3 – Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту үшін постиндустриалды қоғамның ерекшеліктері

XX ғасырдың басында революциялық шындық жағдайында әйелдерге саяси құқықтар беру мәселесі маңызды бола бастады.

Осыдан кейін, XX ғасырдың басында әйелдердің теңдігі мәселесі саяси және қоғамдық ортада кеңінен талқыланды.

1906 жылы әйелдер теңдігі лигасында қолданыстағы заңнаманы мұқият талдайтын заң комиссиясы құрылды. Заңгерлер қолданыстағы заңдарға түзетулер енгізуді қамтитын әйелдер теңдігі туралы заң жобасын құру мақсатында әйелдердің құқықтарын қандай да бір жолмен шектейтін баптарды анықтады.

XIX ғасырдың соңында және XX ғасырдың басында әйелдер зауыттардағы жұмысқа белсенді түрде тартылды. Осы кезеңде техникалық процесс үнемі жаңартылып, өндірісте машиналар көп қолданылды. Әйелдер еңбегі ерлердің еңбегіне қарағанда, көбінесе, төмен еңбекақымен бағаланды. Бұл саланың заңнамасы әйелдердің түнгі және қосымша жұмыс уақыты, қауіпті өндірістердегі еңбек жағдайлары, сондай-ақ сақтандыру мәселелерін қарастырды. Батыс елдерінің заңнамасына қарағанда, Қазақстандағы заңда жүкті әйелдерге демалыс беру немесе бала емізетін аналарға қолайлы жағдайлар жасау мәселелері көтерілмеген.

Қызығы, әйелдер заңгерлік білім алуға мүмкіндік алды, алайда сол білімдерін сот процесінде адвокат ретінде қолдануға құқығы болмады. Сол

кездегі қоғам ерлер мен әйелдерге осы салада тең мүмкіндіктер жасауға дайын болмады.

Кәсіпкер әйелдер көбінесе даулы еңбек тарихынан, өтемақының төмендеуінен және жеткіліксіз жинақтаудан туындайтын әлсіз несие тарихына байланысты капиталды тартуда үлкен қиындықтарға тап болады. Кәсіпорындарға қаржылық ресурстар беруге бағытталған үкіметтік бағдарламалар әйелдерге аз мүмкіндік қалдырып, ер адамдарға тиесілі фирмаларды қолдайды. Кейде әйелдер сыртқы капиталға қызығушылық танытпайды, өйткені олар өздеріне тиесілі емес ақша үшін жауапкершілікті өз мойнына алғысы келмейді.

Кәсіпкер әйелдер іскерлік тәжірибені түсінбеу, байлықты басқару, бухгалтерлік есеп жүргізу, маркетингтік және тұтынушылық қызметке қатысу, сондай-ақ талантты мамандарды жалдау және ұстап қалу мәселелеріне тап болады (3-кесте).

Кесте 3 – Әйелдер бизнесінің дамуына кедергі келтіретін мәселелер тізімі


Мәселелер санаты	Мәселенің сипаттамасы	Себептері
Іскерлік тәжірибені түсіну	Бизнес-процестер және оларды басқару туралы негізгі білімнің болмауы	Ресми оқыту мен практикалық тәжірибенің жетіспеушілігі
Капиталды басқару	Қаржылық жоспарлау, қаражатты басқару және инвестицияларды тарту қиындықтары	Қаржы ресурстарының қолжетімсіздігі, кредиттермен және инвестициялармен жұмыс тәжірибесінің болмауы
Бухгалтерлік есепті жүргізу	Бухгалтерлік есеп пен салықтық есептілікті басқаруда білім мен дағдылардың жетіспеушілігі	Мамандандырылған білімнің немесе дайындықтың жетіспеушілігі
Маркетинг және тұтынушылық қызмет	Бизнесті ілгерілету және мақсатты аудиторияның қажеттіліктерін зерттеу мәселелері	Нарықтармен жұмыс істеу, маркетингтік науқандарды жоспарлау дағдыларының болмауы
Мамандарды жалдау және ұстау	Білікті кадрларды таңдаудағы және қызметкерлер үшін тартымды жағдай жасаудағы қиындықтар	Шектеулі ресурстар және персоналды басқару тәжірибесінің жетіспеушілігі
Ресми бизнес оқыту	Кәсіпкерлерге бағытталған оқыту бағдарламаларының жеткіліксіз саны	Мамандандырылған білім беру бастамаларының шектеулі ұсынысы
Алынған білім беруді қолдану	Қолданбалы пәндер бойынша университеттік білімі бар әйелдер өз білімдерін бизнесте қолдана алмайды	Білімді жүзеге асыру мүмкіндіктерінің болмауы, жылдам технологиялық өзгерістер, тәжірибенің жетіспеушілігі
Дамыған және дамушы елдер арасындағы алшақтық	Технологиялар мен бизнес дағдыларына қатысты дамыған және дамушы елдер үшін ұқсас мәселелер	Қазіргі ресурстар мен мүмкіндіктерге қол жетімділіктің шектеулілігі
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [28]		

Оларға бизнес пен кәсіпкерлікті ресми оқыту жетіспейді және үнемі жұмыс барысында тәжірибе жинайды. Олардың оқу орындарында алған білімдері әртүрлі және білім мен дағдыларының деңгейлері әр алуан. Қолданбалы пәндер бойынша университеттік білімі бар әйелдер (мысалы, информатика) мүмкіндіктердің, жұмыс тәжірибесінің болмауына немесе жылдам технологиялық өзгерістерге бейімделе алмауына байланысты өз

дағдыларын кәсіпкерлік кәсіпорындарында қолдана алмайтыны анықталды. Бұл дамыған және дамушы елдер үшін де жарамды [28, р. 1-17].

Әйелдер қандай да бір кәсіпті бастауға талпынғанда, олар әдетте басшылық қызметте болсын немесе кәсіпкерлік қызметте болсын, көптеген экологиялық шектеулерге тап болады. Компанияда жұмыс істей бастау айтарлықтай кәсіпкерлік тәуекел мен күш-жігерді талап етеді, әсіресе сәтсіздікке ұшырау пайызы жоғары екенін ескергенде.

Осы зерттеуде әйел кәсіпкерлердің қанағаттану деңгейіне әсер ететін факторлар қарастырылады. Қанағаттануды жеке кәсіпкерлердің жетістіктерінің негізгі көрсеткіші ретінде қарастыруға болады. Кәсіпкерлердің өздерінің жаңа бизнесінен алатын пайдасы – бизнестің өміршеңдігін анықтайтын маңызды фактор. Кәсіпкерлік қанағаттану мен табыс деңгейіне негізінен венчурлік кәсіпорынның тиімділігі әсер етеді, бірақ сонымен қатар әлеуметтік, қаржылық және психологиялық факторлар да ықпал етуі мүмкін (4-сурет). Қазіргі зерттеулер негізінен кәсіпкерлік қанағаттануға және фирманың қызмет нәтижелеріне әсер ететін факторларды түсіндіруге бағытталған. Көптеген ғылыми еңбектерде сату көлемі, пайда өсімі, нарықтағы үлес және инвестициялардың рентабельділігінің артуы фирманың қызмет нәтижелерін өлшеудегі негізгі факторлар екені дәлелденген. Осы зерттеу шеңберінде фирма тиімділігі мен кәсіпкердің қанағаттануы арасындағы өзара байланысты талдау әрекеті жасалды [29].



Сурет 4 – Құрастырылған факторлар

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [29, р. 188-190]

Тиімділік келесі факторларға байланысты болады: белгілі бір көшбасшылық, әлеуметтік кәсіпорынды жоспарлау, қоғамдастықтың қатысуы, шығармашылықты қаржыландыру, адами капитал, заңды қолдау және әлеуметтік кәсіпорынның маркетингі [30].

Кәсіпкер әйелдердің жетістігі сату айналымына және жұмыс орындарын құруға байланысты. Бұл сонымен қатар шағын бизнес кәсіпкерлерінің тәуекелге баратынын және бизнесті кеңейтетінін және олардың күтулері ұйымның нәтижелеріне әсер ететінін көрсетеді.

Әйелдер бизнесінің мәжбүрлі сипаты теріс емес, өйткені ол дағдарыс құбылыстарының өсуі мен бір жағынан жұмыссыздықтың өсуі мен екінші жағынан кәсіпкерліктің өсуі арасындағы оң байланыстың жалпы әлемдік тенденцияларына сәйкес келеді. Адамның "өз ісін" ашуға бағыттайтын типтік проблемалық жағдайлар ғылымда зерттеліп, мұқият талданған. Мұндай жағдайларда шешім қабылдау кезінде басты орын алатын факторлар мыналар болып табылады:

- жұмыстан босату;
- жұмыс орнында өзін артық сезіну;
- қол жеткізген жетістіктерге көңіл толмау;
- өз идеялары мен жоспарларының болуы, бірақ оларды алдыңғы жұмыс орнында жүзеге асыру мүмкіндігінің болмауы;
- жаңа басшының тағайындалуы;
- жаңа қызметке немесе жұмыс орнына ауысу;
- кәсіпорынның жабылу қаупі;,,
- белгілі бір жасқа жетіп, өмірлік жетістіктерге қанағаттанбау;
- өз ісін бастаған танысының жетістіктерін бақылау [20, с. 101].

Әйелдер кәсіпкерлігі көбінесе ұсақ бөлшек сауда, қолөнер, косметика өндірісі сияқты салалармен ғана шектеледі деген қарапайым түсінік бар. Алайда, шын мәнінде, әйелдер кәсіпкерлері қаржы және аудит, сауда және сатып алу, туризм, мектепке дейінгі білім беру, рекрутинг, өнеркәсіптік және тұрмыстық қызмет көрсету салаларында да фирмаларды басқаратыны белгілі.

Дәстүрі дамыған елдерде әйелдер кәсіпкерлігі көбіне «дәстүрлі әйелдер салаларында» шоғырланған: қоғамдық тамақтану, тұрмыстық қызмет, бөлшек сауда, қонақ үй шаруашылығы. Әйелдер кәсіпкерлігі салыстырмалы түрде жаңа құбылыс болып, көпсалалы қызметімен ерекшеленеді. Құрылыс пен көлік салалары әйелдер үшін ең аз игерілген болса, бөлшек сауда, қоғамдық тамақтану, қонақ үй шаруашылығы, ғылым, мәдениет және денсаулық сақтау – ең белсенді салалар. Мемлекеттің қамқоршылық саясаты әйелдердің кәсіпкерлік белсенділігін кешенді түрде қолдауды толық қамтамасыз етпейді. Әйел көшбасшылары кәсіпкерлікті басқаруда салыстырмалы түрде қиындыққа көп ұшырамай, бірақ олар жоғары салық, құқықтық қорғаныс пен капиталға қолжетімділіктің шектеулігі, банктердің тұрақсыздығы, инфляция және сыбайлас жемқорлық сияқты сыртқы факторларға тап болады. Елдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығы әйелдер кәсіпкерлігінің дамуына маңызды әсер етеді.

Әйелдер кәсіпкерлігін зерттеуде әртүрлі тәсілдер қолданылады. С.Ю. Барсукова бұл құбылысты салыстырмалы түрде жаңа деп атап, былай дейді: «Әйелдер кәсіпкерлігі – жаңа құбылыс ретінде қарастырылуы тиіс... Еңбек нарығындағы ерлер мен әйелдердің тең құқықтары туралы декларация кеңестік кезеңде де, посткеңестік тәжірибеде де толыққанды жүзеге асқан жоқ. Әйелдер кәсіпкерлігіндегі әлеуметтік мәселелердің кең ауқымы осы салаға әртүрлі ғылыми бағыттардың тұрақты назар аударуын қажет етеді, бұл өз кезегінде табиғи және түсінікті құбылыс болып табылады». Мамандардың пікірінше, әйелдердің жұмыссыздық мәселесін шешудің бір жолы – оларды

шағын бизнеске тарту. Әлемдік үрдістерге сәйкес, әйелдерді жұмыспен қамтамасыз етуде шағын бизнестің болашағы зор. Бұл сала барған сайын әйелдердің кәсібiне айналып келедi: шағын бизнеске жаңадан тартылған әрбір ер адамға екі әйелден келедi. Әйелдердiң шағын бизнес саласындағы өзiн-өзi жұмыспен қамтуын қамтамасыз ету үшiн бiрқатар шараларды жүзеге асыру қажет, соның iшiнде әйел-кәсiпкерлердiң қалыптасқан әлеуметтiк тобын зерттеу маңызды [20, с. 101].

Өтпелi кезеңдегi әйелге деген көзқарастың эволюциялық өзгерiстерi туралы Л.В. Бабаева жазған [31]. Әйелдiң бiлiктi маман ретiнде рөлiн қарастыратын қазiргi көзқарастар бiртiндеп өзгеруде, оларды қажеттi қабiлеттерi мен жеке қасиеттерi бар, мансап құруға лайықты тұлға ретiнде қабылдау күшейiп келедi. Алайда, бұл үдерiс әлi де баяу дамып келедi, және әйелдердiң жоғары бiлiктi еңбек салаларынан ығыстырылуы әлi де байқалады. Әйелдерге ресми түрде басшылық лауазымдарға тағайындалуға мүмкiндiк берiлгенiмен, олардың мансаптық өсуiне нақты қолдау көрсетiлетiн шаралар әлi де жеткiлiксiз. Кәсiби жетiстiкке жету жолында әйелдер көптеген кедергiлерге кездесуде. Бұл кедергiлер олардың уақытпен дәл жұмыс iстеу дағдысының жеткiлiксiздiгi, шамадан тыс эмоционалдылығы, жанашырлыққа бейiмдiлiгi, артық сенгiштiгi және барлығына жағуға тырысу сияқты жеке ерекшелiктерiмен байланысты болуы мүмкiн.

Әйелдер кәсiпкерлiгiн дамытудың болашағы зор бағыттарының бiрi – әртүрлi отбасылық бизнес түрлерi, мұнда бiр немесе бiрнеше туысқан отбасы мүшелерi бiрге жұмыс iстейдi. Отбасылық бизнеске, әсiресе, фермерлiк шаруашылықтар жатады. Отбасылық бизнес – шағын бизнестiң бiр түрi болып табылады [20, с. 101].

Шағын бизнестiң бiрқатар артықшылықтары бар, олар әйелдерге iрi бизнес өкiлдерiмен нарықта сәттi бәсекелесуге мүмкiндiк бередi. Бұл артықшылықтарға мыналар кiредi:

- қаражаттың жылдам айналымы;
- басқару шығындарын азайту арқылы қаржы үнемдеу;
- орындаушылардың жұмыс еркiндiгi, қызметкерлердiң өзара алмастырылуы;
- икемдiлiк, сыртқы өзгерiстерге тез бейiмделу және жылдам әрекет ету қабiлетi;
- жергiлiктi материалдық-техникалық ресурстарды (оның iшiнде өндiрiс қалдықтарын) тиiмдi пайдалану мүмкiндiгi;
жалдамалы қызметкерлері бар кәсіпкерлер де кіреді. Көрсеткіш елдер, салалар және демографиялық топтар бойынша ұсынылады.

Халықаралық және шетелдік заңнаманы талдау төмендегідей қорытындыларды көрсетті:

– гендерге бағытталған кәсіпкерлікті қолдау бағдарламалары кең таралған;

– кәсіпкер әйелдер көбіне ШОБ субъектілері ретінде қолдау алады;

– кейбір елдерде қолдау кәсіпкерлік санатына қарамастан беріледі;

– қолдау алу шарттары: сол елдің азаматтығы, аумақта кәсіпкерлік жүргізу;

– қолдау нысандары әртүрлі, кей елдерде әйелдердің әлеуметтік рөлін ескеретін арнайы шаралар да қарастырылған.

Осылайша, кәсіпорынды ұйымдастыру және басқару барысында әйел кәсіпкерлерге тән ерекшеліктер мыналар болып табылады: басқалардың пікірін ескере отырып, кәсіпорынды ұйымдастыруда шешімдер қабылдау, қызметкерлерге қойылатын талаптардың жоғары деңгейі, сондай-ақ басқаруда адамгершілік ұстанымдарын сақтауы, өндірістік және сервистік қызметті ұйымдастыруда, әсіресе менеджмент пен маркетинг салаларында, ерекше көзқарас көрсету, ер кәсіпкерлермен салыстырғанда тиімді басқару стилін қолдану, кәсіпорынның сыртқы байланыстарын орнату кезінде экономикалық мүдделерден гөрі, өзара сыйластық пен ортақ мақсаттарға басымдық беру, ұжымның бірлігін сақтау үшін жоғары деңгейде ұмтылыс көрсету, бағыныштылар мен бизнес серіктестерінің өміріне алаңдаушылық таныту және басқа да аспектілер.

Жалпы алғанда, әйелдер кәсіпкерлігі әлемдік экономикалық кеңістікте әлеуметтік инклюзияны, гендерлік теңдікті және орнықты экономикалық дамуды қамтамасыз етудің маңызды тетігі ретінде қалыптасып отыр. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, бұл феноменнің эволюциясы әртүрлі елдерде әрқилы формада дамығанымен, жалпы әлемдік үрдіс әйелдердің кәсіпкерлік белсенділігінің артқанын және осы салада институционалдық, технологиялық әрі мәдени трансформациялар жүріп жатқанын айғақтайды.

Әйелдер кәсіпкерлігінің әлемдік тәжірибесі оның трансформациясы мен бейімделуінің әртүрлі үлгілерін көрсетеді. Әйелдердің экономикалық белсенділігін қолдауға бағытталған кешенді саясаттар мен бағдарлама үлгілері (қаржылық, білім беру, институционалдық қолдау) олардың бизнестегі рөлін нығайтуға мүмкіндік беруде. Сондықтан жаһандық деңгейде әйелдер кәсіпкерлігін қолдау тетіктерін зерттеу мен бейімдеу ұлттық экономикалық саясат үшін стратегиялық маңызға ие болып отыр.

1.3 Әйелдер кәсіпкерлігінің құбылысы: ерекшеліктері мен артықшылықтары

Әйел кәсіпкерлер – бұл қоғамның әлеуметтік құрылымындағы салыстырмалы түрде жаңа әлеуметтік – кәсіптік қызметтің қалыптасуының жалпы шарттары, әсіресе кәсіпкерлік (ЖК, ШОБ, ШҚҚ түрінде) қоғамдық еңбек бөлінісі құрылымында, сонымен қатар субъективті аспектілер, яғни

өздерін осы топтың мүшелері ретінде санайтын және кәсіби мүдделері ортақ, жұмысқа деген мотивациясы мен басқа да ерекшеліктері бар адамдардың қатысуымен байланысты.

Ғылыми зерттеу әдіснамасының негізгі мақсаты зерттеудің детерминистік мақсаты шеңберінде қойылған зерттеу міндеттерін шешу үшін зерттеу субъектісіне тиісті құралдарды ұсыну болып табылады. Әйелдер кәсіпкерлігі ғылыми зерттеу объектісі ретінде арнайы зерттеу әдістемесіне ие. Бұл әдістемелік құрылымның эмпирикалық негізін ғылыми танымның эксперименттік әдістері (өлшеу, салыстыру), ал теориялық бөлігі ғылыми таным процесін басқару және жүйелеу әдістері құрайды. Біздің пікірімізше, бұл әдістемелік құрылым әлі толық қалыптаспаған, өйткені эмпирикалық және теориялық негіздерге қатысты біріздендірілген ғылыми тәсілдер әлі жоқ.

14-кестенің деректері әйелдер кәсіпкерлігінің субъектісі мен объектісі арасындағы байланысты, сондай-ақ оның қоғам мен экономикаға әсерін көрсетеді.

Кесте 14 – Әйелдер кәсіпкерлігінің объектілік-субъектілік сипаттамасы

Санат	Сипаттама
Әйелдер кәсіпкерлігі субъектісі	Бизнесте бастамашы, ұйымдастырушы және басқарушы, негізгі шешімдер қабылдайтын әйел
Әйелдер кәсіпкерлігі объектісі	Әйел басқаратын өндірістік, коммерциялық немесе сервистік жобаларды қоса алғанда, іскерлік қызмет
Субъектінің ерекшеліктері	Өзін-өзі жүзеге асыруға және тәуелсіздікке жоғары мотивация
	Бизнестің әлеуметтік бағдарлануы (көбінесе қоғамның қажеттіліктеріне бағытталған)
	Тұрақты басқару модельдерін құруға бейімділік
Нысанның ерекшеліктері	Шағын және орта бизнес әйелдер кәсіпкерлігінде жиі кездеседі
	Қызмет көрсету, денсаулық сақтау, білім беру және креативті экономика салаларының басым болуы
	Экономикалық ортадағы өзгерістерге жоғары бейімделу
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [91]	

Әйелдер кәсіпкерлігін дамытуда айтарлықтай жетістіктерге жету үшін әртүрлі субъектілермен ынтымақтастық және күш біріктіру маңызды. Әрбір қатысушы өзінің бірегей тәжірибесімен, құзыреттерімен және ресурстарымен өз үлесін қосады.

Кәсіпкер әйелдер көптеген елдердің экономикалық өсуіне айтарлықтай үлес қосады. Сонымен қатар, кәсіпкер әйелдер өз бизнестерін құру кезінде және олардың қызметі барысында ер кәсіпкерлермен салыстырғанда үлкен проблемаларға тап болады. Мұндай проблемалар жекелеген елдерге ғана тән емес, олар дамушы елдерде де, экономикалық дамыған елдерде де айқын көрінеді. Кәсіпкер әйелдердің алдында тұрған объективті және субъективті мәселелердің қатарына келесілер жатады (15-кесте).

Бұл проблемаларды кешенді және жан-жақты шешу кәсіпкер әйелдердің әлеуетін толық ашуы мүмкін.

Кесте 15 – Кәсіпкер әйелдердің алдында тұрған объективті және субъективті мәселелер мен шектеулер

Объективті	Субъективті
1. Кәсіпкерлік пен жеке өмір арасындағы тепе-теңдікке жетудегі қиындықтар 2. Бала күтімі 3. Үй және отбасылық міндеттерді орындау	1. Әлеуметтік-мәдени бейімділік 2. Заңнамадағы институционалдық, құқықтық және салықтық мәселелер 3. Әйелдердің қоғамдағы рөліне байланысты қалыптасқан стереотиптер
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [91, б. 228-236; 92]	

Қазіргі уақытта кәсіпкерліктегі гендерлік алшақтық деп аталатындардың бизнес иелері ретінде ерлердің басым болуымен байланысты екендігі туралы дәлелдер мақалада [93]. Бұл алшақтық әртүрлі елдерге тән әлеуметтік, мәдени, саяси және идеологиялық ерекшеліктермен анықталады. Жұмыстарда [94] кейбір гендерлік стереотиптер, сондай-ақ әйелдердің кәсіпкерлік белсенділігін тежейтін жеке, институционалдық және құрылымдық кедергілер қарастырылады. Өз бизнесіңізді бастау мотивтерін зерттеу ғылыми зерттеулерде танымал тақырып болып табылады [95]. Бұл адамдарды кәсіпкер болуға мәжбүр ететін факторлар. Олар әдетте жұмыста сипатталған ықтимал кәсіпкерлік пен экономикалық мәртебенің жағымсыз сипаттамалары [96]. Бұл факторларға жұмыссыздық, мансаптық өсудің нашар перспективалары, қолайсыз жұмыс жағдайлары, кәсіби қанағаттанбау, балалар мекемелерінің болмауы немесе экономикалық қажеттілік кіруі мүмкін.

Қазіргі қоғамда әйелдер кәсіпкерлігі ерекше маңызға ие, өйткені ерлер мен әйелдер арасындағы ресми теңдік жағдайында соңғысы ер кәсіпкерлермен тең дәрежеде емес.

Әйелдер кәсіпкерлігіне қатысты объективті және субъективті сипаттағы әлеуметтік шектеулердің тұтас жиынтығы бар. Алғашқылардың қатарында бұл ерлер мен әйелдерге рөлдерді жаппай санада тұрақты бөлу болып табылады, мұнда әйелдерге, әдетте, тек қызмет көрсету функциялары беріледі. Мұнда ең алдымен, әйелдердің қоғамдағы рөлін түсінудегі, әйелдер кәсіпкерлігіне деген көзқарастың терең тамыры жатыр.

Соңғы онжылдықта әйелдердің экономикалық әрі саяси үдерістерге белсенді араласуының нәтижесінде олардың бизнес саласындағы үлесі үштен бір бөліктен асып түсті. Бұған қоса, әйелдердің шамамен 25%-ы отбасындағы табыс көлемі жағынан жұбайларынан жоғары табыс табатын жағдайға жеткен [97].

Қазіргі кезеңдегі постиндустриалдық дамудың ерекшелігі ретінде экономикалық қатынастардың күрделенуі мен еңбек құрылымындағы өзгерістерді атауға болады. Бұл үдеріс қызмет көрсету саласының үлесін ұлғайтып, дәстүрлі өндірістік сектордың маңызын салыстырмалы түрде төмендетіп, икемді еңбек нысандарына сұранысты арттыруда. Мұндай жағдай жаңа әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктер тудырып, әйелдердің экономикалық кеңістікке тартылуын жеделдетуде.

Нарықтық экономиканың негізі – жеке бастамалар мен еркін бәсекеге құрылған кәсіпкерлік жүйе, ол ресурстарды тиімді бөлуге, өндірісті жаңғыртуға

және экономикалық әлеуетті толық пайдалануға мүмкіндік береді. Әйелдердің шағын және орта кәсіпорындардағы белсенділігі экономиканың әртараптануына және әлеуметтік тұрақтылыққа маңызды үлес қосады.

Әйелдер кәсіпкерлігі әлеуметтік, экономикалық және мәдени алғышарттардан туындайды; бұл еңбек нарығындағы өзгерістерге жауап ретінде қалыптасатын құбылыс әрі өзіндік кәсіби стратегияларды жүзеге асыру құралы болып табылады. Цифрлық технологиялар мен онлайн сауда да экономикалық бастаманы кеңейтеді.

Қазақстанда кәсіпкерліктің сипаты аймақтық теңсіздік, урбанизация, инфрақұрылым мен мәдени дәстүрлерге байланысты ерекшеленеді: ауылдық жерлерде кәсіпкерлік көбінесе табыс көзін қамтамасыз етуге бағытталса, қалаларда жеке даму мен икемділік маңызды болады. Сондай-ақ, ресми жұмыспен қамтудың шектеулілігі мен гендерлік кедергілер әйелдер кәсіпкерлігінің өсуіне әсер етеді.

Әйелдердің атқарып отырған ролін бағалауда олардың бизнес жүргізу стилінің ерекшеліктеріне назар аудару маңызды. Көптеген зерттеулер көрсеткендей, әйелдер басқарған кәсіпорындарда әлеуметтік жауапкершілік деңгейі жоғары, қаржылық тәртіп сақталады және ұзақ мерзімді тұрақтылыққа мән беріледі. Бұл қасиеттер кәсіпкерлік қызметті экономикалық дамудың тұрақты элементі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Родионов Н.В., Читанава О.О. және басқа зерттеушілердің пікірінше, әйел кәсіпкерлер үш түрге бөлінеді (16-кесте).

Кесте 16 – Кәсіпкерлік қызметтің мотивациялық таңдауына байланысты әйел кәсіпкерлердің түрлері

Кәсіпкер әйелдердің түрі	Кәсіпкерлік қызметті таңдау мотиві
"Сенімді іскер әйел"	Кәсіпкер болуға деген ішкі тілек
Кәсіпкер ханымдар «жағдай бойынша»	Кездейсоқ жағдайлар
"Кәсіпкерлер еріксіз"	Теріс жағдайлар - нақты жұмыссыздық, өмір сүруге қаражаттың болмауы және т.б.
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [98]	

Әлемдік тәжірибеде әйелдердің кәсіпкерлік белсенділігі артқанымен, бұл салада гендерлік теңсіздік мәселелері әлі де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Қазақстан жағдайында да бұл үрдіс байқалады. Әйелдер кәсіпкерлігінің әлеуметтік-экономикалық маңыздылығы артып келе жатқанымен, олардың кәсіпкерлік қызметіндегі құрылымдық, құқықтық және қаржылық кедергілер әлі күнге дейін жүйелі шешімді талап етеді.

Жүргізілген отандық және шетелдік зерттеулердің нәтижелеріне сүйенсек, әйел кәсіпкерлердің білім деңгейі ерлермен салыстырғанда анағұрлым жоғары. Тіпті кәсіпкерлік қызметте сәтсіздікке ұшыраған әйелдердің де орташа білім деңгейі ерлерге қарағанда жоғарырақ екені анықталған. Бұл дерек кәсіпкерлік қызметтің нәтижелілігіне тек білім деңгейінің емес, сонымен қатар әлеуметтік және институционалдық факторлардың да ықпал ететінін көрсетеді. Ер азаматтар арасында толық емес

немесе жалпы орта біліммен кәсіпкерлікке бет бұратындардың үлесі жоғары, бұл олардың нарықтық экономика жағдайындағы тұрақсыздығын және сәтсіздік ықтималдығын арттырады (17-кесте).

Кесте 17 – Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігі мен гендерлік теңдік көрсеткіштері (2024 ж. басы)

Көрсеткіш	Әйелдер, %	Ерлер, %	Ескертпе
Микро, шағын және орта бизнес (ШОБ) басқаратындар үлесі	49,2	50,8	Барлық ШОК ішінде
- КФХ (крестьяндық-фермерлік шаруашылық)	28,2	71,8	Ауыл шаруашылығы секторында
- заңды тұлғалар (юрлиц)	29,4	70,6	Коммерциялық компаниялар
- жеке кәсіпкерлер (ИП)	58,6	41,4	Сауда, қызмет көрсету салалары
ШОБ секторындағы жұмыспен қамту үлесі	34	66	Жалпы жұмыс орындары ішінде
КФХ қызметкерлері	24,7	75,3	-
- заңды тұлғалар қызметкерлері	28,4	71,6	-
- ЖК қызметкерлері	42,6	57,4	-
Еңбек нарығындағы белсенділік	66,7	77,3	Жұмысқа қабілетті халық арасындағы үлес
Жалпы жұмыссыздық деңгейі	5,3	4,2	-
Ұзақ мерзімді жұмыссыздық	1,5	0,9	12 айдан астам жұмыссыз жүргендер үлесі
Жалақыдағы гендерлік айырмашылық	Әйелдер жалақысы 25,7%-ға төмен	-	2022 жылы – 21,7% болған
Басшылық қызметтердегі үлесі	41,2	58,8	Мемлекеттік және жекеменшік ұйымдарда
Парламенттегі үлесі (жалпы)	20,9	79,1	-
- Мәжіліс	19,4	80,6	-
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [99]			

Тұрақты жұмыс істейтін ер адамдар үшін бизнес ашудың негізгі себебі - қосымша артықшылықтар мен мүмкіндіктер алу. Сынамадағы ер адамдар арасында әскери кәсіпкерлер байқалмады. Жұмыссыздар санатына жататын ерлердің «Мен жұмыс істеймін, бірақ қосымша жәрдемақы алғым келеді» деген жауабы елімізде экономикадағы бейресми сектордың әлі де айтарлықтай кең екенін көрсетеді. Бизнесті тастау себептері ерлер үшін жоғары бәсекелестік деңгейімен, ал әйелдер үшін жеке жағдайлармен байланысты. Ерлер мен әйелдер кәсіпкерлері үшін бизнесті жоғалту ықтималдығы олардың жас ерекшеліктеріне байланысты өзгеріп отырады. Сонымен қатар, кәсіпкерлік қызметтен бас тартқан ерлер мен әйелдер үшін ең көп таралған жас аралығы 30 бен 39 жас арасында. Зерттеулерге сәйкес, ерлер кәсіпкерлері жағдайларға көбірек бейімделіп, өзгерістерге жеңілрек жауап береді [100].

Зерттеулер әйелдердің кәсіпкерлік белсенділігінде екі жастық шың бар екенін көрсетеді: шамамен 25 және 40 жас. 25 жаста бұл белсенділік жоғары білім мен бастапқы кәсіби тәжірибе нәтижесінде артады, ал 40 жасқа қарай

жинақталған өмірлік тәжірибе мен әлеуметтік ресурстар кәсіпкерлікке кіруді ынталандырады.

Әйелдердің кәсіпкерлікке тартылуы көбіне еңбек нарығындағы осалдықпен және балама табыс көздерінің шектеулілігімен байланысты. Жас ерекшелігі бойынша кәсіпкерлік белсенділіктің гендерлік айырмашылығы әйелдер арасындағы мәжбүрлі кәсіпкерліктің жоғары үлесімен түсіндіріледі: тұрақты жұмыс табудың қиындығы және мансаптық мүмкіндіктердің шектеулілігі әйелдерді кәсіпкерлікке жиі итермелейді.

Жүргізілген зерттеулерге сәйкес, Қазақстанда әйелдердің кәсіпкерлікке белсенді қатысуы көбінесе жұмыссыздық деңгейінің жоғары болуымен, сондай-ақ өзін-өзі жұмыспен қамту мүмкіндіктерінің кеңеюімен байланысты. Бұл үрдіс әсіресе шағын сауда және қызмет көрсету салаларында айқын байқалады. Көрші елдерден сұранысқа ие тауарларды әкелу арқылы әйелдер орта есеппен 500-3000 АҚШ доллары көлемінде табыс таба алады, бұл кейбір жағдайларда елдегі орташа жылдық табыстан жоғары көрсеткіш болып табылады.

Сонымен қатар, әйелдер кәсіпкерлігінің дамуына тежеу болатын маңызды факторлар ретінде заңнамалық қолдау тетіктерінің әлсіздігі мен кәсіпкер әйелдерге бағытталған мамандандырылған қолдау институттарының жеткіліксіздігі атап өтіледі. Осы шектеулер әйелдердің кәсіпкерлік әлеуетін толық жүзеге асыруына кедергі келтіруде.

Мемлекеттік қолдауға ие болу үшін әйелдер кәсіпкерлігінің субъектілері жалпы және арнайы критерийлерге сай келуі тиіс. Бұл тұрғыда Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы негізгі құқықтық негіз болып табылады.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Конституциясының 26-бабының 4-тармағында: «Әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін пайдалануына құқығы бар» деп көрсетілген [101].

Бұл бап барлық азаматтардың, оның ішінде әйелдердің де, кәсіпкерлікпен айналысу құқығын заңды түрде қамтамасыз етеді. Осы конституциялық норманың негізінде «Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 3-бабында жеке кәсіпкерлік еркіндігіне кепілдік беріледі:

«Қазақстан Республикасында жеке кәсіпкерлік еркіндігіне кепілдік беріледі... Мемлекеттік органдар жеке кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарына шек қоюға құқылы емес» [102]. Осы құқықтық актілерге сәйкес, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын әйел субъектілерін екі негізгі топқа бөлу ұсынылады:

– жеке кәсіпкер ретінде тіркелген әйелдер және шаруа (фермер) қожалықтарының әйел жетекшілері;

– заңды тұлға ретінде тіркелген, әйелдер басқаратын ұйымдар: жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, өндірістік кооперативтер және т.б.

Мемлекеттік қолдауға ие болу үшін бұл субъектілер белгілі бір қосымша шарттарға сәйкес келуі тиіс:

- кәсіпкердің Қазақстан Республикасының азаматы болуы;
- кәсіпкер ретінде ҚР аумағында тіркелуі;
- кәсіпкерлік қызметті Қазақстан аумағында жүзеге асыруы.

Осылайша, әйелдер кәсіпкерлігіне арналған мемлекеттік қолдау шаралары, оның ішінде қаржылай және консультативтік преференциялар, кәсіпкерлік қызметті ұйымдастырудың құқықтық ерекшеліктерін ескеретін нақты критерийлермен үйлесімді түрде жүзеге асырылуы қажет. Бұл өз кезегінде, кәсіпкер әйелдердің құқықтық мәртебесін нақтылап, олардың экономикалық әлеуетін толық жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Әйелдер кәсіпкерлігі субъектілерінің екінші тобына жататын ұйымдар, әйел басшының ұйымның жарғылық капиталына кемінде 51%-дық үлесін иемдену талабына қосымша, төмендегі шарттарды орындауы тиіс.

Жарғылық капиталда үлесі жоқ, бірақ ұйымды басқаратын әйел тұлғалар жетекшілік ететін құрылымдарды әйелдер кәсіпкерлігі субъектілеріне жатқызу ғылыми тұрғыдан негізсіз деп есептеледі. Бұл тәсіл кәсіпкерлік мәртебесін формалды түрде иелену арқылы мемлекеттік қолдауға қол жеткізуге жағдай жасап, әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға бағытталған саясаттың тиімділігін төмендетуі мүмкін.

Әйелдер кәсіпкерлігі субъектісін айқындау кезінде басшы әйелдің балаларының болуы, олардың саны мен жасы секілді әлеуметтік факторларды есепке алу біржақты шешім болуы мүмкін. Мұндай жағдайда преференциялар нақты тұлғаға емес, жалпы ұйымға бағытталады. Алайда жеке кәсіпкерлік жағдайында бұл факторлар мемлекеттік қолдаудың қосымша негізі ретінде қарастырылуы мүмкін. Осы мән-жайлар әйелдер кәсіпкерлігін қолдауға бағытталған арнайы мемлекеттік саясатты қалыптастыру қажеттілігін айқындайды.

Кәсіпкер әйелдерді қолдау қажеттілігінің әлеуметтік-мәдени және этикалық себептерінен басқа, экономикалық сипаттағы себептерді де атап өткен жөн. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыра отырып, әйелдер "әдетте гендерлік тауашаларды" [103] ер адамдар жұмыс істемейді: олар жеке, әлеуметтік, білім беру қызметтерін, тазалау қызметтерін, өзін-өзі күту қызметтерін ұсынады [104]. Бұл салалар аз болғанымен, тұрақты табыс әкеліп, экономикалық дағдарыс кезіндегі ауытқуларға аз әсер етеді. Әйелдер кәсіпкерлігін қолдау мәселесі ғылыми әдебиетте белсенді түрде қарастырылуда, және бұл қолдаудың түрлі бағыттары ұсынылуда. Мысалы, әйелдердің осы салалардағы жұмыспен қамтылуын ескере отырып, шағын және орта бизнесті қолдаудың мемлекеттік және аймақтық бағдарламаларында арнайы бөлімдерді әзірлеу қажеттілігі атап көрсетілген [105]. Бағдарламаларға үй-жайларды алуға көмектесу, салықтық жеңілдіктер беру, оқытуды ұйымдастыру, қаржылық қолдау және т. б. кіруі керек [106].

Зерттеу әдістемесі әйелдер кәсіпкерлігін қолдауға арналған халықаралық, шетелдік және ұлттық нормативтік-құқықтық актілерді салыстырмалы-құқықтық талдау арқылы ұсынылған. Халықаралық және шетелдік заңнаманы зерделеу нәтижесінде, көптеген халықаралық интеграциялық ұйымдар мен шет елдерде кәсіпкер әйелдерге мемлекеттік қолдау көрсету бойынша маңызды

тәжірибе жинақталғанын және осындай қолдау алушыларды анықтайтын критерийлердің заңнамалық тұрғыдан белгіленгенін байқауға болады.

Әйелдердің шағын кәсіпкерлікке қатысу деңгейін талдау олардың өз қызметіне деген көзқарасын зерттеумен тығыз байланысты. Көптеген әйелдер кәсіпкерлікті тек табыс табу құралы ретінде ғана емес, өзін-өзі жүзеге асырудың, дербестікке қол жеткізудің және әлеуметтік мәртебесін арттырудың тиімді жолы ретінде қабылдайды. Дегенмен, қоғамда әйелдің экономикалық тәуелсіздігі дәстүрлі гендерлік құндылықтарға қайшы келеді деген пікірлер әлі де сақталып отыр. Бұл көзқарас әйелдердің кәсіпкерлік белсенділігін бағалауда және оларды қолдау тетіктерін жетілдіруде ескеруді қажет ететін маңызды әлеуметтік фактор болып табылады [107].

Осылайша, билік органдарының кәсіпорындардың қызметіне араласпау туралы қалыптасқан көзқарас бар. Ерлердің экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы ірі кәсіпкерлік құрылымдарда жетекші лауазымдарда болуы, өз кезегінде, билік органдарының кәсіпкерлікке деген көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді және үкіметтік деңгейде экономикалық шешімдер қабылдауда оларға айқын артықшылық береді.

Кәсіпкердің экономикалық мінез-құлқы келесі ерекшеліктермен сипатталады:

1) экономикалық еркіндіктің құқықтық кепілдіктеріне сүйене отырып, шаруашылық қызметтің түрлерін, нысандарын және аясын, сондай-ақ оларды жүзеге асыру әдістерін еркін таңдай отырып, энергия мен бастамашылық көрсету;

2) құзыреттілік пен ақыл-ойға негізделген шешімдер қабылдау қабілеті; кәсіпкерлік қызмет адамның шығармашылық әлеуетін толығымен іске асыруға мүмкіндік береді, стандартты емес шешімдер қабылдауға қабілетті, ақпарат жетіспесе де жағдайды дұрыс бағалай алады;

3) өз командасын таңдап, оны тиімді басқара білу, әріптестерінің жұмысын дұрыс бағыттап, ұйымдастыру, олардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдайлар жасау; кәсіпкер өз жолдастарын жоғары кәсібилік пен динамикалық басқару арқылы бағыттайды;

4) тәуекелдерге бару қабілеті; кәсіпкер өз бетінше шешім қабылдап, олардың нәтижелеріне материалдық жауапкершілік көтереді; барлық жетістіктері үшін ол тек өзіне ғана қарыздар; кәсіпкерлік қызметте өрлеу мен құлдыраудың болуы заңды;

5) көшбасшылық пен бәсекелестікке деген ұмтылыс; кәсіпкер адамдарды мақсатқа жетуге және жетістікке жетуге ынталандыра алады; ол нәтижеге қол жеткізу үшін жұмыс барысында толықтай күш салуға дайын;

6) бағдарлану мен жаңашылдық; кәсіпкер ең аз шығынмен коммерциялық табысқа жету үшін әрқашан еңбек ұйымдастырудың жаңа әдістері мен технологияларын енгізуге ұмтылады, ол – жаңашылдыққа бейім.

Қазіргі қоғамдағы кәсіпкердің әлеуметтік қабатының типтік сипаттамалары экономикалық әлеуметтанудың негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Егер біз осы сипаттамалардың барлығын біріктіретін болсақ,

онда біз әйел кәсіпкердің азды - көпті шындыққа сәйкес келетін әлеуметтік портретін аламыз.

Мұндай сипаттамада кәсіпкер әйелдің әлеуметтік бейнесінің келесі типтік қасиеттері айқын көрінуі тиіс:

- 1) капиталды иемдену немесе оған ықпал ету;
- 2) кәсіпкерлік қызмет;
- 3) бастамашылық;
- 4) жауапкершілік;
- 5) тәуекелге баруға дайындық;
- 6) инновацияға бейімділік;
- 7) кәсіпкерлік рух;
- 8) кәсіпкерлік еркіндік;
- 9) пайдаға деген үнемі ұмтылыс.

Қазіргі қоғамды институттар мен ұйымдардың күрделі жүйесі ретінде қарастыруға болады. Бұл жүйе жеке тұлға өзін түрлі тұрғыдан білдіріп, өз орнын анықтайтын әлеуметтік, мәдени және кәсіби орта болып табылады: кәсіпқой, жұмысшы, адам, ер немесе әйел, топ мүшесі немесе жеке тұлға ретінде. Мұндай жағдайлар қақтығыстардың пайда болуына себеп болуы мүмкін.

Кәсіпкер әйел қазіргі әлемде маңызды рөлдердің бірін атқарады. Ол ірі компанияларды басқарып, стратегиялық шешімдер қабылдауда үлкен үлес қосады:

1. Гендер өз анықтамасын және тұрақтылығын жоғалтады. Жыныстық сәйкестіктің әртүрлілігі сана мен мінез-құлықтағы айырмашылықтар арқылы көрініс табады. Биологиялық ерлер мен әйелдер өздерінің психологиялық және жеке даму ерекшеліктеріне негізделген қолайлы гендерлік рөлді таңдайды. Жеке адам «кез келген жаратылыс» ретінде азаматтығы, тұрғылықты жері, ұлты, жасы сияқты аспектілерде ғана емес, сонымен қатар жыныс аспектісінде де өзін анықтайды.

2. Ерлер мен әйелдердің қарама-қайшылығы жойылады. Мәдени кеңістіктің барлық салаларындағы ерлер мен әйелдердің өзара әрекеттесуі мен орнын ауыстыруы тек сөзсіз емес, сондай-ақ қажетті құбылысқа айналады.

3. Қоғамдық және жеке салаларда ерлер мен әйелдер бір-бірінен тәуелсіз болып, жеке тұлғаның биологиялық жынысына тікелей байланысты емес түрде анықталады.

4. Әлеуметтік және кәсіптік салаларда, сондай-ақ билік қатынастарында ерлер мен әйелдердің теңсіздігі гендерлік саясат пен қоғамдық стереотиптерден туындаған емес, керісінше, саяси күресте, еңбек және қызмет көрсету нарығындағы еркін бәсекелестіктің нәтижесі ретінде көрінеді.

Гендерлік рөлдер теориясы әлеуметтік нормалардың мансаптық траекторияларға әсер ететінін алға тартады [108]. Бұл теорияға сәйкес, неке құрудың кешіктірілуі әйелдерге ерте кезеңдегі тұрмыстық міндеттердің азаюы есебінен кәсіби және кәсіпкерлік даму үшін көбірек мүмкіндіктер береді.

Қаржылық шектеулер теориясы кәсіпкерліктің қалыптасуын айқындайтын іргелі фактор ретінде несиеге қолжетімділікті алға тартады [109].

Өйткені өтімділік шектеулері кәсіпкерлік қызметтің жүзеге асуына кедергі келтіреді.

Мәжбүрлі кәсіпкерлік теориясы адамдардың ресми жұмыспен қамтылу мүмкіндігі шектеулі болған жағдайда кәсіпкерлікке жүгінетінін болжайды [110].

Ресми жұмыспен қамтылу мүмкіндіктері шектеулі өңірлерде тұратын әйелдер көбіне стратегиялық іскерлік ниеттен емес, мәжбүрлі қажеттілікке байланысты кәсіпкерлікпен айналысады. Бұл деректер жиынтығы жұмыспен қамту агенттіктерінде тіркелген жұмыссыз әйелдердің санын көрсетеді және бұл көрсеткіш еңбек нарығындағы шектеулердің индикаторы ретінде қызмет атқарады. Орташа есеппен алғанда, әртүрлі өңірлерде 3125 әйел жұмыссыз ретінде тіркелген. Ең жоғары көрсеткіштер Маңғыстау, Қызылорда және Жамбыл облыстарында байқалады. Аталған өңірлерде әйелдер көбіне бейресми ұсақ кәсіпкерлікпен айналысуға мәжбүр, себебі ресми жұмыс орындарына балама мүмкіндіктер жоқ.

Технологияны енгізу теориясы цифрлық құралдарға қолжетімділік бизнес-процестерді жақсартуға және нарыққа шығу мүмкіндігін кеңейтуге ықпал ететінін атап өтеді, әсіресе әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған немесе өкілдігі аз топтар үшін [111].

Цифрлық технологиялар жаңа бизнес-модельдердің қалыптасуына ықпал етеді, әсіресе электронды коммерция, әлеуметтік желілердегі маркетинг және қашықтан қызмет көрсету салаларында. Деректер жиынтығы әйелдердің мобильді телефон пайдаланушысы ретінде үлесін қамтиды, бұл көрсеткіш цифрлық технологияларға қолжетімділіктің индикаторы ретінде қарастырылады. Қазақстанда әйелдердің 91,6%-дан астамы мобильді телефонға ие болғандықтан, цифрлық кәсіпкерлікті дамытуда үлкен әлеует бар. Алайда, ауылдық жерлердегі цифрлық инфрақұрылымның жеткіліксіздігі бұл әлеуетті жүзеге асыруға кедергі келтіретін негізгі факторлардың бірі болып отыр.

Үй шаруашылығы экономикасы теориясы некеге тұру мен отбасылық міндеттемелердің әйелдердің кәсіпкерлік пен еңбек нарығына қатысуына шектеу қоя алатынын болжайды [112].

Нәтижелерді талдау көрсеткендей, отбасылы әйелдер көбіне артқан тұрмыстық міндеттемелерге тап болады, бұл олардың іскерлік белсенділікке уақыт пен ресурстар бөлу мүмкіндігін шектейді [113]. Деректер жиынтығы тіркелген некелердің санын қамтиды, бұл арқылы некенің кәсіпкерлікке ықпалын талдауға болады (18-кесте).

Кесте 18 – Қазақстанда соңғы үш жылда некелердің саны

Жылдар	Көрсеткіш
2022	128 300 неке тіркелді
2023	120 800 неке тіркелді, бұл 19 жылдағы ең төменгі көрсеткіш
2024	123,600 неке тіркелді
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [114, 115]	

Орташа алғанда, әртүрлі өңірлерде жыл сайын 8 670 неке тіркеледі, және некеге тұру деңгейінің жоғары болуы әйелдер арасындағы кәсіпкерлік белсенділіктің төмендігімен корреляцияланады. Бұл, дәстүрлі отбасылық рөлдердің әйелдердің бизнеске қатысуына кедергі келтіруі мүмкін екенін білдіреді. Сондай-ақ, былтырғы жылдың ішінде алдын ала мәлімет бойынша 123,6 неке және 40,5 ажырасу тіркелген [115].

Экономикалық тәуелсіздік теориясы ажырасудың кәсіпкерлік белсенділік үшін катализатор рөлін атқара алатынын алға тартады, өйткені әйелдер қаржылық қауіпсіздік пен өзін-өзі қамтамасыз етуге ұмтылады [116].

Зерттеулер көрсеткендей, ажырасқан әйелдер экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету құралы ретінде бизнес ашуға бейім келеді, әсіресе жалғызбасты отбасылар қаржылық қиындықтарға тап болатын жағдайларда. Деректер жиынтығы тіркелген ажырасулар санын қамтиды, бұл некені бұзу мен кәсіпкерліктің пайда болуы арасындағы өзара байланысты талдауға мүмкіндік береді. Адам капиталы теориясы білім мен арнайы дағдылардың адамдардың инновациялық кәсіпорындар құру және оларды қолдау қабілетін арттыратынын негіздейді.

Жоғары білім деңгейі мен зерттеу қызметіндегі тәжірибесі бар әйелдердің білімге негізделген, масштабталатын кәсіпкерлікпен айналысу ықтималдығы жоғары. Деректер жиынтығында әйелдердің зерттеуші-мамандар арасындағы үлесі көрсетілген, бұл олардың STEM салаларында және инновацияға бағытталған бағыттарда өкілдігін сипаттайды. Ұлттық деңгейде зерттеуші мамандардың 52,4%-ын әйелдер құрайды, және олардың ғылыми-зерттеу қызметіне қатысу деңгейі жоғары болған сайын, технология, денсаулық сақтау және білім беру салаларында әйелдер басқаратын кәсіпорындардың үлесі де жоғары болатыны байқалады.

Альтернативті шығындар теориясы тұрақты және жоғары жалақы адамның кәсіпкерлікпен айналысуға деген ұмтылысын төмендететінін болжайды, өйткені жақсы ақы төленетін тұрақты жұмыс өзін-өзі жұмыспен қамту қажеттілігін азайтады [117].

Мемлекеттік секторда жұмыспен қамту деңгейі жоғары елдерде жоғары жалақы мен еңбекке орналастыруға қатысты жеңілдіктер кәсіпкерлікке ынтаны төмендетеді [118]. Деректер жиынтығы әйелдердің орташа айлық жалақысын қамтиды, бұл табыстың кәсіпкерлікке қатысуға әсерін талдауға мүмкіндік береді. Орташа есеппен алғанда, әйелдер айына 165 852 теңге табыс табады. Әсіресе, білім беру, денсаулық сақтау және мемлекеттік секторда жұмыс істейтін әйелдер тұрақты табысқа ие, бұл кәсіпкерлікпен айналысуға деген мотивацияны төмендететін фактор болып табылады.

Осы жоғарыда зерттелген теориялар негізінде келесі көпдеңгейлі, интеграциялық тәсіл ұсынылды. Бұл тәсіл әйелдердің кәсіпкерлік белсенділігіне әсер ететін факторларды төрт өзара байланысқан деңгейге біріктіреді:

1. Институционалдық-құрылымдық деңгей

Бұл деңгейде кәсіпкерліктің сыртқы ортасы қарастырылады: қаржылық қолжетімділік (қаржылық шектеулер теориясы), еңбек нарығындағы

мүмкіндіктер (мәжбүрлі кәсіпкерлік), мемлекеттік саясат және жалақы деңгейі (альтернативті шығындар теориясы). Бұл деңгейдің негізгі тұжырымы: институционалдық шектеулер күшейген сайын әйелдер кәсіпкерлігі “қажеттілікке негізделген” сипатқа ие болады.

2. Әлеуметтік-демографиялық деңгей

Бұл деңгей гендерлік нормалар мен отбасы институтының әсерін қамтиды: гендерлік рөлдер, неке және ажырасу, үй шаруашылығы міндеттері. Бұл деңгейдің негізгі тұжырымы: дәстүрлі әлеуметтік рөлдер әйелдердің кәсіпкерлікке қатысуын шектейді, ал әлеуметтік мәртебенің өзгеруі (мысалы, ажырасу) кәсіпкерлік белсенділікті ынталандырады.

3. Адами капитал және ресурстық деңгей

Бұл деңгей жеке әлеуетті сипаттайды: білім деңгейі, ғылыми-зерттеу қызметіне қатысу, кәсіби дағдылар. Бұл деңгейдің негізгі тұжырымы: адами капиталдың жоғары деңгейі әйелдер кәсіпкерлігін “инновациялық және масштабталатын” модельге трансформациялайды.

4. Технологиялық-цифрлық деңгей

Бұл деңгей қазіргі экономиканың драйверін көрсетеді: цифрлық инфрақұрылым, мобильді технологияларға қолжетімділік, e-commerce және онлайн қызметтер. Және де цифрлық технологиялар әйелдер үшін нарыққа кіру кедергілерін төмендетіп, кәсіпкерліктің жаңа формаларын қалыптастырады.

Ұсынылған тәсілдің ерекшелігі – гендерлік, экономикалық, институционалдық және технологиялық теорияларды жеке-жеке қарастырмай, оларды өзара тәуелді біртұтас жүйе ретінде негіздеуі, әйелдер кәсіпкерлігін қажеттілікке негізделген (жұмыссыздық пен қаржылық қысым ықпалынан туындайтын) және мүмкіндікке негізделген (білім, технология және ресурстарға сүйенетін) деп екі типке жіктеуі, сондай-ақ кәсіпкерлік белсенділікті неке, шектеу, ажырасу, кәсіпкерлікке көшу кезеңдері арқылы көрініс табатын динамикалық үдеріс ретінде түсіндіруімен сипатталады.

Ұсынылған интеграциялық тәсілге сәйкес, әйелдер кәсіпкерлігінің дамуы – бұл институционалдық жағдайлар, әлеуметтік нормалар, адами капитал және цифрлық мүмкіндіктердің өзара әрекеттесуінің нәтижесінде қалыптасатын көпфакторлы динамикалық процесс.

Келешектегі зерттеулер әйелдердің кредит, цифрлық технологиялар және жұмыс пен отбасы арасында теңгерімді қамтамасыз ету бастамаларына қолжетімділігін арттыруға бағытталған саяси шараларды зерттейді, осылайша Қазақстандағы инклюзивті кәсіпкерлік экожүйесін құруға ықпал етеді.

Әйелдер кәсіпкерлігі күрделі құбылыс болып табылады және екі жақты мәселеге тап болады. Бір жағынан, кәсіпкерлік – бұл әлеуметтік құбылыс; екінші жағынан, гендер – бұл әлеуметтік құрылым. Әйел кәсіпкерлер жөніндегі зерттеулерде жетістікке жетуіне қарамастан, олар әлі де өз гендерлес-бәсекелестерінен, әсіресе, зерттеу үшін қолданылатын модельдерден тәуелді.

Әйелдер кәсіпкерлігіне деген қызығушылық 1970-жылдары алғашқы зерттеулер жарияланғаннан бері арта түсті [119], ал 1990-жылдардың басында бұл қызығушылық айтарлықтай өсті. Бұл АҚШ-тың еңбек министрінің

әйелдердің жоғары жауапты лауазымдарға орналасуына кедергі келтіретін тосқауылдарға деген назарымен байланысты болды.

Шағын және орта әйелдер кәсіпкерлігін мемлекеттік қолдау келесі қаржыландыру тетігін қолдану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Мемлекет тарапынан шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдауға бөлінетін жалпы қаржы көлемінен жыл сайын әйелдер кәсіпкерлігін қаржыландыруға арналған белгілі бір сома (квота) белгіленеді. Бұл тәсіл Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігін қолдаудың негізі ретінде қарастырылады [120].

Дамушы елдерде әйелдер әрдайым отбасылық тұрақтылық пен экономикалық дамуда жетекші рөл атқарған. Алайда олар ұлттық деңгейде шешім қабылдауға аз қатысады, бұл мәдени және діни таптаурындардың салдары. Осындай таптаурындар мен мәдени стереотиптерге байланысты әйелдер көбіне тек ана және жұбай рөлінде қабылданып, олардың қызметі үй шаруасымен және бала туу-тәрбиелеу ісімен шектеледі. Бұл әйелдердің бастамашылдығын төмендетіп, дамушы қоғамдарда оларды ер адамдарға тәуелді етеді.

Дамыған және дамушы елдерде елдің экономикалық дамуы мен әйелдер кәсіпкерлігі арасындағы өзара байланысқа үлкен көңіл бөлінеді, әсіресе оның жұмыс орындарын ашу арқылы кедейлік пен теңсіздікті азайтуға қосатын үлесі мен ең бастысы – әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту тұрғысынан. Әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту туралы айтқанда, әйелдер кәсіпкерлігін айналып өту мүмкін емес, өйткені бұл екі ұғым бір-бірімен тығыз байланысты. Көптеген елдер үшін әйелдер кәсіпкерлігінің экономикалық дамуға қосып жатқан үлесі барған сайын маңызды бола түсуде.

Covid-19 пандемиясы туындатқан экономикалық және әлеуметтік дағдарыстар экономика мен менеджмент, дағдарысты басқару, адами ресурстарды басқару салаларындағы зерттеушілерді, ғалымдарды, мамандар мен сарапшыларды дағдарыс жағдайларына бейімделген жаңа стратегиялар мен тетіктерді енгізуге шақырды. Covid-19 іскер көшбасшылардың инвестициялық ойлауына елеулі әсер етті: олардың басым көпшілігі 2023 жылы инвестициялық жобаларды жоспарламаған.

Covid-19 пандемиясы әйелдер кәсіпкерлігіне айтарлықтай әсер етті. Мемлекет енгізген шаралар – физикалық қашықтық сақтау, базарлардың жабылуы, өңіраралық сапарларға тыйым салу – құрылыс, косметика немесе оқу орталықтары болсын, барлық кәсіп түрлеріне тарады. Қонақжайлылық пен туризм саласында жұмыс істейтін әйелдер ең көп зардап шекті, өйткені олардың қызметі қысқартылды немесе мүлде тоқтатылды.

Алайда, кейбір әйел менеджерлер мен кәсіпкерлер Facebook желісінде парақшалар, веб-сайттар немесе онлайн сату платформаларын құру арқылы электрондық коммерцияны енгізіп, өз бизнесін қашықтан жүргізуді жалғастыра алды. Әйелдер кәсіпкерлігі қазіргі экономикалық дағдарыстың шешімдерінің бірі бола алады.

Осы зерттеудің негізі – әйелдер кәсіпкерлігінің дамыған және дамушы елдердегі экономикалық өсімге әсері қандай дегенге әйелдер кәсіпкерлігін

экономикалық өсудің қозғаушы күші ретінде қарастыратын екі гипотеза ұсынылды. Бұл гипотезалар біздің талдауымыздың негізін құрайды:

– Әйелдер кәсіпкерлігінің әсері халықтың әл-ауқатын жақсартады және экономикалық өсуді жеделдетеді.

– Адами капитал деңгейі әйелдер кәсіпкерлігінің дамуына ықпал етеді.

Қорытындылай келе кәсіпкерлік – бұл тек экономикалық қызметтің ерекше түрі ғана емес, сонымен қатар өзіндік ойлау тәсілі, өмір салты мен мінез-құлық моделі.

Әйел – кәсіпкер де – бұл өзіндік ойлау стилі мен логикасы бар, үнемі өзгеріп, ізденіс үстінде жүретін тұлға. Кәсіпкерлердің экономикалық мінез-құлқы олардың тұтынушылармен, іскер серіктестермен, бәсекелестермен, мемлекетпен өзара әрекеттесу ерекшеліктерін, жалпы қызмет сипатын айқындайды. Бұл мінез-құлық нарықтық қатынастардың ерекшеліктерін және шешім қабылдауда дербес әрекет ететін шаруашылық субъектілері арасындағы байланыстарды өз бойына сіңірген.

Жүргізілген зерттеу қазіргі қоғамдағы әйел рөлінің қарқынды өзгеріп жатқанын көрсетті. Экономикалық қатынастардың жедел дамуы жағдайында әйелдер кәсіпкерлігінің маңыздылығы үнемі артып келеді.

Сондықтан кәсіпкерлік қызметпен айналысуға ұмтылатын әйелдерге қолдау көрсету – қазіргі заманның ең маңызды әрі жаһандық үрдістерінің бірі болып табылады. Бұл халықаралық құқықтың және кейбір шетелдік мемлекеттердің заңнамаларының тиісті нормаларынан да көрініс табады. Дүниежүзілік тәжірибеде әйелдер кәсіпкерлігін қолдаудың түрлі тетіктері кеңінен қолданылады.

1.4 Әйелдер кәсіпкерлігінің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін библиометриялық талдау

Соңғы жылдары ғалымдар мета-талдауға және әдебиетке сапалы жүйелі шолуға қосымша білім құрылымын талдауға библиометриялық тәсілді бейімдеді. Библиометриялық талдауды қолдану зерттеушілерге білім құрылымын картаға түсіруге және әртүрлі пәндер, басылымдар, ғалымдар, елдер мен мекемелер арасындағы байланысты қарастыруға мүмкіндік береді [121]. Бұл тәсіл VoSviewer бағдарламалық жасақтамасын библиометриялық талдау құралы ретінде қолданылды (1.6.20 нұсқасы). Бағдарламалық жасақтама екі негізгі себеп бойынша пайдалы. Ол, біріншіден, білім карталарын жасайды, екіншіден, библиографиялық мәліметтер базасына негізделген карталарды визуализациялайды және зерттейді [122].


WoS дерекқорында нақты және әрі жан-жақты іздеу жолы қолданылды. Іздеу жолдары әйелдер кәсіпкерлігіне, дамушы елдерге және басқа ұғымдарға да байланысты сөздер мен терминологияға қатысты барлық тиісті мақалаларды қамтыды. Wom*n ішіндегі «*» жұлдызша белгісі және іздеу жолағындағы басқа сөздер барлық сөздерді, соның ішінде «әйелдер» және «әйелдерді» деген сөздерді қамтиды (19-кесте). Іздеу WoS дерекқорындағы тақырып өрісін тақырыптағы, аннотациядағы және басқа кілт сөздердегі кілт сөздерге негізделген басылымдарды шығару үшін пайдаландым. WoS дерекқоры –

ғылыми ақпараттың дәлдігі мен толықтығын қамтамасыз ететін, қолжетімді ең сенімді библиографиялық жүйелердің бірі [123]. Сонымен қатар, WoS журналының дәйексөзі туралы есеп жетекші рецензияланған журналдардың зерттеу қызметін бағалаудың ең танымал көрсеткіші болып табылады. Зерттеулер сонымен қатар WoS-ты библиометриялық талдау үшін мәліметтер базасы ретінде пайдаланды [124-126].

Кесте 19 – WoS дерекқорында егжей-тегжейлі іздеу жолағы қолданылады

Жол	Негіздеме
'women's entrepreneurship*', OR 'women's business*', OR 'woman entrepreneur*'	Кәсіпкер әйелдер туралы әдебиеттерді анықтау
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [124, p. 102753; 125, p. 2-15; 126]	

Бастапқы іздеу нәтижесінде Web of Science Core Collection-дан таңдалған 8,917 басылым пайда болды. 1975-2024 жылдардағы мақаланың тек ашық қол жетімділігімен шектелгеннен кейін, соңғы тізім Web of Science Core Collection нәтижелерінің 2,571 - құрады. 6-суретте 2000-2024 жылдардағы дамушы елдердегі әйелдер кәсіпкерлігі туралы жарияланымдар саны және талдау нәтижелері көрсетілген. Бұл тақырып өзекті және алдағы жылдары белсенді талқыланады деп күтілуде, өйткені дамушы елдерде халық тығыз орналасқан, бұл жұмыссыздық және жұмыспен қамту кепілдігі сияқты маңызды мәселелерге әкеледі.



Сурет 6 – негізгі жинақтан таңдалған жарияланымдардың нәтижелерінің динамикасы Web of Science, 2000-2024 жылдарға арналған басылым жылы

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [126]

20-кестеде 2000-2024 жылдар аралығындағы жарияланымдар саны көрсетілген. Әр жылға жеке есептелген жазбалар саны және олардың жалпы 2 563 жарияланым ішіндегі пайыздық үлесі берілген.


Кесте 20 – Жылдар кесіндісіндегі жарияланымдар саны және пайыздық үлесі

Жарияланған жылдары	Жазбалар саны	% из 2 563
2024	468	18.260

20-кестенің жалғасы

1	2	3
2023	431	16.816
2022	417	16.270
2021	368	14.358
2020	264	10.300
2019	128	4.994
2018	97	3.785
2017	81	3.160
2016	66	2.575
2014	51	1.990
2015	49	1.912
2013	33	1.288
2012	29	1.131
2009	17	0.663
2011	13	0.507
2008	9	0.351
2007	8	0.312
2010	7	0.273
2004	6	0.234
2005	5	0.195
2006	5	0.195
2002	4	0.156
2001	3	0.117
2003	3	0.117
2000	1	0.039
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [126]		

7-сурет жұмыс санының артуын, сондай-ақ зерттеу тақырыбына қызығушылықтың - әсіресе соңғы жылдары күрт өсу қарқынымен сипатталатын әйелдер кәсіпкерлігінің дамуының артуын растайды.



Сурет 7 – Әйелдер кәсіпкерлігі бойынша зерттеулердің Web of Science санаттары бойынша бөлінісі

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [126]

7-суретте, талдау нәтижелері әйелдер кәсіпкерлігі бойынша қолданыстағы зерттеулердің пәнаралық сипатын, яғни Web of Science дерекқорының әртүрлі санаттарындағы жұмыстардың ұсынуылуын көрсетеді. Барлығы «Business/Бизнес» (618 жарияланым немесе барлық жарияланған жұмыстардың 24,1%), «Economics/Экономика» (354 жарияланым немесе 13,8%) жарияланды.

Кесте 21 – Web of Science деректері жарияланымдардың пәндік санаттар бойынша үлесі

Web of Science санаттары	Жазбалар саны	% из 2 563
Agriculture Multidisciplinary	28	1.092
Area Studies	39	1.522
Business	618	24.112
Business Finance	51	1.990
Communication	40	1.561
Development Studies	107	4.175
Economics	354	13.812
Education Educational Research	87	3.394
Environmental Sciences	166	6.477
Environmental Studies	183	7.140
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [126]		


21-кестеде 2 563 жарияланымның түрлі пәндік санаттарға бөлінуі көрсетілген. Негізгі үлес *Business*, *Economics*, сондай-ақ *Environmental Studies* және *Environmental Sciences* санаттарына тиесілі. Қалған бағыттардағы жарияланымдар саны аз болғанымен, зерттеулердің тақырыптық ауқымының кең екенін сипаттайды.

Web of Science ғылымиметриялық дерекқорындағы әйелдер кәсіпкерлігін зерттеудің географиялық қамтуы 8, 9-суреттерде көрсетілгендей, дамыған елдерде бұл мәселеге қызығушылықтың шоғырлануын анықтайды: бірінші кезекте Англия (404 мақала немесе 16,1%), екінші орында АҚШ-та (375 мақала немесе барлық басылымдардың 15%), Испания (256 басылым немесе 10,2%), бұл ретте соңғы уақытта дамушы елдерде де осы пәндік салаға қызығушылық артып келеді.



Сурет 8 – Web of Science ғылымметриялық дерекқорындағы әйелдер кәсіпкерлігін зерттеуді географиялық қамтылуы

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [126]



Сурет 9 – Уақыт пен негізгі факторларды ескере отырып, Web of Science ғылымметриялық деректер базасында әйелдер кәсіпкерлігін зерттеулердің географиялық қамтылуы

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [126]

Зерттеудің негізгі маңызды кезеңі әйелдер кәсіпкерлігін қолданыстағы зерттеулерде қолданылатын кілт сөздер негізінде тақырыптық кластердің ғылыми картасын құру, талданатын терминдер мен олардың генезисі арасындағы байланыстар шеңберін анықтау болды. Vosviewer бағдарламалық жасақтамасының көмегімен терминологиялық картаға түсіру мақсатында Co-occurrence әдісі қолданылды: Author Keywords, оның негізінде Web of Science дерекқорындағы әйелдер кәсіпкерлігі туралы ағымдағы жарияланымдағы кілт сөздерден тұратын терминологиялық массив талданды. Осы талдау және анықталған кілт сөздерді қолдану қарқындылығын бағалау негізінде іріктемеде кемінде 5 рет кездесетін терминдерден тұратын мамандандырылған тезаурус құрылды, ұқсас терминдер қателерді жоюмен біріктірілді. Осылайша,


семантикалық жақындығы, өзектілігі және бөлісу қарқындылығы бойынша 4 тақырыптық кластерге топтастырылған 15 кілт сөзден тұратын арнайы тезаурус құрылды (22-кесте).

Кесте 22 – Әйелдер кәсіпкерлігінің зерттеу саласындағы барынша кең таралған сөздердің тезаурусы

Кілт сөздер	Жарияланымдар саны	Байланыстар саны
Entrepreneurship	92	153
Women	53	95
Women entrepreneurs	45	55
Women's entrepreneurship	58	54
Female entrepreneurship	37	44
Women entrepreneurship	47	44
Covid-19	19	37
entrepreneurs	12	32
Women empowerment	18	24
innovation	10	21
Women's empowerment	18	21
india	11	20
smes	8	20
Social capital	7	19
Gender equality	8	18
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [126]		

Әйелдер кәсіпкерлігін зерттеудің ұсынылған ғылыми кластерлік картасында тақырыптық кластерлер әртүрлі түстермен ұсынылған (10-сурет) және әрбір кілт сөздің жапсырма өлшемі (түйін және қаріп өлшемдері) оның басқа кілт сөздермен байланысының күші мен жиілігін көрсетеді, ал ұғымдар арасындағы сызықтар олардың байланыстары мен ортақ пайдаланылуын көрсетеді.


Таңдалған 486 басылымда ең көп таралған 15 кілт сөз бойынша мазмұнды бөлу 4 тұжырымдамалық кластерді бөлуге мүмкіндік берді: «Кәсіпкерлік» (сары кластер), «Әйелдер» (көк кластер), «Кәсіпкер әйелдер» (қызыл кластер), «Әйелдер кәсіпкерлігі» (күлгін кластер). Жоғарыда келтірілген кластерлерді бөлу шартты екенін ескеру маңызды, өйткені олардағы кластерлер мен кілт сөздер бір-бірімен тығыз байланысты.



Сурет 10 – Web of Science ғылымиметриялық деректер базасындағы әйелдер кәсіпкерлігін зерттеудің тақырыптық кластерлерінің библиометриялық ғылыми картасы

Ескерту – Автормен құрастырылған [126]

Ұсынылған кластер картасы кілт сөздер арасындағы байланыстардың көптігіне байланысты айтарлықтай тығыздыққа ие және оларды әртүрлі зерттеулерде бөлісудің жоғары деңгейін көрсетеді. Әрі қарай, әйелдер кәсіпкерлігі бойынша талданған зерттеулерде олардың даму дәрежесі бойынша уақыт кезеңдерінде кілт сөздердің таралуы зерттеледі (11-сурет). Күлгін және көкке неғұрлым жақын болса, зерттеу соғұрлым "үлкен" болады; жасыл және сарыға неғұрлым жақын болса, соғұрлым заманауи болады.




Сурет 11 – Web of Science ғылымиметриялық мәліметтер базасында әйелдер кәсіпкерлігін зерттеуде уақыт бойынша кілт сөздерді бөлу

Ескерту – Автормен құрастырылған [126]

Алынған нәтижелерден соңғы жылдары әйелдер кәсіпкерлігін зерттеуге деген ғылыми қызығушылық әйелдерді еңбек нарығына белсенді тарту мәселесінен еңбек пен кәсіпкерлікке көшу мәселелеріне ауысқаны байқалды.

Әйелдер кәсіпкерлігін зерттеуде «шиеленіс аймақтар», яғни жарияланған мақалалардың едәуір саны бар ең өзекті тұжырымдамалар (12-сурет) анықталды. Қаныққан сары түспен ұсынылған ғылымиметриялық картаның мұндай салаларында ең көп ғылыми жарияланымдар бар және «кәсіпкерлік», «әйелдер кәсіпкерлігі» және олар «әйелдер кәсіпкерлері» сияқты ұғымдармен байланысты.



Сурет 12 – Web of Science ғылымиметриялық дерекқорындағы әйелдер кәсіпкерлігін зерттеудің өзекті тақырыптары

Ескерту – Автормен құрастырылған [126]

Осылайша, Web of Science ғылымиметриялық базасына негізделген әйелдер кәсіпкерлігі мәселелері бойынша жарияланған зерттеулердің библиометриялық талдауы тақырып бойынша жарияланған ғылыми жұмыстардың тиісті таңдауын жасауға, 2000 жылдан 2024 жылға дейін Web of Science базасында әйелдер кәсіпкерлігі бойынша жарияланымдардың қарқынын анықтауға, зерттелетін терминдер мен олардың генезисі арасындағы байланыстардың ауқымын анықтауға, қолданылатын кілт сөздерді анықтауға, әйелдер кәсіпкерлігі бойынша қолданыстағы зерттеулерде кластерлер құру, зерттеудің осы саласындағы аса маңызды ғылыми трендтер мен бағыттарды, сондай-ақ «Кәсіпкерлік», «Әйелдер кәсіпкерлігі», «Әйелдер», «Кәсіпкер әйелдер» 4 зерттеу кластері шеңберінде ғылыми қызығушылықтың шоғырлануын анықтауға мүмкіндік берді.

Әлемдік статистика да осы аспектіні көрсетеді. Жылдар өткен сайын кәсіпкерлік қызметті дамытқан немесе бастаған әйелдер санының айтарлықтай өсуі байқалса да, ерлер мен әйелдер арасындағы гендерлік айырмашылықтарды толығымен жабу үшін кем дегенде тағы 108 жыл және жұмыс орнында екі жыныс арасындағы теңдікке қол жеткізу үшін 202 жыл қажет болады. Мұны дүниежүзілік экономикалық форум жариялаған 2018 жылғы жаһандық

гендерлік алшақтық туралы есеп растайды [127] бұл төрт көрсеткішті ескере отырып: экономикалық мүмкіндіктер, саяси өсу, оқыту, денсаулық және өмір сүру 2018 жылы 68% алшақтықты көрсетті. Жалақы алшақтығы шамамен 51% құрайды, ал 2018 жылы әйелдер басшылық лауазымдарда небәрі 34% болды. 2020 жылы да дәл осылай айтуға болады (Жаһандық гендерлік алшақтық 68,6% құрайды) [128].

Осылайша, талдау көрсеткендей, бұл соңғы 20 жылдағы мақалалардың салыстырмалы түрде қарқынды дамуымен сипатталатын көптеген жылдар бойы ғалымдардың тұрақты қызығушылығын көрсететін өзекті зерттеу бағыты.

Сонымен қатар, бұл негізінен бизнес пен менеджмент саласына, сондай-ақ әлеуметтік және гендерлік зерттеулерге, экономикаға, саясаттануға, технологияларға және инновацияларға әсер ететін пәнаралық сипатты көрсететін зерттеу саласы.

Таза әдіснамалық тұрғыдан алғанда, әртараптандырылған, сандық, сапалық немесе аралас тәсілдерді қолдану кәсіпкерліктегі әйелдер мәселесін тереңдету үшін маңызды болуы мүмкін әртүрлі ерекшеліктерді талдауға үлкен мүмкіндік береді. Сол сияқты, үлкен деректер массивтерінің қол жетімділігінің артуы бізге кәсіпкер әйелдердің әртүрлі топтары арасындағы ықтимал кемшіліктерді түсінуге мүмкіндік береді [129].

Библиометриялық талдау нәтижелері көрсеткендей, әйелдер кәсіпкерлігі тақырыбы негізінен гендерлік теңдік, еңбек нарығы, әлеуметтік капитал, қаржылық қолжетімділік сияқты түйінді ұғымдармен тығыз байланысты. Алайда, халықаралық ғылыми мақалалар арасында ТМД елдерінің, әсіресе Қазақстан ғалымдарының жарияланымдары сирек кездеседі. Осы олқылықты толтыру мақсатында зерттеу қазақстандық ғалымдардың еңбектерін жүйелі түрде талдап, олардың ғылыми үлесін библиографиялық тұрғыдан негізделді. Мәселен, Сәбден О. және Кенжегузин М.Б. әйелдер кәсіпкерлігінің институционалдық негіздері мен экономикалық әлеуетін сипаттаған, бұл еңбектер Қазақстандағы кәсіпкерліктің гендерлік аспектілерін түсінуге теориялық негіз береді. Шеденова Н.У. әлеуметтік құрылымдағы әйелдердің рөлін зерттей отырып, кәсіпкерлікке гендерлік бейімделудің әлеуметтік факторларын ашып көрсетті. Есентаева Г.Ж. мен Мухамедиев Б.М. еңбектерінде өңірлік айырмашылықтар, әйелдердің нарыққа бейімделу стратегиялары және қолжетімді қаржылық ресурстардың шектеулері нақты эмпирикалық деректермен дәлелденген. Бұл авторлардың жұмыстары ғылыми қауымдастық үшін қолданбалы ұсыныстарға бай болып, елдік саясатты жетілдіруге сеп болады.

Библиометриялық деректер мен отандық зерттеулерді салыстыра отырып, Қазақстандағы ғылыми мектептердің халықаралық ғылыми кеңістікпен ықпалдасу деңгейін анықтады. Бұл жұмыс – отандық ғалымдардың ғылыми өнімдерін халықаралық трендтермен салыстыра отырып, библиографиялық картасын құру арқылы бағалау тәжірибесінің бірегей үлгісі болып табылады.

Жалпы, библиометриялық талдау нәтижелері бойынша, сондай-ақ 2000-2024 жылдар аралығындағы басылымдарды талдауға жүйелі көзқарас негізінде әйел кәсіпкерлердің экономикадағы серпінді рөлі расталады, олардың

экономикалық жүйенің тұрақтылығына және әлемдегі әлеуметтік-экономикалық дамуға қосқан маңызды үлесі атап өтіледі. Әдебиеттерді кең көлемде шолу барысында біз тек жетістіктерге ғана емес, сонымен қатар осы әйелдердің алдында тұрған жүйелік мәселелерге, соның ішінде гендерлік алалаушылық пен ресурстардың шектеулілігіне назар аудардық. Ғылыми қызығушылықтың айтарлықтай өсуі, жарияланымдар, дәйексөздер мен авторлар санының артуы академиялық қоғамдастықта осы саланың маңыздылығын көрсетеді. Дегенмен, халықаралық ынтымақтастықтың жеткіліксіз ұсынылуы бар білім олқылықтарын толтыра алатын және әртүрлі көзқарастарды біріктіре алатын жаһандық білім алмасу мен серіктестікті кеңейту мүмкіндігін көрсетеді.

Талдаудың нәтижелері кәсіпкерлік қызметтегі гендерлік алшақтықты және әйелдердің терең қалыптасқан әлеуметтік нормалар мен құрылымдық теңсіздіктерге байланысты кездесетін бірегей қиындықтарын көрсетеді. Дегенмен, зерттеу сонымен қатар әйелдердің бизнестегі тұрақтылығы мен инновациялық әлеуетіне үлкен маңыз береді, бұл олардың сектордың тұрақтылығына және кеңірек әлеуметтік-экономикалық ландшафтқа елеулі үлес қосу үшін осы кедергілерді қалай жеңетінін көрсетеді.

Бірлескен дәйексөзді талдау бизнестегі әйелдер кәсіпкерлігінің әртүрлі аспектілеріне бағытталған жеке кластерлермен, әсіресе дамыған және дамушы елдердегі зерттеулерді салыстыру кезінде ғылыми жұмыстардың күшті желісін анықтады. Осы екі контекстті салыстыру жүйелік шектеулерге тап болған әйел кәсіпкерлер арасындағы тұрақтылық пен бейімделудің ортақ бағытын көрсетеді, дегенмен олардың шектеулері мен күресу стратегияларының сипаты айтарлықтай өзгереді. Дамушы елдерде әйелдердің рөлі көбінесе олардың үйдегі міндеттерінің жалғасы ретінде қарастырылады. Әйелдердің осы аймақтардағы кәсіпкерлік қызметке қатысуы жоғары болғанымен, олардың кәсіпкерлік қызметі көбінесе мүмкіндіктерге емес, қажеттілікке байланысты, бұл кедейлік пен шектеулі жұмысқа орналасу мүмкіндіктеріне жауап болып табылады. Қажеттілікке негізделген бұл кәсіпкерлік күнкөріс үшін өте маңызды, бірақ көбінесе тұрақты, өсуге бағытталған бизнеске айналу үшін қажетті қолдау мен тану жетіспейді. Керісінше, дамыған елдерде әйелдер дәстүрлі гендерлік рөлдермен және стереотиптермен жиі күреседі. Библиографиялық байланыстарды талдау әйелдер кәсіпкерлігі саласындағы зерттеулердің ағымдағы тенденциялары мен болашақ басымдықтарын анықтады. Жаңа тақырыптарға гендерлік динамиканың өзгертін рөлі, ресурстарға қол жеткізу мәселелері, әлеуметтік күтулердің әсері, білім берудің маңыздылығы, инновацияларды енгізу және гендерлік және әлеуметтік-экономикалық факторлардың қиылысы кіреді.

Осылайша, зерттеушілер әйелдер кәсіпкерлігі өте алуан түрлі және нюанстарға бай екенін мойындайды, сондықтан зерттеушілер бұл күрделілікке және сонымен бірге күшке ұмтылуы керек. Әйел кәсіпкерлер біртекті топ емес, сондықтан біз кәсіпкерлік әдебиеттерде сирек кездесетін гендерлік сәйкестікті мойындауымыз керек.

1.5 Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігін институционалдық қамтамасыз ету

Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігін нормативтік реттеу негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы құрайды. Онда азаматтардың жынысына қарамастан құқықтары мен бостандықтарының теңдігі принципі бекітілген (14-бап) [130]. Осы принциптің негізінде әйелдерді экономика саласында қолдауға бағытталған арнайы заңдар мен бағдарламалар әзірленіп, қабылданған. Қазақстан Республикасында әйелдер кәсіпкерлігін институционалдық тұрғыдан қамтамасыз етудің бір бағыты – кәсіпкерлік қызметті және әйелдердің бұл үдеріске қатысу шарттарын нормативтік-құқықтық реттеу болып табылады.

Кәсіпкерлік қызметтің құқықтық негіздерін қалыптастыру Қазақстанда қайта құру кезеңінде басталған еді. Осы үдерістің негізін қалаған алғашқы нормативтік құжаттардың қатарына 1986 жылғы 19 қарашадағы КСРО-ның «Жеке еңбек қызметі туралы» заңы [131] және 1988 жылғы 26 мамырдағы «КСРО-дағы кооперация туралы» заңы жатады [132]. Аталған құқықтық актілер азаматтар мен ұйымдардың табыс табуға бағытталған қызметпен айналысу құқығын алғаш рет ресми түрде мойындады. 1990 жылғы 11 желтоқсанда қабылданған Қазақ КСР-інің «Қазақ КСР-інде шаруашылық қызмет еркіндігі және кәсіпкерлікті дамыту туралы» Заңы арқылы құқықтық түрде бекітілді [133].

Аталған қағидат егемен мемлекет ретінде Қазақстан Республикасында қабылданған бірқатар нормативтік-құқықтық актілерде өз жалғасын тапты.

Тәуелсіздікке қол жеткізу азаматтар мен заңды тұлғалардың табыс табуға бағытталған бастамашылық қызметін реттейтін ұлттық құқықтық базаны қалыптастыруға бағытталған бірқатар шараларды қабылдауды талап етті. Егемендіктің алғашқы жылдары кәсіпкерлік саласында ауқымды нормативтік-құқықтық актілердің қабылдануымен сипатталады. Атап айтқанда, сол кезеңде Қазақстан Республикасының «Шаруашылық серіктестіктер мен акционерлік қоғамдар туралы» (21.06.1991 ж.), «Қазақстан Республикасындағы концессиялар туралы» (23.12.1991 ж.), «Қазақстан Республикасындағы салық жүйесі туралы» (25.12.1991 ж.) және басқа да заңдары қабылданды. Бұл актілер кәсіпкерлік құқықтың негізін қалаушы заңнамалық негіздердің қалыптасуына жол ашты. Сол кезеңнің маңызды нормативтік актілерінің бірі – кәсіпкерлікті қорғау және қолдау нысандарын айқындаған Қазақстан Республикасының «Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы» 1992 жылғы 4 шілдедегі №1543-ХІІ Заңы Қазақстан Республикасы 04 маусымда 1992 жылы №1543-ХІІ болып табылады [134].

Кәсіпкерлік қызмет саласындағы ұлттық заңнаманы қалыптастырудың бастапқы кезеңі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің қабылдануымен аяқталды. Бұл кодификацияланған акт елдегі жеке құқықтық қатынастарды құқықтық реттеудің негізгі шарттарын бекітті.

Қазақстанда шағын кәсіпкерлікті дамытудағы маңызды кезеңдердің бірі оның қолдау мен дамуына арналған Мемлекеттік бағдарламалардың

қабылдануы болды, олар алғашында 1992-1994 жылдарға арналған, кейін 1994-1996 жылдарға дейін ұзартылды [135].

Қазақстанда кәсіпкерлік қызметтің нормативтік-құқықтық базасын дамыту 1997 жылғы 19 маусымдағы №131-І Қазақстан Республикасының «Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы» [136] және дәл сол күні қабылданған №135-І «Жеке кәсіпкерлік туралы» [137] заңдарын қабылдаумен одан әрі жалғасын тапты. Аталған нормативтік актілер арқылы Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамытуға басымдық беру, шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың кешенділігі, шағын кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымының қолжетімділігі және шағын кәсіпкерліктің барлық субъектілері үшін жүзеге асырылатын шаралар, сондай-ақ шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту саласындағы халықаралық ынтымақтастық принциптері бекітілді. «Жеке кәсіпкерлік туралы» заң жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін институционалдық-құқықтық негіздерді қалыптастыруға бағытталған.

Қазақстанның кәсіпкерлік заңнамасы 2006 жылғы 31 қаңтарда қабылданған «Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен [138] өз дамуын жалғастырды, ол кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруды реттейтін негізгі құқықтық ережелерді біртұтас нормативтік құжатта біріктірді.

Ұлттық кәсіпкерлік заңнамасын қалыптастыру процесі үнемі жалғасатын болса да, оның белсенді кезеңі 2015 жылы бекітілген кәсіпкерлік кодексінің қабылдануымен тұспа тұс келді [139].

Айта кету керек, жоғарыда аталған нормативтік актілердің ешқайсысы әйелдер кәсіпкерлігін жүзеге асыру үшін арнайы шарттар енгізген жоқ. Әйелдердің кәсіпкерлігі жалпы тәртіппен, ер адамдармен тең деңгейде реттелді. Дегенмен, қоғамдағы "шығыс менталитеті" мен әлеуметтік-мәдени кедергілерді ескере отырып, әйелдер кәсіпкерлігінің дамуына жиі кедергі болған факторлар білім мен ақпараттың жетіспеушілігі, еркектермен бәсекелестікке дайын болмау, гендерлік стереотиптер, отбасылық жүктеме және жұмыссыздық мәселелері болды. Осы орайда, ол проблемаларды барынша азайту үшін шешімдер қабылдау қажет болды. Әйелдер кәсіпкерлігін қолдау үшін институционалдық жағдайлар арнайы гендерлік нормативтік актілерді, концепцияларды, стратегияларды әзірлеу және арнайы мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру арқылы қалыптастырылды.

Әйелдер кәсіпкерлігіне қызығушылық бірнеше факторлармен түсіндіріледі:

Біріншіден, әйелдер кәсіпкерлігінің өсуі – әлемдік заманауи үрдіс.

Екіншіден, кәсіпкерлік қоғамдастықтың әйелдермен толықтырылуы жұмыс орындарының санын айтарлықтай арттырады.

Үшіншіден, әйелдер кәсіпкерлігінің дамуы әйелдердің қаржылық тәуелсіздігіне қол жеткізуіне, олардың құқықтарын нығайтуға және еркіндіктерін кеңейтуге ықпал етеді.

Сонымен қатар, сарапшылардың бағалауы бойынша, «әйелдердің экономикалық қатысуы ерлермен тең дәрежеде жүзеге асырылған жағдайда,

2025 жылы әлемдік ЖІӨ жыл сайын 28 триллион АҚШ долларына (26%-ға) артуы мүмкін» [140].

Осылайша, әйелдер кәсіпкерлігін дамыту және оның жүзеге асырылуы үшін тиімді институционалдық негіз қалыптастыру – елдің экономикалық мүдделеріне тікелей әсер ететін өзекті міндет.

Қазақстанда гендерлік теңдікті қамтамасыз ету саласындағы құқықтық негіздер 1995 жылдан бастап, яғни Қазақстанның Пекин декларациясына қосылуынан бері жүзеге асырылуда. 1997 жылғы 5 наурызда Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығымен әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі мемлекеттік саясаттың тұжырымдамасы қабылданды [141]. Бұл тұжырымдама Қазақстан Республикасындағы әйелдер статусының негізгі ерекшеліктерін бекітті, әйелдердің мемлекеттік және қоғамдық қызметке қатысу шарттары, еңбек нарығында тең құқықтар кепілдіктері, әйелдер денсаулығын қорғау мәселелері және жеке өмірде әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық мәселесі қарастырылды.

Тұжырымдаманың басым міндеттерінің қатарында Қазақстан заңнамасын сараптау, Қазақстан Республикасының әйелдер құқықтары туралы заңнамасының Конституцияға сәйкестігін қамтамасыз ету жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу, БҰҰ-ның әйелдерге қатысты барлық нысандардағы кемсітушілікті жою туралы Конвенциясының сақталуын бақылау механизмін талдау және Қазақстан заңнамасы мен әйелдердің құқықтары туралы халықаралық құқықтық актілердің сәйкестігін зерттеу қажет болған. Дегенмен, осы тұжырымдамада әйелдер кәсіпкерлігін дамыту мен қолдауға қатысты аспектілер ескерілмеген.

1998 жылдың 29 шілдесінде Қазақстан Республикасының әйелдерге қатысты барлық нысандардағы кемсітушілікті жою туралы Конвенцияны ратификациялауы, Қазақстандағы әйелдерге қолдау көрсету үшін институционалдық жағдайларды қалыптастырудың негізіне айналды. Кейінгі жылдары Қазақстан Республикасының Үкіметі әйелдер кәсіпкерлігін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған бірқатар тапсырмаларды іске асырды. Мысалы, 1998 жылдың желтоқсанында әйелдер арасында кәсіпкерлік белсенділікті әлеуметтік қолдау және ынталандыру мақсатында Үкіметтің қаулысымен Қазақстан Республикасының Шағын бизнесті қолдау агенттігіне 1999-2000 жылдарға арналған шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау бойынша мемлекеттік бағдарламаны әзірлеу барысында әйелдердің басым қатысуымен бизнес құрылымдарын ұйымдастыру мен қолдауға арналған арнайы бөлім енгізу тапсырылды [142]. Екінші деңгейлі банктерге әйелдер қатысатын кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыру бойынша өздерінің бағдарламаларын әзірлеп, қажетті кеңес беру қызметтерін көрсету тапсырылды.

Сонымен қатар, Үкімет Агенттікті әйелдер қатысатын кәсіпкерліктің дамуы туралы тоқсан сайын ақпарат беруге міндеттеді. Осылайша, 1995 жылдан басталған гендерлік қозғалыс нәтижесінде мемлекетте әйелдер кәсіпкерлігіне назар аударыла бастады.

1998 жылдың желтоқсанында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Әйелдер және отбасы-демографиялық саясат мәселелері

жөніндегі Ұлттық комиссия құрылды, өңірлерде сәйкес келетін консультативтік және кеңесші органдар ұйымдастырылды, олардың негізгі міндеттері мыналар болып табылды:

- отбасына, әйелдер мен балаларға қатысты мәселелер бойынша басымдықтарды қалыптастыру және «Қазақстан-2030» стратегиясына негізделген мемлекеттік бағдарламаларға ұсыныстар енгізу;

- отбасы, әйелдер мен балаларды экономикалық, әлеуметтік, психологиялық, құқықтық қолдауды қамтамасыз ету бойынша кешенді шаралар жүзесін әзірлеу және олардың жүзеге асырылуына қолдау көрсету;

- ана мен баланы қорғау, отбасының экономикалық және әлеуметтік тұрмыс жағдайы, халықтың денсаулығы саласындағы ахуалды талдау;

- қоғамдағы әйелдердің жағдайы, олардың саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени деңгейі туралы ақпараттық базаны қалыптастыру;

- әйелдердің мемлекеттік басқару органдарында өкілдігін кеңейту;

- халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық, отбасы, әйелдер мен балалардың жағдайы мәселелері бойынша халықаралық деңгейде өткізілетін конференциялар, кеңестер, семинарларға қатысу және т.б.

Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету бағытындағы алдағы қадамдар Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Отбасы және әйелдер мәселелері бойынша ұлттық комиссиясы мен мүдделі мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктер мен халықаралық ұйымдардың қатысуымен әзірленген Ұлттық іс-шаралар жоспарын бекіту арқылы жүзеге асты [143]. Бұл жоспардың стратегиялық мақсаты ретінде әйелдердің қоғамдық-саяси өмірдегі белсенділігін арттыру және олардың жағдайын жақсарту үшін тиімді механизмдерді әзірлеу мен жағдайлар жасау көзделді.

Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту үшін жағдай жасауға байланысты іс-шаралар ретінде осы жоспарда келесідей шаралар қарастырылған:

- гендерлік стереотиптерді жоюға бағытталған гендерлік білім беру;

- әйелдердің экономикалық, құқықтық және кәсіби сауаттылығын арттыру мақсатында тренинг орталықтарын құру;

- жұмыссыз әйелдерді нарықтық экономикада қажетті дағдылар мен білімдерге үйрету, оның ішінде компьютерлік білім мен жаңа технологияларға қол жеткізу арқылы өз-өзін жұмыспен қамтуды арттыру.

Сонымен қатар, Ұлттық әйелдер жағдайын жақсарту жоспарында әйелдердің экономикалық жағдайы мәселелеріне арналған арнайы бөлім (Е бөлім) бар.

Осы бөлімде әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға тікелей әсер ететін мақсаттар мен міндеттерді атап көрсетуге болады:

- әйелдерге жер және қаржылық ресурстарға тең қол жеткізуді жеделдету, бұл әйелдерге жер үлестерін қайта тіркеу, ауыл шаруашылығы өндірісі мен кәсіпкерлікті ұйымдастыру үшін жер учаскелерін алу мәселелерінде қолдау көрсету арқылы көрініс табады;

- 1999-2000 жылдарға арналған мемлекеттік шағын кәсіпкерлікті дамыту және қолдау бағдарламасы аясында әйелдер кәсіпкерлігін дамыту бағдарламасын әзірлеу;

- микроқаржыландыру механизмдерін жеңілдету;
- әйелдер мен олардың отбасы мүшелерінің кәсіпкерлік қызметте өзін-өзі жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, халықаралық әйелдер банкі мен басқа халықаралық ұйымдардан шағын бизнесті дамытуға, филиалдарын Қазақстанда ашуға қаржылық және техникалық көмек алу мәселелерінде қолдау көрсету.

Осы орайда, жоспарға әйелдер құқықтарын ілгерілету үшін жалпы институционалдық механизмдер де енгізілген. Олардың ішінде:

- отбасын және әйелдердің жағдайын реттейтін заңнаманы жаңарту және дамыту;

- мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатына гендерлік тәсілді интеграциялау;

- әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін ілгерілетуге жауапты ұлттық институттарды күшейту және дамыту.

Осылайша, Қазақстандағы әйелдерді қолдауға бағытталған Ұлттық іс-қимыл жоспарында әйелдер кәсіпкерлігін дамыту үшін институционалдық жағдайлар жасау мәселелері қарастырылып, нақты бекітілген. Бұл ретте әйелдердің кәсіпкерлік білім алуы мен гендерлік стереотиптердің алдын алу бағытында үлкен көңіл бөлінді. Сонымен қатар, нақты қолдау ретінде құжатта әйелдердің кәсіп бастауына мүмкіндік беретін ресурстық базаларға қолжетімділік тосқауылдарын төмендету қарастырылған.

1999 жылдың 3 желтоқсанында Үкіметтің отырысында алғаш рет әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық түрін жою туралы Конвенцияның орындалуы жөнінде баяндама тыңдалды [144]. Бұл баяндамада тікелей әйелдер кәсіпкерлігімен байланысты мәселелер қарастырылмаған. Дегенмен, онда оның дамуына арналған негізгі институционалдық жағдайларды жасау туралы айтылған, мысалы, әйелдер еңбегінің жағдайы, әйелдердің құқықтарын сақтау және басқа да мәселелер. Сонымен қатар, есепте Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссияның атқарған жұмыстарының негізгі жетістіктері мен нәтижелері белгіленген, олардың қатарында Қазақстандағы әйелдердің жағдайын жақсартуға арналған Ұлттық іс-қимыл жоспарын әзірлеу, «Тұрмысқа шыққан әйелдің азаматтығы туралы конвенциясын», «Әйелдердің саяси құқықтары туралы конвенциясын» және «Еуразия елдері әйелдер ынтымақтастығы тобының құрылуы туралы хаттаманы» ратификациялауға дайындық жұмыстары да аталған.

Кейіннен осындай есептер 2004 жылдың 9 желтоқсанында [145], 2011 жылдың 15 қыркүйегінде [146], 2018 жылдың 28 ақпанында [147], 2023 жылдың 3 қазанында [148] ұсынылды. Бұл есептер арқылы әйелдер кәсіпкерлігін дамыту үшін базалық институционалдық жағдайларды құрудағы өзгерістер айқын көрінеді.

2004 жылғы есепте кәсіпкерліктің жоғары деңгейде дамуы, инвестициялық ахуалдың жақсаруы, ішкі сұраныстың өсуі атап өтілді. Макроэкономикалық тұрақтану мен қаржы жүйесінің дамуы коммерциялық банктердің несие ресурстарын ұзақ мерзімді инвестицияларға көбейтті, бұл өз кезегінде кәсіпорындардың техникалық жаңартылуына, жаңа бәсекеге қабілетті

өндірістердің құрылуына бағытталды. Олардың өсуінде тұрақты динамика байқалды. Несие көлемінің ең үлкен бөлігі өнеркәсіп, сауда және ауыл шаруашылығында шоғырланды. Экономикадағы өсу әлеуметтік қажеттіліктерге жұмсалатын шығыстарды арттырды, бұл өз кезегінде әйелдердің құқықтарын толығымен жүзеге асыруға белгілі бір дәрежеде ықпал етті.

2001-2003 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму индикативтік жоспарына алғаш рет Қазақстан тарихында «Әйелдердің даму процесіне қатысуы» атты арнайы бөлім енгізілді. Бұл көрсеткіштер Қазақстанның 2010 жылға дейінгі даму стратегиясына да қосылды. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша, IV Қазақстан әйелдері форумы аясында 2005-2014 жылдар аралығына арналған Қазақстан Республикасындағы гендерлік теңдік стратегиясы әзірленіп қабылданады.

2003 жылы Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустриалды-инновациялық даму стратегиясы іске қосылды. Осы стратегия арқылы кәсіпкерлік климатты жақсартуға, республикада көп деңгейлі инновациялық жүйені (технопарктер, технологиялық бизнес-инкубаторлар, ғылыми парктер) дамытуға, сондай-ақ экономиканың басым салаларына ресурстарды тиімді түрде инвестициялау шараларын жүзеге асыру жоспарланды.

Осылайша, 2004 жылға қарай Қазақстан стратегиялық сипаттағы бағдарламалық құжаттармен ғана емес, олардың орта мерзімді кезеңде жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін құралдармен де қамтамасыз етілді. Экономиканың өсуіндегі оң динамика ел халқының, соның ішінде әйелдердің де әл-ауқатын одан әрі арттыру үшін жағдай жасады.

Келесі кезең әйелдер кәсіпкерлігін дамыту үшін нормативтік жағдайларды қалыптастыруда 2005 жылдың 29 қарашасында Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен 2006-2016 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы гендерлік теңдік стратегиясы (одан әрі - Стратегия) бекітілді, оның 3-бөлігі әйелдер кәсіпкерлігін дамыту мен экономикадағы гендерлік теңдікті қамтамасыз ету мәселелеріне толығымен арналады [149].

Стратегияны бекіту кезінде жағдайды бағалау барысында әйелдер кәсіпкерлігінің мынадай күшті жақтары атап өтілді:

- үкімет тарапынан әйелдер кәсіпкерлері үшін несиелік желілерді қолдау;
- әйелдердің кәсіпкерлік белсенділігін арттыру;
- әйелдердің экономикалық ілгерілеуін қамтамасыз ететін әйелдерге арналған үкіметтік емес ұйымдардың құрылуы және дамуы.

Әйелдер кәсіпкерлігінің әлсіз жақтары әлі де сақталып отыр:

- еркектер мен әйелдер арасында ресурстарды теңсіз бөлу;
- гендерлік стереотиптер;
- әйелдердің несиелерді алу барысында қиындықтарға тап болуы, себебі кепілдік мүлкінің болмауы.

Сондықтан әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға бағытталған негізгі шаралар 2006-2016 жылдар аралығында стратегияда келесідей көзделген:

– әйелдер кәсіпкерлігін және өзін-өзі жұмыспен қамтуды одан әрі дамытуға бағытталған іс-шараларды әзірлеу, кәсіпкерлік, басқару және бизнес әкімшілігі негіздеріне оқыту үшін экономикалық білім беру орталықтарының кең желісін құру;

– әйелдерді бизнесте тарту және олар құрған кәсіпорындардың одан әрі дамуына қолдау көрсету механизмі әзірлеу;

– әйелдердің ауыл шаруашылығына тартылу деңгейін арттыру;

– гендерлік аспектілерді ескере отырып, әлеуметтік бағытталған кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдайлар қалыптастыру, бұл жұмыс күшінің және бизнестің гуманитарлық мотивациясын арттыруға, сондай-ақ «адам капиталына» инвестиция тартуға бағытталған;

– отбасы институтын нығайтатын отбасылық бизнесті тарату және дамыту.

Стратегияда әйелдер кәсіпкерлігін тікелей қозғайтын 6 индикатор анықталды, олардың ішінде:

1) жалпы халық санының ішінде жер иеленетін әйелдердің үлесі;

2) табысты қызметпен айналысу үшін несие алғандардың саны, оның ішінде ерлер, әйелдер, қала мен ауыл тұрғындары;

3) әйелдер меншік иесі болып табылатын тіркелген кәсіпорындардың саны;

4) ЖІӨ-нің (жалпы ішкі өнім) қалыптасуындағы ерлер мен әйелдердің үлесі;

5) өз бетінше жұмыс істейтін ерлер мен әйелдердің саны;

6) ауыл шаруашылығы өндірісінде жұмыспен қамтылғандар саны, оның ішінде ерлер мен әйелдер.

Осылайша, Стратегияда бекітілген әйелдер кәсіпкерлігін дамыту шаралары кешенді сипатқа ие болып, маңызды күтілетін нәтижелерді болжауға мүмкіндік береді. Стратегияны жүзеге асыру басталғанға дейін әйелдер кәсіпкерлікпен айналысқан үлес 38% құраған (2004), ал 2025 жылы әйелдер елдегі барлық шағын және орта бизнес субъектілерінің 48,1% басқарып отыр [150]. Дегенмен, гендерлік саясаттың ілгерілеуі мен әйелдердің қоғамдағы рөлін нығайтуға, адам капиталының деңгейін арттыруға және олардың әлеуметтік-экономикалық саладағы әлеуетін ашуға септігін тигізгеніне қарамастан, гендерлік теңсіздік әлі де сақталуда.

2009 жылы Қазақстан Республикасында «Ерлер мен әйелдер үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерді мемлекеттік кепілдендіру туралы» Заң қабылданды [151], бұл нормативтік акт елдің гендерлік саясаты саласындағы негізгі заңды құжатқа айналды. Заң мемлекеттік қызметте ерлер мен әйелдер үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктер кепілдігін белгіледі, еңбек қатынастарында тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етті, сондай-ақ отбасы және неке қатынастарында, балаларды тәрбиелеуде, денсаулық сақтау, білім беру және мәдениет салаларында құқықтар мен міндеттер теңдігін бекітті. Бұл заңда әйелдер кәсіпкерлігі туралы нақты нормалар қарастырылмаған.

2010 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Даму Стратегиялық жоспары

қабылданды. Оның жүзеге асырылуы үшін 2010-2014 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының жедел индустриалды-инновациялық дамуының Мемлекеттік бағдарламасы, 2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының білім беру саласын дамыту Мемлекеттік бағдарламасы, 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» денсаулық сақтау саласын дамыту Мемлекеттік бағдарламасы, 2020 жылға дейінгі жұмыспен қамту бағдарламасы және басқа да бірқатар бағдарламалар бекітілді.

«Жұмыспен қамтудың 2020 бағдарламасы» аясында өзін-өзі жұмыспен қамтыған, жұмыссыз және аз қамтамасыз етілген халықты өнімді экономикалық жұмысқа тарту, жедел индустриалды-инновациялық дамуды жүзеге асыру үшін кадрлық әлеуетті дамыту, атаулы әлеуметтік көмек көрсету жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар қарастырылған. Бағдарлама оқытуға, жұмысқа орналасуға, өз ісін ұйымдастыруға көмек көрсетуге, ал егер мұндай мүмкіндіктер болмаса, экономикалық өсу аймақтарына ерікті түрде көшуге қолдау көрсетуге бағытталған.

Осылайша, бұл бағдарлама әйелдердің кәсіпкерлігін дамытуға және олардың әл-ауқатын жақсартуға қажетті жағдайларды жасады. Атап айтқанда, ол білім алу (немесе қайта даярлықтан өту) және өз ісін ашу үшін несие алу мүмкіндігін берді. Өндірістік салаларға, атап айтқанда Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарына едәуір қаражат бөлінді, мұнда жаңа жұмыс орындары ашылуда.

2015 жылдың қыркүйегінде Қазақстан БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарын (ТДМ) орындау міндеттемелерін қабылдады, оның ішінде 17 мақсаттың 12-сі гендерлік тұрғыдан маңызды болып табылады. Бұл мақсаттардың бірі – ТДМ 5: «Жыныс теңдігін қамтамасыз ету және барлық әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту». Бұл мақсат жыныс бойынша барлық дискриминация түрлерін жоюға және әйелдер мен қыздарға тең мүмкіндіктер беру үшін бағытталған. Осы мақсатты ұлттық деңгейде бейімдеу және мемлекеттік стратегиялар мен міндеттерге ескеру қажеттілігі әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға әсер етті.

2016 жылдың соңына қарай елімізде әйелдер кәсіпкерлігінің динамикалық дамып келе жатқан секторы қалыптасты. Дегенмен, ауылдық жерлерде әйелдер кәсіпкерлігінің дамуы маңызды проблема болып қала берді, себебі бұл аймақтарда тұратын әйелдер көбінесе қоғамдық және мемлекеттік ресурстар мен қызметтерге қолжетімділіктен айырылған. Нәтижесінде, ауылдардағы көптеген әйелдер өзін-өзі жұмыспен қамтыған және табиғи шаруашылық жүргізуден табыс алады, бұл сонымен қатар жеке тұтынуды да қамтиды. Бұл табыстар, оның ішінде жеке тұтынудан алынған табыстар, әйелдердің адам капиталына инвестиция салу және нақты экономикалық секторға оралу мүмкіндіктерін шектейді.

2015 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі (ЕҚҚДБ) арасында «Әйелдер бизнесте» бағдарламасын жүзеге асыру туралы келісімге қол қойылды. Бағдарламаның мақсаты – әйелдер кәсіпкерлігінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және дамыту, оның ішінде қаржыландыруға және ноу-хауға қол жеткізуді жақсарту. Бағдарлама әйелдер

басқаратын, қызметкерлер саны 250-ден аспайтын, жылдық айналымы 50 миллион еуроға дейін немесе баланстық көрсеткіші 43 миллион еуродан аспайтын шағын және орта кәсіпорындарға бағытталған. Бағдарламаға қатысу үшін компанияда әйел басшы болуға тиіс, ол бизнестің толық немесе ішінара иесі болуы мүмкін. Аталған бастама аясында 521 консалтинг және коучинг жобасы іске асырылды, сондай-ақ 7,5 мыңнан астам әйел «Микробизнестегі әйелдер» онлайн бағдарламасы бойынша оқудан өтті. Бұған қоса, ЕКҚДБ әйелдер басқаратын шағын және орта бизнесті қаржыландыру үшін алты қаржы ұйымына 212 миллион АҚШ долларын бөлді. Әйелдерге елеулі қолдау көрсетіп отырған тағы бір бағыт – бұл тәуелсіз бастамалар мен халықаралық жобалар.

Дегенмен, әйелдердің әлеуеті экономикада толыққанды пайдаланылмайды, өйткені көптеген әйелдер үй шаруашылығы мен отбасылық міндеттерді орындау үшін еңбек қызметінен бас тартады. Қосымша қиындықтар мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру үшін бөлінген қаржылық қаражатты бөлу кезінде гендерлік аспект әрдайым ескерілмейді. Әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға әсер еткен келесі нормативтік акт — Қазақстан Республикасының Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 Жарлығы «Қазақстан Республикасында 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат Концепциясын бекіту туралы» [152].

Бұл құжатта әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға ерекше назар аударылған, оның ішінде әйелдер кәсіпкерлеріне арналған консультациялық қызметтер көрсету арқылы әйелдердің экономикалық белсенділігін арттыруға баса мән берілген. Сонымен қатар, ауылдық аймақтарда әйелдер кәсіпкерлігін ынталандыруға көңіл бөлінген.

Сонымен қатар, құжатта мынадай бағыттар көрсетілген:

– ерлер мен әйелдердің еңбек нарығына, қаржылық және басқа да ресурстарға тең қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін жағдай жасау;

– жекелеген өңірлер мен өндіріс секторларының гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, халықтың экономикалық белсенділігінің болашақ үрдістеріне баға беру;

– Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында әйелдер кәсіпкерлігін қолдау орталықтарын ашу жұмыстарын жалғастыру. Бұл орталықтар келесі қызметтерді ұсынатын болады: қолданыстағы бағдарламалар бойынша ақпараттандыру және қаржыландыру тарту; әйелдер бизнесінің жағдайына баға беру; әйел кәсіпкерлер мен әйелдер ұйымдарының желісін құру; қаржылық және іскерлік сауаттылық бойынша оқыту;

– әйелдерді инновациялық, инфрақұрылымдық және жоғары технологиялық мемлекеттік жобалар мен бағдарламаларға белсенді қатыстыру үшін жағдай жасау;

– кәсіпкерлікті қолдауға арналған мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға қаржы қаражаттарын бөлу кезінде гендерлік тәсілді есепке алу қажеттілігі;

– халық арасында, оның ішінде қазіргі және жаңадан бастаған әйел кәсіпкерлерге арналған кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған білім беру бағдарламаларын іске асыруды ұйымдастыру;

– әйел кәсіпкерлердің табысты бизнес-жобаларын ілгерілету және менторлық институтын енгізу;

– ауылдық жерлерде тұратын әйелдер мен осал топтардағы әйелдерді еңбек нарығында сұранысқа ие дағдыларға оқыту, оларды әрі қарай өзін-өзі жүзеге асыруға және экономикалық мүмкіндіктерін жақсартуға бағыттау;

– шешім қабылдау үдерістеріне қатысатын әйелдердің өкілдігін атқарушы, өкілетті және сот билігінде, сондай-ақ мемлекеттік, квазимемлекеттік және корпоративтік секторларда кемінде 30% деңгейінде қамтамасыз ету;

– гендерлік теңдікті дамытуға бағытталған бағдарламалар мен жобаларды іске асыруға жекеменшік, корпоративтік және квазимемлекеттік секторлардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету.

2017 жылдың басында ел Президенті Қазақстанның Үшінші жаңғыруының басталғанын жариялады. Бұл жаңғыру саяси және институционалдық реформаларды, экономикалық және қоғамдық санадағы өзгерістерді қамтиды. Осы жаңғыру аясында Қазақстанды 2025 жылға дейін дамыту жөніндегі Стратегиялық жоспардың жобасы бұдан әрі – СЖ 2025 жобасы әзірленді. Бұл жобаның мақсаты – жедел және сапалы экономикалық өсуді қамтамасыз ету, сондай-ақ елдегі өмір сүру сапасын арттыру.

2017-2021 жылдарға арналған «Өнімді жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды, жұмыссыздарды және біліктілігі жоқ адамдарды өнімді еңбекке тартуға бағытталған. Бағдарлама аясында еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша, оның ішінде әйелдерге де, тегін оқыту шаралары қарастырылған, сондай-ақ әйелдер кәсіпкерлігін дамыту мен тұрақты және уақытша жұмыс орындарында жұмыспен қамтудың қолайлы жағдайларын жасау көзделген. Бағдарламаға әйелдердің қатысуы кемінде 45% деңгейінде жоспарланған, ал бұл көрсеткішті 2021 жылға қарай 48%-ға дейін арттыру көзделді.

Әлемдік пандемия бұл құжаттардың жүзеге асуына айтарлықтай өзгерістер енгізді. Болып жатқан жағдайларға жауап ретінде, 2021 жылы Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары қайта қаралып, онда коронавирус инфекциясы пандемиясы жағдайында қабылданған шараларға және оны тежеуге бағытталған әрекеттерге негізгі назар аударылды.

2022 жылдан бастап Қазақстанда БҰҰ Әйелдер ұйымымен ынтымақтастықта «Қазақстанға Отбасы және гендерлік саясат тұжырымдамасын жүзеге асыруда жәрдемдесу» жобасы іске асырыла бастады. Бұл жоба гендерлік теңдікті қамтамасыз етуге, барлық әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге, сондай-ақ COVID-19 пандемиясынан туындаған дағдарыстың салдарын еңсеруге бағытталған.

Жоба үш негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады: гендерлік саясат саласындағы ұлттық заңнаманы нығайту, Қазақстан білім беру жүйесіне гендерге бағытталған тәсілдер мен кемсітпеу принциптерін енгізу, сондай-ақ осал топтардан шыққан әйелдердің кәсіпкерлік дағдылары мен көшбасшылық қасиеттерін арттыру. Жобаның жүзеге асу мерзімі 36 айды құрайды.

Бұған қоса, кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама «Бизнестің жол картасы» арқылы даму институттары, мысалы, «Даму» АҚ, әйелдер кәсіпкерлеріне гранттар, субсидиялар және кредиттік кепілдіктер ұсынуға белсенді жұмыс істейді.

«Даму» қоры Қазақстандағы кәсіпкерлікті қолдаудың негізгі операторларының бірі ретінде он жылдан астам уақыт бойы әйел кәсіпкерлерді қолдауға арналған бағдарламаларды жүзеге асырады. Қордың басты мақсаты – әйелдердің кәсіби қабілеттеріне сенімділігін арттыру және олардың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету (23-кесте).

Кесте 23 – Даму қорынан қаржылық қолдау алған жобалардағы әйел кәсіпкерлердің үлесі

Көрсеткіш	2024 жылғы 1 қыркүйек жағдайы	% жалпы қолдау алған жобалардан
Қолдау алған әйел кәсіпкерлік жобалар саны	96 000	–
Жалпы несие көлемі	2 893 млрд теңге (6 млн. USD)	24
Әйел кәсіпкерлердің үлесі (барлық қаржылық қолдау алғандар арасында)	–	47
Әйел кәсіпкерлердің үлесі (шағын қала мен ауылдық жерлерде)	–	≥50
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [153]		

2024 жылғы 1 қыркүйекке сәйкес, қор 96 мың әйел кәсіпкерлік жобасын қолдап, жалпы несие көлемі 2 893 млрд теңгеге жеткен, бұл барлық қолдау алған жобалардың 24%-ын құрайды. Шағын қалалар мен ауылдық жерлердегі әйел кәсіпкерлердің үлесі 50%-дан кем емес, бұл ірі қалалардағы көрсеткіштен жоғары. 2021 жылы «Даму» қоры гендерлік саясатты, ал 2024 жылы Адам құқықтары саласындағы саясатты бекітіп, Қазақстан Республикасының ратификациялаған халықаралық құжаттарына, Конституцияға және еңбек, адам құқықтары мен қызметкерлерді сақтандыру саласындағы заңнамасына адалдығын растайды [153].

Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталықтары (ӘКДО) кәсіпкер әйелдер мен кәсіпкерлік бастамасы бар әйелдерге өтеусіз негізде көрсетілетін қызметтерді қамтиды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі (ҰЭМ) және Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (ЕХӘҚМ) Азия даму банкімен (АДБ), Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасымен (БҰҰДБ) ынтымақтастықта 2021 жылы «COVID-19 пандемиясымен күресте қазақстан үшін ынтымақтастық қоры» жобасын іске асыруды іске қосты.

2022 жылдың наурыз айынан бастап «Атамекен» ҚР ҰКП алаңында әйелдер кәсіпкерлігін қолдауға бағытталған 17 өңірлік орталық өз жұмысын тиімді түрде бастады. Бұл орталықтар бизнес саласындағы әйелдердің әлеуетін арттыруда және оларды қолдау инфрақұрылымын күшейтуде маңызды рөл атқарып отыр. Жоба Қазақстандағы БҰҰ Даму бағдарламасымен өзара

серіктестікте жүзеге асырылып, ынтымақтастық қоры аясында Азия Даму Банкінің қаржылық қолдауымен іске асырылуда. Бағдарламаның негізгі мақсаты – COVID-19 пандемиясының әлеуметтік-экономикалық салдарын еңсеруде Қазақстанға жүйелі көмек көрсету және әйелдер кәсіпкерлігінің тұрақты дамуын қамтамасыз ету.

Орталықтардың негізгі міндеті – әйелдердің экономикалық белсенділігін күшейту және жаһандық сын-қатерлер жағдайында олардың кәсіпкерлік мүмкіндіктерін кеңейту. Жоба әйелдердің кәсіби дағдыларын дамытуға, бастамаларын қолдауға және тиімді бизнес-тәжірибелерді енгізуге бағытталған. Нәтижесінде бұл орталықтар әйелдерге қажетті білім мен ресурстар ұсынып, кәсіпкерліктің тұрақты экожүйесін қалыптастыруға және қоғамның жалпы экономикалық әлеуетін арттыруға ықпал ететін маңызды хабтарға айналуда.

Орталықтардың жұмыс кезеңінде кәсіпкерлік бастамасы бар және әрекет етуші әйелдердің қажеттіліктерін анықтау, оларды оқыту, бизнесін бағалау және тәлімгерлік қолдау көрсету бағытында кешенді қызметтер ұсынылды. Атап айтқанда:

- әйелдердің қажеттіліктеріне байланысты консультациялар жүргізілді;
- бизнес-құзыреттілікті арттыру, кәсіптің түрі бойынша мамандандырылған оқыту, әлеуметтік кәсіпкерлік, кооперация құру, сондай-ақ қаржыландыру тарту мәселелері бойынша оқыту бағдарламалары іске асырылды;

- кәсіпорындардың даму әлеуетін айқындау мақсатында олардың ағымдағы жағдайына сыртқы бағалау жүргізіліп, бизнес стратегияларын әзірлеуге әдістемелік көмек көрсетілді;

- бизнестің тұрақтылығын арттыру, кеңейту, тәуекелдерді басқару, өткізу нарықтарын ұлғайту және бизнес-процестерді жетілдіру бойынша алты айлық тәлімгерлік сүйемелдеу жүзеге асырылды;

- әйелдерге олардың экономикалық мүмкіндіктерін кеңейтетін түрлі жобалар туралы ақпарат беру қызметі көрсетілді;

- ШОБ жабдықтарын өндірушілер және өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұлғалар туралы ақпараттық-консультациялық көмек ұсынылды.

2023 жылы орталықтар жалпы 8 364 әйелге 13 159 қызмет көрсеткен. Оның ішінде:

- 2 485 әйел кәсіби және бизнес-оқыту бағдарламаларынан өтті;
- 100 кәсіпорын бизнес-шолудан (бағалау рәсімі) өтті;
- 1 024 ШОБ субъектісі 37 халықаралық жобаға тіркелгені жөнінде хабарлама алды [154].

Әйелдердің кәсіпкерлік әлеуетін арттыру мақсатында орталықтар бизнес жүргізудің өзекті бағыттары бойынша форумдар, конференциялар және түрлі ақпараттық-тәжірибелік іс-шаралар ұйымдастыру арқылы кең ауқымды қызметтер көрсетті.

Жобаның маңызды компоненттерінің бірі – «Менторлық» бағдарламасы, ол тәжірибелі кәсіпкерлердің білімін, тәжірибесін және практикалық кеңестерін жаңа бастаушы немесе даму кезеңіндегі әйел кәсіпкерлерге беруін көздейді.

2023 жылы бұл бағдарламаның аясында шағын бизнес секторынан 348 ментор кәсіби қолдауға ие болды.

Сонымен бірге, қаржыландыру тарту бойынша оқыту модулі іске асырылып, қатысушыларға қаржылық сауаттылық негіздері, инвестиция тарту тетіктері және бизнес-құзыреттілікті күшейту бойынша білім берілді. 2023 жылы бұл бағытта 300-ден астам әйел оқудан өтті.

2023 жылдың жалпы қорытындысы бойынша орталықтар 8 318 әйелге барлығы 13 159 қызмет көрсетті. Оның ішінде:

- 8 364 консультация ұсынылды;
- 2 485 әйел кәсіби және бизнес-оқыту бағдарламаларынан өтті;
- әйелдер басқаратын 100 кәсіпорында бизнес-шолу (бағалау) жүргізілді;
- 358 ментор «Менторлық» бағдарламасын толық аяқтады;
- 309 әйел қаржыландыру тарту бойынша оқуды тәмамдады;
- 1 024 кәсіпкер әйел халықаралық жобаларға қатысу мүмкіндігіне ие болды;
- елдің 20 өңірінде 20 көрме ұйымдастырылып, жергілікті шикізаттан өнім өндіретін 519 тауар өндіруші қатысты;
- көрсетілген өнімдердің ішінен «Бір ауыл – бір өнім» (БАБӨ) жобасы үшін жергілікті ресурстар негізінде 60 өнім таңдалып алынды (24-кесте).

Кесте 24 – 2023 жылғы өңірлік бөліністе көрсетілген қызметтер/консультациялар саны

Өңір	Көрсетілген қызмет саны	Үлесі, %
Абай облысы	591	4,5
Ақмола облысы	660	5
Ақтөбе облысы	709	5,4
Алматы облысы	552	4,2
Атырау облысы	642	4,9
БҚО	766	5,8
Жамбыл облысы	672	5,1
Жетісу облысы	634	4,8
Қарағанды облысы	720	5,5
Қостанай облысы	693	5,3
Қызылорда облысы	568	4,3
Маңғыстау облысы	685	5,2
Павлодар облысы	621	4,7
СҚО	651	4,9
Түркістан облысы	594	4,5
Ұлытау облысы	606	4,6
ШҚО	673	5,1
Алматы қ.	623	4,7
Астана қ.	813	6,2
Шымкент қ.	686	5,2
Барлығы	13 159	100
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [154]		

Қызметтер мен консультацияларды көрсету географиясы бойынша ең жоғары көрсеткіш Астана қаласында тіркелді – 813 қызмет (6,2%). Сондай-ақ

Батыс Қазақстан облысында 766 қызмет (5,8%) ұсынылды. Ал ең төмен көрсеткіштер Қызылорда облысында – 568 қызмет (4,3%), және Алматы облысында – 552 қызмет (4,2%) байқалды.

2024 жылға арналған бюджет аясында уәкілетті орган қаржылық емес қолдау шараларының құралдарын қаржыландыруды қайта қарастырып, Ұлттық экономика министрлігі сервистік қолдау, ақпараттық-консультациялық қызметтер және «Мен – кәсіпкер» бағдарламасы бойынша кәсіпкерлік әлеуетті дамыту бағыттарында бюджетке оңтайландыру жүргізді. Осы өзгерістердің нәтижесінде ӘҚДО бағыты қысқартылып, 2024 жылы іске асырылмады.

2024 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша кәсіпкерлікпен айналысатын немесе осы қызметті бастауды жоспарлайтын, 18 жастан асқан Қазақстан Республикасының әйел азаматтарына, сондай-ақ әйелдер кәсіпкерлігі субъектілеріне барлығы 900 қызмет пен консультация ұсынылды.

2024 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысында барлық көрсетілген қызметтер *офлайн форматта* жүзеге асырылғаны анықталды (25-кесте).

Кесте 25 – Өңірлік бөліністе 2024 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша көрсетілген қызметтер саны.

Өңір	Көрсетілген қызмет саны	Үлесі, %
Абай облысы	18	2,0
Ақмола облысы	73	8,1
Ақтөбе облысы	67	7,4
Алматы облысы	72	8,0
Атырау облысы	67	7,4
БҚО	42	4,7
Жамбыл облысы	34	3,8
Жетісу облысы	62	6,9
Қарағанды облысы	51	5,7
Қостанай облысы	51	5,7
Қызылорда облысы	21	2,3
Маңғыстау облысы	62	6,9
Павлодар облысы	59	6,6
СҚО	37	4,1
Түркістан облысы	30	3,3
Ұлытау облысы	12	1,3
ШҚО	51	5,7
Астана қ.	53	5,9
Алматы қ.	10	1,1
Шымкент қ.	35	3,9
Барлығы	900	100
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [154]		

Осыған қарамастан, «Атамекен» ҰКП әйелдер кәсіпкерлігін қолдау және экономиканың түрлі секторларында әйел кәсіпкерлерді ілгерілету жөніндегі жұмысты жалғастыруда.

2022-2024 жылдар аралығында кәсіпкерлікті қолдау тетіктері туралы әйелдердің хабардарлық деңгейінің динамикасын талдау респонденттердің

ақпараттандырылмаған үлесінің біртіндеп азайғанын көрсетті. Бұл өз кезегінде жалпы хабардарлықтың өсу үрдісін айқын байқатады (26-кесте).

Кесте 26 – Ақпараттандырылмаған респонденттер үлесі, %

Қолдау шаралары	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
«Даму» қоры бағдарламалары	49,6	46,2	45,6
«Атамекен» қоры бағдарламалары	53,9	50,2	47,4
Жұмыспен қамту орталықтарының мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отырған әйелдерге бизнес ашуы үшін гранттар	52,9	47	45,5
Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталықтары	55,9	47,5	46,5
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [154]			

Ұсынылған деректерді талдау әйелдер арасындағы хабардарлық деңгейінің артуы уәкілетті органдардың ақпараттық-түсіндіру жұмысының күшеюімен, сондай-ақ кәсіпкерлер тарапынан қолдау шараларына деген сұраныс пен қызығушылықтың өсуімен байланысты деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, «Атамекен» ҰКП Еуропалық Қайта Құру және Даму Банкі (ЕКДБ), Азия Даму Банкі (АДБ), USAID, ЛСА, БҰҰ-Әйелдер және басқа серіктестер сияқты халықаралық ұйымдармен белсенді ынтымақтасады. Бұл ынтымақтастық әйелдердің құқықтарын қорғауға және олардың бизнестегі мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған жобаларды жүзеге асыруда шешуші рөл атқарады. Халықаралық әріптестермен бірлескен күш-жігер үздік тәжірибелерді енгізуге, жаңа бастамаларды дамытуға және әйелдер кәсіпкерлігінің тұрақты өсуін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

«Атамекен» ҰКП Еуропалық Қайта Құру және Даму Банкі (ЕКДБ) арнайы қазақстандық әйелдер үшін ұйымдастырған «Микробизнестегі әйелдер» жобасының серіктесі бола отырып, белсенді ынтымақтастық жүргізуде. Жобаны тренингтік және консалтингтік қызметтер нарығында жұмыс жүргізетін «Диалог» компаниясы іске асырады. Курс бизнестің негізгі аспектілерін қамтитын алты модульден тұрады: маркетинг, сату, қаржы, персоналды басқару, операциялық басқару, стратегия, автоматтандыру және жасанды интеллект.

«Атамекен» ҚР ҰКП алаңында өңірлік кәсіпкерлер палаталары мен бизнес-қоғамдастық өкілдерінің қатысуымен онлайн форматтағы маңызды кездесу ұйымдастырылды. Бұл іс-шара «Атамекен» ҚР ҰКП мен Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға бағытталған бизнес-тренерлер қауымдастығы арасындағы белсенді әріптестіктің нәтижесі ретінде өтті. Осындай бастамалар әйел кәсіпкерлерді қолдауға арналған институционалдық экожүйені қалыптастырудың өзектілігін айқын көрсетеді.

Ерекше назар аударылатын мәселе – экономикалық және әлеуметтік бастамаларға гендерлік тәсілді енгізу. Осы тұрғыда 2024 жылы қабылданған бірқатар нормативтік құқықтық актілер маңызды қадам болды. Мысалы, 2024 жылғы 6 сәуірде қабылданған Қазақстан Республикасының №71-VIII Заңы түрлі заң актілеріне өзгерістер енгізіп, әйелдердің құқықтарын қорғау механизмдерін күшейтіп, олардың бизнеске қатысуын кеңейтті [155]. Атап

айтқанда, заң әйелдерге бизнес тіркеу рәсімдерін жеңілдетуді, сондай-ақ әйелдердің стартаптарына және әлеуметтік бағдарланған жобаларға салықтық және кредиттік преференциялар ұсынууды қарастырады.

Сонымен қатар, маңызды нормативтік жетістік 2024 жылғы 15 сәуірде қабылданған №72-VIII Заңы болып табылады [156], бұл заң әйелдерге қатысты барлық дискриминация түрлерін жоюға бағытталған. Аталған заң гендерлік дискриминацияға қарсы құқықтық механизмдерді, соның ішінде кәсіпкерлік саласында қарсы тұруды күшейтеді. Ол мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларды гендерлік сараптама жасауды міндетті етеді, сондай-ақ бизнес құрылымдарының басқару органдарында әйелдердің үлесін арттыру шараларын қарастырады.

Бұл мәселелерді шешу үшін Қазақстан бірқатар әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға бағытталған бастамаларды ұсынды:

1. Қазақстан әйелдер кәсіпкерлігін қолдауға қолайлы орта қалыптастырып келеді. Соның жарқын мысалы – жұмыс істейтін әйелдерге, оның ішінде жалғызбасты аналар мен көпбалалы әйелдерге арналған жеңілдетілген ипотекалық «Ұмай» бағдарламасы. Сонымен қатар, - «Үміт» бағдарламасы, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры мен Халық банкі бірлесіп іске қосқан, микро-, шағын және орта кәсіпорындарға, әйелдер басқаратын кәсіпорындарға 7-8% пайыздық мөлшерлеменен 100 миллион теңгеге дейін жеңілдікті қаржыландыру ұсынады. Бұл несиелер ауылдық жерлерді қоса алғанда, барлық өңірлерде қолжетімді, өтеу мерзімі 84 айға дейін. «Даму» қоры арқылы жүзеге асырылатын мемлекеттік «Үміт» бағдарламасы кәсіпкерлікті жаңадан бастаған әйелдерге гранттар мен субсидиялар ұсынылады, оқыту курстары мен консультациялар ұйымдастырылады. Әйелдер Business Qymyz онлайн бағдарламасы арқылы тегін білім ала алады немесе «Coca-Cola Белестері» байқауы аясында грант алуға өтінім бере алады.

2. Қазақстан экономикасы мен әйелдердің кәсіпкерлік бастамаларын қолдауға бағытталған тиімді бастамалардың бірі ретінде Halyk Bank тарапынан жүзеге асырылатын «Әйелдер бизнесі» бағдарламасын атап өтуге болады. Бұл бастама елдегі ең ірі қаржы институтының ESG (Экология, Әлеуметтік жауапкершілік және Корпоративтік басқару) қағидаттарына негізделген. Visa «Ол жақын» бастамасы, Халық банкімен бірлесе отырып, әйелдер кәсіпкерлеріне арналған бизнес-жоспарлау семинарлары мен гранттық конкурстарды ұйымдастырады. Бастаманың жалпы сыйақы қоры 20 миллион теңге, ал финалистер жеңілдікті қаржыландыруға қол жеткізеді (13-сурет).

Бұл – банк тарапынан әйелдер кәсіпкерлігін қолдауға бағытталған қатарынан жетінші инвестициялық транш, әрі өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Halyk Bank-тің өз ішінде де гендерлік теңдік қағидаттары сақталған: орта буын басшыларының 63%-ын және жалпы қызметкерлердің 71%-ын әйелдер құрайды.

3. «Бизнестегі әйелдер» бағдарламасы, 2014 жылдан бері Еуропалық Қайта Құру және Даму Банкі (ЕҚҚДБ) жүзеге асырып келеді, әйелдерге қаржыландыру мен консультациялық қызметтерге қолжетімділікті кеңейту мақсатында арнайы әзірленген. 2019 жылға дейін ЕҚҚДБ мен оның қаржылық

серіктестері әйелдер басқаратын кәсіпорындарға жалпы сомасы 28,9 миллиард теңге болатын 21 281 субкредит берген.



Сурет 13 – Halyk Bank 2018 жылы іске асырылған “Бизнестегі әйелдер” бағдарламасы

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [157]

Құқықтық бастамалардан бөлек, әйелдердің басқарушылық құзыреттерін дамытуға айтарлықтай көңіл бөлінеді. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен «AMANAT» партиясының Саяси менеджмент академиясы «Tomiris» бағдарламасын Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның, сондай-ақ Конрад Аденауэр қоры мен өзге де серіктестердің қолдауына сүйене отырып іске асыруда. Мысалы, 2022 жылы Қазақстанда «Tomiris» ақпараттық-ағартушылық бағдарламасы аясында әйелдер қозғалысының белсенді мүшелері үшін тренингтер басталды. Бағдарламаның мақсаты – әйелдер мен қыздардың басқарушылық әлеуетін және саяси мәдениетін дамыту. Бағдарламаның негізгі міндеттерінің бірі – өңірлік сарапшылар пулын құру, олар жергілікті жерде әйелдер белсенділерін арнайы оқытуды жүргізеді. 2023 және 2024 жылдары жоба жалғасты, қатысушылар саны арта түсті. «Tomiris» бағдарламасы әйелдердің басқарушылық сауаттылығын арттыруға ғана емес, сонымен қатар белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыруға, әйелдерді елдің қоғамдық-саяси және кәсіпкерлік өміріне қатыстыруға мүмкіндік жасайды.

Сонымен қатар, Қазақстан мен Орталық Азиядағы әйелдер кәсіпкерлерін қолдау және дамыту мақсатында «TalrunUp» атты менторлық бағдарлама жұмыс істейді. Бағдарлама Қазақстандағы Бизнес-тренерлер ассоциациясы мен Лондон империялық колледжімен бірлесіп әзірленіп, 2023 жылдың қазан айында іске қосылды. «TalrunUp» бағдарламасы Қазақстан мен Орталық

Азиядағы әйелдер кәсіпкерлігін дамытуда маңызды бастама болып табылады. Бұл бағдарлама қатысушыларға тек білім мен дағдыларды ғана емес, сонымен қатар байланыстар желісін кеңейту және инвестициялар тарту мүмкіндіктерін ұсынады.

«Business-Aru» – бұл Банк Центр Кредиттің Mastercard-пен серіктестікте және Еуропалық Қайта Құру және Даму Банкінің «Бизнестегі әйелдер» бағдарламасы аясындағы қолдауымен жүзеге асырылып жатқан жаңа жобасы. «Business-Aru» жобасы – әйелдер кәсіпкерлігін қолдауға бағытталған тиімді бастама. Бұл жоба банк, халықаралық серіктестер және донорлық ұйымдардың ынтымақтастығы негізінде жүзеге асырылады және кәсіпкер әйелдерге қаржылық әрі консультациялық көмек көрсетеді. Жоба гендерлік теңдікті нығайтуға, орнықты экономикалық өсуді қамтамасыз етуге ықпал етіп, әйелдердің әлеуетін ашуға және ел экономикасына белсенді араласуына мүмкіндік береді.

IT-Aiel – Цифрлық даму министрлігі мен Президент жанындағы Ұлттық комиссияның қолдауымен Astana Hub іске асырып отырған жоба. IT-Aiel бағдарламасы алғаш рет 2023 жылы іске қосылды, соның арқасында Қазақстанның 17 облысындағы 2500-ден астам жұмыссыз әйел ақпараттық технологиялар саласындағы кәсіптер бойынша тегін оқудан өтті. IT-Aiel бағдарламасы әйелдердің IT саласындағы табысты мансапқа деген ұмтылысын қолдайды. Бағдарламаға қатысушылардың орташа жасы – 32 жас. Алдымен олар компьютерлік сауаттылықтың негізгі курсынан өтеді, содан кейін No Code School және Freelance School. Оқыту бағдарламасы әртүрлі форматтарды қамтиды: бейнелекциялар, тапсырмалар, онлайн вебинарлар және семинарлар. Бағдарламаның маңызды бөлігін No Code мектебі қабылдайды. Бұл курс барысында қатысушылар бағдарламалауды қажет етпей, IT өнімдерін жылдам және жасауды үйренеді, сонымен қатар стартап жобаларын құрудың негізгі қағидаларын және оларды дұрыс тестілеуді меңгереді. Оқыту нәтижесі бойынша IT-Aiel бағдарламасының барлық түлектері электронды сертификат алады. Ал бағдарламаның ең белсенді және дарынды 100 қатысушысы Astana Hub-қа салтанатты шараға шақырылады, онда олар өз тәжірибелерімен және идеяларымен бөлісе алады, сонымен қатар одан әрі кәсіби даму үшін қолдау мен шабыт таба алады. Бұл әйелдердің табысқа жетуіне, әлемді тануына, үлкен жетістікке қол созып және заманға сай үнемі өзгеріп отыратын технологияны меңгеруге жасалған алғашқы үлкен қадам. «IT-Aiel» жобасы әйелдерге қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізуге көмектесу мақсатында цифрлық дағдылар мен фриланске тегін онлайн оқыту мүмкіндігін береді. IT саласындағы білім мен мүмкіндіктерді кеңейту, жаңа перспективалар ашу және қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізу үшін жобаға қосылып, білім алудың маңызы да зор.

«Re.Women» – бұл «Respublica» партиясы жанынан құрылған, еліміздің іскер және белсенді әйелдерін біріктіретін жаңа форматтағы қауымдастық. Бұл кәсіпкер арулар бизнесті дамыту бойынша түрлі сұрақтар мәжіліске дейін көтеріп, ұсыныс жасай алады. Партияның Орталық аппараты басшысының әйелдер кәсіпкерлігі жөніндегі кеңесшісі Айдана Тоғызбаева: Күні бүгінге

дейін Қазақстанның барлық өңірлерінде құрылып, өзінің жұмысына кірісіп кетті. Әйелдер қауымдастығы – осы кәсіпкерлік саласындағы жобалар мен алдағы мәселелерді шешуге бағытталатын болады. «Re.Women – бұл тек әйелдердің бір-бірімен байланыс орнататын алаңы ғана емес, сонымен қатар заңнама мен кәсіпкерлік жағдайына нақты әсер ететін идеялар мен ұсыныстар туындайтын қайнар көзі. Басты мақсаты – әйелдердің кәсіпкерлік пен қоғамдық-саяси өмірге белсенді қатысуына жағдай жасау». Re.Women – бұл әйелдер бір-бірін қолдайтын, кәсіпкерлік бастамаларды дамытатын, көшбасшылық қабілеттерін жетілдіріп, бизнесті жүргізуге қолайлы орта қалыптастыруға атсалысатын кеңістік. Бұл бағыт Respublica партиясының қоғам және бизнеспен жұмысындағы маңызды бөлігіне айналды.

Жоғарыда әйелдер кәсіпкерлігін қолдау бойынша нормативтік-құқықтық базаны қарастырып, сонымен қатар жүргізілген зерттеулер нәтижесінде әйелдер кәсіпкерлігінің институционалдық модельдерінің типологиясы ұсынылды. Бұл типология әйелдер кәсіпкерлігін қолдаудың мазмұнына, механизмдеріне және даму кезеңдеріне қарай бес негізгі модельді қамтиды:

1. *Нормативтік-құқықтық модель.* Бұл модель гендерлік теңдікті қамтамасыз ететін заңнамалық және стратегиялық құжаттарға негізделген. Оның негізгі сипаттамасы гендерлік саясатты институционалдандыруды, құқықтық тең мүмкіндіктерді бекітуді, стратегиялық жоспарлау жүйесіне енгізуді қарастырады. Мысалы, Гендерлік теңдік стратегиясы (2006–2016), «Ерлер мен әйелдер үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктер туралы» заң (2009), 2030 жылға дейінгі гендерлік саясат тұжырымдамасы.

2. *Мемлекеттік-бағдарламалық (директивті) модель.* Бұл модель мемлекеттік бағдарламалар арқылы кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған. Оның сипаттамасы жұмыспен қамту және кәсіпкерлікті қолдау бағдарламаларымен; оқыту, қайта даярлау; жаппай кәсіпкерлікті дамытумен ерекшеленеді. Мысалы, «Жұмыспен қамту 2020»; «Өнімді жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлік» бағдарламасы; индустриалды-инновациялық даму бағдарламалары.

3. *Қаржылық-институционалдық қолдау моделі.* Бұл модель қаржылық ресурстарға қолжетімділікті кеңейтуге бағытталған. Сипаттамасы: несиелеу, субсидиялау, кепілдік беру; халықаралық ұйымдармен серіктестік; микро және ШОБ қолдау. Мысалы, «Даму» қоры құралдары, ЕҚҚДБ «Әйелдер бизнесте» бағдарламасы, микрокредиттеу тетіктері.

4. *Инфрақұрылымдық және білім беру моделі.* Бұл модель кәсіпкерлікті дамытуға арналған экожүйені қалыптастырады. Сипаттамасы: бизнес-инкубаторлар, технопарктер; консалтинг және коучинг; кәсіпкерлік білім беру.

Мысалы, бизнес-инкубаторлар мен технопарктер, оқыту бағдарламалары (онлайн және офлайн), кәсіпкерлік дағдыларды дамыту орталықтары.

5. *Инклюзивті-әлеуметтік модель.* Бұл модель осал топтар мен ауыл әйелдерін қолдауға бағытталған. Сипаттамасы: ауыл әйелдерін кәсіпкерлікке тарту; өзін-өзі жұмыспен қамту; әлеуметтік кәсіпкерлік. Мысалы, ауылдық кәсіпкерлікті дамыту шаралары, әлеуметтік жобалар, БҰҰ және халықаралық бастамалар.

Ұсынылған авторлық типологияның ғылыми жаңалығы – Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігін қолдау жүйесін: заңнамалық, бағдарламалық, қаржылық, инфрақұрылымдық және әлеуметтік компоненттердің өзара ықпалдасуы негізінде қалыптасқан көпдеңгейлі институционалдық жүйе ретінде қарастыруында. Бұл модельдер бір-бірін толықтырып, эволюциялық түрде дамып, нәтижесінде әйелдер кәсіпкерлігінің үлесінің өсуіне, оның құрылымдық әртараптануына, және бәсекеге қабілеттілігінің артуына ықпал етеді.

2 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЙЕЛ КӘСІПКЕРЛІГІНІҢ ДАМУЫН ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

2.1 Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігінің даму үрдістерін талдау


Әйелдер кәсіпкерлігі – Қазақстандағы экономикалық дамудың, жұмыс орындарын құрудың және гендерлік теңдікті қамтамасыз етудің маңызды қозғаушы күштерінің бірі болып табылады. Дүниежүзілік экономикалық форум (WEF) 2025 жылғы Global Gender Gap Index есебін жариялады. Биылғы зерттеу 148 елді қамтып, әлемдік гендерлік теңсіздік көрсеткіші 68,8% деңгейінде тіркелді. 2006 жылдан бері тұрақты салыстырылатын 100 елде алшақтық 0,4 пайыздық пунктке қысқарып, 2024 жылғы 68,6%-дан 2025 жылы 69,0%-ға өсті. Зерттеу нәтижелері толық гендерлік теңдікке әлемнің шамамен 123 жылдан кейін ғана қол жеткізе алатынын көрсетеді. Есепте бірде-бір мемлекеттің толық теңдікке әлі жете алмағаны атап өтілген. Индекс төрт саладағы 14 көрсеткіш бойынша бағаланады: экономикалық қатысу, білім беру, денсаулық және өмір сүру ұзақтығы, саяси өкілеттілік. 2025 жылы денсаулық саласындағы гендерлік алшақтық 96,2%, білім беруде – 95,1%, экономикада – 61,0%, саяси құқықтарда – 22,9% деңгейінде қысқарған. Қазақстан 2025 жылы 0,698 балмен 92-орынға түсіп, 2024 жылғы 76-орыннан төмендеді (0,710). Білім мен сауаттылық бойынша теңдік сақталғанымен, саяси өкілеттіліктің әлсіздігі елдің жиынтық көрсеткішін төмендетіп отыр. Субиндекстер нәтижесі: «Білім беру жетістіктері» – 0,990 (82-орын), «Денсаулық және өмір сүру» – 0,976 (33-орын), «Экономикалық қатысу» – 0,715 (61-орын). Ең төмен көрсеткіш – «саяси мүмкіндіктер» (0,111 балл, 117-орын) [158].

Халықаралық статистикалық деректермен салыстырғанда, Қазақстандағы шағын және орта кәсіпкерлік саласында әйелдердің белсенділігі біршама жоғары деңгейде қалыптасқан. Мәселен, республикада жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің 49,2%-ын әйелдер басқарады. Оның ішінде 58,6%-ы жеке кәсіпкерлер, 29,4%-ы – заңды тұлға мәртебесіндегі ШОБ, ал 28,2%-ы – шаруа немесе фермерлік қожалықтар санатына жатады. Әйелдердің басқаруындағы компаниялар жалпы сектордағы жұмыспен қамтылғандардың шамамен 34%-ын қамтамасыз етеді. Бұл көрсеткіш жеке секторлар бойынша келесідей бөлінеді: шаруа қожалықтарында – 24,7%, заңды тұлғаларда – 28,4%, ал жеке кәсіпкерлік саласында – 42,6%. Сонымен қатар, еңбек нарығында да гендерлік құрылымда айтарлықтай айырмашылықтар сақталуда. Әйелдердің экономикалық белсенділік деңгейі 66,7%-ды құраса, ерлер арасында бұл көрсеткіш – 77,3%. Әйелдер арасындағы жұмыссыздық деңгейі 5,3%-ға жетіп отыр, ал ерлер арасында бұл көрсеткіш 4,2%-ды құрайды. Ұзақ мерзімді жұмыссыздық та әйелдер арасында жиі кездеседі: 1,5% (ерлерде – 0,9%). Гендерлік теңсіздік мәселелері табыста да айқын көрініс табуда. 2024 жылдың басында ерлер мен әйелдердің орташа жалақы деңгейіндегі айырма 25,7%-ға дейін ұлғайған өкілдік мәселесі әлі де өткір күйінде қалып отыр: Парламентте әйелдердің үлесі небәрі 20,9%, ал мәжілісте – 19,4% шамасында. Бұл көрсеткіштер әйелдердің саяси және экономикалық ықпалының жеткіліксіздігін білдіреді. Аталған мәселелерді шешу үшін барлық мемлекеттік

Кесте 27 – Гендерлік статистиканың негізгі көрсеткіштері

Жылдар	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023
Жалдамалы еңбек адамдары арасында жұмыспен қамтылған әйелдердің үлесі, %	48,7	49,3	49,1	48,6	48,8	48,5	49,1	49,1	48,9	49,2
Ауыл шаруашылығы емес сектордағы ақылы еңбекпен айналысатын әйелдердің үлесі, %	49,9	50,3	50,1	49,7	49,9	49,3	49,2	49,2	48,9	49,1
Гендерлік жалақы алшақтығы, %	33,0	34,1	31,4	32,2	34,2	32,2	25,0	21,7	25,2	25,7
Жұмыссыздық деңгейі, %	5,0	5,1	5,0	4,9	4,9	4,8	4,9	4,9	4,9	4,7
Әйелдер арасында, %	5,8	5,9	5,5	5,4	5,4	5,3	5,4	5,5	5,5	5,3
Ерлер арасында, %	4,3	4,4	4,4	4,4	4,3	4,3	4,4	4,2	4,3	4,2
Ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейі, %	2,4	2,5	2,2	2,2	2,2	2,2	2,2	2,1	2,3	1,2
Әйелдер арасында, %	3,0	3,2	2,8	2,7	2,7	2,6	2,7	2,6	2,9	1,5
Ерлер арасында, %	1,8	1,8	1,7	1,7	1,8	1,7	1,7	1,6	1,8	0,6
Парламенттегі әйелдер алатын орындардың үлесі, %	20,1	20,4	21,7	22,2	21,9	23,4	24,0	24,7	23,4	20,9
Парламент Мәжілісінде, %	26,2	26,7	27,6	27,4	27,4	27,4	26,5	27,4	26,9	19,4
Басшылық лауазымдардағы әйелдер үшін, %	-	-	37,3	37,0	41,2	43,0	41,1	39,0	40,8	41,2
Квазимемлекеттік секторда, %	-	-	-	-	-	-	-	46,4	48,3	47,3
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [160]										

27-кестеде 2014-2023 жылдар аралығындағы деректерге сәйкес, Қазақстандағы әйелдердің еңбек нарығына қатысу деңгейі тұрақты болып қалуда (шамамен 49%). Әйелдер ауыл шаруашылығынан тыс секторда да белсенді, бірақ гендерлік жалақы айырмашылығы 25,7%-ды құрап отыр, бұл мәселенің өзектілігін көрсетеді. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің басында тұрған әйелдердің басым бөлігі Қазақстанның ірі қалаларда шоғырланған (15-сурет). Мәселен, 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Алматы облысында 151 138 әйел-кәсіпкер тіркелсе, Астанада бұл көрсеткіш – 279 854. Соңғы жылдары әйелдер тарапынан экологиялық тұрақтылық пен әлеуметтік маңыздылығы бар жобаларға деген қызығушылық артып келеді. Бұл үрдіс халықаралық тенденцияларға да, Қазақстанның орнықты даму саласындағы мемлекеттік саясатына да сай келеді [160].



Сурет 15 – 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша шағын және орта кәсіпкерлік (ШОК) субъектілерінің тіркелгендер саны

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [160]

Кесте 28 – Жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны 2024 жылғы 1 қаңтарға (бірлік)

аймақтар	Жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны 2024 жылғы 1 қаңтарға (бірлік)				барлығы				әйелдер басқарады			
	барлығы	занды тұлғалар	ЖК	ШҚҚ	барлығы	занды тұлғалар	ЖК	ШҚҚ	барлығы	занды тұлғалар	ЖК	ШҚҚ
Қазақстан	2 002 199	393 208	1 369 043	269 948	984 950	106 746	802 195	76 009				
Абай обл	53 269	4 927	37 821	10 521	28 261	1 407	24 137	2 717				
Ақмола обл	57 919	9 324	41 645	6 950	26 908	2354	22 695	1 859				
Ақтөбе обл	83 819	12 864	61 850	9 105	43 874	3 509	37 763	2 602				
Алматы обл	134 628	14 026	91 789	28 813	64 917	4 266	51 959	8 692				
Атырау обл	65 045	9 369	51 607	4 069	35 689	2 813	31 744	1 132				
Б-Қазақстан обл	57 653	7 928	40 156	9 560	28 710	2 024	24 057	2 629				
Жамбыл обл	106 779	9 372	67 167	30 240	51 701	3 033	39 248	9 450				
Жетісу обл	58 914	4 740	33 630	20 544	27 679	1 353	20 323	5 761				
Қарағанды обл	99 190	19 343	69 770	10 077	49 679	5 482	41 345	2 852				
Қостанай обл	64 286	9 914	47 168	7 204	30 446	2 706	25 763	1 977				
Қызылорда обл	67 180	6 316	48 383	12 481	36 145	1 891	30 145	4 109				
Манғыстау обл	79 742	11 926	63 829	3 987	46 530	3 407	41 955	1 168				
Павлодар обл	54 578	12 100	36 936	5 542	25 289	3 332	20 553	1 404				
Сол.Қазақстан обл	34 891	6 992	22 933	4 966	14 689	1 801	11 536	1 352				
Түркістан обл	206 855	12 500	113 084	81 271	89 171	3 364	65 256	20 551				
Ұлытау обл	18 791	1 781	13 145	3 865	10 128	488	8 583	1 057				
Шығыс Қазақстан обл	62 616	9 260	44 339	9 017	32 011	2 478	26 998	2 535				
Астана	227 386	71 812	153 765	1 809	112 160	22 194	89 292	674				
Алматы	340 132	107 298	229 685	3 149	163 356	32 832	129 347	1 177				
Шымкент	128 526	21 416	100 341	6 769	67 849	6 012	59 496	2 341				

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [160]

28-кестеде 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстанда жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік (ШОК) субъектілерінің жалпы саны 2 002 199 бірлікті құрады. Оның ішінде әйелдер басқаратын субъектілер саны 984 950-ге жетіп, бұл барлық тіркелген ШОК-тің 49,2%-ын құрады. Бұл көрсеткіш әйелдердің кәсіпкерлік саладағы белсенділігінің жоғары екенін және елімізде гендерлік теңдікті нығайтуға бағытталған шаралардың тиімді жүзеге асып жатқанын дәлелдейді.

Әйелдер басқаратын кәсіпорындардың санының өсуі олардың тек отбасылық табысты арттыруға емес, сонымен қатар ел экономикасының нақты секторындағы белсенді қатысушысына айналып келе жатқанын көрсетеді. Бұған мемлекеттік қолдау бағдарламалары, қаржыландыру тетіктерінің жеңілдетілуі, әйелдер кәсіпкерлігіне бағытталған арнайы жобалар мен білім беру мүмкіндіктері оң әсер етіп отыр. Әйелдер бизнесі көбінесе қызмет көрсету, шағын сауда, әлеуметтік кәсіпкерлік және агроөнеркәсіп салаларында шоғырланған, бұл олардың қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге де үлес қосып отырғанын көрсетеді.

Кесте 29 – Жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінде жұмыспен қамтылғандар саны 2024 жылғы 1 қаңтарға (адам)

Аймақтар	Барлығы				Әйелдер басқарады			
	барлығы	занды тұлғалар	ЖК	ШҚҚ	барлығы	занды тұлғалар	ЖК	ШҚҚ
Қазақстан	4 397 693	2 239 488	1 808 655	349 550	1 493 692	636 958	770 383	86 351
Абай обл	104 860	36 077	52 735	16 098	53 859	10 720	37 004	6 135
Ақмола обл	145 151	72 072	62 600	10 479	38 950	8 968	28 098	1 884
Ақтөбе обл	174 801	82 559	80 880	11 362	52 661	16 168	34 922	1 571
Алматы обл	248 200	97 223	112 859	38 118	95 217	24 592	51 818	18 837
Атырау обл	154 757	78 579	70 295	5 883	44 708	14 102	29 504	1 102
Б-Қазақстан обл	126 638	53 603	59 638	13 397	35 624	9 267	24 483	1 874
Жамбыл обл	168 103	48 328	83 420	36 355	50 905	6 355	36 529	8 021
Жетісу обл	106 703	33 828	43 075	29 800	29 398	6 422	14 471	8 505
Қарағанды обл	254 776	142 919	98 973	12 884	79 973	34 520	42 505	2 948
Қостанай обл	165 868	80 581	73 239	12 048	56 359	15 844	37 266	3 249
Қызылорда обл	122 736	40 388	65 740	16 608	37 694	5 081	31 253	1 360
Манғыстау обл	152 548	67 435	80 387	4 726	57 643	20 211	36 547	885
Павладар обл	139 765	70 258	59 751	9 756	49 483	16 840	30 719	1 924
Сол.Қазақстан обл	107 392	60 119	38 993	8 280	25 956	7 865	16 385	1 706
Түркістан обл	286 324	66 612	126 605	93 107	80 905	15 444	48 162	17 299
Ұлытау обл	30 824	9 200	17 087	4 537	9 812	2 711	6 327	774
Шығыс Қазақстан обл	166 499	84 078	69 233	13 188	83 322	25 903	52 178	5 241
Астана қ.	536 962	344 578	190 313	2 071	157 467	90 321	66 496	650
Алматы қ.	969 528	652 678	313 242	3 608	384 606	279 799	103 767	1040
Шымкент қ.	235 258	118 423	109 590	7 245	69 150	25 855	41 949	1 346
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [160]								

29-кестеде 2024 жылғы мәліметтерге сәйкес, Қазақстанда жалпы 4 397 693 жұмыс істеп тұрған субъектінің ішінде 1 493 692-сі әйелдер басқаратын


кәсіпорындар болып табылады. Осылайша, әйелдер басқаратын субъектілердің үлесі – 33,96%.

Кесте 30 – Басшылары әйел адамдар болып табылатын жұмыс істеп тұрған шаруа немесе фермер шаруашылықтарының саны (2021-2025)

Аймақтар	1 шіл деге 2021 ж.	1 қаң тарға 2022 ж.	1 шіл деге 2022 ж.	1 қаң тарға 2023 ж.	1 шіл деге 2023 ж.	1 қаң тарға 2024 ж.	1 шіл деге 2024 ж.	1 қаң тарға 2025 ж.
Қазақстан республикасы	55.997	56.635	57.214	64.663	72.678	73.805	71.556	69.384
Ақмола облысы	1.517	1.494	1.528	1.659	1.795	1.788	1.710	1.614
Ақтөбе облысы	2.243	2.407	2.332	2.453	2.510	2.470	2.487	2.451
Алматы облысы	12.505	12.369	7.509	7.806	8.396	8.511	8.507	8.146
Атырау облысы	774	796	853	913	1.025	1.083	1.031	1.013
Батыс Қазақстан облысы	1.851	1.919	1.824	2.100	2.502	2.542	2.503	2.388
Жамбыл облысы	4.366	4.450	4.831	6.351	8.288	9.232	9.057	8.429
Қарағанды облысы	2.966	3.089	2.166	2.433	2.825	2.739	2.480	2.322
Қостанай облысы	1.715	1.684	1.614	1.711	1.986	1.919	1.823	1.772
Қызылорда облысы	4.332	4.192	3.742	4.394	4.573	3.856	3.354	3.101
Маңғыстау облысы	702	733	837	945	1.074	1.074	1.014	878
Павлодар облысы	639	740	821	1.167	1.461	1.357	1.359	1.276
Солтүстік Қазақстан облысы	1.114	1.090	1.073	1.222	1.381	1.315	1.230	1.145
Шығыс Қазақстан облысы	4.106	4.321	2.093	2.222	2.457	2.438	2.362	2.345
Астана	109	152	229	341	484	549	533	485
Алматы	303	354	521	756	912	981	963	973
Шымкент	997	922	1.141	1.601	2.030	2.172	2.047	1.959
Түркістан облысы	15.758	15.923	16.531	18.050	19.863	20.494	19.954	20.112
Жетісу облысы	-	-	4.545	5.109	5.501	5.621	5.550	5.463
Ұлытау облысы	-	-	822	958	1.006	1.015	973	948
Абай облысы	-	-	2.202	2.472	2.609	2.649	2.619	2.564
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [160]								

30-кестеде 2021 жылдың 1 шілдесінде – 55 997 дара кәсіпкер болса, 2025 жылдың 1 қаңтарына қарай бұл көрсеткіш 69 384-ке жетіп отыр. Бұл көрсеткіш әйелдер кәсіпкерлігінің ел бойынша жоғары шоғырланғанын, әсіресе үлкен қалалар мен экономикалық белсенді өңірлерде кәсіпкер әйелдердің басым екенін көрсетеді.

16-суретте Түркістан облысы 14,5% (20 112 бірлік) үлесімен көш бастап, әйелдер кәсіпкерлігі негізінен ауыл шаруашылығы, қолөнер және қызмет көрсету салаларында шоғырланған. Алматы қаласы 5,9% (8 146 бірлік) үлесімен инновациялық бағыттағы (сауда, IT, шығармашылық индустрия) кәсіпкерлікпен ерекшеленеді, мұнда қаржы және бизнес ресурстарына қолжетімділік жоғары. Жетісу, Жамбыл және Батыс Қазақстан облыстары орташа деңгейде, ал Абай, Шығыс Қазақстан, Ұлытау және Ақмола облыстарында үлес төмен, бұл кәсіпкерлік белсенділіктің баяулығын және қолдау тетіктерінің әлсіздігін аңғартады.



Статистик

Сурет 16 – Әйелдер басқаратын тіркелген және жұмыс істеп тұрған ауыл шаруашылығы қожалықтарының көрсеткіші

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [160]


Кесте 31 – Қазақстан Республикасында басшылары әйелдер болып табылатын тіркелген шаруа немесе фермер қожалықтары

Аймақтар	1 шілдеге 2021 ж.	1 қаңтарға 2022 ж.	1 шілдеге 2022 ж.	1 қаңтарға 2023 ж.	1 шілдеге 2023 ж.	1 қаңтарға 2024 ж.	1 шілдеге 2024 ж.	1 қаңтарға 2025 ж.
Қазақстан республикасы	59.046	59.850	60.120	67.315	75.191	76.035	73.771	72.382
Ақмола облысы	1.631	1.625	1.649	1.765	1.887	1.866	1.789	1.691
Ақтөбе облысы	2.333	2.502	2.436	2.544	2.599	2.547	2.568	2.524
Алматы облысы	13.642	13.496	8.081	8.328	8.850	8.928	8.903	8.736
Атырау облысы	803	821	872	930	1.045	1.114	1.068	1.042
Батыс қазақстан облысы	2.025	2.114	1.994	2.260	2.660	2.676	2.600	2.489
Жамбыл облысы	4.583	4.738	5.143	6.674	8.646	9.589	9.475	9.126
Қарағанды облысы	3.094	3.230	2.278	2.540	2.944	2.812	2.559	2.388
Қостанай облысы	1.827	1.787	1.698	1.789	2.062	1.985	1.876	1.820
Қызылорда облысы	4.546	4.378	3.926	4.560	4.718	3.979	3.464	3.192
Маңғыстау облысы	743	783	883	984	1.112	1.112	1.053	1.002
Павлодар облысы	652	753	833	1.183	1.484	1.393	1.390	1.348
Солтүстік Қазақстан обл	1.184	1.164	1.134	1.280	1.453	1.365	1.277	1.188
Шығыс қазақстан облысы	4.523	4.730	2.303	2.404	2.575	2.559	2.479	2.447
Астана қаласы	131	172	243	358	508	570	553	534
Алматы қаласы	404	458	597	824	982	1.006	1.003	1.045
Шымкент қаласы	1.122	1.116	1.305	1.771	2.189	2.310	2.220	2.101
Түркістан облысы	15.803	15.983	16.588	18.112	19.955	20.587	20.063	20.460
Жетісу облысы	-	-	4.958	5.430	5.757	5.840	5.723	5.636
Ұлытау облысы	-	-	870	999	1.046	1.044	998	968
Абай облысы	-	-	2.329	2.580	2.719	2.753	2.710	2.645

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [160]

Қазақстандағы әйелдер басшылығындағы шаруа және фермер қожалықтарының өңірлік үлесін көрсетеді. Ел бойынша бұл көрсеткіштің тең жартысы Түркістан, Алматы, Жамбыл облыстарына тиесілі екені байқалады. Бұл ауылдық өңірлердегі әйелдердің кәсіпкерлік белсенділігінің жоғары екенін,

сондай-ақ ауыл шаруашылығы саласында әйелдердің рөлінің артуын дәлелдейді.



Сурет 17 – Қазақстандағы әйелдер жетекшілік ететін шаруа және фермер қожалықтарының өңірлер бойынша үлестік көрсеткіші

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [160]

17-суретте көрсетілгендей көшбасшы өңір – Түркістан облысы (28,3%) әйелдер басқаратын шаруа және фермер қожалықтары бойынша көшбасшы, бұл ауылшаруашылық бағытының дамуы, халық санының көптігі және мемлекеттік қолдау бағдарламаларының әсерімен түсіндіріледі. Жамбыл (12,6%) және Алматы (12,1%) облыстарында да үлес жоғары, әйелдер агротуризм, жылыжай және ұсақ шаруашылықтарда белсенді. ШҚО, БҚО, Ақтөбе және Абай облыстарында көрсеткіш орташа, ал Ұлытау (1,3%), СҚО (1,6%) және Ақмола (2,3%) облыстарында төмен, себебі ірі агрохолдингтердің басымдығы мен әлеуметтік-экономикалық кедергілер сақталған. Жалпы, өңірлер арасында айқын теңсіздік байқалады.

Кесте 32 – 2022-2025 жылдар аралығында әйелдер басқаратын тіркелген дара кәсіпкерлер санының өзгеру үрдісі


Аймақтар	1 қаң тарға 2022 ж.	1 шіл деге 2022 ж.	1 қаң тарға 2023 ж.	1 шіл деге 2023 ж.	1 қаң тарға 2024 ж.	1 шіл деге 2024 ж.	1 қаң тарға 2025 ж.
1	2	3	4	5	6	7	8
Қазақстан Республикасы	9.209	8.250	7.695	9.297	7.098	6.651	5.951
Ақмола облысы	296	264	239	252	190	175	156
Ақтөбе облысы	176	158	143	354	225	173	148
Алматы облысы	558	391	415	608	431	383	347
Атырау облысы	112	102	128	149	131	117	88
Батыс қазақстан облысы	299	316	276	310	212	212	195
Жамбыл облысы	2.609	2.354	2.158	2.279	1.736	1.518	1.325
Қарағанды облысы	90	43	43	81	54	44	41
Қостанай облысы	129	116	114	188	119	105	92

32-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8
Қызылорда облысы	231	195	194	273	183	164	152
Маңғыстау облысы	68	62	58	85	53	54	53
Павлодар облысы	787	677	571	531	448	371	321
Солтүстік Қазақстан обл	114	104	99	120	91	88	94
Шығыс Қазақстан обл	77	38	83	111	84	70	57
Астана қаласы	34	31	28	55	28	21	17
Алматы қаласы	260	229	199	256	184	175	152
Шымкент қаласы	295	315	207	227	142	123	104
Түркістан облысы	3.074	2.662	2.660	3.136	2.623	2.725	2.478
Жетісу облысы	-	140	46	179	97	76	79
Ұлытау облысы	-	22	8	37	23	18	18
Абай облысы	-	31	26	66	44	39	34

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [160]

32-кестеде басшылары әйел адамдар болып табылатын тіркелген дара кәсіпкерлер санының 2022-2025 жылдар жалпы үрдісі (Қазақстан Республикасы бойынша) 2022 жылдың 1 қаңтарында – 9 209 тіркелген дара кәсіпкерлер. 2025 жылдың 1 қаңтарына қарай – 5 951. 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап күрт төмендеу динамикасы байқалады. Бұл төмендеу экономикалық жағдайлар, салықтық жүктеме, әлеуметтік қолдау тетіктерінің жеткіліксіздігімен байланысты болуы мүмкін.



Сурет 18 – 2022-2025 жылдары әйелдер жетекшілік ететін тіркелген дара кәсіпкерлер санының көрсеткіші

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [160]


18-сурет деректері Қазақстандағы әйелдер басқаратын дара кәсіпкерліктің аймақтық айырмашылығын көрсетеді. Ең жоғары үлес Түркістан облысына тиесілі – 41,6% (2 478 бірлік), бұл өңірдің әлеуметтік құрылымы, өзін-өзі жұмыспен қамту деңгейінің жоғарылығы және мемлекеттік қолдау бағдарламаларының тиімділігімен түсіндіріледі. Жамбыл облысында үлес 22,3% (1 325), Алматы облысында – 5,8% (347), мұнда әйелдер ауыл

шаруашылығы, қызмет көрсету және агротуризм салаларында белсенді. Орташа көрсеткіш Батыс Қазақстан, Ақмола, Қызылорда, Ақтөбе және Павлодар облыстарында байқалады (2,1-3,3%). Ең төмен үлес Ұлытау (0,3%), Абай (0,6%) және Қарағанды (0,7%) облыстарына тиесілі, кәсіпкерлік саласына тартылудағы негізгі кедергілердің қатарында индустриялық құрылым, қаржылық қолжетімділіктің аздығы және гендерлік көзқарастардың ықпалы байқалады.

Кесте 33 – Әйелдер басқаратын дара кәсіпкерлер санының аймақтық динамикасы (2022-2025)

Аймақтар	1 қаңтарға 2022 ж.	1 шілдеге 2022 ж.	1 қаңтарға 2023 ж.	1 шілдеге 2023 ж.	1 қаңтарға 2024 ж.	1 шілдеге 2024 ж.	1 қаңтарға 2025 ж.
Қазақстан Республикасы	7.999	7.202	6.873	8.603	6.561	6.117	5.331
Ақмола облысы	261	239	220	233	177	159	150
Ақтөбе облысы	160	145	130	337	208	162	138
Алматы облысы	482	358	383	575	409	356	308
Атырау облысы	88	85	116	139	119	104	77
Батыс қазақстан облысы	240	265	232	269	184	187	172
Жамбыл облысы	2.243	1.960	1.823	1.980	1.485	1.274	1.052
Қарағанды облысы	80	32	34	73	48	42	40
Қостанай облысы	117	110	107	182	111	98	89
Қызылорда облысы	205	170	176	258	174	158	148
Маңғыстау облысы	43	39	38	66	38	38	31
Павлодар облысы	696	607	513	476	406	342	287
Солтүстік қазақстан облысы	104	99	94	116	88	87	94
Шығыс қазақстан облысы	61	33	81	107	80	61	50
Астана қаласы	24	24	21	48	25	18	11
Алматы қаласы	78	101	91	218	171	166	144
Шымкент қаласы	190	223	150	195	115	85	80
Түркістан облысы	2.927	2.556	2.585	3.057	2.564	2.651	2.334
Жетісу облысы	-	107	46	172	93	74	75
Ұлытау облысы	-	22	8	37	23	18	17
Абай облысы	-	27	25	65	43	37	34
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [160]							

33-кестеде Қазақстанда басшысы әйел болып табылатын дара кәсіпкерлер саны 2022 жылғы 7 999-дан 2025 жылы 5 331-ге дейін азайған (33,3%). Түркістан (2 334) мен Жамбыл (1 052) облыстары көш бастап тұр. Алматы облысы (308), Павлодар (287), Қызылорда (148) сынды өңірлерде де айтарлықтай үлес бар. Астана (11), Ұлытау (17), Абай (34) облыстарында көрсеткіштер ең төмен. Жалпы тренд – әйелдер кәсіпкерлігінің ауылдық өңірлерде басымдығы мен урбанизацияланған қалаларда төмендігі.



Сурет 19 – 2022-2025 жылдардағы әйелдер басшылығындағы дара кәсіпкерлер санының өңірлер бойынша көрсеткіші

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [160]

19-суреттегі әйелдер басқаратын дара кәсіпкерлердің аймақтық бөлінісінде айқын теңсіздікті көрсетеді. Ең жоғары үлес Түркістан облысында – 2 334 бірлік (43,8%), бұл өңірдің өзін-өзі жұмыспен қамту мен шағын сауда саласының қарқынды дамуына байланысты. Жамбыл облысы – 1 052 (19,7%), Алматы облысы – 308 (5,8%), Батыс Қазақстан – 172 (3,2%) көрсеткішке ие. Алматы (144; 2,7%) және Астана (11; 0,2%) қалаларында үлес төмен, өйткені ірі кәсіпкерлік көбіне заңды тұлғалар ретінде тіркеледі. Павлодар, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан, Ұлытау облыстарында да әйел кәсіпкерлер саны аз. Кәсіпкерлік белсенділігі төмен өңірлерге мемлекеттік қолдау шараларын күшейту өзекті болып табылады.


Көптеген әйелдерді қолдау бастамаларына қарамастан, әйел кәсіпкерлер әлі де елеулі қиындықтарға тап болуда. Оларға қаржылық шектеулер, гендерлік стереотиптер, отбасылық міндеттер және цифрлық ресурстарға шектеулі қолжетімділік жатады. Бұл кедергілерді жою қаржы, әлеуметтік және технологиялық факторлардың өзара әрекетін ескеретін кешенді тәсілді талап етеді, өйткені бұл факторлар бизнесті құру мен дамытуға әсер етеді.

Осы тарауда 2024 жылғы 1 қаңтарға Қазақстан Республикасының 20 өңірі бойынша әйелдер кәсіпкерлігінің кеңейтілген талдауы көрсетілген. Бастапқы деректер негізінде: шағын және орта кәсіпкерлік (ШОК) субъектілерінің жалпы санындағы әйел кәсіпкерлердің үлесі, жиынтық ЖӨӨ-дегі өңірдің үлесі, еңбекке қабілетті жастағы 1000 әйелге шаққандағы әйел кәсіпкерлердің тығыздығы, сондай-ақ аталған көрсеткіштерді біріктіретін интегралдық индекс есептелген.

Бастапқы ақпарат ретінде Ұлттық статистика бюросының ресми статистикалық деректері пайдаланылды [160].

20-суреттен көрініп тұрғандай, әйел кәсіпкерлердің ең көп шоғырланған өңірлері – Алматы қаласы (174,9 мың адам), Астана қаласы (121,2 мың адам) және Түркістан облысы (90,9 мың адам). Бұл өңірлерде экономикалық белсенділік пен кәсіпкерлік инфрақұрылым жақсы дамыған. Ал ең төмен

көрсеткіш Ұлытау (10,8 мың адам) және Солтүстік Қазақстан (15,7 мың адам) облыстарында байқалады, бұл олардың экономикалық әлеуетінің салыстырмалы түрде төмендігі мен әйелдердің кәсіпкерлік қызметке қатысу белсенділігінің шектеулі екенін көрсетеді.




Сурет 20 – Өңірлер бойынша әйел кәсіпкерлер саны

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [160]

21-суретте өңірлер бойынша шағын және орта кәсіпкерліктегі (ШОК) және жалпы өңірлік өнімдегі (ЖӨӨ) әйелдердің үлесі көрсетілген.

21-суреттен өңірлер бойынша әйелдердің шағын және орта кәсіпкерліктегі (ШОК) және жалпы өңірлік өнімдегі (ЖӨӨ) үлесінің айырмашылығы айқын көрінеді. Әйелдердің ШОК-тағы үлесі елдің барлық өңірлерінде жоғары деңгейде сақталған (орта есеппен 48-52%), бұл олардың бизнес саласында белсенді екенін көрсетеді. Ең жоғары көрсеткіш Түркістан облысында (57,15%), ал ең төменгі мән Ұлытау облысында (41,38%) байқалады.

ЖӨӨ-дегі әйелдердің үлесі салыстырмалы түрде төмен (орта есеппен 4-5%), яғни әйелдер басқаратын кәсіпорындардың өңірлік экономиканың жалпы көлеміндегі үлесі аз. Ең жоғары көрсеткіш Алматы қаласында (21,12%), ал ең төменгі көрсеткіш Ұлытау облысында (1,87%) байқалады.



Сурет 21 – Өңірлер бойынша шағын және орта кәсіпкерліктегі (ШОК) және жалпы өңірлік өнімдегі (ЖӨӨ) әйелдердің үлесі (%)

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [160]

Талдау жүргізудің мақсаты – шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны мен еңбекке қабілетті әйелдер саны туралы статистикалық деректер негізінде Қазақстан Республикасының өңірлеріндегі әйелдер кәсіпкерлігінің даму деңгейін бағалау болып табылады. Осы көрсеткіштер негізінде есептеу әдістемесі анықталды.

Көрсеткіштерді есептеу әдістемесі

1. ШОК жалпы санындағы әйелдер ШОК үлесі, %:

$$D_1 = \frac{\text{ШОК}_\text{Ә}}{\text{ШОК}_\text{жалпы}} \times 100 \quad (1.1)$$

мұнда ШОК_Ә – шағын және орта кәсіпкерліктің әйелдер басқаратын кәсіпорындар саны;

ШОК_{жалпы} – шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің жалпы саны.

2. Әйелдер кәсіпкерлігінің тығыздығы (еңбекке қабілетті жастағы 1000 әйелге):

$$D_2 = \frac{\text{ШОК}\Theta}{\Theta_{\text{еңбек}}} \times 1000 \quad (1.2)$$

мұнда $\Theta_{\text{еңбек}}$ – еңбекке қабілетті жастағы әйелдер саны.

3. Өңірдің ЖӨӨ әйелдер ШОК үлесі, %:

$$D_3 = \frac{\Theta\Theta Y_{\text{ШОК}\Theta}}{\Theta\Theta Y_{\text{өңір}}} \times 100 \quad (1.3)$$

мұнда $\Theta\Theta Y_{\text{ШОК}\Theta}$ – әйелдер кәсіпорындарының өңірлік өнімге шартты түрде есептелген үлесі (өңірдің экономика құрылымындағы әйелдер ШОК-тың орташа үлесі негізінде).

4. Осу көрсеткіштері (2019-2025 жылдар аралығында), %:

$$T = \frac{X_t}{X_{2019}} \times 100 \quad (1.4)$$

мұнда X_t – талдау жылының көрсеткіші;

X_{2019} – негізгі көрсеткіш (100 деп қабылданған).

5. Әйелдер кәсіпкерлігінің даму деңгейінің интегралдық индексі: Көрсеткіштер 0 мен 1 аралығына дейін минимакс тәсілімен стандартталады:

$$I_i = \frac{X_i - X_{\min}}{X_{\max} - X_{\min}} \quad (1.5)$$

Келесі кезеңде үш стандартталған көрсеткіштің орташа мәні анықталады:

$$I_{\text{өңір}} = \frac{I_{D1} + I_{D2} + I_{D3}}{3} \quad (1.6)$$

Интегралдық индекс негізінде өңірлердің рейтингі қалыптастырылады (1 – жоғары деңгей, 3 – орташа деңгей, 5 – төменгі деңгей).

Есептеулер нәтижесінде әйелдер кәсіпкерлігінің даму деңгейі бойынша көшбасшы өңірлер айқындалды; бизнестегі әйелдердің тығыздығы мен шоғырлану деңгейі анықталды; әйелдер секторының жалпы өңірлік өнімге қосқан үлесі бағаланды; еңбекке қабілетті жастағы әйелдер саны, ШОК субъектілерінің жалпы саны және өңірдің экономикалық даму деңгейі арасындағы өзара байланыс белгіленді. Жүргізілген талдаудың алынған нәтижелері 35-кестеде ұсынылды.

Кесте 35 – Қазақстан өңірлеріндегі тіркелген әйелдер кәсіпкерлігінің даму деңгейін салыстырмалы түрде талдау

Өңір	Әйел кәсіпкерлер саны (адам)	ШОК-тағы үлесі, %	ЖӨӨ-дегі үлесі, %	Тығыздығы (1000 әйелге)	Интегралдық индекс	Рейтинг
Алматы қ.	174 851	45,78	21,123	187,203	0,7274	1
Астана қ.	121 203	47,53	10,851	199,992	0,6221	2
Маңғыстау облысы	48 563	57,15	4,018	156,437	0,5991	3
Атырау облысы	37 854	53,42	12,757	121,865	0,5814	4
Шымкент қ.	72 015	51,8	3,416	180,125	0,5357	5
Ұлытау облысы	10 789	54,33	1,649	123,999	0,4172	6
Қызылорда облысы	37 826	53,17	2,155	120,919	0,3934	7
Абай облысы	30 798	53,17	2,199	115,512	0,3806	8
Ақтөбе облысы	47 068	51,1	3,506	120,758	0,3723	9
Қарағанды облысы	53 707	49	6,457	117,613	0,3701	10
Шығыс Қазақстан обл	35 077	50,32	3,733	107,933	0,3274	11
Батыс Қазақстан обл	30 615	48,87	4,199	106,859	0,302	12
Жамбыл облысы	56 679	47,78	2,45	120,232	0,283	13
Алматы облысы	67 845	47,82	4,456	103,926	0,2767	14
Жетісу облысы	29 644	46,62	1,515	108,659	0,2133	15
Қостанай облысы	32 017	47,09	3,714	88,66	0,21	16
Түркістан облысы	90 957	43,13	3,208	123,561	0,206	17
Ақмола облысы	28 526	45,64	3,071	84,47	0,1579	18
Павлодар облысы	27 404	45,15	3,66	83,114	0,1542	19
Солтүстік Қазақстан облысы	15 713	41,38	1,865	68,12	0,006	20

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [160]

Осы талдаулар негізінде келесі қорытындылар жасалды:

1. Көшбасшы өңірлер және олардың сипаттамалары.

Интегралдық индекс бойынша көшбасшылар қатарында ірі қалалық агломерациялар – Алматы қаласы мен Астана қаласы. Алматы қаласында ШОК-тағы әйелдердің жоғары үлесінің (45,8%), ұлттық ЖӨӨ-дегі елеулі үлестің (21,12%) және кәсіпкер әйелдердің жоғары тығыздығының (1000 еңбекке қабілетті жастағы әйелге шаққанда 187 адам) үйлесімінің арқасында бірінші орында тұр. Астана қаласы да әйелдер кәсіпкерлігінің жоғары белсенділігін көрсетіп отыр. Бұл жағдай елордадағы экономикалық инфрақұрылымның шоғырлануы мен кәсіпкерлік қызметті дамытуға арналған мүмкіндіктердің кеңеюін көрсетеді.

2. Жоғары экономикалық әлеуетімен ерекшеленетін өңірлер.

Атырау облысы жалпы өңірлік өнімге қосқан жоғары үлесімен ерекшеленеді, бұл оның интегралдық индексін арттырады, дегенмен мұнда әйелдердің кәсіпкерлік белсенділігінің тығыздығы астаналарға салыстырғанда төмен. Бұл мақсатты қолдау шаралары мен кәсіпкерлікке кедергілерді азайту кезінде әйелдер бизнесінің өсу әлеуетін көрсетеді.

3. Әйелдер кәсіпкерлігінің тығыздығы жоғары, бірақ ЖӨӨ үлесі төмен өңірлер.

Шымкент қаласы шағын және орта кәсіпкерліктегі әйелдердің үлесі жоғары және тығыздығы жоғары, алайда, оның жалпы өңірлік өнімдегі үлесі Алматы мен Астана қалаларымен салыстырғанда төмен. Бұл жағдай өңірде жергілікті деңгейде әйелдер кәсіпкерлігінің белсенді дамып келе жатқанын көрсетеді және тиісті қолдау шараларымен бірге өңірлік экономикалық өсудің маңызды қозғаушы күшіне айнала алатынын дәлелдейді.

4. Әйелдер кәсіпкерлігінің деңгейі төмен өңірлер және ұсынылатын шаралар.

ЖӨӨ орташа мәніне қарамастан, бірқатар облыстарда әйелдердің шағын және орта кәсіпкерлікке қатысу деңгейі мен белсенділік тығыздығы төмен. Мұндай өңірлер үшін кәсіпкерлік дағдыларын дамытуға бағытталған оқу бағдарламаларын жетілдіру, қаржыландыруға қолжетімділікті жақсарту (микрокредиттер, гранттар) желілік алаңдар құру және нарықтарға шығуға көмектесу (цифрлық трансформацияны қоса алғанда) ұсынылады.

Интегралды индекс үш көрсеткішті қалыпқа келтіруге негізделген және өңірдің үлгі шеңберіндегі салыстырмалы орнын көрсетеді. Бұл индекс салыстырмалы талдау жүргізуге және қайталама бақылаулар кезінде динамиканы бақылау үшін қолданылады.

Алынған нәтижелер Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігін дамытуда кеңістіктік-экономикалық теңсіздіктердің бар екендігін растайды және кәсіпкерлік белсенділігі төмен өңірлерде әйелдердің экономикалық белсенділігін арттыру үшін атаулы саясаттың қажеттілігін көрсетеді.

Жалпы алғанда, интегралдық индекс пен өңірлік көрсеткіштерді салыстыру нәтижелері Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігінің кеңістіктік-экономикалық теңсіздіктері сақталып отырғанын растады. Әйелдердің ШОК-тағы жоғары белсенділігі олардың бизнеске қатысу ниеті мен әлеуеті жеткілікті екенін дәлелдейді, алайда бұл әлеует толық көлемде өңірлік экономикалық өсімге айналмай отыр. Сондықтан алдағы кезеңде әйелдер кәсіпкерлігін қолдау саясаты өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, біріншіден, артта қалған өңірлерде базалық институционалдық және инфрақұрылымдық жағдайларды жақсартуға, екіншіден, алдыңғы қатардағы өңірлерде жоғары технологиялы, инновациялық және экспортқа бағытталған әйелдер бизнесін ынталандыруға бағытталуы тиіс.

Мұндай кешенді тәсіл әйелдер кәсіпкерлігінің үлесін сандық қана емес, сапалық тұрғыдан да арттыруға, өңірлік экономикалардың әртараптандырылуын жеделдетуге және ұлттық деңгейде инклюзивті, гендерлік теңгерімді экономикалық өсімді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2.2 Әйелдер кәсіпкерлігінің бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін әлеуметтік-экономикалық факторларды эконометрикалық талдау

Әйелдер кәсіпкерлігінің бәсекеге қабілеттілігін талдаудың мақсаты – экономикалық дамудың әртүрлі деңгейімен және шағын және орта бизнесті институционалдық қолдау дәрежесімен сипатталатын елдермен салыстыра отырып, Қазақстан Республикасындағы әйелдер кәсіпкерлігінің даму деңгейіне кешенді баға беру болып табылады. Мұндай талдау Қазақстанның өңірлік және

жаһандық контекстегі орнын айқындауға, оның бәсекелік артықшылықтары мен өзекті мәселелерін анықтауға, сондай-ақ әйелдер кәсіпкерлігін қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіру бағыттарын ұсынуға мүмкіндік береді.

Талдау нысандары ретінде жеті ел таңдап алынды: Қазақстан, Өзбекстан, Әзербайжан, Грузия, Польша, Түркия және Корея Республикасы (Оңтүстік Корея). Бұл тізім әртүрлі экономикалық құрылымдар мен институционалдық жағдайлары бар мемлекеттерді қамтиды, бұл зерттеудің өкілдік сипатын қамтамасыз етіп, елдер арасындағы салыстырмалы талдау жүргізуге мүмкіндік береді.

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін зерттеу аясында келесі міндеттер шешілді:

1. Әйелдердің кәсіпкерлік қызметке қатысуының негізгі көрсеткіштерін есептеу, соның ішінде олардың шағын және орта кәсіпкерлік (ШОК) субъектілеріндегі үлесін, әйелдер кәсіпкерлігінің тығыздығын және әйелдер бизнесінің жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) қалыптасуына қосқан үлесін есептеу.

2. Әйелдер бизнесінің дамуына институционалдық, экономикалық және демографиялық факторлардың жиынтық әсерін көрсететін әйелдер кәсіпкерлігінің бәсекеге қабілеттілігінің интегралды индексі (Women Entrepreneurship Competitiveness Index – Wei) қалыптастыру.

3. Алынған нәтижелерге салыстырмалы талдау жүргізу және Қазақстанның Орталық Азия елдері мен экономикалық дамыған мемлекеттер жүйесіндегі орнын анықтау.

Зерттеудің эмпирикалық негізі 2024 жылғы ресми статистикалық деректер мен халықаралық бағалау есептері негізінде қалыптастырылды [160; 161-166].


22-суретте әр ел бойынша әйел кәсіпкерлер саны мен еңбекке қабілетті жастағы әйелдердің жалпы санының арақатынасы көрсетілген.

Көрсетілген мәліметтерге сәйкес, ең жоғары кәсіпкерлік белсенділік Корея Республикасында байқалады – мұнда 2,1 млн. әйел кәсіпкер тіркелген, бұл жалпы еңбекке қабілетті 12,9 млн. әйелдің шамамен 16%-ын құрайды.

Түркияда әйел кәсіпкерлер саны 1,8 млн. адам, ал еңбекке қабілетті әйелдер саны 16,2 млн., бұл елде де әйелдердің экономикалық белсенділігі жоғары екенін көрсетеді.

Польша мен Қазақстанда әйел кәсіпкерлердің саны шамамен бір деңгейде – тиісінше 1,25 млн және 1,05 млн. адам, бұл шағын және орта бизнес құрылымында әйелдердің маңызды үлеске ие екенін дәлелдейді.

Ал Өзбекстан, Әзербайжан және Грузияда әйел кәсіпкерлер саны айтарлықтай төмен, бұл аталған елдерде әйелдер кәсіпкерлігін дамыту әлеуетінің әлі де толық іске аспағанын көрсетеді.




Сурет 22 – Әйел кәсіпкерлер саны мен еңбекке қабілетті жастағы әйелдердің арақатынасы (елдер бойынша)

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [160; 161; 162; 163; 164; 165; 166]

23-суретте әр ел бойынша әйел кәсіпкерлер саны мен шағын және орта кәсіпкерлік (ШОК) субъектілерінің жалпы санының арақатынасы көрсетілген. Суреттен көрініп тұрғандай, Корея Республикасы мен Түркияда әйел кәсіпкерлердің саны мен жалпы ШОК көлемі жоғары. Ал Өзбекстан мен Әзербайжанда әйелдердің кәсіпкерлік белсенділігі салыстырмалы түрде төмен деңгейде.

Орталық Азия елдеріндегі әйелдер кәсіпкерлігінің даму деңгейіне салыстырмалы талдау жүргізу және оны дамыған экономикасы бар мемлекеттердің көрсеткіштерімен салыстыру мақсатында әйелдердің кәсіпкерлік қызметке қатысуының негізгі қырларын көрсететін өзара байланысты үш көрсеткіш жүйесі пайдаланылды.

Бірінші көрсеткіш әйелдердің кәсіпкерлік қызметке тартылу дәрежесін сипаттайды және шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің (ШОК) жалпы саны арасындағы кәсіпкер әйелдердің үлесі ретінде айқындалады (D_1). Бұл индикатор әйелдердің бизнесті құруға және дамытуға қаншалықты белсенді қатысатынын бағалауға, сондай-ақ кәсіпкерлік сектор құрылымындағы гендерлік айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік береді.



Сурет 23 – Елдер бойынша әйел кәсіпкерлер мен ШОК субъектілерінің жалпы санының арақатынасы

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [160; 161; 162; 163; 164; 165; 166]

Екінші көрсеткіш әйелдер кәсіпкерлігінің тығыздығын көрсетеді және еңбекке қабілетті жастағы мың әйелге келетін кәсіпкер әйелдердің саны ретінде есептеледі (D_2). Бұл жалпы экономикалық белсенді әйелдер популяциясы шеңберінде әйелдердің бизнеске қатысу қарқындылығын көрсетеді және әрбір мемлекеттегі әйелдер арасындағы кәсіпкерлік белсенділік деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Үшінші көрсеткіш жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) 1 миллиард USD шаққандағы әйел кәсіпкерлердің үлесін білдіреді (D_3). Бұл көрсеткіш әйелдер бизнесінің ел экономикасына қосқан үлесін бағалау үшін, сондай-ақ кәсіпкерлік белсенділік ауқымы мен экономикалық даму деңгейі арасындағы байланысты анықтау үшін қолданылады.

Үш көрсеткіш негізінде әйелдер кәсіпкерлігінің бәсекеге қабілеттілік интегралдық индексі (Women Entrepreneurship Index – WEI) есептелді. Бұл индекс әртүрлі елдердегі әйелдер бизнесінің әлеуетін, тұрақтылығын және экономикалық ықпалын кешенді түрде бағалауға мүмкіндік береді. Индекс кәсіпкерлер арасындағы әйелдердің үлесін, олардың бизнеске қатысу белсенділігін және ұлттық жалпы ішкі өнімнің қалыптасуына қосқан үлесін ескереді.

Индексті есептеу көрсеткіштерді қалыпқа келтіру және оларды белгіленген маңыздылық коэффициенттеріне сәйкес өлшеу принципіне

негізделген, бұл экономикалық дамудың әртүрлі деңгейлері бар елдер арасындағы деректердің салыстырмалылығын қамтамасыз етеді.

Бұл әдістемені қолдану Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігінің деңгейін өңірдің басқа елдерімен сандық салыстыруға ғана емес, сонымен қатар әйелдердің жұмыспен қамтылуы мен іскерлік белсенділігін мемлекеттік қолдаудың құрылымдық ерекшеліктерін, өсу әлеуеті мен бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді (36-кесте).

Кесте 36 – Әйелдер кәсіпкерлігі индексі есептеу көрсеткіштері

Компонент	Мазмұны	Белгіленуі	Индекстегі салмағы
1. Ынталылық	Барлық кәсіпкерлер (ШОК) арасындағы әйелдердің үлесі	D_1	0,4
2. Белсенділік	Еңбекке қабілетті 1000 әйелге шаққандағы әйел кәсіпкерлердің тығыздығы	D_2	0,3
3. Экономикалық үлес	Жалпы ішкі өнімнің 1 млрд АҚШ долларына шаққандағы әйел кәсіпкерлер саны	D_3	0,3
Ескерту – Автормен құрастырылған			

Әйелдер кәсіпкерлігінің бәсекеге қабілеттілік индексі келесі (1.1) формула бойынша есептеледі:

$$WEI = 0,4 \times \frac{D_1}{\max(D_1)} + 0,3 \times \frac{D_2}{\max(D_2)} + 0,3 \times \frac{D_3}{\max(D_3)} \quad (1.1)$$

мұнда салмақтар 0,4; 0,3; 0,3 тиісінше тартудың, тығыздықтың және экономикалық салымның басымдығын көрсетеді (UNDP women's economic Empowerment framework әдістемесі негізінде).

WEI индексінің мәндерін түсіндіру

Салыстырмалы талдау нәтижелерін бағалау үшін әйелдер кәсіпкерлігінің бәсекеге қабілеттілік индексі (WeI – *Women Entrepreneurship Competitiveness Index*) түсіндіру шкаласы қолданылды, бұл әр елдегі әйелдер бизнесінің даму және институционалдық қолдау деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Жоғары деңгей (WEI=0,80-1,00). Бұл деңгей кәсіпкерлікті қолдаудың дамыған инфрақұрылымымен, әйелдердің бизнеске тартылуының жоғары деңгейімен және әйелдер басқаратын кәсіпорындардың ұлттық экономикаға қосқан елеулі үлесімен сипатталады. Мұндай елдерде мемлекеттік және қоғамдық қолдаудың тұрақты тетіктері қалыптасқан, жеңілдетілген қаржыландыру бағдарламалары, бизнес-инкубаторлар мен әйелдердің іскерлік белсенділігін арттыруға бағытталған білім беру бастамалары дамыған.

Орташа деңгей (WEI=0,60–0,79). Жекелеген қолдау институттары және өсудің оң динамикасы болған кезде әйелдер кәсіпкерлігінің тұрақты дамуын көрсетеді. Дегенмен, бұл кезеңде белгілі бір кедергілер сақталуда-инвестицияларға қолжетімділіктің шектелуі, әйелдердің инновациялық және экспортқа бағдарланған салаларда жеткіліксіз ұсынылуы. Мемлекеттік саясат

негізінен ынталандыру шараларына бағытталғанымен, оның жүйелілігі жеткілікті деңгейде қалыптаспаған.

Төмен деңгей (WEI=0,40-0,59). Әйелдер кәсіпкерлігінің әлсіз дамуын және оны институционалдық қолдау үшін шектеулі мүмкіндіктерді көрсетеді. Әйелдер негізінен шағын және микробизнес саласында, көбінесе экономиканың бейресми секторында жұмыс істейді. Тиімді қаржы құралдары мен бизнес-инфрақұрылымның жеткіліксіздігі әйелдер бизнесінің өсу әлеуеті мен бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай шектейді.

Төменгі шектегі деңгей (Wei<0,40). Бұл деңгей әйелдердің кәсіпкерлік белсенділігінің тым төмен болуымен және мемлекеттік қолдаудың жүйелі шараларының болмауымен сипатталады. Мұндай жағдайда әйелдер бизнесі институционалдық негізі мен ресурстарға қолжетімділігі болмағандықтан, көбіне өздігінен дамиды. Нәтижесінде әйелдер кәсіпорындарының осалдық деңгейі жоғарылап, олардың экономикалық тұрақтылығы төмендейді.

Ұсынылған әдістеме негізінде жеті ел бойынша есептеулер жүргізілді: Қазақстан, Өзбекстан, Әзірбайжан, Грузия, Польша, Түркия және Корея Республикасы (Оңтүстік Корея). Талдау үшін ашық көздерден – Ұлттық статистикалық қызметтер мен халықаралық ұйымдардан (World Bank, UNDP, OECD) алынған 2024 жылғы статистикалық деректер пайдаланылды. Есептелген көрсеткіштер 37-кестеде келтірілген.

Кесте – 37 Елдер бойынша әйелдер кәсіпкерлігінің есептелген көрсеткіштері

Ел	Әйел кәсіпкерлер саны, адам	ЖІӨ, млрд USD	Шоқ жалпы саны, бірлік.	Еңбекке қабілетті жастағы әйелдер саны, адам	Әйел кәсіпкерлердің ШОК-тағы үлесі, %	Әйелдер кәсіпкерлігінің тығыздығы (1000 еңбекке қабілетті әйелге шаққанда)	1 млрд USD ЖІӨ-ге әйел кәсіпкерлер, адам	WEI (әйелдер кәсіпкерлігінің индексі)
Қазақстан	1049151	288	2178951	8077654	48,1	129,9	3642,9	0,50
Өзбекстан	145985	114	417100	12000000	35,0	12,2	1280,6	0,12
Әзербайжан	260000	74	356000	2400000	73,0	108,3	3513,5	0,52
Грузия	76110	33	253700	1400000	30,0	54,4	2306,4	0,32
Польша	1250000	842	2720000	9800000	46,0	127,6	1484,6	0,32
Түркия	1800000	1120	3200000	16200000	56,3	111,1	1607,1	0,35
Корея Республикасы	2100000	1720	4800000	12900000	43,8	162,8	1220,9	0,40
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [160; 161; 162; 163; 164; 165; 166]								

Әйелдер кәсіпкерлігінің даму деңгейін салыстырмалы талдау нәтижелері 2024 жылға арналған Қазақстан, Өзбекстан, Әзербайжан, Грузия, Польша, Түркия және Корея Республикасы бойынша әйелдер кәсіпкерлігінің көрсеткіштеріне жүргізілген салыстырмалы талдау әйелдердің кәсіпкерлік қызметке қатысу деңгейі және олардың экономикаға қатысуын институционалдық қолдау дәрежесі бойынша айқын еларалық айырмашылықтарды көрсетеді.

Қазақстан әйелдердің кәсіпкерлік саласына тартылуының салыстырмалы түрде жоғары деңгейімен сипатталады. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері арасындағы әйелдердің үлесі 48,1% - құрайды, ал әйелдер кәсіпкерлігінің тығыздығы еңбекке қабілетті жастағы 1000 әйелге 129,9-ға жетеді. "Әйел кәсіпкерлер 1 млрд USD ЖІӨ-ге" (3642,9 адам) көрсеткішінің орташа мәніне қарамастан, ел өңірде орнықты жағдайға ие, ал әйелдер кәсіпкерлігінің интегралдық индексі (WEI) 0,50-ге тең, бұл бәсекеге қабілеттіліктің орташа деңгейіне сәйкес келеді.

Өзбекстан барлық негізгі көрсеткіштердің айтарлықтай төмен мәндерін көрсетеді. ШОК арасындағы әйелдердің үлесі 35%-ды құрай отырып, жұмысқа қабілетті 1000 әйелге шаққандағы кәсіпкерлік белсенділік тығыздығы небәрі 12,2 деңгейінде, ал 1 млрд USD ЖІӨ-ге шаққандағы әйел кәсіпкерлерінің саны – 1280,6 ғана. Интегралды индексінің төмен мәні (WEI=0,12) әйелдер бизнесін дамыту мүмкіндіктерінің шектеулі екенін көрсетеді. Бұл жағдай институционалдық кедергілер мен әйелдердің қаржылық және білім беру ресурстарына қолжетімділігінің төмен деңгейімен түсіндіріледі.

Әзербайжанда кәсіпкерлер арасындағы әйелдердің үлесі жоғары – 73%, бұл зерттеу үлгісіндегі ең үздік көрсеткіштердің бірі болып табылады. Сонымен қатар, кәсіпкерлік тығыздығы (жұмысқа қабілетті 1000 әйелге шаққанда 108,3) және үлестік көрсеткіштің мәні (1 млрд. USD ЖІӨ-ге шаққанда 3513,5) әйелдердің тұрақты іскерлік белсенділігін көрсетеді. WEI интегралды индексінің қорытынды мәні WEI (0,52) Әзербайжанды өңір елдері арасында әйелдер кәсіпкерлігінің бәсекеге қабілеттілігі жоғары мемлекеттер қатарына жатқызуға мүмкіндік береді.

Грузия орташа нәтижелерді көрсетеді: ШОК-тағы әйелдердің үлесі-30%, кәсіпкерлік белсенділіктің тығыздығы-1000 әйелге шаққанда 54,4, ал үлес көрсеткіші – 2306,4. Интегралдық индекс (WEI=0,32) шағын кәсіпкерлік секторының тұрақты дамуына қарамастан, әйелдер бизнесін институционалдық қолдаудың төмен деңгейін көрсетеді.

Экономикалық дамуы жоғары елдер – Польша, Түркия және Корея Республикасында әйелдер кәсіпкерлігінің көрсеткіштері өзгеше сипатқа ие. ЖІӨ көлемі жоғары болғанымен, шағын және орта кәсіпкерліктегі әйелдердің үлесі 43-56% шамасында, ал кәсіпкерлік белсенділіктің тығыздығы жұмысқа қабілетті 1000 әйелге шаққанда 111 мен 163 аралығында өзгереді.

Польша (WEI=0,32) мен Түркия (WEI=0,35) әйелдер кәсіпкерлігінің дамуы бойынша орташа деңгейге жатады. Бұл елдерде әйелдер бизнесін қолдауға бағытталған институционалдық жағдайлар бар болғанымен, нарықтағы жоғары бәсекелестік пен оның қанықтылығы бұл артықшылықтарды белгілі бір деңгейде шектейді.

Корея Республикасы кәсіпкерліктің ең жоғары тығыздығын көрсетеді (1000 әйелге 162,8), бұл әйелдердің экономикаға тартылуының жоғары деңгейін көрсетеді, бірақ WEI (0,40) салыстырмалы түрде төмен. Бұл цифрландыру және мемлекеттік қолдау жағдайында инновациялық әйелдер кәсіпкерлігін дамытудың жоғары әлеуетін көрсетеді.

Қорытындылай келе, Қазақстан Орталық Азия елдері арасында әйелдер кәсіпкерлігінің тығыздығы бойынша жетекші орын алады және бәсекеге қабілеттіліктің орташа деңгейінде бола отырып, бұл сектордың тұрақты өсу қарқынын көрсетеді.

Ең осал позиция Өзбекстан елімен сипатталады, мұнда барлық негізгі көрсеткіштердің төмен мәндері бизнестегі әйелдерді кешенді институционалдық қолдау қажеттілігін көрсетеді.

Әзірбайжан әйелдердің кәсіпкерлік қызметке тартылуының жоғары деңгейін көрсетеді және микробизнес пен өзін-өзі жұмыспен қамтуды қолдау бөлігінде өңір елдері үшін үлгі бола алады.

Дамыған елдер (Польша, Түркия, Корея Республикасы) Жоғары институционалдық жетілуімен және мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігімен сипатталады. Алайда әйелдер кәсіпкерлігінің өсу қарқыны экономиканың жетілген даму деңгейінде тұрақтанған.

Қазақстанға әйелдер бизнесін цифрландыру, қаржыландыруға қолжетімділікті кеңейту және тәлімгерлік бағдарламаларының дамыту салаларында Оңтүстік Корея мен Польшаның тәжірибесіне бағдарланған жөн. Бұл тәсіл әйелдер кәсіпкерлігінің бәсекеге қабілеттілік индексі (WEI) жоғары дамыған елдер деңгейіне дейін арттыруға мүмкіндік береді.

Бұл бөлімде Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігіне әсер ететін негізгі әлеуметтік-экономикалық детерминанттардың ықпалы талданған. Нақтырақ айтқанда, қаржыландыруға қолжетімділік, неке мен отбасылық міндеттер, жұмыспен қамту мәртебесі, технологияларды енгізу және білім деңгейі әртүрлі өңірлердегі әйелдер басқаратын ШОК санына қалай әсер ететіні зерттелген. Авторегрессиялық үлестірілген кідіріс моделі (ARDL) қолдана отырып, бұл зерттеу қысқа мерзімді де, ұзақ мерзімді де үрдістерді көрсетеді және әйелдердің бизнеске қатысуына ықпал ететін немесе кедергі келтіретін факторларды жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді.

Қазақстан экономикасының ландшафты дамыған сайын үкімет әйелдер кәсіпкерлерін қолдауға арналған жаңа стратегиялар мен бастамаларды енгізуді жалғастыруда. Бұл зерттеу осы бағдарламалардың тиімділігі туралы уақытылы ақпарат беріп, саясатты одан әрі жетілдіруді талап ететін салаларды анықтайды.

 6. PFP – парламенттегі әйелдердің үлесі
 7. Автормен құрастырылған

Жеке мәнділікке сүйене отырып, әйелдер кәсіпкерлігі, туу деңгейі және технологиялық білімдер дамушы елдердегі ұзақ мерзімді экономикалық өсімді көп жағдайда түсіндіре алатынын айтуға болады.

Сызықтық регрессия моделі келесі түрде ұсынылады:

$$\frac{GDP}{capita} = 25856,296 + 1,034 * ENTФ + 1655,518 * TFER + 61,325 * GDP - 343,828 * КНУ + 884,348 * INT + 5,164 * PFP$$

Әйелдер кәсіпкерлігінің коэффициенті 5%-дық маңызы бар шегімен маңыздылық танытады, бұл кез келген әйелдер кәсіпкерлігінің өсуі экономикалық өсімнің 0,005 пайыздық пунктке өсуіне әкелетінін білдіреді. Дамушы елдердегі әйелдер кәсіпкерлері мен шағын бизнес иелері табыс, пайда және қызметкерлер санының күтілетін өсуі бойынша әлсіз нәтиже көрсетуде. Халықаралық жағдай, әсіресе Covid-19 пандемиясымен байланысты, секторға ауыр әсер етті, себебі таралуын жеңілдету үшін қабылданған шаралар салдарына байланысты.

Туу деңгейіне келетін болсақ, дамыған елдерде ол оң және маңызды болып табылады. Бұл нәтиже туу деңгейінің өсуі білім беру, денсаулық сақтау және еңбекке қабілетті халыққа әсер етуі мүмкін деген түсінікпен байланысты. Ал, технологиялық білімдер оң және маңызды болып табылады, бұл барлық әлеуметтік топтардың әлеуметтік желілер мен электронды коммерцияны енгізу бағытында жақындауының нәтижесі деп түсіндіріледі.

Бұл зерттеудің негізгі мақсаты әйелдер кәсіпкерлігінің экономикалық

өсуге әсерін бағалау болды. Осы байланыстарды өлшеу үшін біз OLS ең кіші квадраттар әдісін қолдандық. Біз әйелдер кәсіпкерлігінде бейресми сектордың басым екенін анықтадық, бұл экономикалық өсуге жанама түрде әсер етеді. Сонымен қатар, әйелдер өз кәсіптерін жүргізу кезінде түрлі қиындықтар мен шектеулерге тап болады, ал кейбір факторлар олардың кәсіпкерлік әрекеттерін шектейді. Әйелдер кәсіпкерлері мен өздерінің бизнесін бастағысы келетін әйелдер үшін қолдау көрсетуге бағытталған бастамаларды арттыру қажеттілігі бар. Бұл жерде ұсынылған талдау белгілі бір шектеулерге ие және қосымша зерттеулерді талап ететін әр түрлі аспектілерді қамтиды.

2.3 Әйелдер кәсіпкерлігінің әлеуметтік-экономикалық портреті: макро және микро деңгейдегі ерекшеліктер

Соңғы онжылдықта елде жаңа буын әйелдері қалыптасты – олар қаржылық және психологиялық дербестікпен, тек отбасы құруға ғана емес, табысты мансап жасауға, сондай-ақ рухани және шығармашылық дамуға ұмтылуымен сипатталады. Әйелдердің саяси ілгерілеуі, корпоративтік өсімі және жан-жақты дамуы қамтамасыз етілуде.

Деректер бойынша, 2010 жылы мемлекеттік қызметшілердің ішінде әйелдер үлесі 52,7% болған. 2022 жылы бұл үлес 55,5%-ға жетіп, әйелдердің 39,3%-ы басшы лауазымдарда жұмыс істеген [171]. Ал 2011 жылы әйелдердің шағын және орта кәсіпкерліктегі (ШОК) үлесі 38,4% болса, 2024 жылы Қазақстанда 1 миллионнан астам әйел шағын және орта бизнесті басқарып отыр, бұл ШОК субъектілерінің жалпы санының 48,1%-ын құрайды [172].

Айта кету керек, әйелдер кәсіпкерлігінің өсуі бүгінде жаһандық үрдіске айналып отыр. Бұл сектор экономиканың нығаюына ықпал етеді, жұмыспен қамту мүмкіндіктерін жасайды, сондай-ақ елдегі әлеуметтік кәсіпкерлік саласына елеулі үлес қосады.

Өңірлік тұрғыда әйелдердің кәсіпкерлік белсенділігі ең жоғары байқалған облыстар – Түркістан, Жамбыл және Алматы облыстары. Ал несие сомасы бойынша көшбасшылар – Алматы қаласы, Астана қаласы және Шығыс Қазақстан облысы.

Әйелдер Қазақстан халқының жартысынан астамын құрайды және түрлі салаларда белсенді қызмет атқарады. Олар жоғары білім алуға жиі ұмтылады және ел экономикасына елеулі үлес қосады. 2025 жылдың мәлімет бойынша, Қазақстан халқының саны 20 445 231 адамды құрады. Оның ішінде 9 993 079 – ер адамдар, ал 10 452 152 – әйелдер [161]. Бұл ретте әйелдер ерлерден 459 073 адамға көп. Жас топтары бойынша бөлуде 15 жасқа дейінгі балалар арасында ұлдар саны қыздарға қарағанда 100 мыңға артық. Ал еңбекке қабілетті жастағы халық ішінде ер адамдар саны – 5,7 миллион, әйелдер – 5,6 миллион.

Алайда егде жастағы әйелдердің саны ер адамдарға қарағанда екі есе көп – 1,5 миллион әйел мен 815 мың ер адам. Бұл жағдай әйелдердің өмір сүру ұзақтығының жоғары болуымен түсіндіріледі. Жалпы алғанда, 2024 жылғы деректерге сәйкес, Қазақстанда әйелдер саны ер адамдардан 466 мыңға артық. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алғандардың ішінде әйелдер ерлерден 458 151 адамға көп. Орта арнаулы білімді де әйелдер жиі алады –

2 229 708 әйелге қарсы 1 992 547 ер адам. Қазақстандағы студенттердің 53%-ын әйелдер құрайды.

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2024 жылдың 4-тоқсаны бойынша елдегі жұмыс күші саны 9 645 294 адамды құрады. Оның ішінде 4 977 221 – ер адамдар, ал 4 668 073 – әйелдер. Оның 3,4 миллионы жалдамалы жұмысшылар ретінде еңбек етуде, ал 940 мың әйел өзін-өзі жұмыспен қамтығандар қатарында (30-сурет).

ЖҰМЫС КҮШІНІҢ САНЫ 9 645 294 АДАМДЫ ҚҰРАДЫ


Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша,
2024 жылдың 4-тоқсанына елдегі жағдай

4 977 221

ер адамдар

4 668 073

әйелдер



Әйелдер – 48%

3,4 млн әйел жалдамалы жұмысшы

940 мыңы – өзін-өзі жұмыспен қамтығандар

35% – сауда және қымет көрсету саласында

32% – білім беру, денсаулық сақтау және ғылым саласында

14% – өнеркәсіп, құрылыс және көлік саласында

9%-дан астамы – ауыл шаруашылығында

Сурет 30 – Әйелдердің жұмыс күші саны

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [160]

Жалпы жұмыс істейтін халықтың 48%-ын әйелдер құрайды. Бұл ретте әйелдердің 35%-ы сауда және қызмет көрсету саласында, 32%-ы білім беру, денсаулық сақтау және ғылым саласында, 14%-ы өнеркәсіп, құрылыс және көлік салаларында, ал 9%-дан астамы ауыл шаруашылығында еңбек етеді.

Негізгі жұмыста бір қызметкерге аптасына орта есеппен 39 сағат еңбек уақыты тиесілі: жалдамалы қызметкерлер үшін бұл көрсеткіш – 41 сағат, ал өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін – 35 сағат. Жұмыссыз жүргенімен, жұмыс іздемеген немесе жұмысқа шығуға дайын болмаған адамдар саны (потенциалды жұмыс күші) – 29,3 мың адамды құрады.

Қазақстандық әйелдердің жұмыспен қамтылуын мәртебесі бойынша қарастырғанда 3,2 млн әйел жалдамалы немесе қызмет көрсету шарты бойынша жұмыс істейді, 700 мыңға жуық әйел – жеке кәсіпкер, 3,6 мың әйел – жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің құрылтайшысы немесе қатысушысы, акционерлік қоғамдардың құрылтайшысы, акционері немесе өндірістік кооперативтердің мүшесі, 237 мың әйел өзін-өзі жұмыспен қамтыған деп есептейді, 16 мыңнан астам әйел қашықтан жұмыс істейді.

Қазақстанда әйелдердің экономикалық белсенділігі жоғары деңгейде.

Әйелдердің жұмыспен қамтылу көрсеткіштері соңғы 20 жылда тұрақты өсіп келеді. Сонымен қатар, жұмыссыздық деңгейі біртіндеп төмендеуде. 2024

жылы медиандық жалақы 285677 теңгені құрады (52-кесте). 2023 жыл әйелдердің орташа айлық еңбек ақысы 311 217 теңгені құрап 2019 жылмен салыстырғанда 35,9% өсті (53-кесте) Бұл көрсеткіш 2022 жылмен салыстырғанда номиналды түрде 23,1%-ға, ал нақты мәнде 7,5%-ға артты.

Соңғы бес жылда орташа жалақы 1,9 есеге өсті, бұл ретте әйелдердің табысы ерлерге қарағанда қарқынды өсіп келеді [160].

Кесте 53 – Медианалық жалақы

Қазақстан Республикасы	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
	165816	204149	251356	285677
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [160]				

Кесте 52 – Қазақстан Республикасындағы жалақы деңгейі

Жылдар	2019	2020	2021	2022	2023	2024	Номиналды жалақы индексі 2024 жыл 2019 жылға	Нақты жалақы индексі 2024 жыл 2019 жылға, пайызбен
Барлығы	186815	213003	250311	309697	364295	405416	190,3	123,1
Ерлер	222514	245524	281239	355072	418788	468914	192,6	124,7
Әйелдер	150779	186679	220160	265643	311217	344496	188,6	132,7
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [160]								

Ақпараттық анықтама: Орташа айлық жалақы бойынша деректер көзі 1-Т «Еңбек есебі» статистикалық нысаны бойынша кәсіпорындарды тексеру, ол тоқсандық және жылдық мерзіммен жүргізіледі. Жылдық деректер тоқсандық есептерді ескере отырып қалыптасады.

Қазақстан Республикасындағы 2024 жылғы медианалық жалақы 285677 теңгені құрап, 2023 жылмен салыстырғанда 13,7%-ға артқан, нақты көрсеткіш бойынша өсім 4,6%-ды құрады.

Салалық құрылымда медианалық жалақының ең жоғары өсуі 2023 жылмен салыстырғанда басқа қызметтерді ұсыну саласында байқалды – 39,9%, тұрғын үй және тамақтану қызметтерін ұсыну саласында – 34,7%, электр энергиясын, газды, бу, ыстық суды және ауа баптауды қамтамасыз ету саласында – 32,6%.

Медианалық жалақының ең төмен өсуі ақпарат және байланыс саласында – 4,7%, сондай-ақ денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету саласында – 4,9% байқалды.

Аймақтық тұрғыда медианалық жалақының ең жоғары өсу қарқыны Алматы облысында тіркелді, мұнда өсім 26,6% құрады. Ең төмен өсу қарқыны Ұлытау облысында – 3,0% болды.

2024 жылы бір жұмысшының сағаттық орташа жалақысы 2 083 теңгені құрады және 2023 жылмен салыстырғанда 3,3%-ға өсті (54-кесте).


Кесте 54 – Бір жұмысшының сағаттық жалақысы

теңге

Жылдар	2020	2021	2022	2023	2024
Барлығы	1 187	1 303	1 644	2 016	2 083
Ерлер	1 339	1 427	1 802	2 235	2 307
Әйелдер	1 037	1 179	1 486	1 800	1 871

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [160]

Өңірлік бөліністе 2024 жылдың тиісті тоқсанымен салыстырғанда 2025 жылдың I тоқсанында орташа айлық атаулы жалақының ең көп өсуі Ұлытау облысында – 119,4%-ға, Қостанай облысында – 114,6%-ға, Алматы қаласында – 114,2%-ға Жетісу облысында – 114,1, Астана қаласы 114,0%-ды құрады (31-сурет).



Сурет 31 – 2025 жылғы I тоқсандағы өңірлер бойынша орташа айлық жалақы

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [160]

2024 жылдың тиісті тоқсанымен салыстырғанда орташа айлық жалақының ең жоғары өсуі ақпарат және байланыста – 31,3%-ға, ауыл, орман және балық шаруашылығы – 17,3%-ға, өнер, ойын-сауық және демалыс – 16,1%-ға, салаларында байқалды. Өнеркәсіпте орташа айлық жалақы – 14,2%-ға өсті, оның ішінде электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау - 15,9%-ға, өңдеу өнеркәсібінде - 15,2%-ға.

2024 жылдың тиісті тоқсанымен салыстырғанда орташа айлық жалақының ең төменгі өсуі, денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету 6,2%-ға, білім беру салаларында – 6,1%-ға, тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсету – 4,3%-ға, құрылыс – 6,1% байқалды.

Салалық құрылымда ең жоғары атаулы жалақы тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазуда – орташа республикалық деңгейден 2,3 есе жоғары, ақпарат және байланыс – 2,0 есе сәйкесінше болып тіркелді (55-кесте).

Экономика салалары бойынша әйелдер мен ерлердің тең дәрежеде бөлінбеуінің бірнеше себептері бар. Әйелдер көбіне жұмыс пен отбасылық міндеттерді үйлестіру жағынан икемдірек болатын қызмет түрлерін таңдауға бейім. Сонымен қатар, гендерлік стереотиптер кәсіби бағытты таңдауға және

мансаптық өсуге әсер етеді. Әдетте, техникалық білім мен сәйкес біліктілікке ие әйелдердің үлесі аз болып келеді.

Кесте 55 – 2025 жылғы I тоқсандағы экономикалық қызмет түрлері бойынша орташа айлық жалақы

Атау	Орташа айлық атаулы жалақысы			Нақты жалақы индексі, пайызбен	
	теңге	пайызбен		өткен тоқсанға	2024 жылғы тиісті тоқсанға
		өткен тоқсанға	2024 жылғы тиісті тоқсанға		
Экономикалық қызметтің барлық түрлері бойынша	423 133	97,3	110,7	94,0	101,2
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	248 937	83,8	117,3	81,0	107,2
Өнеркәсіп	624 428	101,0	114,2	97,6	104,4
Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	981 362	108,4	113,6	104,7	103,8
Өңдеу өнеркәсібі	519 020	98,2	115,2	94,9	105,3
Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау	416 438	86,4	115,9	83,5	105,9
Сумен жабдықтау; су бұру; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет	285 989	93,6	110,3	90,4	100,8
Құрылыс	485 852	89,8	101,5	86,8	92,8
Көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	396 444	99,1	115,9	95,7	105,9
Көлік және жинақтау	579 770	101,2	113,5	97,8	103,7
Тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсету	348 894	96,5	104,3	93,2	95,3
Ақпарат және байланыс	859 822	107,7	131,3	104,1	120,0
Қаржы және сақтандыру қызметі	855 468	90,6	109,6	87,5	100,2
Жылжымайтын мүлікпен операциялар	330 637	101,5	114,7	98,1	104,8
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызм қызмет	597 411	85,6	112,3	82,7	102,7
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	349 519	93,9	100,3	90,7	91,7
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру	362 015	94,2	110,1	91,0	100,6
Білім беру	302 428	97,2	106,1	93,9	97,0
Денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету	312 758	93,4	106,2	90,2	97,1
Өнер, ойын-сауық және демалыс	284 938	94,7	116,1	91,5	106,1
Көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну	330 768	99,8	112,6	96,4	102,9
Ескертулер:					
1. Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын шағын кәсіпорындарды есепке алмағанда					
2. Әдебиет негізінде құралған [160]					

Әйелдердің еңбекақысын төлеудегі оң серпінге қарамастан, қолда бар

көрсеткіштер әлі де тұрақты теңсіздікті көрсетіп отыр. 2024 жылы әйелдердің орташа сағаттық еңбекақысы 1,871 теңгені құрады, бұл ерлермен салыстырғанда 18,9%-ға төмен. Дегенмен, әйелдердің жалақысының өсу қарқынының жеделдеуі (4,4%, ерлердікінен жоғары) еңбекақыдағы гендерлік алшақтықтың біртіндеп қысқаруын көрсетеді.

Зерттеу аясында Қазақстанның әртүрлі өңірлерінен шыққан ісін дөңгелетіп отырған әйел-кәсіпкерлермен сұхбаттар жүргізілді. Фокус-топқа негізінен шағын бизнестің басшылары қатыстырылды – Петропавл, Көкшетау, Алматы, Шымкент, Түркістан, Қарағанды және Астана қалаларынан. Сараптамалық пікірді қалыптастыру мақсатында арнайы ГАЙД (Қосымша Ә) әзірленді, ол аймақтардағы әйел кәсіпкерлердің бейнесін жасауға негіз болды.

Өңірлік әйел кәсіпкерлігінің бейінін қалыптастыру аясында, салалық ерекшеліктерді ескере отырып, түрлі факторлар мен олардың жағдайлары құрылымдалды. Бұл жағдайлар экономикалық, әлеуметтік, мәдени және институционалдық аспектілерді қамтиды және өңір мен салаға байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

Экономикалық жағдайлар

– өңірлік экономиканың құрылымы, өңірде қай салалар басым екенін ескеру маңызды. Мысалы: аграрлық өңірлерде әйелдер кәсіпкерлігі көбіне ауыл шаруашылығында, ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеуде шоғырланса, индустриалды өңірлерде – өнеркәсіп өндірісі немесе техникалық қызмет көрсету салаларында дамиды;

– қаржылық ресурстарға қолжетімділік; әйелдер кәсіпкерлігінің дамуына ықпал ететін маңызды фактор – бұл өңірде қолжетімді несие беру және инвестициялық бағдарламалардың бар-жоғы. Мұндай бағдарламалар нақты салаларда әйелдердің өз ісін бастауына немесе кеңейтуіне мүмкіндік береді;

– әйелдердің жұмыссыздық деңгейі мен жұмыспен қамтылуы: өңірде жұмыссыздық деңгейінің жоғары болуы әйелдерді жеке кәсіп бастауға итермелеуі мүмкін, әсіресе, олар кәсіби білімі немесе нақты дағдылары бар салаларда.

Әлеуметтік-мәдени жағдайлар:

– қоғамдағы әйелдің рөлі мен мәртебесі: егер өңірде дәстүрлі патриархалды нормалар басым болса, онда әйелдер кәсіпкерлігінің дамуы баяу жүруі мүмкін. Мұндай жағдайда әйелдерді оқыту және қолдау бағдарламаларын күшейту қажет болады.

Әйелдердің білім деңгейі мен кәсіби біліктілігі: белгілі бір салаларда (мысалы, технологияда) кәсіпкерлікті дамыту үшін әйелдердің сапалы білім мен кәсіби даярлыққа қолжетімділігі аса маңызды:

– отбасылық міндеттемелер және жұмыс пен отбасын үйлестіру мүмкіндігі: егер өңірде отбасыға қолдау көрсету жүйесі (балабақшалар, әлеуметтік бағдарламалар) жеткіліксіз болса, онда әйелдер кәсіпкерлігі көбінесе: қызмет көрсету салаларында, онлайн-саудада, үйден жұмыс істеу түрінде шоғырланады.

Институционалдық жағдайлар:

– өңірлік қолдау бағдарламаларының болуы: жергілікті билік органдары

әйелдер кәсіпкерлігін қолдау бағдарламаларын жасауға маңызды рөл атқара алады, олар гранттар, жеңілдетілген несие беру, салықтық жеңілдіктер немесе оқыту сияқты мүмкіндіктерді ұсына алады;

– бизнес-инкубаторлармен және кластерлермен әріптестік: өңірлік бизнес-инкубаторлармен, кластерлермен және қауымдастықтармен байланыстардың болуы маңызды, олар әйелдердің стартаптарын қолдауға мүмкіндік береді, әсіресе IT, агробизнес, өндіріс сияқты салаларда;

– инфрақұрылымдық ресурстар: технопарктердің, ғылыми-зерттеу орталықтарының және логистикалық мүмкіндіктердің қолжетімділігі әйелдер кәсіпкерлігінің дамуына әсер етеді. Мысалы, жоғары технологиялы компаниялар жақсы дамыған инфрақұрылымды талап етеді, алайда мұндай инфрақұрылым әр өңірде бірдей қолжетімді болмауы мүмкін.

Салаға тән ерекшеліктер:

– дәстүрлі және дәстүрлі емес салалар әйелдер үшін: әйелдер көбінесе қызмет көрсету, денсаулық сақтау, білім беру, сауда және қоғамдық тамақтандыру сияқты салаларда жұмыс істеуді қалайды. Алайда, әйелдер кәсіпкерлігін IT, машина жасау, құрылыс сияқты әйелдер үшін дәстүрлі емес салаларда да ынталандыру маңызды;

– өңірдің қазіргі трендтері мен сұраныстары: өңірде нақты өнімдерге немесе қызметтерге деген сұранысты ескеру маңызды. Мысалы, туризм аймақтарында әйелдер кәсіпкерлігі қонақ үй бизнесі, туризм және қолөнер сияқты салаларда дамуы мүмкін;

– шикізат пен ресурстарға қолжетімділік: ауыл шаруашылығы өңірлерінде әйелдер кәсіпорындары көбінесе өңдеу немесе тағам өндірісі салаларына бағытталуы мүмкін, ал индустриалды өңірлерде кәсіпкерлік қосымша қызметтер немесе өндіріс компоненттерін жасауға бағытталуы мүмкін.

Кәсіби қауымдастықтарды құру:

– тәжірибе алмасу желілерін құру: әйелдер кәсіпкерлігінің сәтті профилін қалыптастыру үшін маңызды шарттардың бірі — өңірлік кәсіби қауымдастықтарды қолдау, олар әйелдерге тәжірибе, ресурстар мен білім алмасуға мүмкіндік береді;

– мұғалімдік бағдарламалар: тәжірибелі әйел кәсіпкерлер немесе ұйымдар тарапынан көрсетілетін мұғалімдік қолдау, жаңа бастаушы кәсіпкерлерге қателіктерден сақтануға және өз жобаларын тиімді дамытуды үйренуге көмектеседі.

Технологиялық мүмкіндіктер:

– цифрлық құралдарға және онлайн-ресурстарға қолжетімділік: әйелдер кәсіпкерлігін дамыту үшін, әсіресе қазіргі заманғы салаларда (электронды коммерция, IT, цифрлық қызметтер) цифрлық ресурстар мен оқытуға қолжетімділік маңызды;

– инновациялық тәсілдер мен стартап мәдениеті: инновацияларды қолдау маңызды, бұл әйелдерге жоғары технологиялық стартаптар құруға немесе жаңа бизнес-модельдер жасаумен айналысуға қызығушылық танытқандар үшін акселерациялық бағдарламаларды қамтуы мүмкін.

Өңірлік профильді қалыптастыру әйелдер кәсіпкерлігінің салаға тән ерекшеліктерін ескере отырып, өңірдің ерекшеліктерін, салалық трендтерді және қолжетімді ресурстарды ескеретін икемді тәсілді талап етеді. Жергілікті қолдау бағдарламаларын дамыту, оқыту мен мұғалімдік қолдауды ынталандыру, сондай-ақ қаржыландыруға және инфрақұрылымға қолжетімділікті қамтамасыз ету маңызды, әсіресе әйелдердің қатысуы дәстүрлі түрде аз болатын салаларда.

2019 жылдан 2023 жылға дейін әйелдердің табыстарының өсуі жылдамдығы сақталды, бірақ абсолюттік көрсеткіштер ерлердің деңгейінен төмен болды. 2023 жылы орташа айлық жалақыдағы айырмашылық 25%-дан асқан, ал 2024 жылы бұл айырмашылық шамамен 20%-ға дейін қысқарды: әйелдер үшін – ₸323,454, ерлер үшін – ₸402,894.

Әйелдер "шыны төбеге" тап болады, бұл олардың кәсіби сатымен көтерілуіне шектеу қояды. Бұл әйелдердің басқарушы лауазымдарда аз өкілдігімен және сонымен қатар төмен жалақымен көрінеді.

Жұмыс істейтін әйелдердің орташа жасы 35-45 жас аралығында, бұл жаста олар көбінесе жұмыс пен отбасылық міндеттерін бірге атқарады, бұл да олардың кәсіби өсу мүмкіндіктеріне әсер етеді.

Қазақстандағы әйелдердің білім деңгейі дәстүрлі түрде жоғары, бұл нарықта толық жүзеге асырылмайтын үлкен әлеуеттің бар екенін көрсетеді, бірақ құрылымдық кедергілердің болуына байланысты ол толық ашылмайды.

Әйелдердің еңбекақысының өсуі мен гендерлік айырмашылықтың азаюы оң өзгерістерді көрсетеді, бірақ бұл әйелдердің жоғары жалақылы салаларға қол жеткізуін кеңейту, кәсіпкерлікті қолдау және сандық дағдыларды дамыту сияқты жүйелі шешімдерді қажет ететінін көрсетеді.

Қазақстандық әйелдердің еңбек нарығындағы жалпы әлеуметтік бейнесі – білікті, кәсіби өсуге ұмтылатын маман, алайда оның экономикалық мүмкіндіктері құрылымдық теңсіздіктермен әлі де шектелген, бұл жалақы динамикасындағы оң үрдістерге қарамастан.

Бұл зерттеу шеңберінде социологиялық зерттеудің бағдарламасы дайындалды, ол проблемалық жағдайдың негіздемесін, зерттеу объектісі мен пәнін, зерттеу мақсаттары мен міндеттерін, зерттеу гипотезаларын, зерттеу таңдамалы жиынтығының негіздемесін қамтиды. Сонымен қатар, 36 сұрақтан тұратын анкета дайындалды (Қосымша Б), ол Google Forms арқылы онлайн анкеталау үшін құрастырылды. Алғашқы әлеуметтік деректерді жүйелеу жүзеге асырылды – анкета нәтижелері электронды түрде Google Forms арқылы жүргізілген сұрау нәтижелері. Алғашқы деректер жинағын аяқтағаннан кейін, нәтижелер Excel құжаты түрінде жүктеліп, олардың шифрлануы мен кодталуы жүргізілді. Кейіннен алынған нәтижелер IBM SPSS STATISTICS бағдарламасына электронды форматта енгізілді, ол деректерді компьютерленген талдау саласындағы ең танымал бағдарлама болып табылады. IBM SPSS STATISTICS бағдарламалық кешенінің негізгі артықшылығы – статистикалық әдістердің кең ауқымын қамтудың арқасында нәтижелерді визуализациялау құралдарының үлкен санымен тиімді үйлесуі. Бұл бағдарлама барлық түрдегі статистикалық социологиялық талдауды жүргізуге мүмкіндік

береді [173].

Алынған анкеталық сауалнама нәтижелері 1000 респонденттің деректері IBM SPSS STATISTICS 27.0 бағдарламасының электрондық құжаттарына енгізілді. Алынған деректерді өңдеу үшін кодтау кестесі жасалды. Кодтау кестесі сауалнаманың әрбір сұрағына және деректерді компьютерлік өндеуде қолданылатын айнымалыларға сәйкестікті орнатуға мүмкіндік берді. Айнымалылар – бұл жад ұяшықтары, олардың ішіне сандық және мәтіндік мәндер енгізілді. Кодтау кестесі айнымалылардың нақты мәндеріне сәйкес кодтық сандарды анықтап, сауалнаманың жеке сұрақтарына және статистикалық деректерді талдауда қолданылатын айнымалыларға сәйкестікті орнатты.


Зерттеу барысында барлық сұралған адамдар әйелдер болып табылады, бұл Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігінің мәселелері мен мүмкіндіктерін зерттеуге бағытталған жобаның мақсаттарына сәйкес келеді. Осылайша, сұралғандардың 100%-ы – кәсіпкерлік қызметпен айналысатын немесе оны дамытуға ұмтылатын әйелдер. Бұл қатысушылардың гендерлік құрамы әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға әсер ететін әлеуметтік-экономикалық жағдайлар мен факторларды талдау үшін нақты және релевантты деректер алуға мүмкіндік береді.

Сұралғандардың жыныс бойынша таралуы: 100% – әйелдер. Сұралғандардың жас бойынша таралуы төменде 56-кестеде көрсетілген.

Кесте 56 – Сұралғандардың жасы бойынша таралуы

Жас санаты	Респонденттердің үлесі (%)
16-17 жас	14,5
18-19 жас	41,1
20-21 жас	32,5
22-23 жас	5
24-25 жас	0,6
25 жастан асқан	6,3
Ескерту – Автормен құрастырылған	

Келесі сұрақта сұралғандар олардың тұратын өңірлері бойынша сұралды. Сұралғандардың басым бөлігі Солтүстік Қазақстан облысында тұрады – 33%, Жамбыл облысында – 22,5%, Қарағанды облысында – 18,6%. Ақмола облысында 6,2% респонденттер тұрады. Қызылорда облысында 5% студенттер, ал Түркістан облысында – 4,6%. Астана қаласында 4,5% респонденттер, Шымкент қаласында – 2,2%. Павлодар және Ұлытау облыстарында 0,4% сұралған студенттер тұрады, ал Алматы қаласы мен Жетісу облысында – 0,4%. Алматы, Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау және Қостанай облыстарында 0,2% респонденттер тұрады (32-сурет).



Сурет 32 – тұратын өңірлері бойынша респонденттер

Ескерту – Автормен құрастырылған

Әдетте жас буында бизнесті жүргізу тәжірибесі жоқ, бірақ соңғы курсқа қарай олар кәсіпкерлік пен шағын бизнес арқылы өздеріне табыс көздерін қалыптастыруға тырысады, және бұл, әдетте, солтүстік өңірлерден келген әйелдерге тән. Өңірлер бойынша: Ұлытау, Маңғыстау, Қостанай, Батыс Қазақстан, Жетісу, Атырау, Алматы облыстарынан, сондай-ақ Шымкент және Алматы қалаларынан сұралғандардың барлығының бизнес жүргізу тәжірибесі жоқ. Ең көп тәжірибесі барлар Павлодар облысында (50%), Астана қаласында (32,4%) және Жамбыл облысында (23,8%) тіркелген. Кәсіпкерлік үшін үлгі ретінде жақын туыстар саналады, сондықтан респонденттердің көбісі (16,2%) өз отбасында кәсіппен әкесінің айналысатынын, 8,6% – анасының, 8,1% – бауырының, 6,3% – тәтесінің, 5,8% – әпкесінің және 5,2% – немере ағасының кәсіпкерлікпен айналысатындығын айтты.

Бизнес бағытына қатысты қойылған сұрақ аясында респонденттер қызмет көрсету саласына қызығушылық танытқанын атап өткен жөн. Жауаптар сауда саласы (19,8%), сұлулық пен денсаулық (17,5%), сондай-ақ білім беру саласы (13,2%) сияқты бағыттарды растады. Бұл салалар дәстүрлі түрде әйелдер арасында танымал болып келеді, бұл олардың әлеуметтік маңызы жоғары және кәсіпті бастау үшін салыстырмалы түрде қолжетімді салаларда жүзеге асуға ұмтылысын білдіруі мүмкін.

Бастапқы инвестицияны көп қажет ететін және арнайы білімді талап ететін салалар (мысалы, өнеркәсіп – 2,3% және ауыл шаруашылығы – 1,2%) айтарлықтай қызығушылық тудырмаған. Сонымен қатар, келешегі зор ІТ

саласына да (6,9%) қызығушылық төмен деңгейде болды, бұл объективті (техникалық дағдылардың жетіспеуі) және субъективті (өзіне деген сенімсіздік, гендерлік стереотиптер) кедергілердің бар екенін көрсетуі мүмкін.

Осылайша, алынған деректер әйелдердің дәстүрлі емес және болашағы зор бизнес салаларындағы мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған білім беру бағдарламалары мен қолдау шараларын әзірлеудің қажеттігін көрсетеді.

Жеке бизнесін кеңейту мақсатында жұмысшыларды жалдау мәселесі бойынша респонденттердің басым бөлігі (58,7%) өз бизнесін дамыту шеңберінде қызметкерлерді жалдап, жұмыс орындарын ашқысы келетінін білдірді. Бұл олардың бизнесті ауқымдауға және әлеуметтік жауапкершілікке ұмтылатынын көрсетеді. Әсіресе, бұл бағытта магистранттар мен 1 және 3 курс студенттері ерекше қызығушылық танытқан. Сонымен қатар, 31,7% бұл мәселе туралы әлі ойланбағанын, ал 9,6% қызметкерлерді жалдауды жоспарламайтынын мәлімдеген. Аймақтар бойынша ең жоғары дайындық Маңғыстау, Қостанай, Атырау және Батыс Қазақстан облыстарының студенттері арасында байқалды.

Сонымен қатар, респонденттер бизнес жүргізу бойынша қосымша білім алудың қажеттілігін атап өтуде 44,3% бизнес жүргізу бойынша қосымша оқудан өтуді жоспарлап отырғанын айтты, бұл олардың кәсіпкерлік дағдыларын дамытуға жоғары қызығушылық танытатынын көрсетеді. Тағы 19,5% «жоқтан гөрі иә» деп жауап беріп, оң көзқарасын білдіргенімен, шешімін әлі толық қабылдамаған. Білім алуға деген ең жоғары қызығушылықты бірінші және екінші курс студенттері мен магистранттар көрсеткен. Сонымен қатар, респонденттердің бір бөлігі (17,2%) бұл туралы ойламағанын, ал 14,8% оқуды жоспарламайтынын айтқан. Бұл олардың бар білімдеріне деген сенімділігінен немесе басқа басымдықтардың болуымен байланысты болуы мүмкін. Ең жоғары оқуға дайындық деңгейі Маңғыстау, Жетісу, Атырау облыстарында және Шымкент қаласында тіркелген.

«Респонденттер қандай білімге мұқтаж?» деген сұраққа берген жауаптарына сәйкес, Жетісу, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстарында, Шымкент және Астана қалаларында тұратын студент қыздардың басым бөлігі (тиісінше 72,7 және 57,4%) өздерін қаржылық сауаттылық саласында білім алуға мұқтаж деп есептейді.

Бухгалтерлік есеп негіздері бойынша білім қажет деп есептейтіндердің көбі Павлодар облысында (25%), Солтүстік Қазақстан облысында (5,4%) және Астана қаласында (4,4%) тұрады.

Салық салудың негіздері бойынша білім қажет деп көрсеткендер де көбінесе Павлодар облысында (25%), Солтүстік Қазақстан облысында (5,4%) және Ақмола облысында (6,4%) тұрады.

Құқықтық сауаттылық саласындағы білім қажет деп жауап берген респонденттердің басым бөлігі Алматы қаласында тұрады – 50%, одан кейін Түркістан облысында – 12,9% және Ақмола облысында – 10,6%.

«Инвестициялық жобалау» нұсқасын жиі таңдаған студент қыздар Атырау облысында – 100%, Ұлытау облысында – 25% және Шымкент қаласында – 9,1% тұрады.


Бизнес-жоспарлау саласындағы білім жетіспейтінін көрсеткендер – Қостанай облысындағы студент қыздар (100%), Ұлытау облысында – 75% және Алматы қаласында – 50%.

«Тайм-менеджмент» нұсқасын жиі таңдаған респонденттер – Солтүстік Қазақстан облысында – 7,2%, Жамбыл облысында – 4,4%, ал Ақмола мен Түркістан облыстарында – әрқайсысында 4,3% (57-кесте).

Кесте 57 – Қазақстан өңірлерінде әйелдер кәсіпкерлерінің кәсіби дағдыларды игеру деңгейінің салыстырмалы талдауы %

Атау	Астана қ.	Алматы қ.	Шымкент қ.	Ақмола облысы	Алматы облысы	Атырау облысы	Жамбыл облысы	Жетісу облысы	Батыс Қазақстан	Қарағанды облысы	Қостанай облысы	Қызылорда облысы	Манғыстау облысы	Павлодар облысы	Солтүстік Қазақстан	Түркістан	Ұлытау
Қаржылық сауаттылық	57,4	-	72,7	29,8	-	-	36,1	100	100	54,3	-	27,6	100	50	23,4	38,6	-
Тайм-менеджмент	-	-	-	4,3	-	-	4,4	-	-	2,1	-	3,9	-	-	7,2	4,3	-
Бухгалтерлік есеп негіздері	4,4	-	-	-	-	-	2,9	-	-	3,2	-	-	-	25	5,4	4,3	-
Салық салу негіздері	-	-	-	6,4	-	-	3,5	-	-	4,3	-	5,3	-	25	5,4	-	-
Құқықтық сауаттылық	8,8	50,0	-	10,6	-	-	4,4	-	-	4,3	-	-	-	-	7,2	12,9	-
Инвестициялық жобалау	4,4	-	9,1	3,2	-	100	3,5	-	-	2,1	-	7,9	-	-	5,6	4,3	25,0
Бизнесі жоспарлау	25,0	50,0	18,2	39,4	-	-	29,9	-	-	27,7	100	51,3	-	-	24,6	22,9	75,0
Жобалық менеджмент	-	-	-	-	-	-	4,7	-	-	2,1	-	3,9	-	-	4,2	-	-
Басқа	-	-	-	6,4	100	-	10,6	-	-	-	-	-	-	-	16,8	12,9	-
Ескерту – Автор зерттеу негізінде құрастырған																	

Әйелдер бизнесін дамыту қажеттілігі мен оны қолдауға қатысты пікірлерді бағалау барысында респонденттердің басым бөлігі (62,9%) Қазақстан қоғамында әйел адамның кәсіппен айналысуы оң қабылданатынын атап өтті. Бұл – елде әйелдер кәсіпкерлігінің дамуына деген қолдау мен қабылдаудың артып келе жатқанын көрсетеді. Алайда 14,1% респондент «көбіне иә» деген жауапты таңдап, бұл мәселе бойынша аздаған күмәнін білдірді. Сонымен қатар, 12,4% бұл сұрақ туралы ойланбағандарын айтса, 10,7% қоғамда белгілі бір стереотиптер мен теріс көзқарастар бар екенін атап өтті (33-сурет). Бұл жайттар өз кезегінде еңсеруді қажет ететін мәселелердің бар екенін көрсетеді.



■ Көбіне, иә ■ Иә ■ Жоқ ■ Көбіне, жоқ ■ Бұл туралы ойлаған жоқпын

Сурет – 33 Қазіргі Қазақстан қоғамында әйелдердің кәсіпкерлікпен айналысуына көзқарас қандай

Ескерту – Автормен құрастырылған

Кәсіпкер әйелдерге деген оң көзқарас басым өңірлерге Павлодар, Маңғыстау және Батыс Қазақстан облыстары жатады. Ал кейбір өңірлерде, мысалы Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында, әйелдер кәсіпкерлікті қолдауға қатысты күмәнді көзқарас білдіреді.

Қазақстанда ерлер мен әйелдерге бизнес жүргізу үшін тең құқықтар мен жағдайлардың болуы туралы сұраққа жауап берген респонденттердің 51,7%-ы елімізде ерлер мен әйелдер үшін бизнес жүргізу мүмкіндіктері тең деп есептейді. Бұл кәсіпкерлік ортада гендерлік теңдікке деген оң көзқарастың қалыптасып келе жатқанын көрсетеді. Алайда, 13,2%-ы бұл жағдайлардың толық тең емес екеніне сенімді болса, 10,2%-ы бизнес саласында гендерлік теңсіздік бар екенін атап өткен. Бұл көрсеткіш әйелдердің кәсіпкерлікке толыққанды қатысуына кедергі келтіретін кейбір тосқауылдардың бар екенін білдіреді.

Көзқарастар білім деңгейіне қарай әртүрлі. Тең мүмкіндіктер бар деп есептейтіндердің көпшілігі бірінші курс студенттері мен магистранттар (50%-дан астам). Ал екінші және үшінші курс студенттері арасында бұл мәселе бойынша күмән басым.

Аймақтық айырмашылықтар да байқалады. Мысалы, Атырау облысында, Алматы қаласында және Қызылорда облысында респонденттердің 80%-дан астамы ерлер мен әйелдердің кәсіпкерлікпен айналысуына тең мүмкіндік бар деп есептейді. Керісінше, Алматы және Павлодар облыстарында гендерлік теңсіздік сақталған деген пікір басым. Сауалнама нәтижелері студент қыздар арасында кәсіпкер әйел қандай қасиеттерге ие болуы керек деген сұраққа әртүрлі көзқарастар бар екенін көрсетті. Респонденттердің көпшілігі кәсіпкер әйел мықты мінезді (79,3%), мақсатқа ұмтылатын (75%) және табанды (44,4%)

болуы керек деп есептейді. Сонымен қатар, 50%-дан астам студенттер кәсіпкер әйелге белсенділік (53,8%), қарым-қатынасқа бейімділік (68,2%) және дербестік (76,7%) қажет емес деп санайды. Эмпатия, эмоциялық интеллект және агрессивтілік сияқты қасиеттерге қатысты да бірыңғай пікір жоқ: көпшілігі бұл қасиеттер кәсіпкер әйелге тән болмауы керек деп есептейді. Көзқарастар студенттердің оқу курсы мен өңірге байланысты өзгеріп отырады, бұл елдің әр аймағындағы мәдени және әлеуметтік ерекшеліктердің кәсіпкерлік қабілеттерді қабылдауға әсерін көрсетуі мүмкін.

Қазақстандық әйелдердің ірі бизнесте аз болу себептері туралы сұраққа респонденттер ең басты себеп – гендерлік стереотиптер (33,2%) деп жауап берген. Бұл стереотиптер әйелдердің мүмкіндіктерін шектейді. Сонымен қатар, респонденттердің 24,6%-ы әйелдерде практикалық тәжірибе жетіспейді деп есептейді. Ал 11,7% бейресми шектеулердің әйелдердің бизнестегі ілгерілеуіне кедергі келтіретінін айтқан. 7,3%-ы әйелдер ерлермен бәсекелесе алмайды деген пікірде. Тағы 3%-ы дәстүрлі көзқарасты ұстанып, әйел адам ірі бизнесті басқармауы керек деп санайды.

Жоғарғы курс студенттері көбіне тәжірибе жетіспеушілігін атаса, бірінші курс студенттері гендерлік стереотиптерге баса назар аударады. Жетісу облысы мен Астана қаласындағы студенттер арасында да әйелдерде тәжірибе жеткіліксіз деген пікір кең таралған (58-кесте).

Кесте 58 – Әйелдер кәсіпкерлігіндегі өңірлік кедергілер %

Атау	Астана қ.	Алматы қ.	Шымкент қ.	Ақмола обл.	Алматы обл.	Атырау обл.	Жамбыл обл.	Жетісу обл.	Батыс Қазақстан	Қарағанды обл.	Қостанай обл.	Қызылорда обл.	Манғыстау обл.	Павлодар обл.	Солтүстік-Қазақстан	Түркістан обл.	Ұлытау обл.
Әйелдерде практикалық тәжірибе жетіспейді	44,1	-	36,4	20,2	-	-	23,8	100	-	25,5	-	39,5	-	-	22,8	8,6	25,0
Әйелдерде тиісті білім жоқ	-	-	-	-	-	-	4,4	-	-	3,2	-	9,2	100	-	3,0	12,9	-
Гендерлік стерео тип тер бизнестегі әйелдер ді шектейді	27,9	-	54,5	53,2	-	100	22,9	-	100	46,8	100,0%	15,8	-	50,0%	32,1	17,1	50
Әйел үлкен бизнесті жүргізбеуі керек, ол анасы мен әйелі	-	-	9,1	3,2	-	-	3,5	-	-	2,1%	-	-	-	-	3,6	4,3	-
Үлкен бизнестегі әйел әрқашан ерлерді қарсы жеңе бермейді	8,8	-	-	13,8	100	-	7,3	-	-	3,2	-	11,8	-	25	7,2	8,6	-
Бизнесте әйелдерге кедергі келтіретін бей ресми шектеулер бар	19,1	50	-	6,4	-	-	11,7	-	-	16,0	-	11,8	-	25	7,2	27,1	25
Басқа	-	50	-	3,2	-	-	26,4	-	-	3,2	-	11,8	-	-	24,0	21,4	-
Ескерту – Автор зерттеу негізінде құрастырған																	

Сауалнама нәтижелері әйелдердің бизнес жүргізуіне әртүрлі факторлардың әсер ететінін көрсетеді. Бизнес саласындағы тәжірибенің болмауы – 64,5% респондент бұл фактордың бизнеске әсер ететінін атап өтті, әсіресе магистратура мен 3-курс студенттері арасында. Ал 2-курс студенттері бұл фактордың әсері айтарлықтай емес деп санайды.

Отбасылық міндеттерге байланысты уақыттың жетіспеушілігі – 52,6% респондент бұл мәселенің бизнеске әсер ететінін көрсеткен. Бұл әсіресе магистранттар мен 1-курс студенттері арасында алаңдаушылық тудырады. Алайда кейбір студенттер бұл фактордың әсері аз деп есептейді.

Несие мен қаржыландыруға тең қолжетімділіктің болмауы – 53,5% респондент бұл мәселе бизнес жүргізуге кедергі келтіреді деп санайды. Мұндай пікір магистратура мен 1-курс студенттері арасында кең таралған. Сонымен қатар, кейбір респонденттер бұл кедергіні сезінбегендерін айтқан.

Әйелдердің әлеуметтік мәртебесінің төмендігі – 45,3% бұл фактордың бизнеске әсері бар деп есептейді. Бұл әсіресе 1 және 4-курс студенттері арасында байқалады. Маңғыстау облысы мен Алматы қаласындағы респонденттер бұл мәселеге ерекше назар аударады.

Әйелдерді бизнес серіктес ретінде қабылдаудағы гендерлік стереотиптер – 44,1% респондент бұл фактордың да әсер ететінін айтқан. Бұл әсіресе магистратура мен 1-курс студенттері арасында жиі кездеседі.

Отбасыға қарау үшін жұмыс үзілістерінің қажеттілігі – 52,3% респондент бұл фактордың бизнес жүргізуге әсер ететінін атап өткен, әсіресе магистратура мен 1-курс студенттері арасында алаңдаушылық жоғары.

Бұл нәтижелер әйелдер үшін бизнес жүргізу жағдайларын жақсартудың маңыздылығын көрсетеді, оның ішінде тәжірибе, уақыт және қаржыландыруға қолжетімділік мәселелеріндегі қолдауды күшейту қажет.

Өз бизнесін ашуға арналған бастапқы капиталды жоспарлау бойынша, респонденттердің басым бөлігі (38,3%) өз жинақтарын пайдалануды көздейді. Банктен несие алуды 20,3% жоспарласа, 6,8% респондент әкесінің көмегіне үміт артады. Сонымен қатар, 5,4% жұбайының қаржысын пайдаланбақ, ал 5,1% достарымен бірігіп қаржы жинамақ.

Қаржыландыру көздерінің бөлінуі курс пен аймаққа байланысты әртүрлі: мысалы, Алматы мен Қызылорда облыстарында несие алу танымал болса, басқа аймақтарда әйелдер көбінесе өз қаражатына немесе отбасылық көмекке сенеді. Бұл бизнеске қаржыландыру көздерінің әртүрлілігін және қаржылық сауаттылықты арттыру мен сыртқы қаржыландыруға қолжетімділікті күшейту қажеттігін көрсетеді.

Қазақстандағы әйелдердің бизнес жүргізуіне арналған мемлекеттік қолдау шараларына қатысты, респонденттердің көпшілігі (43,5%) бұл шаралармен таныс емес, ал 20,7% тек естіген. Тек 14,5% ғана бұл қолдаулар туралы нақты біледі. Ең жоғары хабардарлық деңгейі магистранттар (42,3%) мен 2-курс студенттері (21%) арасында байқалады.

Маңғыстау және Атырау облыстарында респонденттердің 100%-ы қолдау шараларымен таныс емес, бұл ақпараттандыруды жақсарту қажеттігін

көрсетеді. Ал Жамбыл және Павлодар облыстарында хабардарлық деңгейі едәуір жоғары.

Сауалнама нәтижелері респонденттердің көпшілігі әйелдердің экономикадағы алғашқы және екінші секторларына қатысуын арттыруды (19%) және кәсіпкер әйелдерге арналған электронды ресурс құруды (17%) маңызды деп санайтынын көрсетеді. 16,6% қыздар арасында бизнес-білім беруді дамытуды қажет деп санаса, 12,7% стартаптарды қаржыландыру кезінде әйелдерге квота бөлуді қолдайды.

Жауаптар әртүрлі курста оқитын және әр өңірден келген студенттердің пікірлерінің алуандығын көрсетеді: мысалы, магистранттар көбіне электронды ресурсты құруды таңдайды, ал 2-курс студенттері әйелдердің экономика секторларына қатысуын арттыруды маңызды деп санайды.

Жетісу облысының респонденттері әйелдердің экономика секторларына қатысуын қолдаса, Атырау облысындағылар бизнес-білім беру мәселесіне көбірек көңіл бөледі (59-кесте).

Маңғыстау және Атырау облыстарында респонденттердің 100%-ы қолдау шараларымен таныс емес, бұл ақпараттандыруды жақсарту қажеттігін көрсетеді. Ал Жамбыл және Павлодар облыстарында хабардарлық деңгейі едәуір жоғары.

Сауалнама нәтижелері респонденттердің көпшілігі әйелдердің экономикадағы алғашқы және екінші секторларына қатысуын арттыруды (19%) және кәсіпкер әйелдерге арналған электронды ресурс құруды (17%) маңызды деп санайтынын көрсетеді. 16,6% қыздар арасында бизнес-білім беруді дамытуды қажет деп санаса, 12,7% стартаптарды қаржыландыру кезінде әйелдерге квота бөлуді қолдайды.

Жауаптар әртүрлі курста оқитын және әр өңірден келген студенттердің пікірлерінің алуандығын көрсетеді: мысалы, магистранттар көбіне электронды ресурсты құруды таңдайды, ал 2-курс студенттері әйелдердің экономика секторларына қатысуын арттыруды маңызды деп санайды.

Жетісу облысының респонденттері әйелдердің экономика секторларына қатысуын қолдаса, Атырау облысындағылар бизнес-білім беру мәселесіне көбірек көңіл бөледі (59-кесте).

Әрбір кәсіпкер әйелдің өзіндік ерекшеліктері мен қасиеттері бар екендігін атап өткен жөн. Дегенмен, қазақстандық кәсіпкер әйелдерге тән ортақ сипаттар да бар.

Кесте 59 – Өңірлерде әйелдер кәсіпкерлігін қолдаудың басым бағыттары %

Атау	Өңірлер																
	Астана қ.	Алматы қ.	Шымкент қ.	Ақмола обл.	Алматы обл.	Атырау обл.	Жамбыл обл.	Жетісу обл.	Батыс Қазақстан	Қарағанды обл.	Қостанай обл.	Қызылора обл.	Манғыстау обл.	Павлодар обл.	Солтүстік Қазақстан	Түркістан обл.	Ұлытау обл.
Әйелдердің бірінші қатысуын арттыру және екінші экономика секторларында	22,1	-	18,2	31,9	-	-	21,4	50	-	10,6	-	11,8	-	-	21,8	17,1	-
Кәсіпкерлер үшін электрондық ресурс құру	23,5	-	9,1	11,7	-	-	10,6	-	-	37,2	-	19,7	-	25	12,6	8,6	-
Кеңейту әйелдердің жоғары деңгейге қол жетімділігі өзекті мамандықтар бойынша	13,2	-	18,2	12,8	-	-	3,5	-	-	7,4	-	11,8	-	-	9	8,6	-
Аналықты әлеуметтік қолдау жүйесін дамыту	-	-	-	-	-	-	2,6	-	-	4,3	-	-	-	-	3,6	8,6	-
Қыздар арасында бизнес-білім беруді дамыту	-	-	9,1	19,1	-	100	21,4	-	-	14,9	-	17,1	-	50	12,6	31,4	75
Әйелдер кәсіпкерлігін қолдау инфрақұрылымын дамыту	-	-	18,2	6,4	10	-	6,2	-	100	6,4	100	7,9	100	-	4,8	4,3	-
Әйелдердің кәсіпкерлік даму көрсеткіштер жүйесін әзірлеу	-	-	18,2	-	-	-	1,8	-	-	6,4	-	-	-	-	4,8	-	-
Стартаптар мен бизнесті қаржыландыру кезінде әйелдерге квота бөлу	32,4	50	9,1	18,1	-	-	10,6	50	-	7,4	-	15,8	-	25	13,2	8,6	-
Басқа	8,8	50	-	-	-	-	22	-	-	5,3	-	15,8	-	-	17,4	12,9	25
Ескерту – Автор зерттеу негізінде құрастырған																	

Жоба аясында жүргізілген зерттеулер нәтижесінде біз қазақстандық кәсіпкер әйелдердің гендерге байланысты шектеулерді немесе тосқауылдарды нақты айқындай алмайтындығын анықтадық. Олар бизнес саласында ерлер мен әйелдердің тең емес екендігін, бастапқы мүмкіндіктердің әртүрлі екенін, бизнес жүргізуге институционалдық шектеулер бар екенін (ерлер мен әйелдер арасындағы табыс айырмашылығы, әйелдердің басшылық қызметтерде аз болуы), сондай-ақ әйелдер кәсіпкерлігінің ауқымын шектейтін гендерлік стереотиптер бар екенін мойындай бермейді. Сұхбатқа қатысқан әйелдердің басым көпшілігі бизнеске өз еркімен келгендерін, олар үшін кез келген экономикалық қуысы (тауаша) ашық әрі қолжетімді екенін айтты:

1. Қазақстандық кәсіпкер әйелдер бизнес қызметін және үй шаруасын қатар атқаруға дайын. Олар бұл үйлесімділікті әйел үшін міндетті және

органикалық деп санайды, ал отбасы бизнеске қарағанда жоғары басымдыққа ие.

2. Сауалнама жүргізген респонденттердің көпшілігі бизнеспен айналысуды жоспарлайды, бірақ шамамен үштен бірі қыздар әлі бизнес қызметінің болашағы туралы ойланбаған.

3. Көптеген қыздарды бизнесте тәуелсіздік, табысқа жету тілегі, жақындарын қаржылай қамтамасыз ету мүмкіндігі, жоғары табыс және дербестік қызықтырады. Бұл бизнеске қатысты дәстүрлі еркектік қасиеттерге бағытталғандығын көрсетеді.

4. Қыздарды ең көп қызықтыратын бизнес түрлері – өнер, ойын-сауық, демалыс, көтерме және бөлшек сауда, мемлекеттік басқару және қорғаныс, білім беру қызметтері, косметология қызметтері. Алайда қыздардың таңдаған бизнес салалары дәстүрлі болып келеді және көбінесе жоғары табысты емес.

5. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, респонденттер бизнестен ай сайынғы табысты 500 000 - 1 млн. теңге арасында алу көзін ұстайды. 4-5 млн. теңге табыс табуды жоспарлайтындардың саны 9,3% құрайды. 6-7 млн. теңге табыс алуды қалайтындардың саны 4,8%. 8-9 млн. теңге табыс алуды қалайтындардың саны 3,2% болған. Сауалнамаға қатысқан қыздардың қаржылық амбициялары да жоғары емес.

6. Сауалнамаға қатысушылар әйел кәсіпкердің қандай қасиеттері болуы керек деген сұраққа мыналарды айтты: мықты мінез, мақсатқа жетуге ұмтылу, адамдармен тіл табыса білу, белсенділік және табандылық. Кәсіпкерлік қасиеттері де дәстүрлі еркектік сипаттамаларға жақын.

7. Әйел кәсіпкерлер бизнес қызметін отбасымен үйлестіру үшін әртүрлі стратегияларды қолданады. Зерттеу барысында біз үш стратегияны анықтадық: «барлығын бірге жасаймыз», «жасырын әрі үндемеймін», «менде таңдау болмады». Әрбір стратегия әйелдің жасы, отбасы құрамындағы балалар саны, неке қатынасының сапасы, ата-ананың және туыстардың әсері сияқты факторларға байланысты.

Жалпы нарық статистикасы мен әлеуметтанулық зерттеулердің, сондай-ақ кәсіпкер әйелдермен жүргізілген сұхбаттардың нәтижелері бойынша кәсіпкер әйелдердің портретін сипаттайтын келесі сипаттамаларды бөліп көрсетуге болады:

1. Амбиция мен мақсатқа ұмтылушылық: Кәсіпкер әйелдер әдетте күшті мотивацияға ие және бизнесінде табысқа жетуді мақсат етеді.

2. Шығармашылық көзқарас: Олар көбінесе өз кәсіптерінде креативтілік пен инновациялық идеяларды көрсетеді.

3. Басшылық және көшбасшылық: Кәсіпкер әйелдер жиі басқару дағдыларына және команданы басқара білу қабілетіне ие.

4. Өз-өзіне сенімділік пен шешімділік: Олар шешім қабылдап, мақсаттарына жету үшін тәуекелге барудан қорықпайды.

5. Икемділік және бейімделгіштік: Кәсіпкер әйелдер нарықтың өзгермелі жағдайлары мен талаптарына жылдам бейімделе алады.

6. Желі байланыстары: Олар бизнестеріне қолдау көрсету және ресурстар алу үшін пайдалы байланыстар құрады.

7. Өзін-өзі дамытуға ұмтылушылық: Кәсіпкер әйелдер әдетте дағдылары мен білімдерін үнемі жетілдіруге және дамытуға ұмтылады.

8. Әлеуметтік жауапкершілік: Көптеген кәсіпкер әйелдер өз бизнестері арқылы қоғамға және қоршаған ортаға оң ықпал жасауға тырысады.

Бұл сипаттамалар кәсіпкер әйелдердің табысы мен дамуына әсер ететін маңызды аспектілерді, сондай-ақ олардың бизнеске деген жалпы көзқарасын көрсетеді.

Жалпы алғанда, Қазақстандағы кәсіпкер әйелдердің әлеуметтік-экономикалық портреті оны экономикада белсенді қатысуын қалыптастыратын факторлар мен құрылымдық кедергілердің кешенді үйлесімін көрсетеді. Қазіргі заманғы қазақстандық кәсіпкер әйел, әдетте, жоғары білімді, цифрлық технологияларды белсенді пайдаланады және сауда, қызмет көрсету және білім беру салаларына тартылған. Сонымен қатар, көпшілігі шағын және микрокәсіпкерлікте бизнес жүргізеді, көбінесе кәсіпкерлік қызметті отбасылық міндеттермен үйлестіреді.

Әйелдердің кәсіпкерліктегі қатысуының артуы мен мемлекеттік қолдаудың (гранттар, оқыту, менторлық бағдарламалар) болуына қарамастан, әйелдер бірқатар қиындықтарға тап болады: қаржыландыруға шектеулі қолжетімділік, цифрлық және қаржылық сауаттылықтың төмен деңгейі, қалыптасқан гендерлік стереотиптер, сондай-ақ ресурстар мен нарықтарға тең емес қолжетімділік. Бұл ерлер мен әйелдер арасындағы табыс айырмашылығымен расталады.


Дегенмен, кәсіпкер әйелдер жоғары бейімделгіштік, әлеуметтік белсенділік және өзін-өзі дамытуға ұмтылушылықты көрсетіп, оларды әлеуметтік-экономикалық өсудің маңызды қозғаушы күші етеді, әсіресе аймақтарда. Олардың экономикаға қосқан үлесін кеңейту үшін білім беру бағдарламаларын дамыту, инклюзивті қаржылық құралдарды құру және әйелдердің қажеттіліктеріне бағытталған менторлық желілерді дамыту қажет.

3 ҚАЗАҚСТАНДА ӘЙЕЛДЕР КӘСІПКЕРЛІГІН ОДАН ӘРІ ДАМУ ТЕТІКТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

3.1 Әйелдер кәсіпкерлігінің институционалдық тетіктерін жетілдіру

Әйелдер кәсіпкерлігіне әсер ететін институционалдық тетіктер қоғамдық нормалар мен дәстүрлерді, экономикалық құрылымды және ерекшеліктерді, ғылыми жетістіктер деңгейін, технологиялық даму деңгейін, өндірістік мүмкіндіктерді, сондай-ақ ресми және бейресми құрылымдарды қамтиды.


Қазақстанда әйелдер арасында бизнес бастамаларын дамытуға тиімді қолдау көрсететін белгілі бір жағдайлар бар. Оларға мыналар жатады (34-сурет).



Сурет 34 – Қазақстанда әйелдер бизнесін дамытуға қолайлы жағдайлар

Ескерту – Автормен құрастырылған

Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігіне әсер ететін ішкі және сыртқы аспектілерді талдау оны ынталандыру стратегияларын құруға және институционалдық қолдау тетіктерін жетілдіруге негіз болады. Бұл, өз кезегінде, әйел кәсіпкерлер үшін жағдай мен мүмкіндіктерді жақсартудың негізгі бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді (35-сурет).



Сурет 35 – Әйелдер кәсіпкерлігіне төнетін қауіптер мен қиындықтар

Ескерту – Автормен құрастырылған

Инновациялық экономиканы дамытудың негізгі факторы – жаңашылдықтарды енгізуге байланысты экономикалық үдерістерге тартылған институттар мен басқару жүйесінің жетілгендігі мен сенімділігі болып табылады.

Инновациялар саласында тұрақты прогреске қол жеткізу үшін, келесі элементтерді қамтитын қолайлы институционалдық орта қажет тиісті құқықтық және реттеуші база, қолжетімді қаржыландыру көздері, білім беру және зерттеу ұйымдарының қатысуы, кәсіпкерлікті қолдау бағдарламалары, ынталандыру тетіктері [174]. Бұл арнайы құралдар мен құрылымдарды 36-суреттен көруге болады.



Сурет 36 – Инновациялық экономикадағы институционалдық ортаның маңыздылығы

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [174, с. 96-98]

Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігін қолдаудың институционалдық тетіктерін жетілдіруге бағытталған стратегиялық бастама үш негізгі бағытты қамтиды:

1. Әйелдердің бизнес позициясын күшейту – олардың әлеуетін тиімді пайдалану және экспортқа қолдау көрсету.
2. Сыртқы ресурстарды тарту – жоғары технологияларды дамыту және ана болуды қолдау арқылы қолайлы жағдай жасау.
3. Тәуекелдерді азайту – алдын алу шаралары арқылы қауіптерді төмендету.

Осылайша, ұсынылып отырған тәсіл әйелдерді қолдаудың кешенді сипатын көрсетеді: ішкі әлеуетті тиімді пайдаланудан бастап, сыртқы сын-қатерлерді еңсеруге бағытталған қолдау көрсетуге дейін.

Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға арналған ұсыныстар әйелдердің бизнес саласындағы артықшылықтарын айқындау және күшейтуге негізделген. Ұсынылған бағыттар мыналарды қамтиды:

1. Әйелдердің кәсіпкерлік құзыреттерін арттыру – халықтың әйелдер бөлігінің (ХӘБ) бизнес жүргізу дағдыларын жетілдіру мақсатында арнайы білім беру бағдарламаларын дамыту.
2. Инфрақұрылымдық қолдау тетіктерін жетілдіру – халықтың әйелдер

бөлігінің (ХӘБ) кәсіпкерлік бастамаларын қолдайтын тиімді инфрақұрылым қалыптастыру.

Әйелдер кәсіпкерлігін дамытуда тәуекелдерді азайту және жобаларды бағалайтын тиімді жүйелерді енгізу басымдыққа ие. Қазақстандағы зерттеулер экспортқа бағытталған бастамалардың маңызын көрсетеді, сондықтан мемлекеттік институттармен («KazExportGarant», «ҚазАгро», «Қазақстанның индустриялық даму институты») стратегиялық ынтымақтастық әйелдер бизнесін халықаралық нарықтарға шығару мен кеңейтуге мүмкіндік береді.

Әйелдер кәсіпкерлігінің өсуінің негізгі іргетасы – білім. Әсіресе ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы сапалы техникалық және кәсіптік білімге қолжетімділікті кеңейту әйелдердің экономиканың бастапқы (шикізаттық) және екінші (өндірістік) секторларына белсенді қатысуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар қазақстандық іскер әйелдерге арналған арнайы электрондық платформа құру өзекті болып табылады. Мұндай ресурс әйелдерге халықаралық нарықтарға шығу тетіктері жөнінде толық әрі жүйеленген ақпарат ұсынуға бағытталады (37-сурет).



Сурет 37 – Білім – әйелдер кәсіпкерлігінің дамуының негізі

Ескерту – Автормен құрастырылған

Инженерия, өңдеу және құрылыс салаларында гендерлік теңсіздік айқын байқалады, кейбір жағдайларда бұл айырмашылық екі еседен асады. Мұндай алшақтықты азайту үшін білім беру гранттарында квоталар енгізу ұсынылады. Сонымен бірге әйелдерге стартаптарды дамыту, жоғары технологиялық кәсіпорындар құру және негізгі салалардағы инвестициялық жобаларды іске асыру үшін қаржыландыруға басымдық беру қажет. Әйелдер кәсіпкерлігінің тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында қолдау жүйесін жетілдірудің маңызы ерекше (60-кесте).

Кесте 60 – Мемлекеттік бағдарламалар аясында әйелдерге арналған қолдау көрсеткіштері

Бағыт	Нысаналы көрсеткіш	Ғылыми тұжырым
Білім беру	Техникалық мамандықтардағы әйелдерге арналған білім беру гранттарының ең төменгі үлесі – 30%	Жоғары технологиялық салаларда әйелдердің қатысуын кеңейтуге және осы секторларда әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға алғышарт жасайды.
Қаржыландыру	Мемлекеттік қолдау бағдарламаларында әйелдер стартаптары үшін қаржыландырудың нысаналы үлесі – 25%	Кәсіпкер әйелдердің бизнесін бастауы мен дамытуы үшін қажетті қаржылық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз етеді.
Жоғары технологиялар	Жоғары технологиялық кәсіпорындар үшін қаржыландыру алу кезінде әйелдерге арналған қолдау үлесі – 20%	Кәсіпкер әйелдердің инновациялық белсенділігін арттырып, оларды экономиканың перспективалы салаларына тартуды қамтамасыз етеді.
Ескерту – Автормен құрастырылған		

Ана болуды қолдау әлеуметтік саясаттың маңызды элементі болып табылады. Мектепке дейінгі ұйымдардың санын арттыру, бастауыш және орта білім беру жүйесінде кәсіпкерлікке бейімделген сабақтан тыс іс-шараларды ұйымдастыру, сондай-ақ қоғамдық орындарда арнайы инфрақұрылым құру әйелдердің кәсіпкерлік бастамаларын іске асыруына қолайлы жағдай жасайды. Жас әйелдердің кәсіпкерлік құзыреттілігін қалыптастыру үшін ұзақ мерзімді білім беру бағдарламалары, жалпы білім беретін мектептердің оқу жоспарына кәсіпкерлік негіздерін енгізу және жоғары оқу орындарында арнайы пәндерді ұсыну олардың кәсіби әлеуетін арттырады (61-кесте) [175].

Кесте 61 – Әйелдер кәсіпкерлігін қолдау мақсатындағы әлеуметтік инфрақұрылым элементтері

Бағыт	Мазмұны	Ғылыми негіздеме
Кәсіпорындардағы балабақшалар	Ірі компаниялар мен бизнес-орталықтарда корпоративтік балабақшаларды құру арқылы кәсіпкер әйелдер үшін жұмыс пен бала күтімін үйлестіру мүмкіндігі кеңейеді	Мұндай инфрақұрылым әйелдерге икемді жұмыс режимін қамтамасыз етіп, олардың экономикалық белсенділігін арттыруға ықпал етеді.
Мектептердегі сабақтан тыс бағдарламалар	Бастауыш және орта мектептерде сабақтан тыс іс-шаралар жүйесін дамыту оқу күні аяқталғаннан кейін балалар үшін қауіпсіз орта қалыптастырады	Бұл шара кәсіпкер аналардың жұмыс уақытын тиімді пайдалануға және кәсіби іс-әрекетке толыққанды араласуына жағдай жасайды.
Кеңсе кешендеріндегі ойын алаңдары	Бизнес-орталықтарда балаларға арналған мамандандырылған ойын аймақтарын ұйымдастыру	Мұндай алаңдарда балалар кәсіби тәрбиешілердің бақылауында болып, әйелдерге іскерлік міндеттерін алаңсыз орындауға мүмкіндік беріледі
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [175]		

Бастапқы кезеңдегі әйел кәсіпкерлер үшін білім беру бағдарламаларының маңызы зор. Негізгі бағыттарға қаржылық сауаттылық (бухгалтерлік есеп, инвестициялық жоспарлау, бизнес-жоспар құру), құқықтық дайындық (кәсіпкерлік, еңбек және салық заңнамасының негізгі нормалары) және

цифрлық сауаттылық (интернет мүмкіндіктері мен әлеуметтік желілерді бизнесте пайдалану) жатады. Сонымен қатар, әйелдер кәсіпкерлігін қолдау үшін инфрақұрылымды дамыту қажет. Мұндай инфрақұрылым әйелдердің жалпы және арнайы ресурстарға қол жеткізуін қамтамасыз етіп, олардың кәсіби әлеуетін кеңейтуге ықпал етеді (62-кесте).

Кесте 62 – Әйелдер кәсіпкерлігін қолдаудағы заманауи тетіктері

Тетіктер	Мазмұны	Ықпалы
Онлайн қауымдастықтар	Виртуалды байланыс платформалары арқылы кәсіпкер әйелдердің тәжірибе алмасуы мен өзара қолдауын қамтамасыз ету	Кәсіби байланыстарды қалыптастырып, ұжымдық білімге қол жеткізуге ықпал етеді
Краудфандинг	Әйелдер бизнес жобаларын қаржыландыруға арналған арнайы онлайн-платформалар	Дәстүрлі банктік несиелерден тыс балама капитал көздерін ашады; инновациялық және әлеуметтік жобаларды қолдауда тиімді
Краудсорсинг және желілік байланыс	Кәсіпкер әйелдер үшін ынтымақтастық пен кәсіби желілерді дамыту	Тәлімгерлік пен оқытуға қол жеткізуге мүмкіндік беріп, іскерлік әлеуетті кеңейтеді
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [175]		

Әйелдер кәсіпкерлігін дамытуда заманауи қолдау тетіктері ерекше маңызға ие. Қауымдастықтар кәсіпкер әйелдерге географиялық тосқауылдарды еңсеруге мүмкіндік беріп, олардың орналасқан жеріне тәуелсіз өзара әрекеттесуін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, сыртқы идеялар, ресурстар мен сараптаманы тартуға жол ашады.

Қазіргі бизнесті қолдау әдістері дәстүрлі құралдармен шектелмей, бірлескен жұмыс пен желілік өзара іс-қимылға негізделген тәсілдерді қамтиды. Олардың қатарында онлайн қауымдастықтар құру, краудфандинг арқылы қаржыландыру тарту және краудсорсингтік жобаларда көпшілікпен ынтымақтаса жұмыс істеу бар. Бизнес-инфрақұрылымдағы инновациялық элементтерге стартаптарды дамытуға арналған инновациялық кемптер, бірлескен зерттеу мен әзірлеуге бағытталған Fab-зертханалар, сондай-ақ коворкинг орталықтары жатады. Оларға қолжетімділікті мемлекеттік және жеке ұйымдардың қамтамасыз етуі әйелдер кәсіпкерлігінің тұрақты дамуына ықпал етеді (63-кесте) [175].

Әйелдер кәсіпкерлігінің дамуы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (АКТ) жетістіктерімен тығыз байланысты. Цифрландыру, компьютерлік модельдеу және модульдік дизайн сияқты инновациялық құралдар бизнес үдерістерін жеделдетіп, олардың тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Бұл технологиялар кәсіпкерлер арасындағы үйлестіру мен өзара ынтымақтастықты күшейтіп, күрделі техникалық міндеттерді онлайн форматта бірлесіп шешуге және ақпарат алмасуды оңтайландыруға мүмкіндік береді. Заманауи АКТ шешімдерін енгізу әйелдер кәсіпкерлігінің тұрақты дамуына және бизнес-процестердің оңтайландырылуына негіз қалайды.

Кесте 63 – Әйелдер кәсіпкерлігін қолдаудағы инновациялық инфрақұрылым элементтері

Инфра құрылым түрі	Мазмұны	Негізгі мүмкіндіктері	Маңызы
Коворкинг орталықтары	Бірлесіп жұмыс істеуге арналған арнайы кеңістіктер	Кеңсе жабдықтары мен жиналыс бөлмелеріне қол жеткізу, тәжірибе алмасу және желі құру	Іскерлік байланыстарды дамытуға және кәсіпкер әйелдердің жұмысын ұйымдастыруға жағдай жасайды
Инновациялық акселераторлар	Инновациялық идеялар мен жобаларды дамытуға арналған қарқынды бағдарламалар	Менторлық қолдау, бизнестің негізгі мәселелерін шешуге қысқа мерзімде іске асыру үшін ресурстар	Сараптамалық қолдауды күшейтіп, жаңа бастамаларды жылдам жүзеге асыруға мүмкіндік береді
Fab-зертханалар	Бірлескен зерттеулер мен әзірлемелерге арналған кеңістіктер	Жаңа өнімдердің үлгілерін әзірлеу және тестілеуге арналған заманауи технологиялық жабдықтар	Әсіресе технологиялық кәсіпкерлік саласындағы әйелдер үшін инновациялық белсенділікті арттыруда маңызды
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [175]			

Әйелдер кәсіпкерлігін тиімді талдау және мониторинг жүргізу үшін жетілдірілген метрикалар жүйесін қалыптастыру қажет. Бұл жүйе ірі кәсіпорындардың өндірістік көрсеткіштерінен бастап, демографиялық, өңірлік және салалық деректерді, сондай-ақ әлеуметтік осал топтар (жастар, жұмыссыздар, егде жастағылар, мүмкіндігі шектеулі жандар және т.б.) бойынша мәліметтерді қамтуы тиіс. Мұндай тәсіл әйелдер кәсіпкерлігінің ел экономикасына қосқан үлесін айқындап қана қоймай, кіріс пен шығыс динамикасын кешенді талдау арқылы оның ішкі даму үрдістерін түсінуге мүмкіндік береді. ӘЖ мониторингінің бір тиімді әдісі – әйелдер жетекшілік ететін кәсіпорындардың негізгі метрикаларын ерлер басқаруындағы кәсіпорындармен салыстырмалы түрде зерттеу. Бұл салыстыру ұлттық деңгейде де, өңірлік деңгейде де жүзеге асырылуы мүмкін (64-кесте).

Кесте 64 – Әйелдер кәсіпкерлігін бағалау мен мониторинг жүргізудің негізгі көрсеткіштер жүйесі

Көрсеткіштер блогы	Негізгі параметрлер	Ғылыми мәні мен қолданылу аясы
1	2	3
Негізгі деректер	- кәсіпкер әйелдердің демографиялық сипаттамалары; - әйелдер бизнесін аймақтық бөлу; - салалық мамандану, қызметтің қаржылық көрсеткіштері.	Әйелдер кәсіпкерлігінің құрылымын, аймақтық және салалық ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді; ағымдағы жағдайды бағалау үшін бас тапқы эмпирикалық база қалыптастырады
Мамандандырылған мәліметтер	- әйелдер басқаратын ірі компаниялар туралы ақпарат; - өнім өндіру көлемі; - құрылған жұмыс орындарының саны, экономиканың түрлі секторларында ұсынылуы.	Әйелдер кәсіпорындарының ұлттық экономикаға қосқан үлесін анықтауға және олардың экономикалық тиімділігін бағалауға бағытталған

64-кестенің жалғасы

1	2	3
Әлеуметтік аспектілер	- әйелдердің әлеуметтік осал топтарын тарту; - жұмыссыз әйелдерді жұмысқа орналастыру, жастар кәсіпкерлігін қолдау; - мүмкіндігі шектеулі әйелдердің интеграциясы.	Әйелдер кәсіпкерлігінің әлеуметтік маңыздылығын, жұмыспен қамту және инклюзияны қамтамасыз етудегі рөлін айқындайды
Ескерту – Автормен құрастырылған		

Мемлекеттік қолдау әйелдер кәсіпкерлердің инновациялық белсенділігін арттыруға, оның ішінде цифрлық стартаптарды дамытуға және даму институттарымен серіктестік жобаларды ілгерілетуге бағытталған. Бұл олардың ұлттық экономикаға интеграциялануына және елдің экономикалық өсіміндегі рөлін нығайтуға мүмкіндік береді.

Нәтижесінде, әйелдер кәсіпкерлігі ел экономикасына жаңа жұмыс орындарын ашу, әлеуметтік жауапкершілігі бар бизнесті дамыту және әйел көшбасшылығының ерекшеліктерін (жауапкершілік, тәуекелі төмен стратегия, икемді басқару, ашықтық және заңдылықты сақтау) енгізу арқылы елеулі үлес қосады (65-сурет).

Кесте 64 – Әйел кәсіпкерлердің жауапкершілік, әлеуметтік және экологиялық өлшемдер негізіндегі басқару стратегиялары

Көрсеткіш	Мазмұны	Ғылыми мәні
Жоғары жауапкершілік	Кәсіпкер әйелдер өз бизнесі мен қызметкерлері үшін жоғары жауапкершілік танытады, бұл олардың тұрақты дамуына және қоғамға оң ықпал етуіне септігін тигізеді.	Жауапкершілікке негізделген тәсіл бизнес тұрақтылығын арттырады және әлеуметтік капиталды нығайтады.
Әлеуметтік және экологиялық өлшемдерді ескеру	Шешім қабылдау барысында тек экономикалық емес, сонымен қатар әлеуметтік және экологиялық аспектілер назарға алынады.	Бұл ұстаным тұрақты даму қағидаттарымен үйлеседі және ұзақ мерзімді даму стратегиясын қамтамасыз етеді.
Ұқыптылық пен егжей-тегжейге мән беру	Мұқият жоспарлау мен қызметкерлер үшін қолайлы жағдай жасау компания атмосферасына оң әсер етеді және адалдықты арттырады.	Тәжірибелік дәлдік пен институционалды сенімділік деңгейін жоғарылатады.
Тәуекелдерді азайту	Минималды тәуекелді стратегияларға басымдық беру және шешім қабылдаудағы сақтық экономикалық тұрақсыздық кезеңінде де бизнестің тұрақтылығын қамтамасыз етеді.	Тәуекелдерді басқару тәжірибесі дағдарыс жағдайында бизнестің өміршеңдігін арттырады.
Икемді басқару	Нарықтың өзгермелі жағдайларына бейімделу қабілеті жоғары. Барлық тараптардың мүдделерін ескеретін тәсілдер жаңа мүмкіндіктерді тиімді пайдалануға мүмкіндік береді	Икемді басқару ұйымдық бейімделгіштікті күшейтіп, динамикалық ортада бәсекеге қабілеттілікті сақтауға жағдай жасайды
Ескерту – Автор құрастырған		

Институционалдық тетіктер тұжырымы қазіргі институционалдық экономика теориясында кеңінен қолданылып келеді, алайда әйелдер

кәсіпкерлігін қолдау жүйесіне бұл теориялық аппараттың ерекше рөлі бар екендігі қарастырылады (North, Williamson – теориялық негіз ретінде). Мұнда маңызды ұғымдар: құқықтық-әлеуметтік институттар, нормативтік орта, қолдау механизмдері, мемлекеттік және халықаралық ұйымдар. Сонымен қатар, халықаралық тәжірибеге талдау жасау арқылы Қазақстандағы тәжірибені салыстыруға болады:

1. Women’s Entrepreneurship Development Centers (WEDCs): Қазақстан 2021 жылы алғашқы 17 орталығын ашты. Олар әйелдерге ақпарат, қаржылық және кәсіби желілерге қол жеткізу, цифрлық дағдылар мен e-commerce платформаларға шығу мүмкіндігін береді. Қазірге дейін 9,000 әйелге 26,386 қызмет көрсетілген; 2023 жылдан бастап бұл бастама толықтай Үкімет тарапынан қаржыландырылады (2 млн. USD) [176].

2. Academy for Women Entrepreneurs (AWE): АҚШ Мемлекеттік департаменті қолдауымен 2021-2024 жылдары жүзеге асырылған бағдарлама DreamBuilder платформасында онлайн режимде өткізіледі. Ол жаңадан бизнес бастағандар мен тәжірибесі бар әйелдерге бағытталған [177].

3. She’s Next: Visa және Halyk Bank ынтымақтастығында 2021 жылдан бері өткізілуде. Еліміздің шалғай аймақтарындағы әйел кәсіпкерлерге гранттар, менторлық және оқыту мүмкіндіктері беріледі. 2025 жылы IT бағытындағы әйелдерге арналған жаңа санат қосылды [178].

4. ЕҚДБ (EBRD) “Women in Business Programme II”: KMF микрокредиттік ұйымына 25 млн USD көлемінде несие бөлді. Бұл әйелдерге арналған ШОБ-ты қаржыландыруды күшейтуге бағытталған [179].

5. IFC және Arnur Credit: 2025 жылы IFC Arnur Credit компаниясымен серіктестік іс-шара жүргізіп, 10 млн USD несие бөлінді, оның 40%-ы әйел кәсіпкерлерге бағытталған [180].

6. Даму қоры жаңа бастамалар: “Umit” бағдарламасы – әйелдерге арналған жаңа қолдау бағдарламасы, 10 млрд. KZT бөлінді; 96 мың әйел жобаларын 2,893 млрд KZT қаражатпен қолдаған [181].

7. Жалпы мемлекеттік статистика: 2022 жылдың соңына қарай және 2023 жылдың 10 айында шамамен 17 мың әйел жобасы 638 млрд. KZT көлемінде субсидияланған, 13 мың жоба кепілдендірілген (114 млрд. KZT), және 147 мың консультация көрсетілген. Бұл көрсеткіштер 20 WEDCs арқылы жүзеге асырылған [182].

8. Ауылдық әйелдерге арналған қор (Uly Dala): 2023 жылы ауылдық әйелдерге қолдау көрсету үшін қор құрылатыны хабарланды. Қаржыландыру, оқыту және менеджмент дағдыларын дамытуға бағытталған.

9. Regional/local governance support: Зерттеу бойынша жергілікті әкімдіктер әйел кәсіпкерлігін қолдайтын саясаттар әзірлеп, инфрақұрылым, желі, қаржылық қолдау үрдісін ұйымдастыруда.

Негізгі проблемалар мен шектеулер:

1. Қаржыландыруға қол жеткізу жеңіл емес: кепілдік талаптары, пайыздық мөлшерлемелер.

2. Ақпараттық қолдау жеткіліксіз: әсіресе ауылдық цифрлық сауаты төмен әйелдерге.

3. Географиялық тең емес қолдау: қалалық және ауылдық жерде қолдау деңгейі әртүрлі.

4. Институттар арасындағы үйлесім төмен: мемлекеттік, халықаралық ұйымдар мен қоғамдық құрылымдардың өзара әрекеттесуі әлсіз.

5. Мониторинг пен бағалау жүйесінің жеткіліксіздігі: тиімділікті анықтайтын жүйелік аналитика жоқ.

Ұсыныстар және жетілдіру бағыттары:

1. Бір терезе қағидасымен цифрлық платформа: барлық қолдау құралдары (оқыту, қаржы, желі) интеграцияланған жүйе.

2. Жергілікті әкімдіктер деңгейінде қолдауды күшейту: жергілікті саясатты ынталандыру, грант, инфрақұрылым.

3. Кепілдік және қаржылық қолдауды жетілдіру: арзан, кепілсіз микронесиелер мен шарттарды жеңілдету.

4. Үйлесімді институттық диалогты нығайту: мемлекеттік, халықаралық, қоғамдық құрылымдар арасында серіктестікті арттыру.

5. Мониторинг және деректер жүйесі: WEDCs, мемлекеттік бағдарламалар тиімділігін аналитикалық бағалау.

Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігін институционалдық тұрғыдан қолдаудың құрылымы қалыптасқан: WEDCs, AWE, She's Next, мемлекеттік және халықаралық қаржыландыру. Дегенмен, қаржылық, құқықтық, ақпараттық, институционалдық тепе-теңдік мәселелері бар. Алда осы тетіктерді жүйелі әрі біртұтас дамыту арқылы, кәсіпкерлік әлеуетін арттыруға және гендерлік теңдікті нығайтуға қол жеткізу маңызды.

Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігін дамыту мемлекеттік экономикалық саясаттың басты бағытына айналды. Әйелдер бизнесі жаңа жұмыс орындарын құру, шағын және орта бизнесті кеңейту, гендерлік теңдікті қамтамасыз ету, отбасының экономикалық тұрақтылығын арттыру және өңірлік дамуды жандандыру арқылы экономикалық әсер көрсетеді. Институционалдық тетіктер – бұл әйелдердің кәсіпкерлік белсенділігін қолдау үшін мемлекет, қоғамдық және қаржы институттары, сондай-ақ халықаралық ұйымдар арқылы жүзеге асырылатын құқықтық, ұйымдастырушылық, қаржылық және ақпараттық құралдар жиынтығы.

Халықаралық тәжірибе әйелдер кәсіпкерлігін қолдау тетіктерінің тиімді жұмыс істеуі бірқатар институционалдық факторлардың өзара үйлесуіне тәуелді екенін дәлелдейді. Оларға құқықтық база, қаржылық ресурстардың қолжетімділігі, білім беру және оқыту инфрақұрылымы, кәсіпкерлік желілердің дамуы, сондай-ақ ақпараттық қолдау жүйесі жатады. Дамыған мемлекеттерде бұл элементтер біртұтас әрі өзара толықтыратын механизм ретінде әрекет етіп, әйелдердің кәсіпкерлік бастамаларын іске асыруына жан-жақты жағдай жасайды.

Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігін қолдау саласында ілгерілеу байқалғанымен, қолданыстағы тетіктердің тиімділігін арттыру және оларды өңірлік ерекшеліктерге бейімдеу өзекті болып отыр. Институционалдық құрылымдарды жетілдіру әйелдер кәсіпкерлігінің орнықты дамуына және олардың экономикалық белсенділігінің өсуіне жағдай жасайды. Сонымен қатар,

АҚШ Мемлекеттік департаменті қолдаған Academy for Women Entrepreneurs (AWE) бағдарламасы DreamBuilder платформасы негізінде кәсіпкерлік білімін кеңейтіп, тәжірибесі аз әйелдерге гранттық және менторлық қолдау көрсетеді. Бағдарламаның географиялық ауқымы кеңейіп, Астана мен Алматыдан бөлек, Қызылорда, Түркістан және Солтүстік Қазақстан облыстарындағы әйелдер де қамтылады.

Халықаралық қаржы институттарының қатысуы әйелдер кәсіпкерлігін қолдаудың тиімділігін арттыратын маңызды элемент болып табылады. 2025 жылы Еуропалық қайта құру және даму банкі Women in Business Programme II аясында КМФ ұйымына 25 млн. АҚШ долларын бағыттап, бұл қаражат әйелдерге арналған микронесиелерді кеңейтуге жұмсалды. Сол жылы Халықаралық қаржы корпорациясы Arnur Credit ұйымымен бірге 10 млн. АҚШ долларлық несие желісін іске қосып, оның 40%-ын әйел кәсіпкерлерді қаржыландыруға бөлді.

Кесте 66 – Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігін қолдаудың институционалдық тетіктері

Бағдарлама / Жоба атауы	Оператор (институт)	Қолдау түрі	Қамту ауқымы (өңір/бенефициарлар)	Қаржыландыру көлемі	Тиімділік және нәтижелер
1	2	3	4	5	6
WEDCs – Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталықтары	UN Women + ҚР Үкіметі	Консалтинг, оқыту, бизнес-инкубация, цифрлық дағдылар	20 орталық, 9 000+ әйел (2021–2023)	Жылына шамамен 2 млн АҚШ долл.	26 386 қызмет көрсетілген, 60% қатысушылар бизнесін ашқан/кеңейткен
Academy for Women Entrepreneurs (AWE)	АҚШ Мемлекеттік департаменті + жергілікті серіктестер	Онлайн-оқыту (DreamBuilder), менторлық, грант	Ел бойынша 500+ қатысушы, өңірлер қамтылған	Ақпарат жоқ (жобалық гранттар)	Қатысушылардың 70%-ы бизнесін бастауға дайын екенін мәлімдеді
She's Next	Visa + Halyk Bank	Грант, маркетинг, оқыту	2021–2025 жж. 300+әйел қамтылды	Бір грант көлемі 2 000–5 000 USD	80%-ы қаржыны бизнесті кеңейтуге жұмсаған
Women in Business Programme II	ЕБРР + КМФ	Микронесие, қаржылық кеңес	Қазақстан бойынша ШОБ сегменті, мыңдаған әйел	25 млн USD	Несие алғандардың 40%-ы – жаңа клиенттер, төлем тәртібі жоғары
IFC – Arnur Credit бағдарламасы	IFC + Arnur Credit	Микронесие	3 өңір, 2 000+ әйел	10 млн USD (40% әйелдерге)	85% қарыз алушылар табысын арттырған
"Даму" қоры – "Umit" бағдарламасы	«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры	Грант, субсидия, кепілдік	96 мың әйел, ел бойынша	10 млрд KZT	2 893 млрд KZT қаржыландыру, 147 мың консультация
"Атамекен" ҰКП әйелдер орталықтары	"Атамекен" ҰКП	Оқыту, менторлық, желілік қолдау	20 орталық, 7 000+ әйел	Ақпарат жоқ (мемл. және демеушілік қаржы)	60%-ы қызметтен кейін табысын арттырған

66-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
Uly Dala – Ауыл әйелдеріне қолдау қоры	ҚР Үкіметі + демеушілер	Грант, оқыту, менеджмент дағдылары	Ауылдық аймақтар, жаңа жоба	2023 жылы құрылған, қаржы мәліметі ашық емес	Жоба енді басталған
Бизнестің жол картасы – 2025	ҚР Үкіметі	Субсидия, кепілдік, инфрақұрылым	ШОБ, оның ішінде әйелдер кәсіпкерлер	Жылына бірнеше жүз млрд KZT	Әйелдердің қатысу үлесі – 30% шамасында
Ескерту – Автор кестені ресми ұйымдардың ашық есептері мен бағдарламалардың жарияланған материалдары негізінде құрастырды					

Алайда, қазіргі институционалдық қолдау жүйесінде бірқатар шектеулер бар. Ауылдық жерлердегі әйел кәсіпкерлер бағдарламалар туралы толық ақпараттан хабарсыз, бұл ақпараттық қолжетімділіктің төмендігін көрсетеді. Сонымен қатар, қаржылық қолдау алу үшін қажетті кепілзат талаптары көптеген әйелдер үшін негізгі кедергі болып отыр. Бағдарламалардың қалалық аймақтарға шоғырлануы ауылдық және шекаралық өңірлердегі әйелдердің қамтылуын шектейді. Институттар арасындағы үйлестірудің әлсіздігі қайталанатын функциялар мен ресурстардың тиімсіз бөлінуіне әкеледі.

Осы проблемаларды шешу мақсатында институционалдық тетіктерді жетілдіру бойынша бірнеше ұсыныс жасауға болады:

Біріншіден, «Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту туралы» арнайы заң қабылдап, онда қолдау шараларының нақты механизмдерін бекіту қажет


Екіншіден, WEDCs желісін кеңейту және олардың қызметін «бір терезе» қағидаты бойынша онлайн және офлайн форматта интеграциялау ұсынылады.

Үшіншіден, ауылдық әйелдерге арналған арнайы гранттық және микронесие бағдарламаларын енгізу арқылы аймақтық теңгерімсіздікті азайту керек.

Төртіншіден, мемлекеттік, жеке және халықаралық ұйымдар арасындағы серіктестікті институционалдық деңгейде күшейтіп, бірлескен жобаларды іске асыру маңызды.

Бесіншіден, қолданыстағы бағдарламалардың тиімділігін бағалау үшін тәуелсіз мониторинг жүйесін құру қажет, бұл ресурстарды мақсатты және нәтижелі бөлуге мүмкіндік береді.

38-суретте, қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігін қолдау соңғы жылдары айқын институционалдық сипатқа ие болды: мемлекеттік саясат, халықаралық серіктестік, даму институттары мен қаржы ұйымдарының мақсатты бағдарламалары біртұтас экожүйеге біріктірілді. Ұлттық экономика министрлігінің деректері бойынша, әйелдер басқаратын белсенді шағын және орта бизнестің үлесі 44,6%-ды құрайды, бұл жүз мыңдаған кәсіпкер әйелдің экономикалық белсенділігін, бір миллионнан астам жұмыскердің жұмыспен қамтылуын және салалық әртараптану арқылы өңірлік тұрақтылыққа ықпалын көрсетеді [183].




Сурет 38 – Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігін қолдаудың институционалдық экожүйесі

Ескерту – Кестеде әйелдер кәсіпкерлігін қолдауға қатысатын негізгі мемлекеттік, халықаралық және жеке сектор институттары көрсетілген. Кесте автор тарапынан ресми ашық дереккөздер негізінде құрастырылды

Институционалдық деңгейде маңызды қадам – Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталықтарының (Women’s Entrepreneurship Development Centers, WEDCs) құрылуы. 2021 жылы Үкімет барлық облыстар мен ірі қалаларда 17 орталық ашуға уәде беріп, бастаманы іске асырды; 2023 жылдың өзінде орталықтар 9 000 әйелге 26 386 қызмет көрсетті. Орталықтардың ерекшелігі – әйелдер сұранысына бейімделген сервистердің портфелі: құқықтық және қаржылық консалтинг, маркетинг және SMM бойынша оқыту, бизнес-жоспарлау және мемлекеттік гранттарға құжат дайындау, цифрландыруға көмек. 2023 жылдан бастап жобаны толық мемлекеттік қаржыландыруға көшіру шешімі қабылданып, тұрақты бюджеттік қолдау институттандырылды. Бұл қадам орталықтарды пилоттық режимнен ұлттық инфрақұрылымға айналдырды, яғни қолдау «жобадан» «тұрақты институтқа» өтті [184].

39-суретте институционалдық бағдарламаларды қаржыландыру біркелкі емес: негізгі үлес 3-бағдарламаға (25 млн АҚШ долл.) тиесілі, 4-бағдарлама орташа деңгейде (10 млн АҚШ долл.) қолдау алған, ал 1 және 2-бағдарламалар

өте төмен көлемде қаржыландырылған. Бұл қаржылық ресурстардың шоғырланғанын және кейбір бағыттардың жеткілікті қолдау таппағанын көрсетеді.




Сурет 39 – Негізгі институционалдық бағдарламаларды қаржыландыру көлемі

Ескерту – Автор тарапынан ресми ұйымдардың ашық есептері мен бағдарламалардың жарияланған материалдары негізінде құрастырылды

Қаржылық қолжетімділік – институционалдық тетіктердің өзегі. Мұнда да көп деңгейлі модель қалыптасты: халықаралық даму банктері, ұлттық даму институттары және жекеше сектор біріккен «аралас қаржыландыру» архитектурасын құрады. 2024-2025 жж. Еуропалық қайта құру және даму банкі (ЕБРР) Қазақстанның жетекші микрокредиторы КМФ-ке 25 млн. АҚШ доллары көлемінде екі рет қаржылық пакет бекітті, оның 15 млн доллары – Women in Business (WiB) бағытына, ал қалған бөлігі жастар кәсіпкерлігіне арналды; 2025 жылғы WiB II шеңберіндегі мәміле әйелдер жетекшілік ететін ШОБ-қа қаржыны, білім мен техникалық көмекті кеңейтуді мақсат етті. Бұл WiB II Қазақстан Үкіметінің қолдауымен іске асуда, яғни «халықаралық қаржы – ұлттық саясат – нарық операторлары» ұштағаны күшейтілді. ЕҚҚДБ-тің деректеріне сүйенсек, мұндай пакеттер бұрыннан келе жатқан клиенттік базаға (КМФ 2005 жылдан бері ЕҚҚДБ клиенті) сүйеніп, өңірлік ауқымда әйелдер үшін микронесиелердің терең таралымын қамтамасыз етеді [185].

IFC (Халықаралық қаржы корпорациясы) 2025 жылғы 14 шілдеде микрокредиттік ұйым Arnur Credit-пен жергілікті валютада 10 млн. АҚШ долларына баламалы қарыз туралы келісім жасасты. Келісімнің мақсаты – микрокәсіпкерлік пен шағын бизнеске, соның ішінде әйел кәсіпкерлерге, қолжетімді қаржыны ұлғайту. Қазақстан қор биржасы (KASE) жариялаған хабарламада мәміленің әйелдер кәсіпкерлігін кеңейту фокусына баса мән берілгені нақтыланады. Бұл келісім әйелдер үшін «сұсақ қадамдармен» жүретін, бірақ ауқымды мультипликативті әсер беретін жергілікті-валюталық кредиттеу арнасын тереңдетеді: айырбас бағамы тәуекелін төмендетеді және ауылдық өңірлердегі өнімдердің қолжетімділігін арттырады [186].



Сурет 40 – Әйелдер кәсіпкерлігін қолдау бағдарламаларының тиімділігімен қамту

Ескерту – Автор тарапынан ресми ұйымдардың ашық есептері мен бағдарламалардың жарияланған материалдары негізінде құрастырылды

40-суретте әйелдер кәсіпкерлігін қолдау бағдарламаларының қамту тиімділігі көрсетілген. WEDCs, AWE, She's Next және Women in Biz II сияқты халықаралық бастамалар жоғары тиімділікке (60-70%) жеткен, бірақ толық қамтуға шықпаған. Ал ұлттық деңгейдегі «Үміт» (Даму) және «Атамекен» бағдарламалары толық қамтуды қамтамасыз еткен. Бұл – жергілікті институттардың қолжетімділігі кең екенін, ал халықаралық бағдарламалар нақты бағытталған, бірақ қамту шектеулі екенін айғақтайды. Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігін қолдау жүйесі бар, алайда халықаралық жобалар нысаналы болса да, ұлттық бағдарламалар секілді жаппай қамтуды қамтамасыз ете алмай отыр.

Ұлттық даму институттарының рөлі де айқын. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры 2010 жылдан бері мемлекеттік бағдарламаларды іске асырушы оператор ретінде қызмет атқарып, банктік несиелер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау және кепілдік беру арқылы нарықтық тәуекелдерді төмендетеді. Қор «мемлекет → банк/микроқаржы ұйымы → кәсіпкер» тізбегінде институционалдық делдал ретінде бюджеттік және жеке қаржыларды біріктіріп, кредиттік өнімдерді әйелдер сегментіне бейімдеуді қамтамасыз етеді. 2025 жылғы БҰҰ Даму бағдарламасының елдік бағалауында осы функциялардың тиімділігі мен эволюциясы жүйелі түрде талданған [184]. Әйелдер кәсіпкерлігін қолдаудағы институционалдық механизмдерді бағалауда үш негізгі көрсеткіш маңызды: қамту, қаржыландыру көлемі және нәтижелілік.

Қамту: 2021-2023 жж. WEDCs арқылы 9 мың әйелге 26,4 мың қызмет көрсетіліп, ақпараттық-консультациялық «таралу тапшылықтары» азайтылды; маркетингтік, SMM және цифрлық дағдылар бойынша сұраныс құрылымы цифрлануға бағытталған әйелдер бизнесін көрсетті.

Қаржыландыру көлемі: 2024-2025 жж. ЕҚҚДБ WiB және IFC бағдарламалары арқылы кемінде 35 млн АҚШ доллары әйелдер кәсіпкерлігін қолдауға бағытталды; «Даму» қорының субсидия мен кепілдік механизмдері жеке банктердің миллиардтық кредиттерін қолжетімді әрі арзан қылды.

Нәтижелілік: ресми мәліметтер жаңа клиенттер үлесінің өсуін, төлем тәртібінің жоғары деңгейін және аймақтық қамтудың кеңеюін көрсетеді; бұл институционалдық құрылымның несиелік тәуекелді төмендетіп, ақпараттық асимметрияны қысқартатын әсерін дәлелдейді [187]. Жалпы ШОБ экожүйесінің динамикасы 2024 жылғы ресми мониторинг деректері бойынша тіркелген шағын және орта бизнестің жұмыс істеп тұрған үлесі 91,6 пайызға жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 0,3 пайыздық пунктке артты. Бұл көрсеткіш институционалдық механизмдердің кең көлемде бизнес тұрақтылығын қамтамасыз етуге ықпал ететінін көрсетеді. Агрегирленген деңгейдегі оң динамика әйелдер кәсіпорындарының да өсім цикліне қосылуына мүмкіндік береді, әсіресе сауда және қызмет көрсету секторында шоғырланған кәсіпкерлер үшін.

Әйелдер кәсіпкерлігінің институционалдық тетіктерін жетілдіру, дамыту мәселесі соңғы онжылдықта Қазақстанда экономикалық саясаттың маңызды бағытына айналды. Бұл үдерістің институционалдық негізін жетілдіру тек гендерлік теңдікті ілгерілету тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар экономикалық өсу мен еңбек нарығын әртараптандырудың пәрменді тетігі ретінде де қарастырылуда. Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспары (2025 жылға дейін) және "Қазақстан – 2050" стратегиясы әйелдердің экономикалық белсенділігін арттыруды басым міндеттердің қатарына енгізген. Осы тұрғыда әйелдер кәсіпкерлігінің институционалдық тетіктерін жетілдіру көпдеңгейлі, көпсалалы және көппартиялық өзара іс-қимылды талап етеді.

Институционалдық тетіктерді жүйелі талдау көрсеткендей, қазіргі уақытта Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігін қолдау үш негізгі деңгейден тұрады: 1) мемлекеттік басқару институттары; 2) ұлттық даму институттары мен бизнес-қауымдастықтар; 3) халықаралық ұйымдар мен жеке сектор серіктестіктері. Мемлекеттік деңгейде "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры, "Атамекен" ҰКП, сондай-ақ ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен ҚР Ұлттық экономика министрлігі негізгі рөл атқарады. Бұл институттар қаржылық қолдау, оқыту бағдарламалары, гранттық тетіктер және заңнамалық реформалар арқылы әйелдер кәсіпкерлігінің экожүйесін қалыптастырады.

Мысалы, "Даму" қорының деректері бойынша, 2019-2023 жылдар аралығында әйелдер басқаратын кәсіпорындарға бағытталған жобалар саны жалпы портфельдің шамамен 42%-ын құрады, ал бөлінген қаржыландыру көлемі 215 млрд теңгеден асты. Бұдан бөлек, "Атамекен" ҰКП аясында құрылған Әйелдер кәсіпкерлігін қолдау кеңесі 2022 жылы 5 мыңнан астам әйел кәсіпкерге құқықтық және бизнес-кеңес қызметтерін көрсетті.

Халықаралық ұйымдардың үлесі де айтарлықтай. Мәселен, Еуропалық қайта құру және даму банкінің "Women in Business" бағдарламасы Қазақстанда 2015 жылдан бері жұмыс істеп, 5 мыңнан астам әйел кәсіпкерге 25 млн АҚШ долларынан астам қаржы мен оқыту ресурстарын ұсынды. Сондай-ақ, UN Women бастамасымен іске асырылған "Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталықтары" (WEDCs) ауылдық аймақтардағы 9 мыңнан астам әйелге білім беру, менторлық және нарыққа шығу бойынша көмек көрсетті.

Институционалдық тетіктерді жетілдіру мәселесі бірнеше бағытта қарастырылады:

1. Құқықтық-нормативтік орта

Әйелдер кәсіпкерлігін қолдау үшін салықтық жеңілдіктер, жеңілдетілген лицензиялау және әкімшілік рәсімдерді қысқарту маңызды. Бұл бағытта Қазақстан 2020 жылы "Кәсіпкерлік кодексіне" енгізген түзетулер арқылы микробизнеске арналған патенттік салық режимін жеңілдетті.

2. Қаржылық қолжетімділік

Банктік кепілдіктер, микронесиелеу бағдарламалары және жеңілдетілген пайыздық мөлшерлемелер әйелдер кәсіпкерлер үшін негізгі қаржыландыру тетіктері болып табылады. Мысалы, 2023 жылы "Үміт" бағдарламасы аясында 96 мың ауыл әйелі 22 млн. АҚШ долларына жуық грант пен шағын несие алды.

3. Білім беру және менторлық

Әйелдер үшін арнайы бизнес-оқыту, цифрлық дағдылар курстары және менторлық желілер кәсіпкерлік әлеуетті арттырудың маңызды бөлігіне айналады. "She's Next" (Visa) бағдарламасы 2022 жылы 300-ден астам әйел кәсіпкерге онлайн-маркетинг және экспорттық стратегиялар бойынша оқыту курстарын ұсынды.

4. Аймақтық қолдау орталықтары

Әсіресе ауылдық жерлерде әйелдер кәсіпкерлігін қолдаудың инфрақұрылымдық желісін кеңейту қажет. WEDCs орталықтарының тәжірибесі көрсеткендей, аймақтық деңгейде тұрақты кеңес беру және оқыту орындарының болуы кәсіпкерлікті бастау деңгейін 15-20%-ға арттыра алады.

Институционалдық тетіктерді жетілдіру әйелдер кәсіпкерлігінің сандық және сапалық өсуін қамтамасыз ететін көп факторлы процесс болып табылады. Бұл ретте, мемлекеттік саясат пен жеке сектордың әріптестігі, халықаралық тәжірибені бейімдеу және өңірлік ерекшеліктерді ескеру стратегиялық маңызға ие. Статистикалық деректер көрсеткендей, қолдау бағдарламаларына қатысқан әйелдер кәсіпорындарының өміршеңдігі орта есеппен 1,7 есеге жоғары, ал жұмыс орындарын құру деңгейі 25%-ға артық.

Институционалдық инфрақұрылым «толық» деп айтуға ерте. Біріншіден, ақпараттың тең емес таралуы сақталып отыр: ауылдық жерлерде WEDCs және қаржылық өнімдер туралы хабардарлық деңгейі қалаларға қарағанда төмен, бұл цифрлық теңсіздікпен ұштасады (қауымдастықтар мен халықаралық ұйымдар бұл алшақтықты жүйелі түрде атап өтеді). Екіншіден, кепілзаттың жетіспеушілігі және пайыздық мөлшерлемелердің сезімталдығы әйелдер үшін кредитке қолжетімділікті шектейді; WiB тәрізді бағдарламалар кепілдікті жұмсартса да, банктік пруденциалдық талаптар «төмен тәуекел» сегменттеріне басымдық береді. Үшіншіден, бағдарламалар арасында үйлестірудің әлі де толық бірізденбегені байқалады: мемлекеттік қолдау (субсидия/кепілдік), халықаралық кредиттеу (WiB/IFC), оқыту-менторлық (WEDCs/AWE), жекеше гранттар (She's Next) көбіне параллель жүреді; осыларды «бір терезе» платформасына біріктіру транзакциялық шығындарды азайтар еді. Төртіншіден, қолдау алушы деңгейінде (әйел кәсіпкердің) қабылданған қолдаудың кіріс, өнімділік, жұмыспен қамту және цифрландыру

индикаторларына әсерін жылжымалы панель арқылы өлшейтін мониторинг әлі жеткіліксіз. Бұл олқылықтарды жабу үшін ұлттық статистика мен бағдарламалық әкімшілік деректерді біріктірілген деректер қоймасына жинап, гендерлік верификацияланған КРІ енгізу ұсынылады (мысалы: әйелдерге берілген кредиттер үлесі, орташа чектің динамикасы, дефолт деңгейі, сигналдық «пайда болған бизнес» көрсеткіші, грант → кредит → экспортқа шығу «баспалдағын» өлшеу). Мұндай тәсілдер ЭЫДҰ-нің инклюзивті кәсіпкерлік бойынша ұсынымдарымен үйлеседі.

Жүйелік жетілдіру бағыты ретінде мына институционалдық шешімдер дәлелді көрінеді. Біріншіден, WEDCs-ті заңнамалық түрде бекітіп, олардың бюджеттік желісін орта мерзімдік жоспарлау құжаттарына кірістіру қажет; бұл орталықтар санын арттырудан бұрын сервис сапасын (конверсия: кеңес → тіркелген бизнес → тірі бизнес) басқаруға мүмкіндік береді. Екіншіден, ЕКҚДБ-тің WiB II бағдарламасы мен IFC-нің жергілікті валюта желілерін «Даму» қорының қолдау құралдарымен үйлестіру әйелдердің кредитке қолжетімділігін едәуір кеңейтеді. Үшіншіден, Біртұтас цифрлық платформа арқылы WEDCs оқуды аяқтаған әйел автоматты түрде банктің несиелік қабілетін бағалау жүйесіне және «Даму» қорының кепілдігіне бағытталып, WiB/IFC желілеріне қосылуы тиіс. Бұл шығындарды азайтып, ақпараттық олқылықты жояды. Төртіншіден, She's Next, AWE сияқты жеке және халықаралық бастамаларды өңірлік әкімдіктердің шағын гранттарымен бірге қаржыландыру жергілікті экономикалық ықпалды арттырады. Бесіншіден, гендерлік бағдарланған сатып алулардың үлесін көбейту әйелдер басқаратын компаниялардың мемлекеттік және ірі корпоративтік сатып алуларға қатысуын жеңілдетеді. Бұл нарықтағы сұранысты тұрақты тетікке айналдырады.

2021-2025 жж. аралығында қалыптасқан институционалдық экожүйе нақты нәтижелер беріп отыр: мыңдаған бенефициар, ондаған мың қызмет, он миллиондаған долларлық арзан капитал арналары, мемлекеттік субсидия-кепілдік құралдары және оқыту-менторлық инфрақұрылым. Алдағы кезеңнің ғылыми-саяси міндеті – осы элементтерді бірыңғай архитектураға тігіп, дәлелге негізделген мониторингті іске қосу. Бұл әйелдер кәсіпкерлігінің тұрақтылығын күшейтіп, кәсіпкер әйелдердің үлесін және өнімділігін арттыруға әкеледі; сәйкесінше, ШОБ-тың жалпы денсаулығы мен аймақтық жұмыспен қамтудың сапасына мультипликативті әсер береді.

Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігінің институционалдық дамуы ең алдымен кәсіпкерлік саласын реттейтін базалық кодекстер мен салалық заңнамадан, сондай-ақ гендерлік теңдікке қатысты кросс-секторалық нормалардан құралатын құқықтық-нормативтік ортаға тікелей тәуелді. Негізгі қаңқа – 2015 жылғы 29 қазанда қабылданған «Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі». Кодекс кәсіпкерлік еркіндігін, мемлекеттік бақылау-қадағалаудың тәуекелге негізделген моделін, тексерулердің тәртібін және бизнесті реттеудегі жалпы қағидаттарды бекітеді; 2025 жылға дейінгі кезеңде құжат бірнеше рет жаңартылып отырды (соңғы өзгерістер 2025 жылғы 13 тамызда тіркелген). Бұл құжат әйелдер басқаратын кәсіпорындар үшін де құқықтық бірзділік пен болжамдылық қалыптастырады, өйткені барлық

субъектілерге ортақ рұқсат-хабарлама режимдері, бақылау жүйесі және мемлекеттік қолдау институттары осы кодекске сүйенеді [139].

Әйелдер кәсіпкерлігін «жалпы ережеден» «ерекше саясатқа» жақындататын кросс-секторалық іргетас – 2009 жылғы «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» заң. Бұл заң кемсітушіліктің ұғымдарын, мемлекеттік органдардың тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету бойынша өкілеттіктерін және гендерлік теңдікті ілгерілету тетіктерін белгілейді. Осылайша, әйелдер кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау тек еңбек немесе отбасы саласында ғана емес, мемлекеттік саясаттың барлық салаларында, оның ішінде кәсіпкерлік реттеуде де қамтамасыз етілуі тиіс деп айқындалады [188].

Гендерлік өлшемнің стратегиялық деңгейде орнығуына 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы ықпал етті. Құжат гендерлік теңдікті мемлекеттік саясатқа «мейнстриминг» қағидаты бойынша енгізу қажеттігін бекітіп, орталық және жергілікті органдарға нақты міндеттер жүктейді; демек, кәсіпкерлік реттеу мен қолдау шараларын жобалау кезінде әйелдер кәсіпорындарының қажеттіліктерін ескеру талап етіледі [151].

Мемлекеттік қолдаудың бағдарламалық-құқықтық блогы. 2021-2025 жылдарға арналған «Кәсіпкерлікті дамыту» ұлттық жобасы кәсіпкерлікті реттеу, қаржыландыру, инфрақұрылым және адами капитал бағыттары бойынша құралдарды біріктіреді. Ұлттық жобаға сәйкес, субсидиялау, кепілдік беру, оқыту және акселерация шараларын «Даму» қоры, жергілікті атқарушы органдар және екінші деңгейлі банктер іске асырады. Әйелдер кәсіпкерлері осы құралдарға тең қол жеткізу құқығына ие; практикалық тұрғыдан бұл қолжетімді пайыздық мөлшерлемелер, кепілмен қамтылмаған бөлікті «Даму» арқылы жабу және кәсіпкерлік құзыреттерді дамыту мүмкіндіктері дегенді білдіреді [189].

Мемлекеттік сатып алу реформасы – 2024-2025 жж. институционалдық өрістегі ең ірі өзгерістердің бірі. 2024 жылғы 1 шілдеде жаңа «Мемлекеттік сатып алу туралы» заң (№106-VIII) қабылданып, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап оны іске асыратын жаңа Ережелер күшіне енді; 2025 жылғы 24 маусымдағы №321 бұйрықпен ережелерге қосымша түзетулер енгізілді. Реформа мақсаты – рәсімдерді жылдамдату, шағымдану циклдарын қысқарту және ашықтықты күшейту. Әйелдер басқаратын ШОК үшін бұл – электронды платформада стандартталған талаптар, шағын лоттарға қол жеткізудің артуы және транзакциялық шығындардың төмендеуі. Сонымен бірге, қолданыстағы заң мәтінінде «әйелдер меншігіндегі кәсіпорындар» үшін арнайы квота немесе баға-преференция нормалары бекітілмеген; демек, гендерлік инклюзивті сатып алуды дамыту үшін ведомстволық актілер деңгейінде пилоттық тетіктерді (мысалы, әлеуметтік-инклюзивті критерийлер) енгізу әлеуеті бар [190].

Реттеуді жеңілдету және «өте реттелген» салаларды қайта қарау бағытында 2023 жылдан «нөлден бастап реттеу» (regulation from scratch) пилоты іске қосылды. Бұл тәсіл нормативтік талаптарды түбегейлі ревизиялап, қажетсіз әкімшілік кедергілерді қысқартуға бағытталған; микро және шағын кәсіпорындар үшін, соның ішінде әйелдер негізін қалаған бизнестер үшін, артық шығындарды азайтуға мүмкіндік береді.

Бақылау-қадағалау эжожүйесі. 2020-2023 жылдары микро және шағын бизнес үшін тексерулерге мораторий қолданылды (кейбір ерекше жағдайларды қоспағанда). Бұл – пандемиядан кейінгі қалпына келу кезеңінде шағын бизнестің өміршеңдігін сақтауға арналған уақытша институционалдық «жастық». 2024 жылдан бастап мораторий аяқталғанда, тәуекелге негізделген бақылау-қадағалау моделі қайтадан негізгі құралға айналды; бұл модель Кәсіпкерлік кодексінде айқындалған. Әйелдер кәсіпкерлері үшін алдын ала тәуекел бағалау мен цифрлық жоспарлау арқылы болжамдылық жоғарылайды, алайда құқық қолдану біркелкілігін қамтамасыз ету маңызды [191].

Қазіргі ахуалдағы негізгі олқылықтар мен тәуекелдер мыналар:

1. Құқықтық анықтаманың болмауы: «Әйелдер меншігіндегі кәсіпорын» ұғымының бірыңғай құқықтық анықтамасы жоқ. Нәтижесінде мемлекеттік деректер жүйелерінде (мемлекеттік сатып алу, субсидиялау, кепілдендіру) гендерлік мәліметтер толық көрсетілмейді, бұл саясаттың дәл нысаналуына кедергі жасайды.

2. Гендерлік преференцияның жоқтығы: Мемлекеттік сатып алуда әйелдерге арналған тікелей преференциялық нормалар бекітілмеген, сондықтан әлеуметтік-инклюзивті критерийлерді пилоттау үшін құқықтық және әдістемелік негіз қажет.

3. Бақылау мен қадағалаудың әлсіздігі: Аумақтық біркелкіліктің болмауы және шағым-медицина рәсімдерінің болжамсыздығы әйел кәсіпкерлердің транзакциялық шығынын төмендетуге кедергі келтіреді.

Саясаттық ұсыныстар (институционалдық жетілдіру векторлары). Бірінші, Кәсіпкерлік кодексі мен салалық актілер деңгейінде (сатып алу, қаржылай қолдау ережелері) «әйелдер меншігіндегі кәсіпорын» ұғымын халықаралық тәжірибеге жақын (мысалы, меншік пен бақылаудың $\geq 51\%$ әйелдерге тиесілігі) етіп анықтау – деректер сапасын арттырып, мақсатты құралдарды жобалауға мүмкіндік береді. Екінші, мемлекеттік сатып алуда әлеуметтік нәтижелерді бағалайтын өлшемдерге (social value) құқықтық-әдістемелік негіз дайындап, пилоттық тәртіпте белгілі бір лоттарда гендерлік-инклюзивті жеткізушілерді тартуды ынталандыратын критерийлерді апробациялау орынды; бұл 2024 жылғы жаңа заң мен 2025 жылғы Ережелердің шеңберінде жүзеге аса алады. Үшінші, реттеудің «нөлден бастау» форматын әйелдер көп шоғырланған секторларда (бьюти-қызметтер, білім беру-күтім, креативтік экономика, e-commerce микро-сауда) жалғастырып, лицензиялық-рұқсаттық талаптарды нақтылау қажет. Төртінші, «Даму» бағдарламалары мен ұлттық жобада гендерлік мақсат-индикаторлар (мысалы, субсидияланған кредит алушылардың $\geq 50\%$ -ын әйелдер құрауы; кепілдіктердің белгілі бір үлесін әйел-кәсіпорындарға бөлу) айқындалса, қолдаудың институционалдық әсері күшейеді. Бұл ұсыныстардың барлығы қолданыстағы заңнамамен үйлеседі және қосымша нормашығарушылық, ведомстволық әдістемелер мен деректер архитектурасын (егер қажет болса – ақпараттық жүйелерге өзгерістер) талап етеді.

2015 жылдан бергі нормативтік эволюция – кәсіпкерлік еркіндік қағидатын бекіту, бақылау-қадағалауды тәуекелге негіздеу, әлеуметтік

кәсіпкерлікті құқықтық тану және мемлекеттік сатып алуды жаңарту – әйелдер кәсіпкерлігінің институционалдық мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтті. 2024-2025 жылдардағы сатып алу реформасы мен бағдарламалық қаржыландырудың кеңеюі (ұлттық жоба, «Даму») – қолданыстағы жүйенің негізгі драйверлері. Ендігі міндет – гендерлік деректердің сапасын арттыру, әйелдер кәсіпорындарының құқықтық статусы мен мемлекеттік қолдау/сатып алу тетіктеріндегі ілгері басуды дәл мақсаттауға мүмкіндік беретін нормаларды нақтылау және құқық қолданудың біркелкілігін күшейту. Бұл бағыттағы институционалдық жетілдіру Қазақстанның гендерлік-инклюзивті өсу күн тәртібімен және халықаралық ең үздік тәжірибемен толық сәйкес келеді [139].

Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігінің институционалдық тетіктерін жетілдіру – елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен гендерлік теңдікті қамтамасыз етудің стратегиялық бағыты. Қазіргі құқықтық-нормативтік база әйелдер кәсіпкерлігін қолдаудың негізгі қағидаттарын айқындағанымен, оның тиімділігі көп жағдайда атқарушы институттардың үйлесімді жұмысына, гендерлік сараптама тетіктерінің сапалы қолданылуына және қаржылық-инфрақұрылымдық ресурстардың қолжетімділігіне тәуелді. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, институционалдық қолдау тек құқықтық нормалармен шектелмей, әйелдерге арналған арнайы кәсіпкерлік орталықтарын құруды, бизнес-білім беру жүйесін кеңейтуді, гендерлік бюджеттеу мен әлеуметтік әсерді бағалау құралдарын енгізуді талап етеді. Сондықтан алдағы кезеңде Қазақстанда институционалдық тетіктерді жетілдірудің басым бағыты – гендерлік аспектілерді барлық мемлекеттік саясатқа жүйелі интеграциялау, қолдау құралдарының мақсаттылығын арттыру және нәтижелерді ашық мониторингтеу арқылы әйелдер кәсіпкерлігінің орнықты дамуын қамтамасыз ету болуға тиіс.

3.2 Әйелдер кәсіпкерлігін қолдаудың қаржылық тетіктерінің тиімділігін арттыру

Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігін дамытуда қаржылық қолдаудың маңызы ерекше. Қазіргі жаһандық экономикалық жағдайда әйелдердің бизнеске қатысу үлесін арттыру тек гендерлік теңдікті қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар елдің жалпы ішкі өнімін (ЖІӨ) ұлғайту мен еңбек нарығын әртараптандырудың маңызды құралы болып отыр. Халықаралық валюта қорының (ХВҚ) деректеріне сәйкес, әйелдердің кәсіпкерлікке қатысу деңгейінің 10%-ға артуы орта есеппен ЖІӨ өсімін 0,3-0,5 пайыздық тармаққа арттыруы мүмкін.

Қазақстандағы қаржы нарығы институттары соңғы жылдары әйелдер кәсіпкерлігін қолдауға бағытталған бірқатар бағдарламалар ұсынғанымен, қолжетімділік деңгейі әлі де шектеулі болып отыр. ҚР Ұлттық банкінің және «Атамекен» ҰКП деректері бойынша, 2023 жылы шағын және орта бизнес субъектілері арасындағы әйелдер үлесі шамамен 43%-ды құрады, алайда банктік несиелерді алушылар арасында әйелдердің үлесі 27%-дан аспаған. Орташа несие сомасы әйел кәсіпкерлер үшін 18,7 млн. теңгені құраса, ерлер үшін бұл көрсеткіш 26,4 млн теңге болды. Сонымен қатар, әйелдерге берілетін

несиелердің орташа пайыздық мөлшерлемесі 18-19% деңгейінде қалып отыр, ал ауылдық жерлерде бұл көрсеткіш кейде 21%-ға дейін жетеді. Несиелік өтінімдердің бас тарту үлесі әйелдерде 23%-ды құрап, ерлердің 15%-дық көрсеткішінен айтарлықтай жоғары.

Осы деректер әйелдер кәсіпкерлерінің қаржы ресурстарына қол жеткізуінде жүйелі кедергілер бар екенін айғақтайды. Бұл жағдай олардың бизнесін кеңейтуге, жаңа жұмыс орындарын ашуға және инновациялық жобаларды іске асыруға мүмкіндігін шектейді.

Осы тараудың мақсаты – Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігін қаржылық қолдау тетіктерінің қазіргі жай-күйін талдау, олардың тиімділігін арттыруға кедергі келтіретін негізгі проблемаларды айқындау және халықаралық тәжірибе негізінде оларды жетілдіруге бағытталған нақты ұсыныстар әзірлеу. Мұндай талдау экономикалық тұрғыдан негізделген шешімдер қабылдауға, сондай-ақ гендерлік теңдікті қамтамасыз ететін, тұрақты және инклюзивті кәсіпкерлік экожүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігіне арналған қаржылық тетіктер қазіргі жағдайдың сипаттамасы:

1.1 Қолданыстағы қаржылық механизмдерге шолу

Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігін қаржылық қолдау мемлекеттік, корпоративтік және халықаралық деңгейдегі бірқатар бағдарламалар арқылы жүзеге асырылуда. Бұл механизмдер тиімділігі, тартымдылығы және инклюзивтілігі тұрғысынан маңызды, өйткені олар кәсіпкер әйелдердің қаржы ресурстарына қол жеткізу мүмкіндігін қалыптастырады.

1. Мемлекеттік бағдарламалар

«Бизнестің жол картасы – 2025» (БЖК–2025) – Қазақстан Үкіметінің ШОБ секторын қаржылық, инфрақұрылымдық және консалтингтік қолдауды қамтамасыз ету мақсатында әзірленген негізгі әлеуметтік-экономикалық құжат. Осы бағдарлама шеңберінде әйелдер кәсіпкерлігін қолдау арнайы бағыт ретінде қарастырылған. Бағдарламаның қаржылық тетіктеріне төмендегілер кіреді:

Субсидияланған несие: пайыздық мөлшерлемелер нарыққа қарағанда 5-7 проценттік тармаққа төмендетілген.

Кепілдік қолдау: «Даму» қоры арқылы несиеге кепілдік беру пакеттері қамтамасыз етіледі, бұл әсіресе кепілзат мүлкі жоқ әйелдерге маңызды.

Инфрақұрылымдық қолдау: кәсіпкерлікке арналған өндірістік, логистикалық, бизнес-инкубациялық инфрақұрылымға жеңіл қолжетімділік.

Бағдарламаның 2022-2024 жылдардағы мониторингі көрсеткендей, әйелдер бұл бағдарлама аясында ұсынылатын несиелер мен кепілдіктің шамамен 35-40% үлесін пайдаланды. Бұл дерек «Атамекен» ҰКП және «Даму» қорының есептері мен ресми коммуникацияларында көрсетілген.

«Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы негізінен ауылдық шағын бизнесті қолдауға арналған. Аталған бағдарламада кәсіпкер әйелдер үшін арнайы жан-жақты тетіктер қарастырылған:

Микронесие: ауылдық жерлерде орналасқан кәсіпкерлерге арналған жеңіл пайыздық мөлшерлемелер (қарапайым жағдайда 12-14%, қаржы институттары арқылы жүзеге асырылатын).

Гранттық қолдау: бизнес-жоба бойынша алғаш рет өтініш берген ауыл тұрғындарына шағын гранттар бөлінеді (орта есеппен 1-3 млн теңге аралығында).

Бұл бағдарлама шеңберінде әйелдер қаржыландыруды алған ауылдық кәсіпкерлік субъектілерінің үлесі 2023 жылы шамамен 50%-ға дейін жетті.

«Қарапайым заттар экономикасы» (ҚЗЭ) – екінші деңгейлі банктер арқылы жеңілдетілген несиелер беру жолымен кәсіпкерлікті ынталандыру шарасы. Бұл бағдарламада да әйелдер кәсіпкерлері үшін преференциялар қарастырылған:

- несиелер пайыздық мөлшерлемесі нарық деңгейінен төмен (әдетте 14-16%);

- қосымша кепілдік талаптары жұмсартылған, әсіресе қызмет көрсету саласында жұмыс жасайтын әйелдерге бағытталған секторларда;

- қайта қаржыландыру мүмкіндігі: орташа және ұзақ мерзімді жобаларға арналған несиелер шарттарын қайта қаржыландыру арқылы жеңілдету.

Бағдарламаның 2022-2023 жылдарына жүргізілген талдау көрсеткендей, әйелдер ҚЗЭ аясында бөлінген микронесие үлесінің 45-48%-ын пайдаланды.

«Women in Business» (WiB) – Еуропалық қайта құру және даму банкінің (EBRD) бағдарламасы. Бұл бағдарлама әйелдер кәсіпкерлігін ілгерілетуге бағытталған арнайы құралдар жиынтығын ұсынады:

Несиелер: WiB аясында бөлінетін ресми қаржы жалпы көлемінің 40-50% әйелдерге бағытталады.

Қаржылық кеңес беру: несиені алу және оны тиімді пайдалану бойынша кеңестер беріледі.

Тренингтер мен оқыту: әйел кәсіпкерлерге арналған бизнес-білім беру курстары мен менторлық бағдарлама.

Бағдарламаны 2018-2024 жылдары пайдаланған кәсіпкерлердің ішіндегі әйелдердің үлесі 42-45% болды, және бұл көрсеткіш жыл сайын тұрақты түрде өсім көрсетуде.

2. Льготті несиелік желілер

Қазақстандағы әйелдерге арналған арнайы несиелік желілер төмендегідей құрылымдалған:

- пайыздық мөлшерлемелер 14-19% аралығында, бағдарламаға байланысты;

- несиелер мерзімі – қысқа (6-12 ай) және орта (12-36 ай) мерзімді жобаларға бөлінген;

- қаржыландыру көлемі – орташа есеппен 5 млн. теңгеден бастап ірі жобаларға дейін (20-30 млн теңгеге дейін) беріледі;

- кейбір бағдарламалар (WiB, Ауыл – Ел бесігі) жеке тәуекелдерді жабу мақсатында банктермен бірлескен кепілдік қамтамасыз етеді;

- төлем кестесі жобаның бизнес-моделіне қарай икемделіп жасалады.

Бұл көрсеткіштер "Даму" қоры мен Ұлттық банк мониторингтерінде баяндалады. Әсіресе әйелдер арасындағы несиелердің орташа сомасы ерлерге қарағанда 20-30%-ға төмен екенін көрсетеді, бұл қаржылық қолжетімділік тұрғысынан дисбаланс бар екенін білдіреді.

3. Гранттық бағдарламалар:

1. «Атамекен» ҰКП гранттық бағдарламалары: әсіресе «бастапқы кәсіпкерлікті дамытуға» бағытталған гранттар (мысалы, 1-3 млн. теңге көлемінде). Әйел кандидаттардың үлесі шамамен 50%-дан асты.

2. «Samruk-Kazyna Trust» қорындағы гранттар: бұл корпорация кәсіпкерлік идеялар мен әлеуметтік жобаларды гранттық жолмен қолдайды. Әсіресе ауылдық кәсіпкерлік пен әлеуметтік инновацияларға бағытталған жобаларда әйелдердің қатысу деңгейі жоғары.

3. Халықаралық даму агенттіктерінің гранттары (USAID, UN Women, GIZ және басқалар): кейбір байқаулар мен конкурстарға қатысу арқылы әйелдер жобаларын қаржыландырудың арнайы мүмкіндіктері бар. Бұл грантар жүйелі түрде емес, бірақ мақсатты түрде қолжетімді ресурстар ұсынады.

Білім беру мен жобаны дамыту кезеңдеріндегі гранттар әйелдерге бизнес-идеяларды нақты жүзеге асыруға мүмкіндік береді, сонымен қатар алғашқы қаржылық тәуекелдерді азайтады.

Қазіргі таңда Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігін қолдауға арналған мемлекеттік және халықаралық қаржы механизмдерінің кең спектрі бар. «Бизнестің жол картасы – 2025», «Ауыл – Ел бесігі», «Қарапайым заттар экономикасы», «Women in Business» бағдарламалары әртүрлі құрылымдық деңгейде оң нәтиже көрсетуде. Алайда олар арасындағы тиімділік айырмашылықтары байқалады: әйелдер орташа несие сомалары мен пайыздық мөлшерлемелері тұрғысынан ерлерге қарағанда әлсіз деңгейде.

Гранттық қолдау құралдары – «Атамекен», Samruk-Kazyna Trust және халықаралық агенттіктер – инновациялық жобалар мен алғашқы бизнес-старттарға маңызды ресурс болып табылады. Бірақ бұл инструменттердің тұрақтылығы мен қолжетімділігі мәселелері әлі де өзектілігін сақтайды.

Қаржылық механизмдерді жан-жақты талдау олардың тиімділігін арттыруға бағытталған әдістемелік және институционалдық ұсыныстарды әзірлеуге мүмкіндік береді.


Кесте 67 – Әйелдер кәсіпкерлігіне арналған қаржы бағдарламаларының негізгі көрсеткіштері

Бағдарлама	Әйелдер үлесі (%)	Орташа несие көлемі (млн ₸)	Пайыздық мөлшерлеме (%)
Бизнестің жол картасы – 2025	37	12,5	6,0
Ауыл – Ел бесігі	50	3,2	12,5
Қарапайым заттар экономикасы	46	15,0	15,0
Women in Business (ЕҚДБ)	43	10,8	14,0

Ескерту – Көрсетілген мәліметтер ресми бағдарламалық есептер мен ашық дереккөздер негізінде алынған

67-кестеде әйелдер кәсіпкерлігін қолдаудағы бағдарламалар талдауы олардың әртүрлі артықшылықтары мен шектеулерін айқындайды. «Ауыл – Ел бесігі» әйелдер үлесі бойынша ең жоғары (50%), бірақ несие көлемі төмен және пайыздық мөлшерлеме жоғары. «Қарапайым заттар экономикасы» ірі несие берумен ерекшеленеді (15 млн. ₸), алайда пайыздық мөлшерлемесі де ең


жоғары (15%). «Бизнестің жол картасы – 2025» ең төмен мөлшерлеменен (6%) қолайлы шарт ұсынады, бірақ әйелдер үлесі салыстырмалы түрде аз (37%). «Women in Business» (ЕҚДБ) халықаралық тәжірибеге сүйеніп, қолжетімді қаржыландырумен (43%) тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Талдау нәтижесі қаржылық қолдау тетіктерін пайыздық мөлшерлемелерді төмендету және қолжетімділікті кеңейту арқылы жетілдіру қажеттігін көрсетеді.



Сурет 41 – Әйелдер кәсіпкерлерінің үлесі бағдарламалар бойынша

Ескерту – Көрсетілген мәліметтер ресми бағдарламалық есептер мен ашық дереккөздер негізінде алынған

41-суретте әйелдер кәсіпкерлерінің үлесі ауылдық бағдарламаларда (50%-дан жоғары) көбірек екенін, ал мемлекеттік және халықаралық қаржылық бастамаларда 35-45% аралығында тұрақты екенін көрсетеді. Бұл әйелдер кәсіпкерлігін қолдау тетіктерінің әртүрлі аймақтық және институционалдық ерекшеліктерге байланысты екенін дәлелдейді.



Сурет 42 – Орташа несие көлемі (млн. ₸)

Ескерту – Көрсетілген мәліметтер ресми бағдарламалық есептер мен ашық дереккөздер негізінде алынған

42-суретте нәтижелері әйелдер кәсіпкерлігін қолдау бағдарламалары бойынша орташа несие көлемінің айтарлықтай айырмашылығын көрсетеді: «Бизнестің жол картасы – 2025» және «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламаларында несиелер негізінен шағын көлемде берілсе, «Қарапайым заттар экономикасы» мен ЕҚДБ-ның Women in Business бастамасы ірі жобаларды қаржыландыруға бағытталғанын байқатады.



Сурет 43 – Пайыздық мөлшерлемелер (%)

Ескерту – Көрсетілген мәліметтер ресми бағдарламалық есептер мен ашық дереккөздер негізінде алынған

43-суретте әйелдердің үлесі ең жоғары «Ауыл – Ел бесігі» (50%), одан кейін «Қарапайым заттар экономикасы» (45%) мен Women in Business (42%). Ең төмен көрсеткіш «Бизнестің жол картасы – 2025» (шамамен 35%). Бұл әйелдердің ауылдық бастамалар мен салалық жобаларда белсенді екенін, ал ірі ұлттық бағдарламаларда қатысуы төмен екенін көрсетеді.

Зерттеудің осы бөлімінде Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігінің қаржылық қолдауына қатысты қолжетімді деректер жүйелендіріліп, салыстырмалы-гендерлік талдау жасалды. Талдау мемлекеттік және квазимемлекеттік институттардың есептеріне, сондай-ақ халықаралық қаржы ұйымдары мен микрокредиттік құрылымдардың дереккөздеріне негізделді. Деректердің жыл сайын жаңарып отыратыны және жекелеген көрсеткіштер бойынша гендерлік ыдыратылған статистиканың жеткіліксіздігі әдістемелік шектеу болып табылады. Бұл – әдістемелік тәуекел, әрі институционалдық деректердің жетілмегендігін көрсететін фактор [192].

SWOT-талдау нәтижелері көрсеткендей, күшті жақтары ретінде мемлекеттік бағдарламалар мен халықаралық қолдау бастамаларының болуы, микроқаржы ұйымдарының дамуы және субсидиялау мен кепілдік беру құралдарының қолжетімділігі әйел кәсіпкерлігін қолдаудың маңызды тетіктері болып табылады. Сонымен қатар, әлсіз жақтары қатарында жоғары кепілзат талаптары, қаржылық сауаттылықтың төмен деңгейі, ақпараттық қолдаудың жеткіліксіздігі және ауылдық жерлердегі инфрақұрылымның әлсіздігі айқындалды. Бұған қоса, қаржылық қызметтердің цифрлануы, онлайн-кредиттеу мен мобильді банкингтің дамуы, краудфандинг және исламдық қаржыландыру құралдары сияқты мүмкіндіктер әйелдер кәсіпкерлігін жаңа деңгейге шығара алады. Алайда, макроэкономикалық тұрақсыздық, валюта бағамының ауытқуы, инфляцияның өсуі және жаһандық нарықтағы белгісіздік тәрізді қатерлер бұл мүмкіндіктерді толық іске асыруға кедергі келтіруі ықтимал (68-кесте).

Кесте 68 – Қазақстандағы әйел кәсіпкерлігінің күшті және әлсіз жақтары, мүмкіндіктері мен қатерлері

Факторлар	Мазмұны
Күшті жақтары	– әйел кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар (<i>Бизнестің жол картасы-2025, Ауыл-Ел бесігі</i> және т.б.); – халықаралық қолдау тетіктері (ЕҚДБ <i>Women in Business</i> бағдарламасы); – микроқаржы ұйымдарының және несие серіктестіктерінің дамуы; – пайыздық мөлшерлемені субсидиялау және кепілдік беру құралдарының болуы
Әлсіз жақтары	– жоғары кепілзат талаптары; – қаржылық сауаттылық деңгейінің төмендігі; – ақпараттық қолдаудың жеткіліксіздігі; – ауылдық жерлерде инфрақұрылым мен қолжетімділіктің шектеулілігі
Мүмкіндіктері	– қаржылық қызметтерді цифрландыру; – онлайн-кредиттеу және мобильді банкингтің дамуы; – краудфандинг және өзара қарыз беру мүмкіндіктері; – исламдық қаржыландыру құралдарын енгізу
Қатерлері	– макроэкономикалық тұрақсыздық; – ұлттық валюта бағамының ауытқуы; – инфляцияның өсуі; – сыртқы саудадағы шектеулер мен жаһандық нарықтағы белгісіздік
Ескерту – Автормен құрастырылған	

Обороттық капиталға қолжетімділіктің жеткіліксіздігі:

1. Әйелдер кәсіпорындарында айналым қаражатының тапшылығы жиі кездеседі. Себебі – маусымдық өзгерістер, қарыздың кепілге байлануы және ұзақ мерзімді қаржыландырудың дамымауы. Соның салдарынан өтімділік қиындап, бизнес тұрақсыздыққа ұшырайды.

Экономикалық салдар: Айналым капиталы жеткіліксіз болса, фирманың кірісі мен рентабельділігі төмендейді, операцияларды жүргізу қиынға соғады және қарыз бен берешектің балансын сақтау қиындайды.

2. Микрокредит сомасының шектеулілігі және жоғары пайыздық мөлшерлемелер

Микрокредиттер әйелдер үшін бастапқы қаржы көзі ретінде маңызды, бірақ қаражат аздығы мен қымбаттығы ұзақ мерзімді өсуді қамтамасыз ете алмайды. Микроқаржы ұйымдарының тәуекелі жоғары болғандықтан, бағалау мен бақылау шығындары көп, бұл пайыздық мөлшерлемелерге әсер етеді. Нәтижесінде кәсіпорындар қысқа циклді, төмен маржалы операцияларға шоғырланып, құрал-жабдық жаңарту, масштабтау немесе экспортқа шығу сияқты ірі қадамдарды кейінге қалдырады.

Экономикалық салдар: Қымбат қарыз бизнес табысын төмендетіп, жобаның тиімділігін азайтады және дефолт тәуекелін арттырады. Егер пайыздық және валюта тәуекелі қосылса, компанияның қаржылық тұрақтылығы одан әрі әлсірейді.

3. Мемлекеттік қолдауға қол жеткізудегі бюрократиялық күрделілік

Субсидия, грант немесе жеңілдетілген несиеге өтінім беру кезінде кәсіпкер көп құжат жинап, әртүрлі институттарға жүгінуі керек, бұл уақыт шығынын және белгісіздікті арттырады. Шағын фирмаларда бухгалтерлік есеп

пен қаржылық жоспарлау қабілеті жеткіліксіз, ал цифрлық сервистер өтінімнің барлық кезеңін толық қадағалай алмайды.

Транзакциялық шығындар артқан сайын мемлекеттік қолдауға қатысу құны өседі. Нәтижесінде, шағын жобалар үшін бұл көмек тиімді еместей көрініп, саясаттың мақсатты әсері әлсірейді.

4. Банктердің сенім деңгейінің төмендігі және гендерлік стереотиптер

Ақпараттық асимметрия мен гендерлік стереотиптер банктерді сақтыққа итермелейді. Әйелдер жобалары «тәуекелі жоғары» деп бағаланып, скоринг қатаңдайды, қарыз бен кепілдің қатынасы (LTV) және қарыз төлеу қабілеттілігінің көрсеткіші (DSCR) талаптары өседі, қосымша кепілдер қажет болады. Нәтижесінде әйелдер кәсіпорындары жеткіліксіз қаржыланып, несие тарихын қалыптастыру баяулайды.

Қаржыға тең қолжетімділіктің болмауы нарықтағы өсу әлеуеті бар субъектілердің шығуына немесе дамуының баяулауына әкеліп, жалпы факторлық өнімділікке (TFP) теріс әсер етеді.

5. Венчурлік және ангелдік инвестициялардың жеткіліксіз стартаптар мен инновациялық жобалардың қаржыландырылуын дамуы

Ерте сатыдағы инновациялық жобалар үшін венчурлік капитал мен ангелдік қаржыландыру негізгі ресурс болып табылады. Алайда экожүйе әлі қалыптасу сатысында: мәмілелер аз, инвестициялық көлемдер шектеулі, жобалардың әртүрлілігі гендерлік тұрғыдан төмен. Инвестор желілеріне қосылу, жобаларды таныстыру мәдениеті, тәлімгерлік және акселерация бағдарламаларында әйелдердің қатысуы салыстырмалы түрде аз. Гендерге бағытталған жеке қорлар мен әлеуметтік жауапкершілігі бар облигациялар нарығы енді дамып келеді. Нәтижесінде инновациялық әйелдер жобаларының масштабталу траекториясы тежеліп, технологиялық секторда қаржы көбінесе ең көрінетін және байланысы мықты ойыншыларға бағытталатын «әдеттегі күшейту» тетігі күшейеді.

Жоғары өсу әлеуеті бар жобалардың қаржыландырылмауы өнімділік қорын толық пайдалануға кедергі келтіреді; нәтижесінде экспортқа бағытталған немесе импортты алмастыратын әйелдер стартаптарының үлесі төмен болады.

Аталған шектеулер бір-бірімен байланысты: айналым капиталының тапшылығы қымбат және қысқа қаржыландыруға тәуелділікті арттырады; бюрократиялық кедергілер қолжетімді құралдардан шеттету ықтималдығын жоғарылатады; банктік сенім төмендігі қаржыландыру спектрін тарылтады; венчурлік және жеке инвесторлық нарықтағы олқылық инновациялық жобалардың өсуіне тосқауыл болады. Бұл циклді бұзу үшін кепілсіз өнімдерді көбейту, цифрлық скоринг пен деректер алмасуды енгізу, грант–несие–экспорт «баспалдағы» негізіндегі бір платформа құру және ерте сатыларда гендерлік бағытталған қорлар мен облигациялық құралдарды қолдану қажет. Осындай тәсіл әйелдер кәсіпорындарының қаржылық тұрақтылығын арттырады және экономиканың инклюзивті өсуін қамтамасыз етеді.



Сурет 44 – Әйелдер кәсіпкерлігін қаржыландырудағы негізгі кедергілер

Ескерту – Автормен құрастырылған

44-суретте әйелдер кәсіпкерлігінің басты проблемасы – айналым капиталына қолжетімділіктің жеткіліксіздігі (шамамен 50%) екенін көрсетті. Бұдан бөлек, мемлекеттік қолдау құралдарына қол жеткізудегі бюрократиялық рәсімдердің күрделілігі (40%) мен микрокредиттердің жоғары пайыздық мөлшерлемелері (35%) маңызды шектеулер қатарында. Банктер тарапынан сенімнің төмендігі және гендерлік стереотиптердің сақталуы (10%) да белгілі бір деңгейде әсер етуде. Бұл деректер қаржылық тетіктерді жетілдіру мен институционалдық тосқауылдарды жоюдың өзектілігін айқындайды.

Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігінің қаржылық қолдауын SWOT-талдау нәтижелері негізінде қарастырғанда, қолдаудың институционалдық және қаржылық тетіктері жеткілікті болғанымен, олардың тиімділігі көбінесе жүйелік үйлесімділікке тәуелді екендігі байқалады. Күшті және әлсіз жақтардың қатар өмір сүруі, сондай-ақ жаңа мүмкіндіктер мен қатерлердің тоғысуы қаржылық қолдау саясатының сапасын арттыру қажеттілігін көрсетеді. Осы тұрғыда халықаралық тәжірибе айрықша мәнге ие. Мысалы, Канададағы Women Entrepreneurship Strategy (WES) бағдарламасы тек қаржылық қолдаумен шектелмей, бизнес-экожүйені кешенді дамытуға бағытталған институционалдық модель ретінде ерекшеленеді. Мұнда микронесиелер, венчурлік капиталға қолжетімділік және өңірлік деңгейдегі қолдау тетіктерінің интеграциясы нәтижесінде әйелдердің экономикалық белсенділігі едәуір артқан. Ресми деректер бойынша, бағдарлама аясында 2 600-ден астам несие және 48 венчурлік инвестиция жүзеге асырылған. Бұл тәжірибе Қазақстан үшін де маңызды, себебі өңірлік операторлар арқылы тұтынушыға немесе кәсіпкерге тікелей жететін кезеңдегі қолжетімділікті қамтамасыз ету отандық әйел кәсіпкерлерінің әлеуетін күшейтуге үлгі бола алады.

Швеция тәжірибесінде – Almi Företagspartner – кәсіпкерлікке қолдау көрсететін мемлекеттік ұйым, ол несие, кеңес беру және кепілдік қызметтерін ұсынады. EIF (Еуропалық инвестициялық қоры) – шағын және орта кәсіпкерлікті қаржыландыруға кепілдік беретін халықаралық құрылым. Бұл тетіктер әйелдер үшін қаржылық өнімдерді нақты мақсаттармен толықтырудың маңызды екенін көрсетеді. Несие мен кепілдікті бір ұйым басқарғандықтан,

бюрократия азайып, сенімділік артады және жаңа кәсіпорындардың өміршеңдігі жақсарады.

БАӘ-дегі исламдық қаржыландыру тәжірибесі (қард хасан – пайызсыз несиесі, мурабаха – сатып алу-сату операциясына негізделген несиесі сияқты шарифатқа сай өнімдер) және әйелдер бизнес-кеңестері қаржылық қолдауды мәдениет пен дін ерекшеліктеріне бейімдеудің тиімді үлгісін көрсетеді. Мұнда пайызсыз несиелер, менторлық бағдарламалар және әйелдерге арналған бизнес-қауымдастықтар біртұтас механизм ретінде жұмыс істейді. Нәтижесінде 23 000-нан астам әйел кәсіпкер 50 миллиард Біріккен Араб Әмірліктерінің дирхамы (AED) көлеміндегі жобаларды жүзеге асырып отыр.

Оңтүстік Корея тәжірибесі әйелдер кәсіпкерлігін құқықтық негізде бекіту мен институционалдандырудың маңызды екенін көрсетеді. «Әйелдерге тиесілі кәсіпорындарды қолдауға арналған Заң» (Act on Support for Female-Owned Businesses), арнайы қолдау орталықтары және мемлекеттік сатып алуларда әйелдер бизнесіне арналған квоталар сектордың тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Банктік кепілдіктерді жұмсартатын Оңтүстік Кореяның Даму және Кепілдік Инвестициялық Қоры (KODIT) мен менторлық инфрақұрылым осы жүйеде негізгі рөл атқарады.

Осы төрт елдің тәжірибесін салыстырғанда, Қазақстан үшін мынадай қорытынды жасауға болады: біріншіден, қаржылық қолдау міндетті түрде институционалдық және білім беру инфрақұрылымымен бірге жүруі тиіс; екіншіден, құқықтық база әйелдер кәсіпкерлігін нақты анықтап, оларға арнайы артықшылықтар мен қолдау механизмдерін қамтамасыз етуі тиіс; үшіншіден, өңірлік деңгейде исламдық қаржыландыру сияқты баламалы тетіктерді енгізу әйелдер үшін қосымша мүмкіндіктер ашады; төртіншіден, KPI мен мониторинг механизмдері қаржылық құралдардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қаржылық тетіктерді жетілдіру бойынша ұсыныстар:

Ұсынылып отырған шаралар кешені Қазақстандағы қолданыстағы институттарға (Қор «Даму», eGov, AIFC/AFSA, AIFC Green Finance Centre) және халықаралық тәжірибелерге (WES/Канада, кепілдік делдалдары/Швеция, исламдық қаржыландыру/БАӘ, құқықтық база/Корея) сүйенеді. Төменде осы шараларды заңдық және операциялық тұрғыдан жүзеге асыруға арналған шешімдер, параметрлер, орындалу көрсеткіштері (KPI) және нәтижелерді тексеру көздері көрсетілген:

1. Арнайы әйелдер стартаптарын қолдау қоры және мемлекеттік кепілдік механизмі.

Мақсат: Әйелдер кәсіпорындарын аралас қаржыландыру (blended finance) арқылы қолдайтын Әйелдер кәсіпкерлігін қолдау қорын құру.

Капитал құрылымы: Мемлекеттік бірінші кезектегі транш 20-30% көлемінде, ЕБРР/IFC сияқты халықаралық ұйымдардың ко-инвестициясы 30-40%, ал банктердің аға траншы 30-40% болып белгіленеді. Мұндай қаржылық құрылым тәуекелді төмендетіп, соңғы қарыз алушы үшін пайыздық мөлшерлемені төмендетуге мүмкіндік береді.

Іріктеу критерийлері: Кәсіпорын капиталы мен басқаруында әйелдер үлесі $\geq 51\%$; өтінімдерге гендерлік таңбалау енгізу.

KPI: Әйелдерге берілетін несиелер үлесі 50%-дан кем болмауы тиіс; орташа несие сомасы мен өтініштерді қабылдамау көрсеткішіндегі гендерлік айырмашылық азайтылуы керек; микронесиеден банктік несиеге өту деңгейі 24 ай ішінде кемінде 25% болуы тиіс.

2. Баламалы қаржыландыру көздерін дамыту

Ұлттық әйелдер краудфандинг платформасын құру. Платформа Қаржы орталығы – AIFC (Астана халықаралық қаржы орталығы) юрисдикциясында AFSA Crowdfunding ережелері (Қаржы қызметтері агенттігінің краудфандингке арналған ережелері) негізінде жұмыс істеп, инвестициялық және қарыздық үлгілерге сүйенеді. Бұл өңірлік және шағын жобаларға капитал тартуға мүмкіндік береді.

Қоршаған орта, әлеуметтік және басқару (ESG) инвестициялары және гендерлік облигациялар. AIFC Жасыл қаржы орталығы арқылы гендерлік облигациялар стандарты енгізіледі. 2025 жылы Solva компаниясының 20 млрд теңге көлемінде алғашқы корпоративтік гендерлік облигация шығаруы бұл құралдың Қазақстанда іске асырылатынын дәлелдейді.

Әйелдерге арналған исламдық қаржыландыру. Qard hasan (пайызсыз несие), мурабаха (сатып алу-сату операциясына негізделген несие) және мушарака (серіктестікке негізделген қаржыландыру) өнімдерін AIFC және отандық банктер арқылы енгізу.

3. Қаржылық және білім беру қолдауын интеграциялау

– қаржылық сауаттылық + бизнес-жоспарлау модулі (10-12 сағат) әр өтініммен бірге ұсынылады;

– онлайн-витрина (eGov/eLicensing) арқылы кәсіпкер әйелге қолжетімді гранттар мен несиелерді автоматты іріктеу және бір терезе қағидатымен өтінім беру;

– нәтижелерді бақылау: барлық қаржы институттары әйелдер мен ерлер арасындағы бөліністі көрсететін жалпы статистикалық деректерді жариялауы тиіс.

4. Цифрландыру және рәсімдерді оңайлату

– T+7 апта ішінде өтінім беруден қаражат алынғанға дейінгі толық процесті қамтамасыз ететін біртұтас жүйе;

– алгоритмдік скорингте гендерлік факторларға тікелей немесе жанама дискриминация жасалмауын қамтамасыз ету үшін әділдік енгізу;

– жеңілдетілген бағдарламаларды масштабтау: «Өрлеу» және Бірыңғай кешенді бағдарлама арқылы әйелдерге арналған шағын және орта бизнес субъектілерін төмен пайызбен қаржыландыру.

Күтілетін әсер:

1. Әйелдер жобалары үшін орташа пайыздық мөлшерлемені 2-3 пайыздық ұпайға төмендету.

2. Микросегменттегі орташа чекті 20-30%-ға арттыру.

3. Несиеден бас тарту көрсеткішіндегі айырмашылықты 24 ай ішінде кемінде 5 пайыздық ұпайға қысқарту.

4. Гендерлік облигациялар мен жеңілдетілген бағдарламалар арқылы әйелдер басқаратын шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жыл сайынғы төмен пайызбен қаржыландыру көлемін арттыру.

Ұсынылған шаралар пакеті Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігін қаржыландыру саласында анықталған құрылымдық және институционалдық шектеулерді еңсеруге бағытталған. Әрбір ұсыныс өзара толықтырып, «қаржыға қолжетімділікті кеңейту – қарыз құнын және кредиттік тәуекелдерді төмендету – басқару әлеуетін күшейту – бизнесті масштабтау» тізбегінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері қаржылық қолжетімділікке кедергі келтіретін бес негізгі факторды айқындады: айналым қаражаты мен ұзақ мерзімді қаржы көздерінің жетіспеушілігі; микрокредит көлемінің аздығы және пайыздық мөлшерлемелердің жоғарылығы; транзакциялық шығындар мен рәсімдердің күрделілігі; ақпараттық асимметрия мен скорингтегі жасырын дискриминация; бастапқы капитал нарығының жеткіліксіз дамуы.

Арнайы жеңілдетілген қарыздар мен гранттар ұсынатын, сондай-ақ мемлекеттік кепілдіктер арқылы қолдау көрсетілетін әйелдер стартаптарын қолдау қоры – тиімді құрылымдық шешімдердің бірі болып саналады. Кепілзат жеткіліксіз болған жағдайда банктер несие тәуекелін өтемдеу үшін қосымша пайыз белгілеп, Қарызға қатынау коэффициенті (LTV) және Қарызды қызметтен шығару қабілеті коэффициенті (DSCR) талаптарын күшейтеді. Мемлекеттік «бірінші-құн жоғалту» механизмі арқылы тәуекелдің бір бөлігі жеке сектордан мемлекеттік секторға қайта бөлінеді, бұл пайыздық мөлшерлемені төмендетуге және банктердің капитал жеткіліктілігі нормативтерін сақтай отырып қаржыландыру ауқымын кеңейтуге мүмкіндік береді. Гранттық компонент бастапқы кезеңдегі шығындарды – өнім әзірлеу, прототиптеу және нарыққа шығу – өтуге бағытталады, бұл банктік несие үшін әдетте тартымсыз болып табылады.

Альтернативті қаржыландыру тетіктерін дамыту – әйелдерге арналған краудфандинг платформаларын, қоршаған орта, әлеуметтік және басқару (ESG) инвестицияларын және гендерлік облигацияларды енгізу – дәстүрлі банктік арналардың географиялық және операциялық шектеулерін жеңуге мүмкіндік береді. Краудфандинг тәуекелді көптеген инвестор арасында бөлуге және мәміле іздеу шығындарын азайтуға ықпал етеді. Гендерлік облигациялар мен қоршаған орта, әлеуметтік жауапкершілік және басқару сапасы (ESG) критерийлеріне сәйкес мандаттар институционалдық инвесторларға ұзақ мерзімді және төмен құнды капитал тартуға мүмкіндік береді.

Қаржылық және білім беру қолдауын интеграциялау кәсіпкерлердің қаржылық сауаттылық деңгейін арттырып, бизнес-жоспарлардың сапасын жақсарту арқылы кредиттік тәуекелді төмендетуге мүмкіндік береді. Электрондық үкімет инфрақұрылымымен біріктірілген онлайн-платформа несие және гранттық бағдарламалар бойынша есептеулерді автоматтандырады және ақпараттық олқылықтарды азайтады.

Процедураларды цифрландыру және алгоритмдік бағалау жүйелері (скоринг) қаржылық ақпараттың теңсіз таралуын азайтып, жасырын

дискриминацияны жоюға бағытталған. Алгоритмдік скоринг деректерді объективті бағалай отырып, шешім қабылдау уақытын қысқартады және қаржылық өнімдерге қолжетімділікті арттырады.

Өңірлік пилоттық жобаларды енгізу ұсынылған тетіктердің тиімділігін бағалауға және әртүрлі аймақтық контекстке бейімделген нұсқаларды әзірлеуге мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл пайыздық мөлшерлемелер, кепілдіктер және білім беру компоненттерінің несие мақұлдау деңгейіне, орташа қарыз мөлшеріне, дефолт үлесіне және кіріс динамикасына ықпалын кешенді талдауға жағдай жасайды.

Исламдық қаржы құралдарын қолдану сұраныстың мәдени және этикалық аспектілерін ескере отырып, әйелдер кәсіпкерлігінің ауқымын кеңейтуге мүмкіндік береді. Qard Hasan (пайызсыз несие), мурабаха (сатып алу-сату операциясына негізделген несие), мушарака (серіктестікке негізделген қаржыландыру) сияқты өнімдер белгілі бір кәсіпкерлік сегменттер үшін негізгі шарт ретінде қызмет етеді.

Ұсынылған шаралар фискалдық тұрақтылық қағидаттарына сәйкес келеді: гранттық қаржыландыру тек бастапқы кезеңдерде және шағын көлемдерде беріледі, ал негізгі ресурстар қайтарымды негізде ұсынылады. Жеке капиталды тарту мемлекеттік бюджетке түсетін жүктемені азайтады және мемлекеттің рөлін катализатор деңгейінде ұстайды.

Осы тетіктердің іске асырылуы микро-, мезо- және макро- деңгейлерде оң экономикалық әсер береді. Жеке деңгейде – қаржыландыру көлемінің артуы және несие мақұлдау деңгейінің өсуі; өңірлік деңгейде – қаржыға қолжетімділік инфрақұрылымының қалыптасуы; ұлттық деңгейде – капиталды тиімді бөлу арқылы өнімділіктің өсуі, жұмыспен қамтудың артуы және экономиканы әртараптандыру. Бұл ұсыныстар кешені гендерлік қаржылық алшақтықтың негізгі себептерін жоюға және әйелдер кәсіпкерлігін тұрақты нарықтық жүйеге енгізуге бағытталған институционалдық негіз болып табылады.

Бұл бөлімде әйелдер кәсіпкерлігін қаржыландыруды $X\%$ ұлғайтудың макроэкономикалық, еңбек және фискалдық нәтижелерге ықпалы формальды түрде көрсетіледі. Бағалау ірілендірілген жартылай тепе-теңдік моделіне негізделеді және үш арнаны қамтиды: (i) сұраныс жағындағы кредиттік мультипликатор, (ii) ұсыныс жағындағы өнімділіктің (TFP) және капитал тереңдеуінің әсері, (iii) жұмыспен қамтылу мен салық түсімдерінің икемділіктері. Барлық параметрлер диапазондарымен беріледі; нәтижелер пайыздық әсер ($\Delta Y/Y$) форматында және иллюстративті ақшалай мысалмен ұсынылады.

Модельдік тәсіл және айнымалылар

Негізгі айнымалылар мен параметрлер:

– Y – ЖІӨ (қалаулысы: ұлттық шоттардың соңғы жылы);

– F_f – әйелдер жетекшілік ететін ШОБ-тың несие қоры;

– $r = F_f/Y$ – әйелдер ШОБ несиеcінің ЖІӨ-ге қатынасы (4% шамасында

деп алынады, $r \in [0.03; 0.05]$;

- X – әйелдерге бағытталған қаржыландыруды салыстырмалы өсіру (% , мысалы 10/20/30);
- k – несие–шығыс қысқа мерзімді мультипликатор (1 жыл көкжиегі үшін $k \in [0.20; 0.35]$, базалық мән $k = 0.25$);
- s_{SME} – ШОБ-тың қосылған құндағы үлесі (шамамен 30-35%, базалық 0.330.33);
- s_f – ШОБ ішіндегі әйелдер кәсіпорындарының үлесі (шамамен 25-35%, базалық 0.300.30);
- ψ – қаржыландыруды ұлғайтудан туындайтын ұсыныс жақты өнімділік/қайта бөліну әсерінің коэффициенті (қайта капиталдану, басқару сапасының жақсаруы, нарыққа шығу: $\psi \in [0.10; 0.20]$, базалық 0.120.12);
- ε_L – жұмыспен қамтудың ЖІӨ-ге икемділігі (ШОБ сегментінде 0.250.25–0.400.40, базалық 0.350.35);
- τ – салық жүктемесінің ЖІӨ-ге үлесі (салық-квазисалық жинақтарының орташа үлесі, базалық 0.180.18);
- β – салық түсімдерінің ЖІӨ-ге бұйғанстығы (табыстардың ЖІӨ-ге қатысты икемділігі, $\beta \in [1.0; 1.2]$, базалық 1.101.10);
- N – экономиканың жалпы жұмыспен қамтылғандары (иллюстрация үшін $N = 9,5$ млн деп алынады).

Әсер арналарын формализациялау

1. Сұраныс арнасы (кредиттік мультипликатор):

$$\Delta Y^{(d)}/Y = k \cdot r \cdot X\%$$

Интерпретация: әйелдер ШОБ-ға құйылған әр қосымша теңге қысқа көкжиекте жиынтық сұранысты kr еселенген әсермен қозғайды; әсердің масштабы экономикадағы осы сегменттің кредит көлеміне (τ) пропорционалды.

2. Ұсыныс арнасы (өнімділік және қайта бөліну):

$$\Delta Y^{(s)}/Y = \psi \cdot (s_{SME} \cdot s_f) \cdot X\%$$

Интерпретация: адресатталған қаржыландыру әйелдер ШОБ бөлігіндегі капитал тереңдеуін, басқарушылық сапаны, нарыққа шығу мен технология қабылдауды жеделдетеді; нәтижесі – TFP/капитал қайтарымының жақсаруы және ресурстардың тиімді қайта бөлінуі.

3. Жалпы ЖІӨ әсері:

$$\Delta Y/Y = \Delta Y^{(d)}/Y + \Delta Y^{(s)}/Y = krX\% + \psi(s_{SME}s_f)X\%$$

4. Жұмыспен қамту:

$$\Delta L/L = \varepsilon_L \cdot (\Delta Y/Y) \Rightarrow \Delta Jobs = \varepsilon_L \cdot (\Delta Y/Y) \cdot N$$

5. Салық түсімдері:

$$\Delta T/Y = \beta \cdot \tau \cdot (\Delta Y/Y) \Rightarrow \Delta T = \beta_{\tau}(\Delta Y/Y) \cdot Y$$

Базалық сценарийлер (иллюстративті есептеу)

Параметрлер (база):

$$r = 0.04, k = 0.25, s_{SME} = 0.33, s_f = 0.30, \psi = 0.12, \varepsilon_L = 0.35, \tau = 0.18, \beta = 1.10.$$

Осылайша коэффициент алдымен есептеледі:

– сұраныс арнасы: $kr = 0.25 \times 0.04 = 0.0100 \Rightarrow$ ЖІӨ-нің 1,00%-ы X (пайыздық нүктелер ретінде: $0.01 \cdot X$);

– ұсыныс арнасы: $\psi s_{SME} s_f = 0.12 \times 0.33 \times 0.30 \approx 0.01188 \Rightarrow$ ЖІӨ-нің 1,188%-ы X ;

– жалпы: $0.01X + 0.01188X = 0.02188X$ Яғни $\Delta Y/Y \approx 0.02188 \cdot X$ (проценттік пункттер).

Сценарий А ($X = 10\%$):

– ЖІӨ: $\Delta Y/Y \approx 0.2188\%$;

– жұмыспен қамту: $\Delta L/L = 0.35 \times 0.2188\% \approx 0.0766\%$;

– егер $N = 9,5$ млн болса: $\Delta Jobs \approx 0.000766 \times 9,500,000 \approx 7,277$ жұмыс орны;

– салық: $\frac{\Delta T}{Y} = 1.10 \times 0.18 \times 0.2188\% \approx 0.0434\%$ ЖІӨ;

– иллюстрация үшін $Y = 120$ трлн тг болғанда: $\Delta T \approx 0.000434 \times 120$ трлн ≈ 52 млрд тг.

Сценарий В ($X = 20\%$):

– ЖІӨ: $\Delta Y/Y \approx 0.4376\%$;

– жұмыспен қамту: $0.35 \times 0.4376\% \approx 0.1532\% \Rightarrow \approx 14,550$ жұмыс орны ($N=9,5$ млн);

– салық: $\frac{\Delta T}{Y} \approx 0.0867\%$ ЖІӨ $\Rightarrow \approx 104$ млрд. тг ;

– $Y = 120$ трлн. тг).

Сценарий С ($X = 30\%$):

– ЖІӨ: $\frac{\Delta Y}{Y} \approx 0.6564\%$;

– жұмыспен қамту: $0.35 \times 0.6564\% \approx 0.2297\% \Rightarrow \approx 21,820$ жұмыс орны;

– салық: $\frac{\Delta T}{Y} \approx 0.1301\%$ ЖІӨ $\Rightarrow \approx 156$ млрд. тг.

Ескертпе: ақшалай мысалдар иллюстративті, нақты есептеулерде Y, N, τ үшін ресми соңғы деректер енгізіледі; параметрлер ($k, \psi, \varepsilon_L, \beta$) сезімталдық талдауымен (5.3 бөлім) тексеріледі.

Сезімталдық талдауы (диапазондар)

Консервативті жиын:

$$k = 0.20, r = 0.03, \psi = 0.10, s_{SME} = 0.30, s_f = 0.25$$

$$\Rightarrow \Delta Y/Y \approx (0.20 \cdot 0.03 + 0.10 \cdot 0.30 \cdot 0.25)X = (0.006 + 0.0075)X = 0.0135X.$$

$X=20\%$ кезінде $\approx 0.27\% \approx 0.27\%$ ЖІӨ (базаға қарағанда төмен).

Оптимистік жиын:

$$k = 0.35, r = 0.05, \psi = 0.20, s_{SME} = 0.35, s_f = 0.35$$
$$\Rightarrow \Delta Y/Y \approx (0.35 \cdot 0.05 + 0.20 \cdot 0.35 \cdot 0.35)X = (0.0175 + 0.0245)X = 0.042X$$

$X=20\%$ кезінде $\approx 0.84\%$ ЖІӨ (базаға қарағанда жоғары).

Осылайша, $X=20\%$ өсім үшін ықтимал диапазон $0.27\% - 0.84\%$ ЖІӨ, базалық нүкте $\approx 0.44\%$ ЖІӨ.

4. Әлеуметтік әсерді өлшеу (индикаторлар және әдіснама):

а) әйел-жұмыс берушілер санының өсуі.

Индикатор: әйелдер басқаратын жұмыс беруші-компаниялардың саны (БСН/құрылтайшы деректерімен верификация).

Бағалау тәсілі: марковтық көшу матрицасы (өзін-өзі жұмыспен қамтудан жұмыс берушіге көшу ықтималдығы) және difference-in-differences (пилот-өңірлер vs бақылау) арқылы қаржыландыруға қолжетімділіктің өзгерісімен байланыстыру;

ә) өңірлік өмір сапасы.

Индикаторлар: әйелдердің экономикалық белсенділік деңгейі, үй шаруашылықтары табысының медианасы, балаларға күтім инфрақұрылымының қамтуы, әйелдер жалақысының жынысаралық алшақтығы.

Әдіс: аймақтық панельдік регрессия (fixed effects), тәуелсіз айнымалы ретінде әйелдерге берілген жеңілдетілген кредит/грант көлемі және құралдың енгізілу уақыты;

б) бизнес-тұрақтылық және өнімділік.

Индикаторлар: 2-жылдық өміршеңдік, табыс өсімі, экспортқа шығу фактісі, еңбек өнімділігі (қосылған құн/жұмыскер).

Әдіс: құралға қол жеткізген және қол жеткізбеген бенефициарлар арасында matching (propensity score) және кейінгі кезеңде панельдік бақылау.

Фискалдық-бюджеттік әсер және қайтарымдылық

Салықтық әсер формуласы бойынша $\Delta T = \beta \tau \left(\frac{\Delta Y}{Y} \right)$. Базалық

$X = 20\%$ сценарийі жағдайында ΔT ЖІӨ-нің $\approx 0.0867\%$ шамасында;

$Y = 120$ трлн. тг мысалында бұл 104 млрд. тг қосымша түсім.

Бағдарламаның таза фискалдық құны субсидия/гарантияның бюджетке түсіретін жүктемесін шегергеннен кейін есептеледі; гендерлік облигациялар мен краудфандинг бюджеттік салмақты төмендетуге мүмкіндік береді.


Модель әйелдер кәсіпкерлігін қаржыландыруды мақсатты ұлғайтудың қысқа көкжиектегі (1-2 жыл) ЖІӨ-ге ықпалын екі арна арқылы (сұраныс және ұсыныс) өлшейді; нәтижесі жұмыспен қамту мен салық түсімдеріне трансляцияланады. Базалық параметрлермен $X=20\%$ өсім $\approx 0.44\%$ ЖІӨ, $\approx 14,5$ мың жұмыс орны және ≈ 104 млрд тг қосымша салық түсімін бере алады. Орта-және ұзақ мерзімде ұсыныс жақты әсер (өнімділік, нарық географиясы, экспорт) күшейген сайын нәтижелердің интегралдық әсері ұлғаяды.

Жүргізілген экономикалық модельдеу және сценарийлік талдау әйелдер кәсіпкерлігін қаржыландыруды мақсатты түрде ұлғайтудың қысқа мерзімді де,

ұзақ мерзімді де айқын экономикалық және әлеуметтік нәтижелер беретінін көрсетеді. Модель екі негізгі арнаны – сұраныс арнасы (кредиттік мультипликатор арқылы жиынтық сұраныстың жеделдеуі) және ұсыныс арнасы (капитал тереңдеуінің, өнімділіктің және нарыққа шығу мүмкіндіктерінің өсуі) – үйлестіріп қарастырады. Базалық параметрлермен есептелгенде, қаржыландыру көлемін 20%-ға арттыру ЖІӨ-нің шамамен 0,44%-ға өсуіне, 14,5 мыңға жуық жана жұмыс орнының құрылуына және жылдық салық түсімдерінің 100 млрд теңгеден астам қосымша өсуіне алып келуі ықтимал.

Сезімталдық талдауы нәтижелері ықпалдың ауқымы макроэкономикалық орта мен қаржы тетіктерінің тиімділігіне тәуелді екенін, ал оңтайлы жағдайларда ЖІӨ-ге әсердің 0,8%-ға дейін жетуі мүмкін екенін көрсетеді. Бұл деректер әйелдер кәсіпкерлігін қолдау шараларын экономикалық өсім мен әлеуметтік тұрақтылықтың катализаторы ретінде қарастыруға негіз береді.

Әлеуметтік тұрғыдан қаржылық қолжетімділіктің артуы әйелдердің жұмыс беруші рөлін күшейтіп, өңірлік табыстың өсуіне, жұмыспен қамтудың әртараптануына және гендерлік теңдіктің нығаюына ықпал етеді. Ұзақ мерзімде бұл адами капитал сапасын арттырып, инновациялық белсенділік пен экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Зерттеу нәтижесінде әйелдер кәсіпкерлігінің дамуына кедергі келтіретін негізгі факторлар анықталды: қаржылық ресурстарға тең қолжетімділіктің шектеулілігі, кәсіпкерлік білім беру бағдарламаларының жеткіліксіздігі, қолдау инфрақұрылымы мен арнайы платформалардың дамымауы, сондай-ақ экономикалық және әкімшілік тосқауылдар.



Сурет 45 – «Әйелдер кәсіпкерлігі» батырнамасының құрылымы

Ескерту – Автормен құрастырылған


45-суретте, әйелдер кәсіпкерлігін ақпараттық және институционалдық қолдауды күшейту мақсатында e.gov.kz электрондық үкімет порталында «Әйелдер кәсіпкерлігі» атты арнайы интерактивті батырнама енгізу ұсынылады. Бұл модуль мемлекеттік қолдау құралдары, гранттар, жеңілдетілген несиелер, оқыту бағдарламалары және нормативтік база туралы ақпаратты бір орталықтан қолжетімді етуге, сондай-ақ онлайн өтінім беру, бизнес-жоспар үлгілерін жүктеу және бейне-кеңестер алу мүмкіндіктерін қамтуға тиіс. Мұндай шешім ақпараттық қолжетімділікті арттырып қана қоймай, әйелдер кәсіпкерлігінің аймақтық және салалық даму көрсеткіштерін талдауға мүмкіндік беретін деректер қорын қалыптастырады. Бұл қадам гендерлік теңдікті ілгерілетуге және әйелдердің экономикалық белсенділігін арттыруға бағытталған институционалдық тетік болмақ.

«Қазақстан-2050» стратегиясы аясында еліміздің белсенді жаңғыру мен индустриялық дамуға бағытталған мақсаттары аясында адами ресурстарға (HR) үлкен мән беріліп отыр. Бұл стратегиялық құжатта Қазақстанның алдағы 15-20 жыл ішінде әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына қосылу міндеті айқындалған. Осы мақсатқа жету үшін еліміз бес негізгі даму бағытын белгіледі: азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру және адами капиталды дамыту, елдің институционалдық негізін нығайту, ғылым жетістіктеріне негізделген экономиканы ынталандыру, қазіргі заманғы инфрақұрылым құру, халықаралық ынтымақтастыққа белсенді қатысу.

Адами ресурстарды қоғамды жаңғыртудың шешуші факторы ретінде тану ұлттық шаруашылық, қоғамдық-саяси және әлеуметтік салаларда ауқымды реформалар жүргізу қажеттігін туындатты. Осыған орай 2014 жылы ҚР Үкіметі 2030 жылға дейінгі әлеуметтік даму тұжырымдамасын қабылдады. Бұл тұжырымдаманың басты мақсаты – адами капиталдың дамуы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру, ел халқының өмір сапасын жақсарту.

Әйелдер кәсіпкерлігін ынталандыру контекстінде нақты кезеңдерден тұратын арнайы схема қолданылуы маңызды идеяны ұсыну, құрылымдау, нормативтік реттеу және бақылау. Бұл әдіс нақты нәтиже беруі үшін арнайы құралдар қажет. Осы құралдарды бағдарламалық-мақсатты және жобалық екі топқа бөлу ұсынылады.

Бағдарламалық-мақсатты топ шеңберінде әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға жәрдемдесетін жалпы стратегиялық жоспар әзірлеу ұсынылады (46-сурет). Мұндай стратегияда негізгі қызмет бағыттары, оның ішінде қаржылық тетіктері айқын көрсетілуі қажет. Құрылған модельде мынадай элементтер анықталады: мақсаттар мен міндеттер, жүзеге асырудың негізгі кезеңдері, ұйым жұмысына арналған қағидаттар мен ұсынымдар, сонымен қатар қаржылық қолдау мен ресурстарды тиімді бөлу механизмдері.



Сурет 46 – Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігін бағдарламалық-мақсатты дамудың стратегиялық жоспары

Ескерту – Автормен құрастырылған

Жобалық бағдарламалық жоспарлау аясында арнайы нысандар, нұсқаулар және қаржылық тетіктер әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға бағытталған іс-шараларды нақтылап, оларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Әйелдер кәсіпкерлігін қолдаудың қаржылық және институционалдық механизмдерін жетілдіру Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық басымдықтарының бірі болып табылады, себебі бұл экономиканың әртараптандырылуына, гендерлік теңдіктің нығаюына және еңбек нарығында инклюзивтіліктің артуына ықпал етеді:

Біріншіден, кәсіпкер әйелдердің экономикалық белсенділігін арттыру – жалпы ішкі өнімді ұлғайту мен салықтық түсімдерді көбейтудің тиімді құралы болып табылады. Әйелдер басқаратын шағын және орта бизнес субъектілерінің көбеюі жұмыс орындарын ашуға ықпал етіп, әсіресе жастар мен әлеуметтік осал топтардың жұмыспен қамтылуын жақсартады.

Екіншіден, әйелдер кәсіпкерлігін қолдау аймақтық теңгерімді дамытуға мүмкіндік береді. Ауылдық жерлерде кәсіпкерлік белсенділіктің артуы урбанизация деңгейін теңестіруге және әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына серпін береді. Бұл, өз кезегінде, көші-қон үдерістерін бәсеңдетіп, аймақтардың тұрақты дамуына негіз қалайды.

Үшіншіден, гендерлік теңдікті қамтамасыз ету мен әйелдердің шешім қабылдау процесіне қатысуын арттыру әлеуметтік әділеттілік қағидаттарының жүзеге асуына ықпал етеді. Бұл өзгерістер тек экономикалық емес, сонымен қатар институционалдық және мәдени сипаттағы ілгерілеуге де жол ашады.

Төртіншіден, инновациялық және креативті секторларда әйелдердің белсенділігін арттыру технологиялық жаңғыру мен цифрлық экономиканың дамуына жаңа серпін береді. Шығармашылық индустриялар мен әлеуметтік кәсіпкерлік саласындағы әйелдердің рөлі ұлттық экономиканың сапалы құрылымдық өзгерістерге бейімделуін қамтамасыз етеді.

Қорытындылай келе, әйелдер кәсіпкерлігін дамыту тетіктерін жетілдіру Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық прогресі үшін стратегиялық мәнге ие. Бұл үдеріс еңбек нарығындағы гендерлік теңсіздіктерді төмендетіп қана қоймай, сондай-ақ экономикалық өсімнің, аймақтық тұрақтылықтың және инновациялық белсенділіктің жаңа қозғаушы күшіне айналуы мүмкін. Әйелдердің кәсіпкерлікке қатысуын кеңейту – елдің инклюзивті әрі орнықты даму жолына түсуіне ықпал ететін шешуші факторлардың бірі.

Әйелдер бизнесінің дамуына қолдау көрсету тетіктерін жетілдіру бірқатар нақты бағыттарда жүзеге асырылуы қажет. Ең алдымен, қаржылық инклюзия мәселесін шешу – маңызды басымдықтардың бірі. Кәсіпкер әйелдердің қаржылық ресурстарға (банктік несиелер, микронесиелер, гранттар, венчурлық капитал) тең қолжетімділігі олардың бизнесін бастау және кеңейту мүмкіндігін арттырады. Қаржылық құралдарға қолжетімділік – әйелдердің кәсіпкерліктегі орнығуына негіз болады.

Сонымен қатар, білім мен кәсіпкерлік құзыреттерін дамыту – әйелдердің іскерлік белсенділігінің тұрақты негізін қалыптастырады. Инкубаторлық және акселерациялық бағдарламалар, кәсіби тренингтер,

цифрлық сауаттылық курстары мен менторлық жүйелер кәсіпкер әйелдердің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, олардың кәсіби әлеуетін іске асыруға мүмкіндік береді.

Цифрлық трансформация мен технологияға қолжетімділік те қазіргі заманғы әйелдер кәсіпкерлігі үшін аса өзекті бағыттардың бірі болып табылады. Онлайн платформалар мен электронды сауданы меңгеру, цифрлық маркетингі пайдалану – кәсіпкерлерге жаһандық нарықтарға шығуға жол ашады. Бұл, әсіресе, ауылдық жерде тұратын және дәстүрлі нарықтарға қолы жетпейтін әйелдер үшін маңызды.

Кәсіпкерлікті қолдау саясаты ұлттық заңнама мен даму стратегияларында нақты көрініс табуы тиіс. Әйелдер кәсіпкерлігін қолдауға бағытталған құқықтық және институционалдық база, оның ішінде арнайы жеңілдіктер, салықтық преференциялар мен мемлекеттік сатып алулардағы квоталар жүйесі – кәсіпкер әйелдердің құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, халықаралық ұйымдармен және қаржы институттарымен ынтымақтастық орнату арқылы әйелдер кәсіпкерлігін қолдаудың үздік әлемдік тәжірибесін Қазақстан жағдайына бейімдеу мүмкін болады. Бұл халықаралық нарыққа шығу мүмкіндігін кеңейтумен қатар, ұлттық кәсіпкерліктің сапалық деңгейін көтеруге де ықпал етеді.

Жалпы алғанда, әйелдер кәсіпкерлігін қолдаудың тиімді тетіктері әлеуметтік әділеттілік қағидаттарына сай келеді және ұлттық экономиканың инклюзивтілігін, тұрақтылығын арттыруға бағытталған маңызды құралдардың бірі болып саналады. Осы тетіктердің жүйелі іске асырылуы – Қазақстанды гендерлік теңдік пен инклюзивті экономикалық даму жолына жетелейтін маңызды қадам болмақ. Болашақта әйелдер кәсіпкерлігін дамыту жасанды интеллект және цифрлық технологияларды, құқықтық және қаржылық тетіктерді интеграциялау арқылы жүзеге асуы тиіс. Қаржылық құралдардың әділ қолжетімділігін қамтамасыз ету, скоринг жүйелері мен цифрлық платформаларды қолдану ақпараттық асимметрияны төмендетіп, шешім қабылдауды жеделдетеді. Құқықтық база әйелдер кәсіпкерлігін нақты анықтап, гендерлік преференциялар мен әлеуметтік-инклюзивті нормаларды бекітуі қажет. Сонымен қатар, кәсіпкерлік білім беру бағдарламаларын жетілдіру, стартаптарды қаржыландыру, менторлық және желілік қолдау жүйелерін дамыту болашақтағы стратегиялық басымдықтар болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу нәтижесі төмендегідей маңызды тұжырымдар мен жасауға мүмкіндік береді:

Әйелдердің саяси, қоғамдық және экономикалық өмірге тең құқықты қатысуы әлеуметтік-экономикалық прогреске қол жеткізудің, сондай-ақ мәдени, әлеуметтік және өзге де өзекті мәселелерді шешудің қажетті шарты ретінде қарастырылады. Қазақстанда әйелдердің республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесінің артып келе жатқаны байқалады. Әйелдердің кәсіпкерлік белсенділігі жоғарылап, олардың басшылығымен жұмыс істейтін кәсіпорындар саны өсуде. Алайда, әйелдер кәсіпорындарының өсуі олардың айналымы мен жұмыспен қамтылғандар саны бойынша шағын көлемде қалуымен қатар жүріп отыр:

1. Әйелдер кәсіпкерлігі Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің маңызды нәтижесі болып табылады және оның дамуы нарықтық қатынастардың қалыптасуымен, сондай-ақ дәстүрлі және заманауи институттардың өзара ықпалдасуымен тығыз байланысты. Кеңестік кезең мен тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы шектеулерден кейін, 1990-жылдардың ортасынан бастап институционалдық және құқықтық реформалар бұл саланың жандануына негіз қалады. Әйелдер кәсіпкерлігінің нығаюы әйелдер үкіметтік емес ұйымдарының дамуымен қатар жүріп, олардың экономикалық дербестік пен азаматтық белсенділікті арттырудағы рөлін күшейтті. Нәтижесінде, әйелдер кәсіпкерлігі Қазақстанның азаматтық қоғамын дамытуға және елдің орнықты әлеуметтік-экономикалық өсуін қамтамасыз етуге ықпал ететін маңызды фактор ретінде орнықты.

2. Зерттеу нәтижелері әйелдер кәсіпкерлігінің экономикалық өсуді ынталандырумен қатар, халықтың әл-ауқатын арттыруға және әлеуметтік теңсіздікті төмендетуге әлеуеті жоғары екенін көрсетеді. Covid-19 пандемиясы әйелдер кәсіпкерлігінің осал тұстарын айқындағанымен, сонымен бірге цифрландыру мен икемді бизнес-модельдер арқылы бейімделу мүмкіндігін дәлелдеді. Осы тұрғыда әйелдер кәсіпкерлігін жүйелі түрде қолдау экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етудің ғана емес, әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтудің де стратегиялық факторы болып табылады.

3. Библиометриялық талдау нәтижелері бойынша, сондай-ақ 2000-2024 жылдар аралығындағы басылымдарды талдауға жүйелі көзқарас негізінде әйел кәсіпкерлердің экономикадағы серпінді рөлі расталды, олардың экономикалық жүйенің тұрақтылығына және әлемдегі әлеуметтік-экономикалық дамуға қосқан маңызды үлесі айқындалды. Әдебиеттерді кең көлемде шолу барысында тек жетістіктерге ғана емес, сонымен қатар осы әйелдердің алдында тұрған жүйелік мәселелерге, соның ішінде гендерлік алалаушылық пен ресурстардың шектеулілігіне назар аударылды. Ғылыми қызығушылықтың айтарлықтай өсуі, жарияланымдар, дәйексөздер мен авторлар санының артуы академиялық қоғамдастықта осы саланың маңыздылығын көрсетті. Дегенмен, халықаралық ынтымақтастықтың жеткіліксіз ұсынылуы бар білім оққылықтарын толтыра

алатын және әртүрлі көзқарастарды біріктіре алатын жаһандық білім алмасу мен серіктестікті кеңейту мүмкіндігін көрсетті.

4. Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталықтары (ӘҚДО) әйелдердің экономикалық белсенділігін арттыру мен кәсіпкерлік әлеуетін кеңейтуге бағытталған кешенді қолдау механизмін қамтамасыз етеді. Халықаралық серіктестіктер (АДБ, БҰҰДБ) және мемлекеттік органдардың қатысуымен жүзеге асырылатын жобалар пандемияның әлеуметтік-экономикалық салдарын жеңілдетуге және кәсіпкерлік бастамалардың тұрақты дамуын қолдауға ықпал етеді. ӘҚДО қызметі әйелдерге кәсіби дағдыларын жетілдіруге, бизнес стратегияларын әзірлеуге, қаржыландыру тартуға және тәлімгерлік арқылы кәсіпорындарын нығайтуға мүмкіндік береді. Бұл орталықтар бизнес экожүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етіп, әйелдер кәсіпкерлігін ұлттық экономикаға интеграциялау арқылы әлеуметтік-экономикалық дамуға маңызды үлес қосады.

5. Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігін қолдауға арналған институционалдық және нормативтік базасы тұрақты дамып келеді. Мемлекеттік бағдарламалар, қаржы институттары және халықаралық жобалар әйелдерге қаржылық, оқыту және консультациялық қолдау көрсетіп, кәсіпкерлік экожүйесін нығайтады. Басқарушылық, цифрлық дағдыларды дамыту және менторлық бастамалар әйелдердің кәсіби әлеуетін арттырып, әлеуметтік-экономикалық дамуға үлес қосуға мүмкіндік береді.

6. Әйелдер кәсіпкерлігінің бәсекеге қабілеттілігін талдау Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік дамудың деңгейін айқындауға және оны халықаралық тәжірибемен салыстыруға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында әйелдердің ШОБ субъектілеріндегі үлесі, кәсіпкерлік тығыздық пен ЖІӨ-ге қосқан үлесі есептеліп, интегралды Women Entrepreneurship Competitiveness Index (WEI) құрылды. Алынған нәтижелер Қазақстанның Орталық Азия және дамыған елдер контекстіндегі орнын көрсетуге, бәсекелік артықшылықтары мен өзекті мәселелерін анықтауға, сондай-ақ мемлекеттік саясатты жетілдіру бағыттарын ұсынуға негіз болды.

7. 2014-2023 жылдар аралығындағы онжылдықты қамтитын толық деректер жиынтығын пайдалана отырып, бұл зерттеуде гендерлік мәселелер мен кәсіпкерлікке қатысты негізгі үрдістер талданды. Зерттеу нәтижесінде әйелдердің кәсіпкерлік қызметке қатысуының экономикалық маңызы анықталды, ал алынған эмпирикалық нәтижелер негізінде Қазақстандағы әйелдердің кәсіпкерлік белсенділігін арттыруға бағытталған деректерге сүйенген саяси ұсыныстардың өзектілігі көрсетілді. Сонымен қатар, аталған шаралардың инклюзивті экономикалық өсуді қолдаудағы рөлі айқындалды.

8. Уақыттық қатарларды моделдеудің сенімділігін қамтамасыз ету және жалған регрессияның алдын алу мақсатында панельді айнымалылардың стационарлығы талданды. Бірлік түбір тесті арқылы әрбір айнымалының стационарлық сипаты анықталды. Интеграциялау тәртібін анықтау үшін Дики-Фуллердің кеңейтілген тесті (ADF) қолданылып, нәтижелер бойынша айнымалылардың интеграциялық реттілігі көрсетілді. Стационарлық немесе біртектілік деңгейлері әр айнымалы үшін айқындалды.

9. Зерттеуде әйелдер кәсіпкерлігінің экономикалық өсуге ықпалы талданды, ал байланыстарды сандық түрде бағалау үшін ең кіші квадраттар әдісі (OLS) қолданылды. Талдау нәтижесінде әйелдер кәсіпкерлігі саласында бейресми сектордың басым екені анықталды, бұл фактордың экономикалық өсуге жанама әсер ететіні көрсетілді. Сонымен қатар, әйелдердің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру барысында институционалдық, қаржылық және әлеуметтік сипаттағы түрлі қиындықтар мен шектеулерге тап болатыны талданды, ал бірқатар факторлардың олардың кәсіпкерлік белсенділігін шектейтіні айқындалды. Осыған байланысты, әйелдер кәсіпкерлерін және жеке бизнесін бастауды жоспарлап отырған әйелдерді қолдауға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық бастамаларды күшейту қажеттілігі негізделді.

10. Қаржылық ресурстарға қол жеткізу жеткіліксіз. Әйелдерге берілген несиелердің саны кәсіпкерліктің қалыптасуына айтарлықтай әсер етпеген. Қаржылық шектеулер теориясы несиеге қол жеткізу кәсіпкерлікті анықтайтын негізгі фактор деп есептесе де, зерттеу нәтижелері құрылымдық кедергілер, қаржылық сауаттылықтың жетіспеушілігі және несиені тиімді пайдалану мәселелері қаржылық бағдарламалардың тиімділігін шектейтінін көрсетті.

11. Зерттеу нәтижесінде тіркелген некелердің саны әйелдер кәсіпкерлігіне аз болса да оң әсер ететіні анықталды. Бұл үй шаруашылығы экономикасы теориясына қайшы келеді, себебі аталған теория отбасылық міндеттер әйелдердің еңбек нарығына қатысуын шектейді деп болжайды. Алайда алынған деректер некенің қаржылық тұрақтылығы әйелдерге кәсіпкерлік тәуекелге баруға мүмкіндік беретінін көрсетеді, яғни отбасылық өмір олардың кәсіпкерлік белсенділігін шектемейді.

12. Ғылыми зерттеулердегі әйелдердің көп болуы білімге негізделген кәсіпкерлікті қолдайды. Зерттеуші мамандар арасындағы әйелдердің үлесі жоғары болған сайын, әйелдер басқаратын шағын және орта бизнес саны да көбейеді. Бұл адам капиталы теориясын растайды. Мұндай байланыс білім мен кәсіби құзыреттердің инновациялық кәсіпкерлікті дамытудағы маңызды рөлін айқындайды.

13. Жоғары жалақы әйелдер кәсіпкерлігіне кедергі емес, керісінше – оны ынталандырады. Зерттеу баламалы шығындар теориясына қарсы тұжырымды ұсынады. Аталған теория бойынша, тұрақты әрі жақсы төленетін жұмыс әйелдердің кәсіп ашуына кедергі келтіреді. Алайда зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жоғары табыс деңгейі әйелдерге қаржылық тұрақтылық беріп, оларды бизнеске көшуге ынталандырады. Бұл кәсіпкерлікті ерікті және саналы таңдау ретінде сипаттайды.

14. Зерттеу нәтижелері қазақстандық әйелдердің кәсіпкерлікке қызығушылығы жоғары екенін көрсетеді. Қатысушылардың көпшілігі бизнеске өз еркімен келгенін және нарықтағы мүмкіндіктерді ашық деп қабылдайтынын айтты. Әйелдер үшін кәсіпкерлік пен үй шаруасын қатар атқару қалыпты құбылыс болып саналады, ал отбасы басымдыққа ие. Респонденттердің басым бөлігі болашақта кәсіпкерлікпен айналысуды жоспарлағанымен, бір бөлігі әлі шешім қабылдамаған. Қыздарды бизнеске тартатын негізгі мотивтер — тәуелсіздік, табысқа жету, қаржылық тұрақтылық және дербестік.

Қызығушылық танытатын салалар көбіне дәстүрлі және табыстылығы шектеулі бағыттар болып келеді. Сауалнамадағы қаржылық күтілімдер орташа деңгейде: көптеген қатысушылар 500 мың – 1 млн. теңге айлық табысты мақсат етеді. Кәсіпкер әйелдерге тән деп танылған қасиеттер – табандылық, мақсатқа ұмтылу, белсенділік және адамдармен қарым-қатынас жасай білу. Отбасы мен бизнес міндеттерін үйлестіру үшін әйелдер әртүрлі стратегияларды қолданады, ал олардың таңдауы жас, отбасы жағдайы, балалар саны және жақындарының қолдауымен тығыз байланысты.

